«*Ұзақ тауы Бағанның жеті атасы жайлаған, күні кеше өзі топырағына аунап, қымыздығын теріп жеп өскен – кіндік жұрты*» [2, с. 139].

«*Нагорье Узак - земля предков Баги, в пыли которой вываляны были дети семи поколений рода*» [6, с. 48].

Согласно многочисленным источникам, через сорок дней после рождения ребенка положено было «купать» (обсыпать) в земле, чтобы он любил родную землю и ценил, уважал родной край, в котором родился. Кроме того, есть сведения, что таким образом женщины избавляли дитя от всевозможных болезней. Ребенок, искупавшийся в родной земле, должен стать сильным и здоровым.

Одним из главных атрибутов казахов являлся огонь. Ему поклонялись, словно божеству, еще с языческих времен. Очаг в доме был символом жизни, достатка и крепости семьи. В этом примере переводчик использовал описательный перевод и, хотя факт прецедентности сохранился, утратилась смысловая наполненность текста.

«*Дуниедегі ең жаман зауал нәрсе, – деп ойлады ол, – өз отыңды ерте сөндіру екен; өз ошағыңа өзің су құю екен. Біреу-екеу болса кешірімді-ау, елу тоғыз түтіннің бір-ақ түнде сөнгенін қайтерсің*». – «*Как же самому решиться погасить этот огонь, думалось ему залить водою свой очаг! Ведь если бы один или два... а то ведь сразу пятьдесят девять очагов погасло!*» [2, с. 78, 7, с. 118].

Согласно древним поверьям, если погаснет очаг в доме – жди беды, и самое страшное – прекращение рода. Потому и хранили очаг как святое святых, символ семьи и продолжения поколения.

Интересны примеры апелляции к общеизвестным сказочным сюжетам.

Подобная апелляция четка видна и в этом примере. С помощью описательного перевода переводчик воссоздает контекст и смысловые грани фрагмента расширяются.

«*Месерміз – ау: Қардың шеті тесіліп, қараған басы бүрліп, қардың көгі тебіндесе болды сол бір алдамшы үш жапырақты теңге шөптің төрт жапырақтысың іздеп әуре – сарсанға түсетін едік. Жазғытұрымға қарақатқақтан жылауық күзге дейін сандалсақ та бақыт шөбін тапқан емеспіз*» [8, с. 228].

«Но встретить среди взрослых человека, который бы посочувствовал бы нам, было также трудно, как нам за все лето найти среди трилистника травку с четырьмя лепестками. Она счастливой считалась ...» [7, с. 73].

Сюжет сказки В. П. Катаева – «Цветик – семицветик» явно схож с идеей автора, показать древние «цветочные» поверья казахского народа. Издавна человек стремился как-то защитить себя от неизвестных и непонятных для него сил. Это его желание наряду с попыткой самому влиять на свою собственную судьбу привело к возникновению множества поверий, примет по всему миру. В то, что цветок клевера с четырьмя лепестками предсказывает нашему человеку достаток и счастье, верят люди по всему миру. Это такая древняя примета, что никто не может точно сказать, в каком времени и в какой стране она родилась. Но тем не менее, согласно легенде, в которую многие верят, когда Ева была изгнана из рая, она сорвала на прощание и взяла с собой цветок клевера с четырьмя лепестками. Поскольку цветок клевера как бы был частичкой райского сада, ему и приписали чудодейственное свойство приносить удачу тому, кто сможет найти его в собственном саду.

Прецедентные тексты – феномены, которые хранятся в когнитивной базе в виде инварианта восприятия.

Апелляция к ПТ может осуществляться через прецедентное высказывание, «именование» или же с помощью прецедентных имен.

Знание ПИ/ПВ – необходимое и обязательное условие для существования ПТ в произведении. В разных источниках отмечены апелляции к одному и тому же феномену, но сам ПТ не маркируется.

Иногда трудно понять, к какому источнику обращается автор и является ли он прецедентным. Например, в этом отрывке автор апеллирует к конкретному сюжету о Козы Корпеш и Баян Сулу, но не называет их, создавая тем самым художественную игру, и только намек, отсылка помогает узнать сказочный сюжет с известными персонажами.

Переводчик методом транслитерации передает смысл отрывка: «Қара тасты қақ айырып көк күмбезіне бой созып тұратын. Кейбіреулер осы Қосжүрек төмпешігінің астында екі гашық жерленген, мынау жартас, соған қойылған құлпы, сонау шынар сол қабірге шаншылған сайғақ десетін» [8, с. 125].

«Говорили, что здесь, на скале под названием «Два сердца» находится могила двух влюбленных, что камень – это памятник, сложенный в их честь, а чинара – надгробная доска, которая проросла...» [9, с. 248].

В ряде случаев, автор оставляет текст неузнаваемым и соответственно прецедентность трудно вычленишь из общего контекста. Необходимы знания как культурные, так и национально специфичные.

Таким образом, при переводе возникают трудности передачи ПТ на переводящий язык. В зависимости от уровня может быть выбран

содержательный или функциональный эквивалент. Часто переводчик не в состоянии перевести ПФ по причине отсутствия соответствующего эквивалента в другом языке и как следствие, при сопоставлении оригинала текста и переводного варианта основными переводческими ошибками являются опущение, безэквивалентный или нулевой перевод. Способами передачи безэквивалентной лексики являются аналоговый, содержательный переводы, т.е. подбор соответствующего аналога в другом языке, более близком для понимания реципиентами. Различные факторы переводческой деятельности, когда речь идет о сохранении культурной самобытности народа, влияют на процесс передачи ПТ, т.к. зачастую они не передаются в первоначальном виде. В таких случаях используется описательный способ или «опущение» фрагмента с прецедентными единицами.

Таким образом, при переводе фрагментов текста, содержащего ПФ, переводчику необходимо учитывать не только проблемы передачи безэквивалентных единиц, но и учитывать культурные традиции исходного источника.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 **Бокеев, О.** Человек – Олень: Повести. – Алмата : Жалын, 1987. – 496 с.
- 2 **Бокеев, О.** Кербугу; Бура: рассказы / О. Бокеев//Серый олень: повести и рассказы о животных. – Алма-Ата, 1987. – С. 292 – 315.
- 3 **Бокей, О.** Қар қызы: хикаяттар / құраст. Р. Мәженқызы. – Алматы : Раритет, 2008. – 280 б.
- 4 **Бокей, О.** Қайдасын, қасқа құлыным: повестер мен әңгімелер. – Астана : Елорда, 1999. – 328 б.
- 5 **Бокеев, О.** Ардақ: рассказы / О. Бокеев; пер. А. Кима. – Б.и. : Междунар. клуб Абая, 2002. – 48 с.
- 6 **Бокеев, О.** Мұзтау: Повесть, эссе, новеллалар. – Алматы : Жазушы, 1975. – 256 б.
- 7 **Бокеев, О.** Человек - Олень. Повести и рассказы. – М. : Русская книга, 2003. – 288 с.
- 8 **Бокеев, О.** Үркер ауып барады: Повестер мен әңгімелер. – Алматы: Жалын, 1981. – 528 б.
- 9 **Бокеев, О.** След молнии: повести и рассказы / авториз.пер. с каз. / О. Бокеев. – М. : Мол. гвардия, 1978. – 319 с.

Материал поступил в редакцию 30.10.14.

Ж. Т. Балмагамбетова

Прецеденттілік және аударма

Е. А. Бөкетов атындағы
Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ.
Материал 30.10.14 баспаға түсті.

Z. T. Balmagambetova

Precedent and translation

E. A. Buketov Karaganda State university, Karaganda.
Material received on 30.10.14.

Мақалада белгілі қазақ жазушысы О. Бөкейдің шығармашылығы негізінде аударма мәтіндегі прецеденттіліктің берілу мәселесі мен оның лингвомәдени сипатында танылуы қарастырылады.

The article deals with the precedent as a linguistic and cultural phenomenon and transmission problems in the translation of precedent on the example of the well-known Kazakh writer O. Bokey.

ӨОЖ 811.512.122'373.49

М. Н. Баратова¹, Қ. С. Сіләмбекова²

¹профессор, қазақ филологиясы кафедрасы, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., ²магистрант, қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, №3 гимназия, Павлодар қ.

МӘШҲҮР-ЖҮСІП ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ДІН СӨЗДЕРІНІҢ ҚОЛДАНЫС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мақалада Мәшһүр-Жүсіп өлеңдеріндегі дін сөздерінің қолданыс ерекшеліктері талданады.

Кілтті сөздер: дін сөздері, өлең, ерекшеліктер, тілдік сипат, қоғам, таным, қоғамдық-әлеуметтік

Мәшһүр-Жүсіп шығармаларының тілі өз стилімен, өз бояу, өрнегімен ерекшеленеді. Ақын шығармаларының ішінде өзгеге ұқсамайтын қолданысқа ие сөздер тобына – дін сөздері жатады. Ақынның шығармаларындағы тілдік қабаттардың қолданысының қоғаммен, әлеуметтік, саяси ортамен байланыстылығын да аша түсетін тұсы осы – дін сөздері.

Мәшһүр-Жүсіптің қазақ қоғамына шығармашылықпен қызмет еткен кезеңі ұлт тарихындағы күрделі кезең болатын. «Өз шығармаларын былай қойып, басы ашық ескі үлгілерді жазып алып, біздің дәуірімізге жеткізген еңбек Мәшһүрде мол екенін және де естен шығармау керек», – дейді М. Әуезов. Мәшһүр-Жүсіптің ескі сөздерді жинап, ұлт тарихының естен өше бастаған шақтарын қайта қалыпқа келтіретін жазбаларымен бірге кейінгі кезеңдерді қамтитын туындыларының арасында тығыз сабақтастық бар. Ұлы ғұлама елдің өткеніні де қағаз бетіне түсіре отырып, ұлт құндылықтарын сақтап қалды. Сонымен бірге өз заманындағы халыққа керек рухани қажеттіктерді өз шығармаларында берді. Сондықтан да халықтың өткенімен кейінгісін бір-бірінен үзбей, жалғастырған ақын кейінгі кезең қажеттіліктерін беруде шығарма тіліне баса назар салады. Діни сауатты, халықтық танымды жетік білетін ақын, кейінгі өз ғасыры үшін ұлтқа қажет құндылық – адамгершілікті негіз еткен мұсылман діні екендігін өзгеше көтерді. Мәшһүрдің діни сауатының тереңдігі осы тақырыптағы дастандары мен өлеңдерінен анық байқалады. Ақын өмір сүрген кезеңде қазақ әдебиетінде мұсылман дінін насихаттаған, сол дін арқылы ұлтқа білім мен сана, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру, өзгелермен тең ету идеясын көтерген қаламгерлер біршама болғаны белгілі. Осы ақындардың шығармаларындағы араб сөздерінің қолданысында ортақтық болды. Ол ортақтық төмендегі қалыпты сақтады.

1. Қазақ әдеби тіліне, ауызекі сөйлеу тіліне ертеден еніп қалыптасып кеткен сөздер.

2. Сирек қолданылатын болғанымен, әдеби тілден бұрыннан таныс діни сөздер.

3. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басындағы ақындар шығармалары тіліндегі, өзіндік жеке сөз қолданысындағы сөздер болып келеді.

Ақынның діни тақырыптағы шығармаларының бірнеше ерекшеліктері бар. Солардың ішінде өзгеге ұқсамас қалыптары да байқалады.

1. Ақын шығармаларында дін сөздерін араб тіліндегі дыбысталуы мен қазақ тілінде айтылуын қатар қолданатын тұстары бар.

2. Оқиғалы, аңызға құрылған, нақты тарихи деректерге қатысты шығармаларда тек араб тіліндегі нұсқасымен береді.

3. Қазақ танымына жақын, ұлттық қалыпқа көше бастаған тілдік элементтерді қалыптасқан үлгіде қолданады.

4. Аңыз мен тарихи деректерге негізделген шығармаларда ақынның тіл қолданысындағы ерекшеліктің бірі деп, қазақ тілінің қатар келген қатаң дауыссыздарын жұмсартып, ұяндатып, үнді дыбысқа айналдырып қолдану да кездеседі. Бұл жалпы өлеңнің бір әуезділігін, бір қалыпта айтылуына, әуенге ыңғайлауға жақындылықтан туса керек.

5. Ақын қазақ танымына лайықтап, діни түсініктерді ұлттық мағынамен беруде мақал-мәтел қалпында қолданады. «Тарының қауызына сыйдыру», «Бақ құсу қону», «Алдаушы дүние» (алдамшы дүние – жалған) т.б. Сонымен бірге ақынның араб тілінің сөздерін қазақы танымға салып, өз жеке ақындық стилін танытатын үлгілер жасайтыны да мол. Соның ішінде қазақ тілінде «нәпсіні тию», «нәпсіні жеңу» деген фразеологизмді ақын «Нәпсінді атқа мінгізбе» өлеңінде:

Жаяу қыл, нәпсінді атқа мінгізбей бақ,
Міне қалса, жортқызып, желгізбей бақ.
Өзін-өзі бағуға көп әл керек,
Көз соңынан көңілді жүргізбей бақ,

– деп, жаңа тіркес жасайды. Әрі ол тіркестің бояуы да нақты, айқындылығымен өзгеше.

«Абыраһа мен Мұтылаб» деген өлеңінде ақын қазақ тілінің төл сөздерін жұмсартып қолданады. Өлең жауыздық пен мейірім туралы болғандықтан да шығар, ақын қатарластыра алу арқылы жақсылықтың жеңеріне сөз қолданысымен де барады.

Мұтылаб бір һәм болды мұны көріп,
Шақырады құрайышларға әуез беріп.
Баршасын дүниенің жинап алды,
Меккелік арабтардың бәрі келіп.
Аз ақытта насыралардың өліктері,
Ыстықтан сасып кетті соның бәрі.
Меккенің адамдары ғамкүн болды,
Лаж жоқ, тазартпасқа болмады, әні!

Мұтылаб дұға қылды Хаққа және:
– Біздерден кетсінлер, – деп – үшбу пәле.
Сол заман жаңбыр жауып, бір сел келіп,
Өліктің бәрін алып кетті бәрін һанма.

Ақын өлеңдерінде қосымшалардың қатанданбай, ұяң, үнді дыбыстармен ауысуы көбіне араб сөздеріне қатысты болып келеді де, ұйқас жасайтын негізгі сөз болғандықтан ғана емес, негізгі ойды беретін тірек сөз ретінде екпінге ие. «Жаппардың әңгімесі» деп аталатын өлеңде:

Көрсеткен көп халыққа мылжызатты
Хақ расул барша жағынан шарапатлы
Патша бол Хақ расул тұрғанында
Бар екен бір сахаба Жаппар атлы
Белгілі жомарт, мағлұм сахаба еді
Бай еді өзі жомарт, инабатлы.

Мәшһүр-Жүсіп өлеңдеріндегі дін сөздерінің қолданысы сол кездегі қазақтың дін оқуын оқыған, ислам тарихын, танымын жетік білетін

тұлғаларының тіліне жақын келеді. Бірақ бұлардан ақын тілінің өзгешелігі – шығармаларында халыққа бейтаныс ұғымдарды да көп қолданатындығы. Бұл сөздер жай қолданылып қоймайды, өлеңнің өн бойында оған түсінік беріледі, анықтама жасалады. Бұндай тәсілді жасаудың жолы да әр түрлі. Бірде ақын аңызды пайдаланса, бірде шындық оқиғаны, бірде ислам уағыздары т.б. қолданады. Сол арқылы сөздің семантикалық қолданыс аясын кеңейте түседі. Өлеңдегі араб сөздері функционалды-семантика заңдарына бағынады. Жаңа сөздер көбіне мағына кеңеюі байқалады.

Өлеңде араб тілінің сөздері молынан ұшырасады. Соның ішінде қазақы қалыпқа түсіп кеткен, ұлттық тіл ерекшеліктерін бойына әбден сіңірген сөздер қазақ тіліндегі айтылу ерекшеліктерін сақтаса, діни түсінігі әлі де бейтаныс сөздер араб тіліндегі қалыппен қолданылады.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы әдебиет саяси, қоғамдық-әлеуметтік, рухани, мәдени оқиғалармен байланыста дамыды. Әдебиеттің бағытын анықтауына төмендегідей тарихи оқиғалардың әсері болды. 1860 жылдардан бастап Ресей патшасының қазақ жерін, елін отарлауы толығымен аяқталды. Қазақ жері Ресей мемлекетінің меншігі болып саналды. Қазақ халқы жерді пайдаланушы ғана болды. Атақоныс жерінен айрылған қазақ елінің әлеуметтік жағдайы төмендеді. Бұл халықтың рухани жүдеуіне, танымының бұзылуына әкелді. Билікке жақсам деген жаңа би-болыстар шықты. Абай айтқан «Болыс болдым мінеки» өлеңіндегі өзгеге жағымпаз, жалтаң мінезді билеушілер көбейді. 1861 жылы Ресейде крепостнойлық (басыбайлылық) тәртіп жойылды. Бостандық алған орыс шаруалары қазақ даласына қоныстандырылды. Ресей жерінен ағылған орыс шаруалары өзімен бірге басқа мәдениетті әкелді. Салық төлеудің жаңа тәртіптері бекітілді. Салықтың негізгі бөлігін қазақтарға салды. Қазақ ұлтын патша әскері қатарына алмады. Саудагерлер қатары көбейді. Салт-дәстүрін өзге арнаға бұрған бөлек танымды шығарды. Патшаның қорғаныс күші – казак-орыстар көп билікке ие бола бастады. Өзен, көлдер маңайы секілді жайлы жерлер казак-орыстарға берілді. Тіршілікке қолайсыз өлкелерге қазақтар еріксіз қоныстанды. Қазақ халқы кедейшілікке, жоқшылыққа ұрынды. Қазақ елін билеудің патша мүддесіне бағындырылған ережесі («Жаңа низам») шықты. Билік басына патша үкіметі қалаған адамдар ғана қойылды. Орыс шаруаларының қоныс аударуына байланысты қазақтар да отырықшылыққа көше бастады. Капиталистік қатынастар, қалалар, өндіріс орындары пайда болды. Өндіріс орындары қазақ шаруаларының өндірген затын (ет, тері, жүн, сүт, т.б.) арзан бағамен алды. Орыс тіліндегі мектептер ашылды (Орынбор, Орал, Троицк, Торғай, т.б.). Қазақ халқы жаңа тұрпатты мектептерде білім ала бастады. XIX ғасырдың екінші жартысында әдебиетте жаңа бағыт өкілдері шықты. Олар халықты білім алуға шақырды. Мәдениет пен өнерді үйренуге насихаттады.

Ақын халықтың ұлттық танымы мен иманды түсінік, санасынан алыстамауын қалады. Сондықтан да болар, шығармаларында қазақ халқының танымына ыңғайлы, елдік сипатына, ұғымына қолайлы мұсылмандық қалыпты шығармаларында насихат етті. Мұсылман дінінің ұстанатын – адамшылық, тазалық қағидалары қазақ халқын сақтайтын таным екендігін негіздеді. Осы тұста ақын шығармаларында қолданатын дін сөздерінің сипаты қазақ тілінде түрлі үлгіде көрініс бергендігін атаған орынды.

Ақынның замандастары, мұсылманша оқығандардың қай-қайсысы да араб тілін кеңінен пайдаланған. Араб тілінің көптеген сөздері сол кезеңнің өзінде қазақ ішіне сіңісіп, қазақтың төл сөзіне айналып кетті. Кейбірі негізгі сөздік қорымыздан орын теуіп, күні бүгінге дейін төл сөздерінің барлық белгілерін қабылдаған. Мәшһүр-Жүсіп шығармаларында араб сөздерін мол қолданып, айтар ойына эмоционалды, экспрессивті рең беру мақсатында да алады. Көбіне арабша сөздер ойды дәл жеткізу, суреттеу құралы етеді.

Мысалы: *Әшһәрәт апат деп айтқан Хәдис; Фаламға абрахмет нұрын шашар; Пайдасын милләтінің түгел ойлап; Фибадап қанша қылған құлшылықтан; Айтады әмір мәғруф насихатын; Әлхари мақтап болмай болсын ақпап; Әл-сафар бір қатпа боп шайна лашқар; Фафурым нәхтли әр кез бермедікер; Ширабап Тәсфурадай көрінетін; Фаріплік бұл жалғанда біздің баста; Хумаюн жалал жұпты өткен екен; Фелаз шәдадінің уысында; Азажад әл-қаста гуми әлджар; Фарагат рақат жазған жоқ ты бізге, Лағынга жол үстіне ұшыратып кез; Бас-басына бір мәсуәк омырауында; Тамигтың тырнауышы болсын деп сол; Парохзат патша болып орнын алды. т.б..*

Ақын – діни сауатты, дін тарихын, ислам заң-қағидаларын терең білген адам. Оған дәлел – діни дастандары мен басқа да шығармалары. Осы тұста Мәшһүр Жүсіптің қазақ даласына мұсылман, адамзат, әлем мұраларын жайған тұлға болумен де орны өзгеше. Құранды қазақ ұғымына, ұлт танымына лайықтап, жұрт жайына қарай түсіндірген.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы Шығармалары. 1-том, Павлодар, 2010. – 310 б. – ISBN 9965-842-64-7

2 **Сағындықұлы, Б.** Қазіргі қазақ тілі. Лексикология. I-бөлім – Алматы : Қазақ университеті, 2003. – 101 б. ISBN 9965- 456-23

3 **Қалиев, Ғ., Болғанбаев, Ә.** Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы [Текст] : оқулық – Алматы : «Сөздік-Словарь» баспасы, 2006. – 264 б. – ISBN 9965-822-00-Х

4 Арабша-қазақша түсіндірме сөздік [Мәтін] : қазақ тіліндегі араб сөздері: 2 т. / Н.Д. Оңдасынов; жалпы ред. бас. акад. Ә. Т. Қайдаров. – Алматы : Мектеп, 1989. – 284 б. ISBN-10(13): 81.2

Материал 30.10.14 баспаға түсті.

М. Н. Баратова¹, К. С. Слямбекова²

Особенности слов религии в стихотворениях Машхур-Жусипа

¹Павлодарский государственный университет
имени С. Торайгырова;
²гимназия №3, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 30.10.14.

M. N. Baratova¹, K. S. Sliambekova²

Of words of religion in the songs of Mashur-Zhusip

¹S. Toraihyrov Pavlodar State University;
²Gymnasia №3, Pavlodar.

Material received on 30.10.14.

В статье анализируются особенности слов религии в стихотворениях Маххур-Жусипа.

The article analyzes the features of religious words in the poems of Mashkhur-Zhusip.

С. Б. Ержанова¹, Г. Ә. Сағынаева²

¹ф.ғ.д., профессор, Қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, ²PhD докторант, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық Университеті, Алматы қ.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ЛИРИКАСЫНДАҒЫ ТҮРЛІК ІЗДЕНІСТЕР

Мақалада қазіргі қазақ лирикасындағы түрлік ізденістер мен жаңашылдықтар жайы сөз етілген.

Кілтті сөздер: поэзия, лирика, түр, шумақ, тармақ, ұйқас, интонация.

Жаңа түрдің дүниеге келуі, тууы – әдебиетте соны құбылыс болуымен қатар, негізінен, өте ұзақ әдеби-шығармашылық үдеріс екені де мәлім. Әдебиетші-ғалым М. Базарбаевтың: «Поэзияда жаңалық бірден келмейді және оңай келмейді» деуі де осыған байланысты айтылса керек. Сондықтан форманың түрленіп, жаңа формаға айналып келе жатқанын, яғни жаңа түрдің туу процесі жүріп жатқанын бірден байқау әдетте оңай нәрсе емес. Көбінесе жаңашылдықтың, жаңа түрдің алғашқы нышан-белгілерін дәстүрлі форманың түрленуі деп есептейміз. Бұл – дұрыс та. Академик З. Қабдолов айтқандай, «Жаңалық – дәстүрді жалғастыра алса ғана жаңалық. Бұл ретте бәрінен бұрын жаңалық деген ұғымның өзін мықтап байыптап алған жөн» [2, 260].

Осы тұрғыдан келгенде қазіргі қазақ поэзиясының формалық ізденістерінің аясының кеңдігіне, қазіргі өлең өрнегінде жаңалықтың аз емес екеніне көз жеткізу қиын емес. Қазіргі қазақ поэзиясындағы түрлік ізденістің бір тарабы шумаққа да байланысты. Өлең тармақтарының бір-бірімен синтаксистік қарым-қатынасқа түсіп, бірігулерін, яғни синтаксистік біртұтас дүние құрап, топтасуларын сөз еткенде, ең алдымен өлеңнің шумақтарға бөлінетін-бөлінбейтінін есепке алу керек. Өйткені мұның өлең құрап тұрған жолдардың бір-бірімен топтасып-ажырасатын межесін айқындауда айрықша мәні бар. Б. И. Томашевский өлең тармақтарының строфикалық (шумақты) және астрофикалық (шумақсыз) екі түрлі жолмен топтасуын сөз етсе [6, 58], Н. С. Поспелов субстрофикалық (шумақ элементі бар) құрылымды да қосу керектігін айтады [7, 38].

Шумақ және оның үлгілері жайында А. Байтұрсынұлы өлеңнің кестесі – *айшық* болатынын, айшықтың әрбір тақтасы – *шумақ* болатынын және бунаққа, кезекке, тармаққа, ағынға тоқталып, әрқайсысына мысал келтіреді.

Өлең шумағы бір өлеңде біреу болуға да, бірнеше болуға да ықтимал. Бір өлеңнің шумағы көбінесе бірдей болады. Бір шумақтағы тармақтың азы екеу, көбі онға шейін барады. Өлеңдердің арасындағы қос сызықтың арасы бунақ болады. Бунақ ішінде бірнеше буын болады. Мұнда да бунақтың азы екеу, көбі төртеу. Осылардың бәрін дұрыстап орнына келтіріп, оның үстіне және де тармақтардың аяғын ұйқастырса, сөйлемдер өлең болып шығады. Түрлері: 1. *Тең шумақты*; 2. *Тұтас шумақты*; 3. *Ала шумақты өлеңдер*.

Шумақтардың мағыналық, интонациялық, синтаксистік, ырғақтық құрылысын Б. М. Эйхенбаум: «Стихотворный синтаксис строится в неразрывной связи с ритмом, со строкой, со строфой. Строка и строфа есть одновременно членение и ритмическое, и синтаксическое, и мелодическое» [8, 340], – дейді.

Өлеңде шумақ болу үшін тармақтардың белгілі мөлшерде топтасу тәртібі сақталып, үнемі қайталанып отыруы қажет. Шумақты құрайтын тармақтардың ұйқасы шумақтың өрнегін белгілейді. Өлең құрылысын зерттеушілер өлең жолдарының (тармақтарының) әртүрлі ретпен топтасуын, ұйқастарының кезектесіп келуін, алмасу тәртібін осылай қарастырып, шумақтың сан түрлі өрнек-үлгілерін ажыратып береді.

З. Ахметов шумақтың ой, мағына жағынан бөлектеніп, оқшауланып тұруын «Әр шумақ біткенде айтылатын бір түйін ой не аяқталып, не белгілі дәрежеде тиянақталып отырады. Шумақтың тармақтары белгілі бір ретпен топтасып келетіндіктен, интонациялық сипаты да күрделі болады. Өлеңнің ырғағы интонацияға, дауыс толқынына тіке әсер етсе, екінші жағынан сөйлемдердің синтаксистік құрылысына ықпал жасау арқылы әсер етеді» [1, 123], – дейді.

Белгілі орыс өлеңінің техникасын зерттеуші ғалым Г. Шенгели шумақтың тармақ сандарына байланысты мынадай пікір айтады: «Шумақ деген топ болса, оның ең шағыны – екі тармақты құрылым. Ал ең көбі ше? Өлең тәжірибесінде он бестен жоғарғысы көрінген емес» [9, 273].

Дегенмен, қазіргі қазақ өлеңінің дамуы зерттеушінің тұжырымына енбеген жаңа құрылымдарды ұсынып отыр.

Дәстүрлі өлеңдерде бір тармақты шумақтар болмайтын-ды. Өйткені оның бойында шумаққа тән белгілердің бір де бірі жоқ. Е. Раушанов, Ұ. Есдәулет сияқты ақындардың лирикаларында бір тармақты шумақтардың мағыналық және эмоционалдық салмағы күшті сезіледі. Олардың шығармаларында бір тармақты шумақтар өлеңнің басында, ортасында және соңында тұра береді. Е. Раушановтың «Ерте кетіп барасың...» атты өлеңінің алғашқы шумағы бір тармақты.

Ерте кетіп барасың сары күз...

Қала тұрсаңшы әлі де, еркем,

Барайық тағы шыңға ана.

Бәрі де жақсы, бәрі де көркем,
Жетпей тұрғаны мұң ғана [5, 171].

Бір тармақты шумақта ой түйіні беріліп, өлеңдегі мазмұндық ыңғайластықтағы өзге тармақтар сол ойдан таратылып шығады. Өлеңнің өзге шумақтарындағы ой бір бағытта дамиды. Ақынның мұңмен оңаша қалғандағы көңіл-күйі туралы ойлары ырғақтық-интонациялық жүйесі мен ұйқас негіздері түрленіп басқа шумақтарға түзіледі.

Ұ. Есдәулеттің «Қақпа» өлеңінде бір тармақты шумақ ой қорытындысы ретінде өлең соңында дербес беріледі. Ал ақынның «Күршім. Жаралы барак батыр» өлеңіндегі соңғы бір тармақты шумақтың атқарып тұрған жүгі өте күрделі.

Кеудеме менің күйдіріп киіз басындар,
бұл жара сонда асқынбас,
туырлықты түріп, түндікті түре ашындар,
тамағыма да тас тұрмас [3, 22],

– деп басталатын өлең:

Жүрегіме күйдіріп киіз басындар,

– деп аяқталады. Осы соңғы бір тармақты шумақ Барак батырдың зары, кешегінің емес, қазақтың бүгінгі жаралы рухының символдық көрінісіндей әсер қалдырады.

Е. Раушановтың «Жаз не деп еді?» өлеңінде дара тармақ шумақтардың ортасында орналасады. Мұнда ол өзінен бұрынғы шумақтағы ойды қорытып, келесі шумақтағы ойдың бастауына айналады.

Екі тармақты шумақтың барлығы егіз ұйқасқа құрылатын дәстүрлі жүйесін сақтап қалды. Екі тармақты шумақтар Е. Раушанов пен Ұ. Есдәулетте мольрақ кездеседі. Қос тармақты, егіз ұйқасқа құрылған бұл өлең түрінде айтылар ой барынша тұжырымды болып келетіні белгілі. Ақындарда осы ерекшелік сақталғанын байқаймыз. Е. Раушановтың «Молдабай бизнесменге», «Аты табылмаған өлең», «Қара бауыр қасқалдақ» атты екі тармақты шумақтарға құрылған өлеңдерінде бүгінгі заманның көкейкесті мәселелелері тұжырымдалып беріледі.

Қазақтың дәстүрлі поэзиясында бес тармақты шумақ айқындалып, шумақ ретінде бекінбеген еді. Ал қазіргі қазақ өлеңі бес тармақты шумақтарға өте бай. Әсіресе Ұ. Есдәулетте бес тармақты шумақтардың алуан түрлі үгілері өте мол.

Біріншіден, бес тармақты шумақ ішінде кең, әрі қарапайым үлгісі төрт тармақты дербес шумақтарға бір тармақтың қосылуы арқылы пайда болған шумақтар. Мысалы:

Қыстан да бетер қатыгез бе едің, мүсінші,
Қалқамның мынау қамырық халін түсінші.
Құдіретіңе құл болып мәңгі кетейін,

Қаршадай қызды (үйіне барсын) түсірші,
Қар басып қапты қаршадай қыздың мүсінін... [4, 226].

Екіншіден, соңғы бесінші тармақ алдыңғы төрт тармақты қорытындылап тұратын шумақтар. Мысалы:

Аспанмен астаспаймын,
Жермен де достаспаймын,
Жел беріп жел мінезге,
Тізгінді бос тастаймын
Ешқашан ешкіммен де қоштаспаймын! [3, 188].

Үшіншіден, ақынның «Салқындық» атты өлеңіндегі бес тармақты шумақтың алғашқы екі тармағы бір мағыналық тұтастықты құраса, кейінгі үш тармағы жеке мағыналық тұтастықты құрайды. Мысалы:

Суық ызғар табасын көктемнен де,
Көлеңкелер тоңады бөктерлерде.
Суық жүзді танысың қарттан-дағы,
Салқындықтың өңінде сақталғаны –
Өткен күнін алдында ақтарғаны [4, 12].

Мұнда алғашқы екі тармақ өз алдына бөлектеніп, ал кейінгі үш тармақ жеке ұйқасып келіп қапталдасып келеді, бір-бірімен параллель түзеді.

Төртіншіден, «Өткінші» өлеңінде бірінші тармақтағы ой екінші, үшінші, төртінші тармақтарда өрбіп келіп, бесіншісінде қорытындыланады:

Мен тұрдым кетсем-ау деп жайға айналып,
Танданса жарқылыма ел таңдай қағып.
Көкше бұлт көшкен шақта Күн еліне,
Жасын қып сақтауменен жүрегінде,
Мені де кетсе, шіркін, шалғайға алып... [4, 111].

Лирикалық қаһарманның жайға айналғысы келуінің себебі соңғы тармақта ашылады.

Ұ. Есдәулеттің «Қоштасу» өлеңі жеке талдауға тұрарлық өлең. Бес шумақтан тұратын өлеңнің үшінші шумағы алты тармақ та, өзгелері бес тармақты болып келеді. Шумақ іші композициялық-синтаксистік құрылымының ерекшелігімен қатар, онда қосымша тармақтар да орын алады. Қосымша тармақ дегеніміз – өлеңдегі ұйқас, интонация, логикалық паузаларды тануға көп септігін тигізетін, шумақ ішінде өз алдына дербес толымды ойды білдіретін қосымша жол. Мысалы:

Ауылың қала берді,
Гүл бұлғап таныс бағы,
Домбырам іңкәр күйін тауыспады.
Көкжиек жұтып қойған желкендейін
Келбетің көз алдымнан алыстады [4, 82].

Мұндағы үшінші тармақ – қосымша тармақ, алып тастаса да өлеңнің сыны кетпейді. Сол сияқты соңғы шумақтағы бірінші тармақты алып тастаса да, өлеңге еш нұқсан келмейді:

Келбетің алыстады,
Келмеген сенен жырақ ғұмыр кешкім,
Ұқпас-ау сен ұқпаған сырымды ешкім.
Хош, енді, бөгде өзенге құйған бұлақ,
Мен қайта тұнығыңнан сімірмеспін [4, 82].

Бес тармақты шумақтар Е. Раушановта мүлдем дерлік кездеспейді.

Алты тармақты шумақтардың қазіргі ақындар шығармашылығында құрылымдық үлесі үлкен. Бұл – қазақ поэзиясына Абайдан бері берік орныққан құрылым. Абайдың алты аяғы мен Шәкәрім өлеңдерінің алты тармақты құрылымы қазіргі поэзияда мүмкіндігін кеңейтіп, орнықты құрылымдық негізге айналуы шығарманың ішкі тақырыптық-идеялық, көркемдік-бейнелілік жүйесінің қажеттілігінен туындаған. Оның алуан түрлі үлгілері ақын Ұ. Есдәулет поэзиясында кездеседі. Оның «Қазақстан» деген өлеңінің шумақтарында алты тармақтар бір ғана дыбыстық үндестікке негізделді.

Ақын Ұ. Есдәулеттің өлеңдерінде жеті тармақты шумақты құрылымның алуан түрлі ұйқасу реті көрінеді. Бұл шумақтардың ырғақтық-интонациялық жүйесі ширақ та, шымыр мәнер тудырып, ескі жыр үлгісінің мелодикасын (жорғағын) еске салады. «Уық», «Қазақстан, сен өлсең...» деген өлеңдері жеті тармақты болып келеді.

Тоғыз тармақты шумақтар барлық көлемді шумақтар секілді мазмұндық өрістің қажеттілігінен туындайды. Ол өлеңдегі ойды, оның мелодикасын сан түрлі түрлендіріп, өлеңнің тақырыптық-идеялық, көркемдік-бейнелілік жүйесін шынайы жеткізуге қолайлы шумақ. Сондықтан мұндай ұйқас ретін еркін ауыстыруға мол мүмкіндік беретін, синтаксистік, семантикалық жүйесі де ой оралымына сай құрыла беретін күрделі де ыңғайлы шумақтар қазіргі қазақ поэзиясында болуы, оның алуан түрлі сипатта көрінуі заңды.

Қазіргі шумақтардағы жаңашылдық олардың ұйқас өрнегіне қатысты. Шумақ құрамындағы тармақтарды байланыстырушы ұйқас ретінде қара өлең ұйқасы мен егіз ұйқастың маңызы артқан. Бұл ұйқастар Е. Раушанов, Ұ. Есдәулеттерге дейін жеке дербес шумақ құрылымдарының бір белгісі ретінде, оларды байланыстырушы қызметін атқарса, қазіргі поэзияда олар шумақсыз құрылымдардың ырғақтық-интонациялық композициясының бір бөлшегі ретінде шумақ құрылымын тақырыптық, ырғақтық-интонациялық түрлендіруші ретінде көрініп жүр. Қазіргі қазақ өлеңіндегі астрофикалық құрылымдарды түрлендіру үшін бір құрылымда бірнеше дыбыстық үндестіктер көрінеді. Шумақсыз құрылымдардың құрамындағы тармақтарды тек ұйқастар ғана емес, субъект ортақтығы, мазмұндық дамудағы жүйелілік пен тармақтардың өзара синтаксистік байланысы да жинақтайды.

Қазіргі қазақ өлеңінің ырғақ жүйесінің даму үдерісінде аса айқын көрінген үрдіс – қазақ өлеңінің құрылымдық негізінің кеңеюі және артуы. Бұрынғы қазақ өлеңдерінде он бір буыннан артатын өлшемдер дәстүр аясына сыймайтын. Ал қазіргі поэзияда он үш, он бес, он алты буынды өлшемдер қалыпты құбылысқа айналып, еніп кеткені сондай, ақындар шығармашылығына дәстүрлі өлшемдердей сіңісіп кетті. Сол сияқты дәстүрлі қазақ өлеңінің төрт тармақты шумақтарымен қатар белсенді қолданыстағы бес, алты, жеті тармақтары шумақтар да қазіргі өлеңнің қалыпты құбылысына айналған. Тармақтарды құрайтын бунақтағы буын сандары дәстүрлі төрт буынды шеңбері аясынан шығып, бес, алты буынға дейін артқан. Ал шумақ құрылымына келсек, қазіргі поэзияда шумақсыз өлеңдердің қолданыстағы деңгейі шумақты өлеңдермен теңесіп қалғандығы байқалады. Себебі қазіргі қазақ өлеңінің «интонациялық әуені, экспрессивтік-эмоционалдық бояуы мейлінше кемелденіп толысуда».

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Ахметов, З.** Өлең сөздің теориясы. – Алматы : Мектеп, 1973. – 212 б.
- 2 **Қабдолов, З.** Сөз өнері. – Алматы : Қазақ университеті, 1992. – 352 б.
- 3 **Есдәулет, Ұ.** Екі томдық таңдамалы шығармалар, II том: Киіз кітап. Ел мен жер жырлары. – Алматы : Жазушы, 2006. – 264 б. – ISBN 9965764409
- 4 **Есдәулет, Ұ.** Екі томдық таңдамалы шығармалар, I том: Алтын тамыр. Ел мен жер жырлары. – Алматы : Жазушы, 2006. – 392 б. – ISBN 996576445
- 5 **Раушанов, Е.** Бозаңға бітке боз жусан: Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы : Раритет, 2006. – 384 б. – ISBN 9965770174
- 6 **Томашевский, Б. В.** Строфика Пушкина // Пушкин. Исследования и материалы. Т. II. – Москва-Ленинград, 1958. – 258 с.
- 7 **Поспелов, Г. Н.** Синтаксический строй стихотворных произведений. – Москва, 1960. – 2 38 с.
- 8 **Эйхенбаум, Б. М.** Мелодика русского лирического стиха // Эйхенбаум Б. М. О поэзии. – Ленинград : Советский писатель, 1969. – 511 с.
- 9 **Шенгели, Г.** Техника стиха. – Москва : Художественная литература, 1960. – 312 с.

Материал 22.10.14 баспаға түсті.

С. Б. Ержанова, Г. А. Сагнаева

Формы исследования в современной казахской лирике

Казахский государственный
женский педагогический университет, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 22.10.14.

S. B. Erzhanova, G. A. Sagnaeva

Forms of research in the modern Kazakh lyrics

Kazakh state womens teacher training university, Almaty.

Material received on 22.10.14.

В статье рассматриваются формы исследования и новизна в современной казахской лирике.

The article deals with a form of research and innovation in the modern Kazakh lyrics.

UDC 398.2/574/

N. K. Zhussupov¹, M. N. Baratova², D. Mergaliev³

*d.ph.n., professor, ²c.ph.n., professor, ³c.h.s., associate professor, S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar

THE METHODS USED BY MASHKHUR ZHUSIP IN THE FOLKLORE COLLECTION

The article considers the methods used by Mashkhur Zhusip in the folklore collection.

Keywords: folklore, corpus, Mashkhur-Zhusip, collection, manuscript, literary heritage.

The main principle for the scholars, who collected folklore works, was: when copying the samples, leave the words and style unchanged. Mashkhur-Zhusip always adhered to that rule.

Let's turn our attention to the time when he started his collection activities. We remember that at the age of 8 in 1866 he wrote down his four first folklore samples from the manuscript that belonged to Qamar khaziret: "Qozy Korpesh – Baian Sulu", "Er Targyn", "Tort zhigittin oleni", etc.

From his autobiography we found out that he had been living for a long time in the house of the citizen of Aqmola fortress Meiram Zhanaidaruly investigating the manuscripts and looking into the literary heritage of Kazakh people. His next step was to take the book full of stories from Musa Shormanuly's son Saken. Taking it into consideration, it is possible to say that some variants were taken from the very book, though this assumption has not received the corroboration yet. We know that Mashkhur-Zhusip always indicated the source of the folklore

works. For example, he wrote that the story «Qazaq tubi» was taken from the chronicles of khans by Abilgazy Bahadur [1]; some of the proverbs were taken from Koran [2]; such stories as «Paigambar sozi», «Ship Alutin men Alaiman» were copied from «Hadis-Sharif» [3]. There was also the following note: «I wrote down Tobyqty from Shakarim's chronicles» [4]. One should not think that the main method used by Mashkhur was copying from other manuscripts. On the contrary, such cases were relatively rare. The author's own words can prove it: «Mashkhur-Zhusip, the son of Kopei did not write occasional things that came to his mind, he did not write for fun or pastime...» [5]. It is a pity that the parts of texts were lost and it is impossible to say exactly what the author wanted to say. In spite of this, those two sentences show the attitude of Mashkhur to his collection work, a great significance it had in his life, the role it played, the responsibility he had taken, the aim he pursued.

We also know that Mashkhur-Zhusip used the third method of collecting the samples, which consisted in using the books published earlier, both eastern and western.

According to the data we have Mashkhur-Zhusip could read the books of such scholars and philosophers as Abdugalisina, Abultarit, Socrates, Hakim, Al-Pharabi, Sagdi, Nauai, and Ferdausi in the original.

The book «Zheti Zhyrau» was also included into the manuscripts by Mashkhur-Zhusip [6]. It contained the materials written on religious and instructive topics.

He was interested in the books of Russian and western Europe writers (Ch. Darwin, V. G. Belinskiy, M. Baskin, V. Radlov) and knew how to fulfil some of their ideas in his work. In order to prove it we submit the following note: Vissarion Belinskiy (1810-1848) was a prominent progressive-minded Russian writer and historian who became a spiritual leader for next generations. Here is one of his philosophical ideas: «There is one general form of life in the world. But this form never dies or disappears. One wave creates another one, which is changed by the new one. Though the waves change each other, the fathomless profound remains unscathed and rocks in its boundless cradle».

Those words echoed in my soul. It will not do just to call him Russian, one must say «personality!» The second assumption belongs to Darwin: «When centuries pass by an unnoticeable insect will impact the creation of the animals, birds, trees and plants». The third words that influenced me were the words of Baskin: «All things in the world always move and change. The solid earth as we see it now once was blazing with fire. Time passed, the surface got cold and it came to this condition».

The reason I repeated their words is that I believe: «It is impossible to create the new without looking back to the past». The word begets the word. Kazakh people have a proverb: «The mother of water is a stream, the mother of word is the ear» [7].

Thus, we can see that Mashkhur-Zhusip did not confine himself to the reading of scholars' books, but also made special notes writing down the most remarkable places and fulfilled their ideas. It is obvious that their advanced ideas had a great impact on Mashkhur's outlook and collection work. «It is impossible to create the new without looking back to the past» – that phrase became the main principle of the research process. Reading the book of prominent scholars, making references and notes and only after that come to certain conclusions – all that became habitual for Mashkhur-Zhusip.

Moreover, writing down such philosophical thoughts as «There is one general form of life in the world. But this form never dies or disappears. One wave creates another one, which is changed by the new one. Though the waves change each other, the fathomless profound remains unscathed and rocks in its boundless cradle», «All things in the world always move and change» shows us that the author was well cognizant with the law of dialectics. It displays the fact that for every scholar, every researcher it is necessary to search, to doubt, and to prove before putting forward any views. It does not matter if you are the historian, the literary man, the philosopher or the folklore collector, you must know the laws of world evolution otherwise you will not be able to make the contribution to the science. Mashkhur-Zhusip was aware of that.

In order to use the works mentioned before in his folklore collection, Mashkhur-Zhusip translated the necessary abstracts into Kazakh language. This fact shows the peculiarity of his collection work as well as his knowledge of languages.

In due time Meiram qazhy was the person who had a great elocutionary gift, could fluently speak in Kazakh and Russian languages, who investigated the history and literature of oriental, mostly Kazakh people and collected the words of wisdom left by famous poets and heroes. Many researchers, scholars from such places as Tashkent, Turkistan, Bukhara, collectors of historical and literary heritage who travelled to the cities of Mecca and Medina came to see Meiram qazhy and lived in his house. Vasilii Vasilievich Radlov was one of such people.

Mashkhur-Zhusip saw and even held the famous book «Turki taipalarynyñ halyq adebiet ulgileri» («The folklore samples of the Turkic tribes») (volume 3, 1870) written by V. V. Radlov. He copied the samples that caught his attention and did not forget to note it.

In general, the name of Radlov is often mentioned in the manuscripts by Mashkhur-Zhusip. For example, in one of his books he gave the following reference: the story «V.V. Radlov qazaq tubi dep zhazgan shezhiresi» [8]. This story is about the daughter of Altynbel khan, who was dungeoned by her father and became pregnant from the sunlight. Later she gave birth to Chingiz khan. In another manuscript Mashkhur-Zhusip noted that the composition «Er Kokshe» had been copied from the third volume of V.V. Radlov's collection [9]. He even

indicated that it consisted of 1826 lines. This fact proves that Mashkhur's collection process based on scientific methods.

Mashkhur-Zhusip valued V. V. Radlov's work highly. He wrote that if Radlov had not found and put down such folklore compositions as «Targyn», «Saiyn», «Qozy Korpesh-Baian sulu», «Aqbal», «Qozhamberdi», «Bokei khan», they could easily have sunk into oblivion [10].

REFERENCES

- 1 The Scientific Academy of the Republic of Kazakhstan, the Central Fund of Manuscripts: folder # 1177, p. 222
- 2 The same, folder # 1645, p. 47
- 3 The same, folder # 1645, p. 3-5
- 4 The same, folder # 1645, p. 97
- 5 The same, folder # 1170.
- 6 Kept at the «family archive»
- 7 Kopeev M. Zh. Aspan, zher zhane adam zharatylysy turaly (prepared by Zhusipov N.), Qazaq tarihy, # 2, 1995, p. 56
- 8 The Scientific Academy of the Republic of Kazakhstan, the Central Fund of Manuscripts: folder # 1177, p. 236-250
- 9 The same, folder # 66.
- 10 The same, folder # 1170, p. 358

Material received on 11.11.14.

Н. Қ. Жүсіпов, М. Н. Баратова, Д. Мерғалиев

Мәшһүр Жүсіптің фольклорды жинау әдістері

С. Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.
Материал 11.11.14 баспаға түсті.

Н. К. Жусупов, М. Н. Баратова, Д. Мерғалиев

Методы используемые Машхур Жүсіповом в сборе фольклора

Павлодарский государственный университет
имени С. Торайгырова, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 11.11.14.

Бұл мақалада ғалым Мәшһүр Жүсіптің фольклорды жинау әдістері жан-жақты қарастырылады.

В статье рассматриваются методы используемые Маишхур Жусипом в сборе фольклора.

ӘОЖ 82-31

Қ. Т. Жанұзақова

ф.ғ.д., профессор, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ РОМАННЫҢ ЖАНРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАНУЫ

Мақалада қазіргі қазақ прозасындағы роман жанрының даму бағыттары мен қалыптасқан жанрлық түрлері, жанрлық трансформациялануы мәселесі теориялық тұрғыда тұжырымдалады. Қазіргі әдеби процесте роман жанрының алатын орны мен ролі бағамдалады. Қазіргі роман алуан түрлі өзгерістерге ұшыраған, бірнеше жанрлардың қасиетін бойына сіңірген «еркін» жанрлық түр ретінде пайымдалады.

Кілтті сөздер: мәдениет, әлеуметтік-саяси формация, эстетикалық идеал, рухани құндылық, проза, философиялық сарын, драматизм, руханият, инсаният, публицистикалық, сатиралық, әскери, деректі, детективті-қылмыстық, монументалды, аналитикалық, интеллектуалды, мемуарлық, модернистік, роман-эпопея, роман-миф, роман-эссе, роман-новелла, роман-поэма, роман-диалог, роман-монолог, роман-реквием, полифониялық романдар.

XX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басы – қазақ мәдениеті үшін шешуші кезеңдердің бірі. Бұл тұста әлеуметтік-саяси формацияның, қоғамдық сананың түбегейлі өзгеруіне байланысты қоғамда қалыптасқан эстетикалық идеалдар мен рухани мәдениетіміздегі құндылықтарды қайта қарау, бағалау орын алды. Еліміз егемендік алғаннан кейінгі жылдар әдебиетінде жаңа бетбұрыс байқалды. Әдебиет тарихына көз жіберсек, қашанда жаңа дәуірдің өзіне сай тақырып ала келетіні белгілі. Жаңа заман лебі дүниеге жаңаша көзқарасты қалыптастырды. Бұл әсіресе, прозаның жетекші саласы роман жанрына қатысты.

Әдебиет өмірді бұрынғыдай таптық аяда бейнелемей, әлеуметтік-шаруашылық мүддені емес, ұлттық мүддемізді жоқтаған күрескер кейіпкерлерді алға тартты. Прозаға жаңа қаһармандар келді, өмірді бейнелеу кеңістігі кеңейді, философиялық сарын, драматизм күшейді. Тәуелсіздік

жылдарындағы роман кенес дәуіріндегі қуғын-сүргіннің сырын тереңдете ашуға бет қойды. Руханият, инсаният мәселелеріне терең бойлауға мүмкіндік туды, шығармашылық еркіндік, ой тәуелсіздігі орнады. Уақыт талабына орай тереңге тамыр жайып, жаңа сапалық қасиеттермен толыса түскен прозаның қуатты бір бұтағы роман жанры өзгеше бояу, соны нақыштар, рухани ізденістер бой көрсетті.

Жаңа дәуірдің жаңа мазмұн әкелетіні – әдебиеттің бұлжымас заңдылығы болса, көркем әдебиеттің оның табиғатына сәйкес жаңа формада бейнеленуі де заңдылық. Қазақ романы айтар ойының ауқымдылығымен, психологиялық тереңдігімен, көркем образдардың кеңдігімен, сан алуандығымен ерекшеленді. Прозада түрлі модернистік, постмодернистік тенденциялар, алуан әдеби дәстүрлер мен ағымдар табиғи үйлесті. Романның жаңа жанрлық түрлері қалыптаса бастады.

XX ғасырдың аяғында басқа дәуірлермен салыстырғанда жанрлық түрлердің өзгеруі жаңа қарқынмен жүрді. Әдебиеттің даму бағыттары жанрлардың өзгеріске түсуімен де байланысты. Осы орайда қазақ әдебиеттанушыларының назарын қажет ететін аса өзекті мәселенің бірі – жанрлардың табиғатын теориялық тұрғыдан айқындау, жанрлық түрлердің трансформациялануы.

Әдеби процесте роман жетекші орын алады. Зерттеушілер романның даму тарихында оны әр түрлі тұрғыдан: тақырыптық, пішіндік, стильдік, тарихи кезеңдерге қарай және т.б. түрлерге жіктеді. Әлем әдебиетінде романның жанрлық үлгілерінің соншалық мол екендігіне оларды жай санамалап шықсақ та көз жеткіземіз: тарихи, философиялық, психологиялық, авантюралық, плуттық, фантастикалық, публицистикалық, сатиралық, әскери, деректі, детективті-қылмыстық, монументалды, аналитикалық, интеллектуалды, мемуарлық, модернистік, роман-эпопея, роман-миф, роман-эссе, роман-новелла, роман-поэма, роман-диалог, роман-монолог, роман-реквием, полифониялық романдар және т.б. Кейде қаламгерлер өз туындысының жанрын өзі айқындап жатады, болмаса сол романға сыншылар басқаша жанрлық анықтама беруі мүмкін. М. Мағауиннің «Жармақ» романын бір сыншылар - роман-ескертпе (роман-предупреждение), бірі публицистикалық роман деп атап жүр.

Қазақ әдебиетінде роман жанры – XX ғасырдың басынан бергі кезеңде пайда болған, қазіргі таңда дәстүрі қалыптасқан, әлемге танылған озық үлгілер тудырған күрделі жанр. Прозаның енді ғана қалыптасуы тұсында тәжірибені бірден күрделі жанр романдан бастау қазақ мәдениетіндегі эстетикалық құбылысқа айналды. Прозалық жанрлық формалар поэзияға қарағанда кешірек қалыптасқандықтан, олар бойына өзіне дейінгі дәуірлердегі баяндау тәсілдерінің мазмұндық жетістіктерін сіңіре білді. Жеке суреткер стилі, я болмаса сол кезеңнің стилі өзіне дейінгі дәстүрдің негізінде жасалады.

XX ғасырдың басында жазылған прозалық туындылардағы, оның ішінде роман құрылымындағы баяндаудың, қара сөздің өлең өлшемдерімен, поэзия талаптарымен қойындасып келуі айқын көрінеді. Роман жанрының арғы-бергі тарихы мен теориясын мұқият зерттеген Ш. Елеуенов С. Торайғыровтың «Қамар сұлу» романы туралы былай дейді: «Біздің алдымыздан мынадай елеулі факт шығады: роман әлі де болса фольклорлық нормалар тартылысын толық жеңе алмаған. Кәдімгі реалды адамдар шектен тыс идеалдандырылады. Типтік мінездердің орнына бойына көптеген жағымды қасиеттер дарытылған (жағымсыз бейнелер болса жағымсыз мінездер) жинақтаулы образдар шығады. Автор ауызша-поэтикалық шығармашылықтың көне штамптарынан («күлгенде көзінді алып кірсіз тісі») бас тартпайды. Бір сөзбен айтқанда романдық биікті бағындыру оңайға түскен жоқ», – деп жазады [1, 110-111].

Қазақ әдебиетіндегі роман жанрының қалыптасып, кең жайлауға шығуына М. Дулатов, Ж. Аймауытов, Ш. Құдайбердиев, С. Көбеев, С. Торайғыров, М. Әуезов, С. Мұқанов, Ф. Мүсірепов, Ф. Мұстафин, Х. Есенжанов, Ә. Нұрпейісов, І. Есенберлин, Т. Ахтанов, Ә. Кекілбаев, М. Мағауин, Қ. Жұмаділов, Д. Досжанов т.б. қаламгерлер мол еңбек сіңірді. Роман турасында М.Бахтиннен де бұрын ғылыми пікір айтқан А. Байтұрсынұлы оны «ұлы әңгіме» деп атайды. Романның теориясы мен тарихын қалыптастырған М. Бахтин, В. Кожин, Г. Пospelов, В. Хализев, Н. Лейдерман, Л. Чернец, Ю. Тынянов, З. Қабдолов, З. Ахметов, Т. Кәкішев, М. Атымов, С. Қирабаев, Ш. Елеуенов, Ж. Дәдебаев, З. Бисенғали, А. Ісімақова, Б. Майтанов, Т. Есембеков, М. Хамзин т.б. еңбектерінде роман жанрлық және тарихи тұрақтылығымен, сонымен қатар жинақтаушылық, өзгерімпаз қасиетімен де ерекшеленеді.

Соңғы жылдары көз жеткізгендей, роман түрлі формаларда жазылып жатыр. Роман жанр үнемі дамып, түлеп отырады. Әр жанр әдеби түр ретінде туып, даму барысында өз басынан өзгерістерді кешіреді: пайда болады, дамиды, кейде жоғалады. Ю. Н. Тынянов «дайын жанрлардың» болмайтынын, олардың әрқайсысы дәуірден дәуірге ауысу барысында маңызды мәнге ие болып, негізгі назарға іліксе, кейде, керісінше, кейінге қарай ысырылады, басқасына орын береді немесе тіпті мүлде жоғалып кетуі мүмкін екенін жазады [2, 27]. Кез келген жанрдың өзінің өрістеу, өркендеу, құлдырау кезеңдері бар. Кейбір жанрлар белгілі бір тарихи дәуірлерде өркендеп, дамыса, кейбірі жоғалып отырды.

Мұндай өзгерістер роман жанрына да қатысты. Әлем әдебиетінің тарихына үңілсек, орта ғасырларда пайда болған серілік романдар бірте-бірте орнын XIX ғасырда психологиялық романдарға берді. Кеңес әдебиетіндегі эпикалық құлашы кең, көлемді романдардан гөрі қазіргі таңда композициясы күрделі, бірақ көлемі шағын «микроромандар» көбейді. Белгілі бір уақытта романның басқа түрлері пайда болады. Зерттеушілер жанрлардың трансформациялануын

әдеби процестің әмбебап заңдылығы ретінде қабылдайды. Әдебиетте белгілі бір жанрдың үстем болуы оның тұрақты қасиетімен емес, керісінше көркемдік сананың дамуына байланысты оның да өзгеруімен, көкжиегін кеңейтіп, жетіліп-толысуымен байланысты. Қазіргі қоғам шындығын, өмір құбылыстарын жан-жақты суреттеген роман жазушының идеялық-эстетикалық мақсатына сай түрлі жанрлық өзгерістерге түсуде.

Тәуелсіздік идеясы әдебиетке жаңа серпін, санаға өзгеріс енгізді. Осыған орай, тәуелсіздік жылдарындағы қазақ романының мақсат-мұраты, бағыт-бағдары, өрнек-айшықтары да жаңаша, өзгеше болып қалыптасуы тарихи-әлеуметтік өзгерістер нәтижесіндегі заңдылық болды. Мұның барлығы қаламгерлер дүниетанымына әсер етпей қоймады. Әдебиетте адамзатты толғандырған кесек те күрделі рухани-адамгершілік мәселелер алға шықты. Қаламгерлер қоғамдағы түбегейлі өзгерістердің жеке тұлғаның ішкі жан дүниесіне, санасына әсер-ықпалы мен жеке тұлғаның сол өзгерістерді қалай қабылдайтынын бейнелеуге күш салды. Романда жеке тұлғаның, қоғамның қайшылықты дамуы мен жалпы әлемнің үйлесімсіздігі туралы ой өзегі айқын көрініп, кейде драмалық жағдайға дейін ширғып, трагедиялық ахуалға ұласып жатты. Қоғамдағы алмағайып өзгерістер, қалыптасқан жүйенің қабырғасы сөгіліп, жаңаның орнығуы рухани өмірімізге, жеке тұлғаның дүниетанымына да орасан әсер етті. Қаламгерлер жаңа мазмұндық, пішіндік ізденістерге ұмтылып, болмыстың дәстүрлі түсініктері мен «социалистік реализмге тән концепциялардан» бас тартты [3, 3].

XX ғасырдың аяғында қаламгерлер шығармашылығындағы қазық тақырыптың бірі – жеке тұлғаның ішкі әлемі, жан дүниесі, қиялы мен ой-санасы болды. Осы мәселелерді арқау еткен психологиялық романдарда (Ә. Нұрпейісовтің «Соңғы парыз», М. Мағауиннің «Жармақ», Х. Әдібаевтың «Отырар ойраны», т.б. романдары) сюжеттің дамуынан гөрі қаһарманның ішкі рухани ізденістеріне, өзін-өзі талдауына көп көңіл бөлінді. Қаһарманның түстері, түрлі елестері, ой толғаныстары, өткенге шегінуі мен еске түсіруі негізгі оқиға желісіне тап өмірдегідей жымдасып, қазіргі психологиялық романдардың мазмұнын күрделендіріп жіберді. Жазушылар жеке тұлғаның қоғамға, әлемге қарым-қатынасын бейнелеп, сол арқылы тұлғаның өтпелі дәуірдегі алуан түрлі сезімдік көңіл-күйлерін қамтуға тырысты. Осы кезең прозасында жеке тұлғаның, қоғамның рухани дамуына тарихи-мәдени үдерістің, өркениеттің күшті ықпал етуі, адам мен табиғаттың, адам мен қоғамның қарым-қатынасы мәселесіне көп көңіл бөлінді. Сондықтан қазақ прозасында жалқыдан жалпыға, яғни жеке адамның тағдыры арқылы жалпыадамзаттық мәселелерге бой ұру жиі кездесті, адамгершілік жады, жатсыну мәселелері алдыңғы қатарға шықты.

Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетінде тарихымызды қайтадан жаңа көзқарас тұрғысынан саралау, тарихи оқиғаларға жаңаша баға беру

орын алды. Жазушылар халқымыздың өткен тарихына қатысты тарихи құжаттармен, деректермен толық танысып, оның ұнғыл-шұнғылын зерттеуге ден қойды. Қазіргі тарихи романдарда (М. Мағауин «Мен», Қ. Жұмаділов «Дарабоз», Д. Досжан «Атлантиданы іздеу», т.б.) публицистік сарын, деректілік, тарихи құжаттарға сілтеме жасау, автордың шығармадағы оқиғаға шынайылық, нақтылық сипат беруі басты бағдарға айналды.

Қазіргі қазақ романындағы жанрлық трансформациялар, ең алдымен, уақыт пен кеңістік ұғымдары арқылы жүзеге асты. Шығармада әр түрлі кеңістіктік-мезгілдік өлшемдерде болып жатқан қат-қабат оқиғалар қатар суреттеледі. Әрине, бұл көркем шығарма құрылымының ерекшелігін де анықтайды. Дәстүрлі романдарда уақыт хронологиялық бірізділікпен суреттелсе, қазіргі романдарда қаһарманның санасында бейнеленген релятивтік көркем уақыт басты орынға шыққан. Қаламгерлер оқиғаны хронологиялық жүйелілікпен бейнелемей, уақыттық және кеңістіктік көркемдік өлшемдерді әдейі бұзып, өткен мен бүгіннің және болашақтың шекарасын жояды. Көп романдарда тарихи уақыт тіпті көрсетілмейді, оқиғаның нақты қашан болып жатқаны маңызды емес.

Қазіргі қазақ романында мәңгілік ұғымы жаңа қырынан көрінді. Мәңгілік шығармада суреттеліп жатқан оқиғалардың бөлінбес, ажырамас бөлігі ретінде көрінді. Қаламгерлер дүниенің дуалистік, екіұдай табиғатын, ондағы материалдық және рухани бастаулардың ара салмағын көрсетуге ерекше назар аударды. Кейіпкерлер характері қоршаған ортада, тұрмыстың күйкі тірлігінде қалыптасқанымен, қаһарман сол күйбең тіршіліктен жоғары көтеріліп, болмыстың мәні туралы күрделі әрі қиын сұраққа басы қатып, ойға беріледі. Қаһарманның ішкі рухани әлемі ғарыш деңгейінде суреттеледі де, оның санасы тұтас ұрпақтарды, дәуірлерді сығымдай жинақтайды. Ол өзін тұтас жаратылыстың, ғарыштың бір бөлшегі ретінде сезінеді.

Тәуелсіздік жылдарындағы әдебиетте роман құрылымында жетекші орынды аңыз-әңгімелер, мифтер алады. Көне аңыздарға иек арта отырып, жазушылар қоғам дамуының ерекшеліктерін безбендеп, ұрпақтар, дәуірлер сабақтастығын бейнелейді. Миф шығармада көтерілген философиялық мәселелердің шексіздігін, мәңгілік, тұрақты сипатын пайымдауға мүмкіндік береді. А. Алтайдың «Алтай балладасы» роман-мифінде миф шығарманың көркемдік құрылымын күрделендіріп, мағыналық ауқымдылығын кеңейтеді, тұспалдау, меңзеу формалары арқылы белгілер, символикалық бейнелер қатарын қалындатып, баяндауды ассоциациялармен, реминисценциялармен байытады.

Қазіргі қазақ романы баяндау күрделілігімен, көп деңгейлігімен ерекшеленеді. Осы қатардағы шығармалардың біріне Х. Әдібаевтың «Отырар ойраны» романын атауға болады. Романдағы оқиғалар бірнеше кеңістіктік, уақыттық желілерде қатар өтеді. Кейде олардың арасындағы

шекара жойылып, оқиға шарттылығымен, иллюзиялық, салыстырмалы сипатымен танылады. Романдағы «сюжет ашықтығымен, еркіндігімен және оқиға дамуының сан тарам желілерімен» [4, 100] сипатталады.

Шығарма жанрлық тұрғыдан белгілі бір шеңберден шығып, «еркін романның» жаңа түрін елестетеді. Шығарма мәтіні күрделі фрагментарлық бөліктерден құралғандай әсер етеді. Ауқымы, кеңістігі кең шығарманың көркемдік тініне философиялық ойлар, эссеистік, саяси-публицистикалық толғаныстар, лирикалық-поэтикалық шегіністер кірігіп, еніп кеткен. Автор реалды және онейрикалық хронотоптар арасында параллель жасайды. Шыңғыс әскерінің Отырар қаласын жаулап, жермен-жексен етуіне байланысты тарихи оқиғаны жаңаша баяндаған. Көп желілі роман күрделі философиялық сипатымен, «экзистенциалды дүниетаным мотивімен, мифопоэтикалық, парадигматикалық қабаттардың корреляциясымен, эмоционалдық-экспрессивтік бояудың қалыңдығымен» [5, 322] ерекшеленеді.

Қазіргі қазақ прозасы қарқынмен дамып, стильдік жағынан байып жетілді. Әдебиет тарихына жаңа көзқараспен қараған уақытта көптеген реалистік шығармаларымыздың көркемдік тініне түрлі стилдік тәсілдердің, әдістердің, неоромантизмнің, постмодернизмнің тамырласып жатқанын аңғарамыз. Әлем әдебиетінің таңдаулы үлгілерімен еркін сусындаған жазушылар бір-бірінен адамды тану, оның рухани тіршілігін бейнелеуде өзіндік ерекшеліктерімен, қаламгерлік қолтаңбасымен дараланады. Қазақ прозасында роман жанрын дамытқан Ә. Кекілбаев, Қ. Жұмаділов, Б. Мұқай, Р. Тоқтаров, С. Елубай, С. Санбаев, Д. Досжанов Т. Әсемқұлов, Ж. Қорғасбек, Д. Амантай т.б. жазушылардың шығармашылығы реалистік қуаттылығымен қатар жаңашыл ізденістермен де ерекшеленді. Негізгі назар әлеуметтік өмірден гөрі рухани кеңістікке ауды және жеке тұлға күрделі рухани құрылым ретінде қарастырылды.

Мемуарлық немесе ғұмырнамалық сипаттағы романдардың қазақ прозаның дамуындағы орны қомақты. З. Қабдоловтың «Менің Әуезовім» роман-эссесі, М. Мағауиннің «Мен», Ш. Мұртазаның «Ай мен Айша», К. Смайыловтың «XXI ғасырға сапар» шығармалары – тәуелсіздік жылдарындағы әдебиеттің жемісі.

Қазақ әдебиетіндегі деректі роман жанрының классикалық үлгісі – М. Шахановтың «Желтоқсан эпопеясы». Тәуелсіздік идеясын, өзекті Желтоқсан тақырыбын арқау еткен роман саяси-әлеуметтік көкейкестілігімен, идеялық-эстетикалық жүгінің зәрулігімен ерекшеленеді. Шығарма композициясында түрлі әдіс-тәсілдер, шегіністер, деректі құжаттар молынан қолданылып, шығарманың көркем тілімен үйлесім тапқан. М. Шахановтың қазақ әдебиетіндегі құбылыс ретінде бағаланған «Өркениеттің адасуы», «Жазагер жады космоформуласы» (Шыңғыс ханның пенделік құпиясы) атты туындылары да роман жанрының бүгінгі деңгейін, көркемдік табыстарын

көрсетеді. Лирикалық бастау мен эпикалық құлаш жарасым тапқан өлеңмен жазылған роман-поэмалар бір-бірін толықтырып, терең философиялық астары бар, мәңгілік өмір айналымының сыры мен жұмбағына үніледі, оқырманның алдына түйіні күрделі сауалдар тастайды.

Кеңес дәуірі әдебиетінде «Аласапыран», «Сары қазақ», «Шақан шері», т.б. шығармаларымен тарихи роман жанрын дамытқан М. Мағауин тәуелсіздік жылдарында да рухани қазынамызды байытты. М. Мағауиннің жалпы шығармашылық сапарында қашанда өзгешелікке, жаңашылдыққа ұмтылатынын, тынбай ізденетінін аңғарамыз. Бұған әсіресе, тәуелсіздік жылдары жазылған, бірін-бірін қайталамайтын, көркемдік әлемі, айтатын ойлары бір-бірінен өзгеше «Қыпшақ аруы», «Мен», «Жармақ» романдары куә. Әсіресе, тәуелсіздік алғаннан кейін жазылған туындылары бұрынғы шығармаларынан оқиға жағынан да, құрылымдық, әдістік тұрғыдан да ерекше соны. Кеңестік әдебиетте реалист жазушы ретінде қабылданатын М. Мағауиннің кейінгі туындыларында модернистік таным тереңірек із салған.

М. Мағауин «Қыпшақ аруы» хикаяты арқылы халқымыздың бұрынғы бет-бейнесін, рухани кескін-келбетін тұтастай қайтадан қалпына келтіріп, бүгінгі қазақтың қанындағы бабалар рухын қайта жаңғыртқысы келетін ынта-ұмтылысын танытады. Көлемі шағын болғанымен, романның жүгін көтерген, уақыты мен кеңістігі кең шығарма жазушының шеберлік қуатын танытады. Туындыда қиял мен шындық, өткен мен бүгін, романтикалық, поэтикалық және публицистикалық бастаулардың синтезі, жарасым тапқан.

Қорыта айтқанда, қазақ әдебиетіндегі роман жанры ұлттық сөз өнері дамуы тарихындағы классикалық дәстүр жалғастығының көрсеткіштері болып саналады. Қазіргі қазақ романдары ұлттық тарихымыздың ақтандақ беттерін ақтарып, бұрын айтылмай келген өмір шындығын сан түрлі тәсілдермен бейнелейді. Қазіргі әдеби процессте романның жанрлық түрлерінің трансформациялануы тұрақты құбылысқа айналды. Ол, ең алдымен, көркем шығармашылыққа жаңа талап қойған ХХ ғасыр соңындағы әлеуметтік-мәдени жағдайлармен тығыз байланысты. Қазақтың көркем прозасында өзіндік суреткерлік қолтаңбаларымен танылып қалыптасқан көрнекті қаламгердің жаңа романдары ұлттық және әлемдік әдебиеттің классикалық үрдістерін байыта, тереңдете түсті. Қазақтың фольклоры мен әдебиеті мұраларын негіз тұтқан қазіргі қазақ романы – әлем әдебиетінің классикалық үрдіс деңгейінде дамып келе жатқан жанр. Қазіргі қазақ прозасы жаһандық әдеби жұртшылыққа рухани асыл қазыналарымызды таныстырудың, авторлық концепцияны танытудың өзге де форма, тәсілдерін іздестіруде. Қазақ романының жанрлық түрлерінің саналуандығы, стильдік ізденістері, идеялық-тақырыптық ауқымының кеңдігі бұл жанрдың тамырын тереңге жібергенін көрсетуімен қатар оның қазақ әдебиеті дамуындағы жаңа асуларын айғақтайды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 **Елеукунов, Ш. Р.** От фольклора до романа-эпопеи. Идеино-эстетическое жанровое своеобразие казахского романа. – Алматы : Жазушы, 1987. – 352 с.

2 **Тынянов, Ю. Н.** Поэтика. История литературы. Кино. – М., 1979. – С. 27.

3 **Рустемова, К. Р.** Некоторые особенности современной литературы. – Алматы : Респ. изд. кабинет, 1996. – 108 с.

4 Қазақ әдебиетінің тарихы: 10 томдық жинақ. Тәуелсіздік кезеңі (1991-2001). – Алматы : Қазақпарат, 2006. – 10 т. – 420 б.

5 **Жақсылықов, А. Ж.** Образы, мотивы и идеи с религиозной содержательностью в произведениях казахской литературы. Типология, эстетика, генезис: дис. ... докт. филол. наук : 10.01.08. – Алматы, 1999. – 322 б с.

Материал 04.11.14 баспаға түсті.

К. Т. Жанузакова

Жанровые трансформации романа в современной казахской прозе

Казахский государственный
женский педагогический университет, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 04.11.14.

К. Т. Zhanuzakova

Genre transformations of the novel in the modern Kazakh prose

Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty.

Material received on 04.11.14

Статья посвящена проблеме жанровой трансформации романа. Исследуются художественные, жанровые особенности, некоторые теоретические вопросы и классификация романа. Анализируется роль и значение романа в современном литературном процессе. В статье роман рассматривается как одна из свободных литературных форм, предполагающая громадное количество видоизменений и обнимающая несколько главных ответвлений повествовательного жанра.

The article discusses the art, genre features and theoretical issues in the novel. Classification and genre of transforming the novel. Analyses the role and importance of the novel in contemporary literary process. In the article the novel is regarded as one of the free literary forms, which involves a huge number of adaptations and leaning on several main branches of the narrative genre.

Қ. Т. Жанұзақова¹, Б. Б. Дүйсекеева²

¹ғ.ф.д., қазақ әдебиеті кафедрасының доценті, ²магистрант, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

МОНОЛОГТЫҢ КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ ТҮРЛІ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Мақалада көркем шығармадағы қаһарманның мінез-құлқын, рухани жан дүниесін суреттеудегі монологтың көркемдік қызметі М. Жұмабаев, Ә. Кекілбаев, Т. Әбдіков, С. Санбаев шығармаларының негізінде талданады. Кейіпкерсөзінің оның іс-әрекетін, психика құбылыстарын, ішкі өмірін кестелеудегі маңызы, эстетикалық тұрғыдан қажеттілігі, түрлі функционалдық мағыналары айқындалады.

Кілтті сөздер: монолог, көркем бейне, логикалық шешім, мінез-құлық, психологиялық бейнелеу, инверсия, ыргақ, тілдің экспрессиялығы, әуезділік.

Монологтың образдың мінез-құлқын, ішкі жан дүниесін, рухани әлемін және ол тіршілік ететін ортамен тартыс табиғатын ашудағы қызметі айрықша. Монолог – кейіпкерлердің характерін сомдауда маңызды қызмет атқаратын, логикалық шешімдердің, іс-әрекеттің нанымдылығын дәлелдейтін көркемдік бейнелеу құралы. Көркем бейне жанды және нақты әрекет үстінде, сөйлеу барысында толыққанды тұлғаланып, мінез-құлқындағы өзіндік ерекшелігі ашылады. Демек, образ сомдауда кейіпкер тілі шешуші орын алады.

Ішкі монолог – кейіпкердің көзқарасын, дүниетанымын, мінез ерекшелігін танытудың, адамгершілік әлеміне енудің қолайлы және ең жиі кездесетін психологиялық амалы. Ол шығармада адамның психологиялық құбылыстарын, ішкі жан дүниесін ашып, характер сомдауда сүбелі үлес қосады. Ішкі монолог арқылы суреттеліп отырған кезең мен дәуірдің тынысын да аңғарамыз. Ішкі монологты басты психологиялық бейнелеу құралдарының бірі ретінде қарастырған Г. Пірәлиева оған төмендегідей анықтама жасайды: «Ішкі монолог – (іштей ойлау, кейіпкердің өзін-өзі саралауы, ой ағысы) адам психологиясының ішкі иірімдерін, күрделі де терең ойлау жүйесін, сана мен сезім арпалыстарын ашу. Ішкі монологтың көркемдік қызметі-адам жанының сырт көзге байқала бермейтін ішкі «қоймаларын», құпия-қалтарыстарын, жұмбақ сырларын шынайы да сенімді түрде бейнелей білу» [1, 12].

Қазақ әдебиетінде тұтастай ішкі монологқа құрылған шығармалар қатарына М. Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі», Ә. Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» туындыларын жатқызуға болады.

М. Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі» – осы тұстағы қазақ прозасының қазанына үлкен көркемдік олжа әкелген ерен аңсарлы дүние. Суреткердің адам болмысының, оның ішінде әйел табиғатының күрделілігін, қайшылығын және жұмбақтығын: тұлғаның бір мезгілде асқақ арман биігіне көтеріліп, күнделікті күйкіліктің қалыбынан шыға алмау қабілетін, діндар және күнәһар, мейірімді әрі қатігез бола алатынын бейнелеуі негізгі шығармашылық нысанға айналды. Бастан-аяқ Шолпанның ой толғанысына, монологқа құрылған әңгімеде оқиға желісі мен кейіпкерлер характері соның көзімен, ойы мен санасындағы «таластан» сомдалады. «Еркек атаулы бала дегенде, ішкен асын жерге қойғанда, Сәрсенбай неге бала деп аузына алмайды? Әлде... әлде... жоқ... болмас... болмас... кім біледі... жоқ... ендеше ол неге бала іздемейді. Неге... неге... шынында ол, әлде бедеу еркек пе екен? Тәңірім, Тәңірім... егер ол шынында, ол бедеу болса... құлшылықтың кемдігінен, құшақтың салқындығынан болмай, Сәрсенбайдың бедеулігінен болса» деп толғанған Шолпан – жалғыз және сырымен жан адаммен бөліспейді, жары да, көңілдесі де оның жан дүниесінде не болып жатқанымен шаруасы жоқ, оның іс-әрекетінің нағыз сырын түсінбейді. Шығармада Шолпан мен Сәрсенбайдың арасында диалог жоқ, олар өзара сөйлеспейді. Тығырықтан шығар жол таппаған әйелдің қасіреті оның ішкі сөзінде жатыр. Жалғыздық дертіне душар болған Шолпанның серігі – ойы. Сәрсенбайдың ойы Шолпанға да, оқырманға да жұмбақ.

Ә. Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романының өн бойында кейіпкерлердің ішкі рухани әлемін, жан дүние қалтарыстарын, жалпы табиғатын тану мақсатында қолданылатын ішкі монологтың көркемдік қызметі, оның шығармада атқарар рөлі айқын көрінеді. Аса көлемді шығармада жазушы диалогтан гөрі оқиғаны бірде өзі баяндап, бірде кейіпкерлердің ішкі монологы арқылы беруге бой ұрады. Шығармада Әмірші, кіші ханша мен шебердің арасындағы шарпысқан ішкі психологиялық сезім-күйлері мен жан дүниесіндегі толғанысы, ой арпалысы шеберлікпен суреттеледі. Әмірші хауыздағы суға қарап отырып: «Сол бір көз жасындай, көріне түсіп жоғалып жатқан мөлт-мөлт тамшыларға қараған сайын, көңілі әлденеге жібектей жұмсарып барады. Көктемнің майса самалындай әлдебір майса сезімнен мұның жанында пәлен жылдан бері тапжылмай жатып алған қаттылық пен қатыгездіктің меңіреу тоңы біртіндеп мүжіле түскендей, қараптан-қарап отырып, әлденеге елегізіп, бір түрлі жалғызсырағандай болды. Көкірегінде ойда жоқта аяныш оянды. Мынау еміс-еміс көрініп ап, бойын жазып шапши алмай қайтадан құрдымға жоғалып жатқан мөлдір суды ма, жоқ әлгі кіреуке көк мұнарға оранып ап, мөлдіреп қала берген көк мұнараны

ма – нені аяп отырғанын өзі білмейді... Мынау мөлдір судай мап-майда үлбірек сезім ойына тағы да ханымды түсірді. Ол әлгі көк мұнарада бұған алыстан қол бұлғаған сағынышы мен асыға күткен ынтызарын, өзгеден ала бөтен өліп-өшкен ықыласын ғана емес, жалғыздығын, басқалардың көптігін істеп басынғанын көріп, қамырыққан қам көңілін, «кел, мұнымды тында, ұқ, қорға» деп шағынған жалбарыныш сезімін түгел бейнелегендей. Асқақтық пен нәзіктік, шаттық пен мұң, ерлік пен аяныш, сағыныш пен құштарлық – бәрі қосылғанда махаббаттан басқа не болушы еді» - деп ойға кетеді.

Осы лирикалық сипаттағы үзіндіде бірнеше рет қайталанған белгісіздік есімдіктері, әміршінің көңіл-күйіндегі әлдебір, өзі де сөзбен жеткізе алмайтын жұмбақ сезімді бейнелеу мақсатында жұмсалған. «Мынау», «әлгі» деген сілтеу есімдіктерінің кей тұста синтаксистік тұрғыда қолданылуы міндетті болмаса да, жазушы поэтикалық сөздерге асқақ мән беріп, эмоциялық реңк үстеу үшін оларды әдейі қолданған. Сондықтан кейіпкердің ішкі монологы шығармаға әрі психологиялық, әрі философиялық салмақ қосқан.

Кейде ішкі монолог, ширыға келіп, өзінің ең жоғарғы нүктесіне, ақтық шегіне жеткенде әдебиетте сирек қолданылатын «сана ағымы» атты психологиялық тәсілге ұласады. Бұл тәсіл кейіпкердің бір мезеттегі көңіл-күйі мен сезімдері мүлдем бей-берекетсіз, ретсіз, жүйесіз дамып жатқан сияқты елес қалдырады. Мысалы, Ә. Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романында «сана ағымы» тәсілі де бой көрсетеді: «Әмірші өз көңіліндегі түйткілдің шешуін таба алмай-ақ қойды... Кіші ханымның бұл келісі тегін келіс емес, ол не де болса, жанын шүберекке түйіп, нар тәуекелге бел буып келіп отыр. Әлгі немеге жаны шындап ашымаса, ол мұндайға өлсе бара ма? Сонда... Сонда... Күтуші кемпірдің анадағы айтып жүргені не боп шықты? Әлгінде ханымның өзі де: «Арамызда ештеңе болған жоқ», – деп ант-су ішіп еді ғой. Соның бәрі жалған болғаны ма? Жоқ. Жоқ... Ханым мынау терезеден күні-түні телміре төніп тұрған эззіл мұнара тұспалдаған әлдеқандай жұмбақ аңсарға ханым тіпті де кет әрі болмаған».

Қаламгер прозасының философиялық бағдары образ характерімен тығыз байланысты. Кейіпкерлердің ішкі жан сыры мен толғанысы жекелік сипаттан гөрі жалпыадамзаттық мәндегі мәңгілік мәселелермен ұштасқан. Олардың бақ пен бақыт, даңқ пен дақпырт, өмір мен өлім, болмыстың мән-мағынасы, адам өмірінің шынайы құндылықтары турасында ойға берілуі, ханның қарапайым адамға тән махаббат пен бақытты аңсауы, ханшаның әр әйелге тән сезімдері, жар сүюге деген табиғи ұмтылысы – жалпы адамзатқа тән әрекеттер. Шығарманың көркемдік құндылығы образ характерінің, болмыс-бітімінің жан-жақты ашылуымен тығыз байланысты.

Мұнара романның композициялық кіндігі, басты символы ғана емес, қаһармандардың мұнараны қабылдауы арқылы олардың мінез ерекшелігін де аңғарамыз. «Қызыл алма» тарауында Әміршінің мұнараны қабылдауы,

онымен қарым-қатынасы, екеуінің арасындағы үнсіз текетіресі, сол арқылы Әміршінің өмір мен өлім, жақсы мен жаман, даңқ пен дақпырт, т.б. құндылықтар туралы философиялық толғанысы, ой-тебіренісі, ішкі монологы суреттеледі. «Мұнара» тарауында Жаппардың мұнараны дүниеге әкелудегі мехнаты, шығармашылық азабы, терең сезімі, махаббат қайғысы, ой толғанысы аралас суреттелген. Жаппардың өзі болып мұнара тіл қатады. «Махаббат» атты үшінші тарауда ханымның мұнарамен үнсіз сұхбаты, күн ұзақ мұнараға тесіле қараудан туған алуан түрлі сезімдері, ойлары, психологиялық ахуалы суреттелген.

Романда қаһармандар монологтары басты композициялық, сюжеттік функция атқарады, оған терең лирикалық сипат береді. Романның өн бойында кейіпкерлердің ішкі рухани әлемін, жан дүниесін қалтарыстарын, жалпы табиғатын тану мақсатында қолданылатын ішкі монологтың көркемдік қызметі, оның шығармада атқарар ролі айқын көрінеді. Жалпы алғанда, Ә. Кекілбаевтың қаламгерлік қолтаңбасына, жазу мәнеріне өз кейіпкерінің характерін, психологиялық ахуалын ішкі монолог пен авторлық баяндау арқылы ашу әдісі тән. Негізгі қақтығыс оқиғаның сыртқы сюжеттік тінінде емес, кейіпкердің ішкі әлемінде, жан дүниелерінде дамиды. Романда оқиғаның шым-шытырық бірізді дамуынан гөрі жеке тұлғаның рухани ішкі дамуына басты назар аударылған. Қазіргі әдебиеттануда шығарманы үздіксіз сана ағымы тұрғысынан қарастырған ғалымдар оның монологқа, толғанысқа құрылған романтикалық бояуын, модернистік сипатын басты назарда ұстайды.

Ә. Кекілбаевтың «Күй» повесінде де монолог көркем шығарманың құрылымында функционалдық қызмет атқарады. Жазушы повесте өз кейіпкерлерінің мінез-құлқын олардың сыртқы іс-әрекеттері, қимылдары арқылы емес, ішкі монолог арқылы ашады. Қаламгеркүй ағысының нәзік қырларын, сазды сөзбен бейнелеу арқылы кейіпкерлерінің ішкі әлемін, психологиясын барлайды. Күй барысында Жөнейіт пен күйшінің ішкі тартысын, жарысқан «үндерін», әрқайсысының өз ойларын аңғарамыз.

Жазушы тілінде сұраулы интонациялар, риторикалық сұрақтар көп кездеседі. Жөнейіттің күй сазының әсерінен жан дүниесінде пайда болған рухани өзгеріс: «Сай-сүйегі неге сырқырайды? Мынау жалба-жұлба тұтқын баяғыда Дәулетжаны тартқан салқын сазды қайдан біледі? О да тап осындай әлдекімді ақылға илкітіре алмай таусыла күңіренбеуші ме еді, талмаусырап егілмеуші ме еді?! Апырау, Жөнейіт мықты еді ғой. Ай бойы аза тұтып отырғанда алқымына жас тығылған кезі бар ма еді? Тап осы қазір бұл осынша неге жасып, неге жуасып отыр? Бұл босаса, мынау соңынан ерген көп найза бет-бетімен босып кетпей ме?»—деп сипатталады [2, 65]. Осы үзінді бірыңғай риторикалық сұрақтардан тұрады. Бұл Ә. Кекілбаев прозасының ірі мәселелерді алға тарта білуі қасиетімен байланысты.

Сөздердің қайталануы, инверсия, ырғақ, тілдің экспрессиялығы, әуезділік (музыкальность) жазушы стиліне тән. Жазушының өзі мойындағанындай, «мұндай әдіс музыкалық шығарманың өзінен туындайтын фактураларды тереңірек қамту үшін алынған». Шығарма стилі әуезділігі жағынан күй сазындай әсер қалдырады. 1970-80 жылдардағы қазақ әдебиетінде көне аңыз-әңгімелерді жанрлық-стильдік тұрғыда игеру тәжірибесінде Ә. Кекілбаевтың лиро-эпикалық стиліне әуезділіктің, ырғақтық қайталаулар мен лиризмнің, көтеріңкі лептің тән екенін бақылауымызға болады.

Ә. Кекілбаев туындыларындағы стильдік доминанттар – психологизм мен монологизм. Осы доминанттарға форманың барлық элементтері мен қырлары көркемдік тұрғыда бағынған. Сондықтан ішкі көркемдік (психологиялық) детальдар сыртқы детальдардан гөрі молырақ. Ал сыртқы детальдың бірі мұнара психологиялық салмақ алған, кейіпкердің эмоционалдық әсерін, ішкі әлеміндегі өзгерістерін бейнелеуге қызмет етеді.

С. Санбаев стилі белсенді авторлық араласумен айрықшалаңады. С. Санбаев қаламына тән («Аңызды аңсағанда», «Ақ аруана», «Мәңгілік күрес», т.б.) көркемдік тәсілдің бірі – шығарманың басталуы мен аяқталуындағы ой жалғастығы, сабақтастығы. Қаһармандарының өміріне бейтарап емес, олардың ішкі сезімдеріне қатысып отыратын автор көзқарасының экспрессивтік, метафоралық сипаты басым. Басты айтылар ой авторлық толғаныс немесе кейіпкер монологы арқылы баяндалып, оқиғаға автордың тікелей қатысы байқалып отырады. Өмірдің қия тастай қиындығын, күрделілігін философиялық ой толғамдары арқылы көрсете біледі. Жазушы өз оқырмандарын интуитивтік тұрғыда шығармада болып жатқан оқиғаларға араластыра отырып, өзінің сезімдерімен, ойларымен бөліседі. Өзінің ой ағынына оқырманды тартуға ұмтылысы арнайы синтаксистік құрылымды талап етеді. Сондықтан С. Санбаев шығармаларында экспрессивті-эмоционалдық бояу, лирикалық интонациялар, метафоралар мол, поэзияның (поэтикалық инверсия, қайталаулар, әуезділік) әсері айқын. Бұлар өз кезегінде жазушы шығармаларына лирикалық реңк берген. Жазушы шығармаларында әр кезеңде қайталанып отыратын сөз тіркестері, сөйлемдер жазушының стильдік машығына айналған. Қайталаулар шығармаға ерекше реңк беріп, әсерлілігін, саздылығын күшейтумен қатар жазушы машығын, суреткер даралығын нұсқап тұр. Жазушы баяндау мәнеріндегі ырғақты басынан аяғына дейін ұстана біледі. Мұның өзі кемеліне келген суреткердің үлкен табысы, дара жеңісі болып табылады.

XX ғасырдың екінші жартысынан, әсіресе, 70-ші жылдардан бастап прозада көркем шығармада бейнеленетін оқиғаларға автордың субъективті, авторлық қатынасы айқынырақ көрінді. Соғыстан кейінгі 50-ші жылдар әдебиетінде көркем шығарма тінінде авторлық дауыс құмығып, бәсең шығатын. Кемел өмірді, жарқын болашақты суреттеген сырты жылтыр

шығармалар қатары біртіндеп көбейіп, әдебиет танымның ерекше түрінен гөрі «тура өмірдегідей» көшірмесіне айнала бастады. 1950 жылдардағы әдеби процесті сипаттаған С. Қирабаев пікірі осы кезең әдебиетінің ерекшелігін түсінуге бағдар береді: «Коммунистік партия өзінің идеологиялық саясатын бірсыпыра қатайтты. Әдебиет пен өнер қызметкерлерін социалистік реализмге, партиялық принципке берік болуға шақырды... Бұл сындар мен айыптаулардың аяғы қуғындалуға соқты» [3, 210]. Сондықтан болар әдебиетте тағдыры қым-қуыт тұлғалар, өз ортасына сын көзімен қараған күрделі, «бүлікшіл», мазасыз қаһармандар емес, олардың көшірмесі, яғни кескіндік сипаты ғана бар, жаттанды қалыптағы біртектес кейіпкерлер бой көрсете бастады. Сол жылдардың әдеби үдерісінде орын алған схематизм қайталанбас тұлғалардың азаюына, өзгеше авторлық ұстанымның сирек көрінуіне әкеле бастады. Дей тұрғанмен, осы тұста ұлттық прозамыздан ойып орын алған терең тамырлы, озық үлгідегі басқа шығармалар көркем жинақтаудың жаңа жолдарын, түрлерін іздестірді, нәтижесінде жаңа сипаттағы авторлық ұстаным жоталанды. 1950-60 жылдар ішінде әдебиетке жаңа кейіпкерлер, баяндаудың жаңа түрлері, үлкен құрылымдық өзгерістер келе бастады.

1970 жылдардан бастап прозада авторлық «меннің» берілуі күрделене түсті. Қаламгерлердің шығармашылық ізденістеріндегі стильдік процестер түрлі бағытта жүрді. Өз заманында ілгеріде болған құбылыстар мен оқиғаларды айта отырып, оларға деген өзінің көзқарасын монологтар арқылы беріп, дәуірінің көкейтесті мәселелерін көтеру суреткердің қайсысына болса да тән. Т. Әбдіқовтің «Оң қол», «Ақиқат», «Парасат майданы» повестерінде монолог – кейіпкер характерін ашудың негізгі тәсілдерінің бірі. Қаламгер туындыларындағы модернистік таным эстетикалық объектіге авторлық идеялық-эмоциялық қатысын көрсетуде, қоғам қайшылығын, заман ахуалын бейнелеуде көрінеді. 1960-80 жылдардағы қазақ романдарының стилі мен типологиясын зерттеген М. Хамзин жазушы шығармашылығы турасында: «Т. Әбдіқовтің барлық ірілі-ұсақты шығармаларында байқалатын жайт – автордың стильдік бедеріндегі салмақтылық, орнықтылық. Көп ретте өзге шығармаларындағы сияқты баяндау мен кейіпкер монологы жарасымды үйлесім тауып жатады» деуі сөзімізді дәйектейді [4, 17].

Жақсылық пен жамандық, адамгершілік пен рухани жұтандық, адалдық, тазалық пен арамзалық сияқты алпауыт күштердің майданы, пенде бойындағы тылсым күштердің арпалысы, адам психикасындағы ұшы-қиырсыз ғажайып иірімдер – қаламгер шығармаларының негізгі өзегі.

1970-ші жылдары прозада көркем шығармада бейнеленетін оқиғаларға ішкі «меннің» қатынасы, авторлық ұстаным басым сипат алды. Бұл орайда Т. Рахымжановқазіргі прозалық шығармалардағы авторлық ұстанымдар табиғатын байыптай отырып: «Қазіргі романның көркем бейнеленген

объектісі – қоғамдағы әлеуметтік-психологиялық құбылыстар, адамның жан қозғалысы, орталық және қосалқы кейіпкердің ішкі «менінің» өсу, кемелдену эволюциясы болып табылады» – дейді [5, 219].

Жазушы сомдаған әр қаһарманның өз рухани әлемі бар. Сондықтан әдебиет теориясында кейіпкерлердің психологиясын ашуға, олардың сана-сезімін, ойлау жүйесін барлауға басты назар аударылады. Ғалымдар да кейіпкердің ішкі толғанысын, сана арпалысын, сезім толқындарын зерттеуге көбірек көңіл бөледі [6]. Көркем шығармада қаһарманның ішкі рухани әлемі оның тілі арқылы монолог пен диалогтар деңгейінде ашылады. Кейде монолог сюжеттің, композицияның басты компоненті қызметін атқаруы да мүмкін. Сондықтан туындыда монолог эстетикалық тұрғыда аса қажетті құралдардың біріне айналып, түрлі функционалдық мағына көтереді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Пірәлиева, Г.** Қазақтың көркем прозасындағы психологизм табиғаты және оның бейнелеу құралдары. – Алматы, 2007. 12-б.
- 2 **Кекілбаев, Ә.** Дала балладалары. – Алматы : Жазушы, 1968. – 200 б.
- 3 **Қирабаев, С. С.** Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы : Қазығұрт, 2007. – 1 т. – 456 б.
- 4 **Хамзин, М.** 1960-80 жылдардағы қазақ романының стилі мен типологиясы: филол. ғыл. докт. ... автореф.: 10.01.02. – Алматы, 1997. – 30 б.
- 5 **Рахымжанов, Т. Н.** Романның көркемдік әлемі. – Алматы : Рауан, 1997. – 223 б.
- 6 **Джуанышбеков, Н. О., Темирболат, А. Б.** Теория литературы. Учебное пособие. – Алматы, 2009. – 284 с.

Материал 06.11.14 баспаға түсті.

К. Т. Жанузакова, Б. Дуйсекеева

Значимые функции монолога в художественном произведении

Казахский государственный женский педагогический университет, г. Алматы.
Материал поступил в редакцию 06.11.14.

К. Т. Zhanuzakova, B. Duicekeeva

Important functions of monologue in Kazakh literature

Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty.
Material received on 06.11.14.

В статье рассматриваются художественные функции монолога в раскрытии внутреннего духовного мира персонажей на примере произведений М. Жумабаева, А. Кекилбаева, Т. Абдикова, С. Санбаева. Исследуется эстетическая и функциональная значимость монологов в создании более полной и целостной картины о характере, поведении героя, особенностях его психологии.

The article discusses the artistic functions of the monologue in discovering the inner spiritual world of characters in works of M. Zhumabaev, A. Kekilbaev, T. Abdikov, S. Sanbaev. Explores the aesthetic and functional significance of the monologues in a more complete and coherent picture of the nature, character, behavior, its psychology.

ӘОЖ 81'37

Б. К. Жумабекова, М. Р. Рахметова

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.

«ӘЙЕЛ» КОНЦЕПТИСІНІҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ӨРІСІ (ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІ НЕГІЗІНДЕ)

Мақалада ағылшын, қазақ тілдеріндегі «әйел» концептісінің лексика-семантикалық өрісі және лингвомәдениеттанымдық ерекшеліктері қарастырылады.

Кілтті сөздер: семасиология, семантикалық өріс, лексика – семантикалық, лингвомәдениеттану, фразеологиялық бірлік.

«Әйел» – мәңгілік тақырыптардың бірі. Қазақ халқының ұлттық дүниетанымына сәйкес қазақ мәдениетіндегі әйелдің шынайы орнын тіл арқылы таныту, когнитивтік тұрғыдан жан-жақты зерделеу тіл мен ұлт мәдениеті үшін қашан да өзекті болмақ.

Адамзат тарихы бойынша әйел адамның қоғамдағы рөлі әрдайым өзгеріп отырды. Көне заманда әйел адам құқықсыз еді, оған деген көзқарас жағымсыз болды. Бұл көзқарас тілде де көрінісін тапқан: «Тәртіпті, жарықты және ер адамды жаратқан мейірімді бастау бар, және де бейберекеттікті, қараңғылықты және әйел адамды жаратқан зұлымды бастау бар» (Пифагор), «Бүкіл жабайы аңдар арасында әйел адамнан зиянды біреу табыла қоймас» (Иоанн Златоуст), «Әйел адам өзінде ер адамның қасиеттері жоқ болғандықтан әйел адам болып табылады. Біз әйел адамды табиғи кемшіліктен азап шеккен жәндік ретінде қарастырыуымыз керек» (Аристотель). Феодализм дәуірінде

әйел адам шаруашылықты басқарды, құрметке ие болды, бірақ әлі де күйеуінің құлы болып саналды.

Бүгінгі күнде әйел адамның ер адаммен тең құқықты жағдайда болғаны мәлімденеді. Әйел адам экономика және саясатта жетекші орындарға ие болуда. Ұлыбритания сияқты кертартпа мемлекетте әйел адамның қоғамдық рөлі соңғы ғасырда елеулі өзгерді, әйел адам үкімет басшысы бола қоймай, бұл қызметінде үздік табысқа қол жеткізді.

Бұл өзгерістердің барлығы мәдениеттің айнасы болып табылатын тілде де көрінісін табады. Соңғы жылдарда тіл және қарым-қатынастың гендерлік аспектілеріне деген жоғары қызығушылық байқалды.

Қазіргі ағылшын тілі әйел адамға деген көзқарасты оның әрдайым өзгеріп отыратын қоғамдық рөлінің мәні арқылы көрсетеді, демек бұл рөлді вербальды қарым-қатынас арқылы белгілейді.

Тіл құбылыстарын зерттеу өрісі жаңа замандағы лингвистикада кең тарау алды. Семасиологияда пайда болған және И. Трир, В. Порциг аттарымен байланыстыратын лексикалық топтар немесе парадигмалар, парадигматикалық өрістер (Т. Лаунсбери, У. Гуденаф, И. Трир, Э. Косериу), синтаксистік өрістер (В. Порциг, Л. Вейсгербер), грамматикалық өрістер (В. Г. Адмони), грамматика-лексикалық өрістер (Е. В. Гулыга, Е. Шендельс), функционалды - семантикалық өрістер (А. В. Бондарко) және т.б.

Тіл тұжырымдамасының өрісі дәстүрлі стратификациялық-деңгейі тұжырымдамасы (З. Д. Попова, И. А. Стернин,) шеңберінде шешілмейтін бір қатар сұрақтарды шешуге мүмкіндік береді. Ол бір жағынан жеткілікті түсіндірме күш болса, және басқа жағынан - әдістемелік құндылығы бар: тіл құбылысының тәжірибелік зерттеу өрістің расталуы әдістемелік ауданынан сыртқа таратылады, яғни өріс қағидасы тіл және дәреже құбылыстарының жалпы қабылдау сапасында, соның ішінде сөздердің лексикалық мағынасы да қолданылады.

Өріс – ортақ мағынаға негізделіп біріккен және білдіріп отырған құбылыстарының заттық, ұғымдық немесе қызметтерінің ұқсастықтарын сипаттайтын тіл бірліктерінің жиынтығы. Ал лексика-семантикалық өріс ұғым мен сөз арқылы анықталады.

Осылайша лексика-семантикалық өрісті зерттеудің басты нысаны – лексика-семантикалық өрістің құрамына кіретін барлық тілдік бірліктерді айқындап, олардың арасындағы байланыстарды, яғни корреляцияларды анықтау болып табылады.

Лексика-семантикалық өріс негізі лексикалық бірліктері ортақ компоненттері болып табылатын, әр түрлі жүйелі-семантикалық қатынастармен (синонимиялық, антонимиялық, гипер-гипонимиялық) байланысатын біріккен сөздер тобын, яғни лексикалық бірліктердің жиынтығынан тұратын микрожүйе.

В. Н. Телияның «Лингвомәдениеттанудың негізгі постулаттары» атты еңбегінде қазіргі заманғы лингвомәдениеттанудың негізі тілдік белгілердің семантикасын зерттеу мен сипаттамасының қолданыстағы мәні, тіл мен мәдениеттің өзара әрекеттесуі негізінде қалыптасады, өйткені әр субъект бәр уақытта – мәдениеттің субъекті болып табылады. Осыдан осы пәннің міндеттері шығады: тіл мен мәдениеттің, тіл мен этностың, тіл мен халықтық менталитеттің өзара қатынасын зерттеу және сипаттау. Әр халықта әлемді тану бастапқыда әр түрлі тәсілдер жатыр. Бұл халықтың рухани мәдениетімен, нақты қоғамның ақыл-ой жүйесімен, тілімен байланысты. Осыдан әр адамның болсын, болмасын өзін қандай да бір этникалық білімге жатқызады. Әр халықтың мәдениеті қиын білім кешендерінен тұрады. Мәдениет салт, дәстүр, өнер, қолөнер, әлеуметтік қатынастан тұрады. Тіл өз кезегінде ұлттың заману менталитетіне кірудің бір тәсілі, сонымен қатар өткен жылдардағы адамдардың дүниеге көзқарасы.

Woman сөзі The Free Dictionary by Farlex сөздігінде былай деп түсіндірілген: an adult female person; a grown-up female person, as distinguished from a man or a child; sometimes, any female person (ересек әйел жынысты адам; ер адамға немесе балаға қарағанда ересек әйел жынысты адам; кебір кезде, кез келген әйел адам).

Лексикографиялық дерекнамаларда бірінші лексика-семантикалық нұсқа ретінде келесі мағына беріледі: woman – Adult female human being «әйел жынысты ересек адам».

Мысалы

1) Mrs. Mc Gillicuddy turned to him with vehemence. «A woman has been strangled» she said. «In a train that has just passed. I saw it».

2) «Urgh!» As Lucy went out of the room carrying the coffee tray she heard him say, «Slick young woman that always got all the answers. Cooks well, though and she's a handsome kind of girl».

3) «Have you ever seen a blonde woman wearing a light coloured dyed squirrel coat anywhere about the place?»

4) «Fancy your disguising yourself as a gipsy woman and stealing out through the back door, and sitting in the bars of public houses».

Бағалау бейтараптылығына қарамастан, сөйлеу әрекеті барысында контекстке қоғамдық аспект әсер етсе, немесе ағылшын мәдениетіндегі әйел адамның сыртқы келбеті мен мінез-құлқының эталонына сай аталған объектінің келбеті, жеке қасиеттері білдірілсе, woman сөзі бағалау нысанына ие болады.

Мысалы – «She was one of those rare, even among already pretty, women, that are born with a natural aura of sexuality: always in their lives in will be the relations with men, it will be how men react, that matters».

Жоғарыда айтылып кеткендей, woman сөзі сыртқы келбет пен рухани жетілуге акценттеліп, girl немесе child сөзіне қарама-қарсы қойылса, семалық құрылымында adult компонентіне ие болады.

Осылайша, келесі үзіндіде woman сөзі «пішіні жақсы дамыған әйел адам» мағынасын беріп, белгіленген адамның тұлғасын сипаттайды. Коннотативті компонент дұрыс бағалауды белгілейді, өйткені аталған объектінің дене пішіні жағымды эмоциялар тудыра алатынын көрсетеді (эстетикалық және сезімдік ләззат). Сөйлеу субъектісінің ер адам екендігін айтып кету жөн.

Мысалы – «She had thrown back the blanket a little and her skin was a deep shadowed red in ember-light. Young and ancient; innocent and corrupt; in every woman, all women».

Осы мысалда сөйлеу субъектісі ер адам екені анық көрініп тұр. Осыдан объектіге, яғни әйелдің денесіне деген сүйіспеншілігін көруге болады. Берілген мысалдан әйелдерге алуан жүзді қасиет, сапаларының түрлілігі және нәзіктік пен сұлулық тән. Ал ер адамдарға осы қасиеттер ұнайды.

Ағылшын тіліндегі «әйел адам» жалпы мағынасын келесі лексемалар білдіреді: woman, lady, female, girl, dame және т. б. Көрсетілген зат есімдерді бір семантикалық топқа біріктіретін интегралды белгі болып табылатын «female person» сөзтіркесі. Ондағы ядролық орынды woman, lady сөздері алады, өйткені тілде «қолдану жиілігі» белгісімен таңбаланады және «female person» тіркесінің мағынасын тура білдіреді. Түсіндірме сөздіктерінен алынған мәлімет берілген лексеманың тілде бірнеше лексика-семантикалық нұсқалармен ұсынылғанын көрсетеді.

Қазіргі ағылшын тілінде female сөзі екі лексика-грамматикалық дәрежеге қатысты – зат есім және сын есім. Сын есім қызметінде female затты, адамды сипаттайды, «ұрпақ тудыра алатын жынысқа қатыстылықты» білдіреді (of the sex that produces offspring), мысалы: the female sex, a female child, a female voice.

Зат есім ретіндегі female сөзінің негізгі мағынасы – «әйел жынысты адам». Қолдану аясы шектеледі, негізінен жануарларға қатысты қолданылады. Адамға қатысты берілген мағынадағы female сөзі тек бланктың «жыныс» графасын толтыру кезінде ғана қолданылады. Басқа жағдайларда female лексемасы қарастырылған лексика-семантикалық нұсқада адамға қатысты қолданылмайды.

Қазіргі ағылшын тілінде female сөзі сөйлеуші жақтырмайтын әйел адамға қатысты қолданылады. Мәтіндік мысалдардың көрсетуі бойынша female сөзі ақыл-парасаты кем, атау субъектісіне ұнамсыз сөздермен анықталады.

Мысалы – «Some idiotic female asked me to sign an anti-government petition today».

Осы мысалда біз субъектіге әйелдің ұнамайтынын көреміз. Оны idiotic female тіркесінен байқауға болады.

Осылай көптеген семантикалық белгілермен біріктірілген, ағылшын тіліндегі «woman» лексика-семантикалық өрісіне байланысты 7 топты көруге болады:

а) жас белгісі бойынша: girl – бойжеткен, woman – әйел, old woman – жасы келген әйел;

ә) заңды және қандас туыстар: mother – ана, grandmother – әже, wife – әйел, келіншек, daughter – қыз, aunt – тәте, sister – апа, cousin – сіңлі, қарындас, mother-in-law – ене, daughter-in-law – келін;

б) отбасы жағдайында: widow – жесір әйел, spinster – бойдақ әйел;

в) әлеуметтікке тиесілі: queen – патшайым, duchess – герцогиня;

г) айналысатын әрекетіне байланысты сөздер және қаратпа сөздер: lady – ханым, schoolmistress – мектеп директоры, maidservant – малай әйел, madam – ханым, maid – жас қыз;

ғ) сыртқы келбет семантикалық белгісі;

д) әйел зияткерлігі.

Тілден халықтың рухани және материалдық мәдениетінің іздерін байқауға болады. Осымен байланысты қазақ тілінде әйел көркін ғаламның ұлттық тілдік бейнесіне сәйкес сипаттайтын, соған сай танытатын сөздер төмендегіше көрініс тапқан:

Осылай көптеген семантикалық белгілермен біріктірілген 6 топты көруге болады:

а) жас белгісі бойынша: қыз, әйел бала, бойжеткен, келіншек, кемпір;

ә) заңды және қандас туыстар: ана, апа, әже, әпке, әпкелі-сіңлілі, бәйбіше, нағашы апа, нағашы әже, тоқал, жар, жеңге, сіңлі, қарындас, келін, ене;

б) отбасы жағдайына байланысты: жесір, қалыңдық;

в) әлеуметтікке тиесілі;

г) айналысатын әрекетіне байланысты және сыпайы қаратпа сөздер: күң;

ғ) сыртқы келбет: хордың қызы.

Кесте 1 – «Әйел» лексика-семантикалық өрісі ағылшын және қазақ тілдері негізінде

Құралдар	Ағылшын тілі	Қазақ тілі
Ядро	Woman	Әйел
Ядролық құралдар	Wife	Жар, үлкен әйел, жұбай, қатын, бәйбіше
	Mother	Ана, шеше, апа
	Daughter	Қыз
	Grandmother	Әже, апа, нағашы апа, нағашы әже
	Granddaughter	Жиен, немере
	Aunt	Тәте, әпке
	Sister	Әпке, қарындас, сіңлі, әпкелі- сіңлілі
	Cousin	Бөле
	Mother-in-law, mother of the daughter-in-law, mother of the son-in-law, sister-in-law	Ене, қайын ене, құдағи, абысын, қайын бике, қайын апа, қайын сіңлі, құдаша
	Daughter-in-law	Келін, жеңге, келіншек, қалыңдық
	Ladykin, moppet, sissy, girl	Қыз бала
	Girl, lass, lassy, miss, missy, gal, nymph, nymphet, jail-bait, chit, filly, tomboy, puss, baggage, gamine, bird, chick, chicken, damsel, debutante, jane, maid, maiden, miss, piece, rosebud, virgin, wench	Бойжеткен
	Beldame, crone, dame, dowager, granny, grimalkin, hag, hen, matron, spinster, witch	Кемпір, әже, қария
	Периферия құралдары	Widow
Spinster, bachelor girl, maid, maiden, damsel	Бойдақ	
Lady, madam, maid, miss,	Бикеш, ханым, әпкетай, жеңгей, жеңеше, әжей,	
Schoolmistress	Апай	
Maidservant	Күң	
Queen, duchess	Ханшайым	

	Babe, baby, doll, dolly, rosebud, dollybird, juno, goddess, good-looker, belle, beauty, queen, Peri, Venus, nymph, nymphet, jail-bait, belle	Хордың қызы, сұлу
	beldamt, bow-wow, crone, dog, frump, bag, dowdy, drab, frow, slattern, slut, trollop, amazon, bull-bitch, virago, cow, pig, gorgon, dragon, battleaxe, bag, bitch, cat, dragon, fury, hag, harpy, harridan, hellcat, shrew, tabby, witch, tart, whore, scold, flibbertigibet, light-o'-love	Мыстан
Фразеологиялық бірліктер	To be pinned (tied) to one's wife's (mother's) apron-strings	Ана сүті аузынан кетпеген.
	The gentle sex	Нәзік жан
	Mother Nature	Отан Ана
	At your mother's knee	Жұмақ ананың аяғының астында

Ағылшын және қазақ тіліндегі «әйел» лексика-семантикалық өрісінің құрылымдық элементтері негізінен бір-бірімен сәйкес келеді. Бірақ, салыстыру кезінде ортақ сипаттамалар қатарынан басқа, көптеген халықтық-мәдени ерекшеліктері бар. Ағылшындықтар үшін ең маңызды аспектілер «сыртқы келбет», «әлеуметтік мәртебе», «қоғамдық маңызды әрекет» болып табылады. Ал қазақ халқы үшін «заңды және туыстық қатынас», «сыпайылық», «жас белгісі» аспектілері бірінші орында тұр. Осыны біз жоғарыда көрсетілген мысалдардан көре аламыз. Мысалы, ағылшын тілінде қазақ тіліне тән құдағи, құдаша, абысын, қайын бике, қайын сіңлі, қайын апа сөздеріне эквиваленттері жоқ. Ағылшын тіліндегі сыртқы келбет семантикалық белгісіне байланысты көрсетілген мысалдар, қазақ тіліне қарағанда өте көп. Демек, олар үшін сыртқы келбет туыстық қатынасқа қарағанда маңыздырақ болып табылады.

Ағылшын, қазақ тілдеріндегі «әйел» лексика-семантикалық өрісі лингвомәдениеттік тұрғыдан талданды. Мысалы, қазақ халқы ханым деген сөзді енгізді. Осы сөзден әйелдің жоғары орын алатынын көрсетеді. Шығыс әйелдері әрқашан сыпайы, кішіпейіл болды. Ол ер адамнан бір сатыға төмен

болатын. Бұрын әйелдер тек қана үйде отыратын, ал ер адамдар жұмыс істеп табыс табатын. Қазіргі заманда бәрі мүлдем өзгерді. Әйел адамдар бәрі жұмыс істеуге талпынады, және оларға әрдайым жұмыс табылады. Ал батыс елдерінің әйелдері мансапқа жетуге тырысып, үйден тыс жұмыс жасаған.

Осылайша, «әйел» лексика-семантикалық өрісі қарастырылды, ағылшын және қазақ қоғамындағы әйелдің орны тіл призмасы арқылы анықталды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Маслова, В. А.** Лингвокультурология. – М. : Академия, 2001. – 208 с.
- 2 **Телия, В. Н.** Первоочередные задачи и методологические проблемы исследования фразеологического состава языка в контексте культуры / Фразеология в контексте культуры. – М., 1999. – с. 13-24.
- 3 **Хасанулы, Б.** Проблемы развития гендерных исследований в казахском языкознании и вопросы женского языка // Язык и культура: функционирование и взаимодействие. Материалы международной конференции. – Шымкент, 2003. – 51-53 с.
- 4 **Шоқым, Г.** Тіл біліміндегі гендер мәселелері // ҚР ҰҒА Хабарлары. Филология сериясы. № 6. – 23-26 б.
- 5 **Щур, Г. С.** Теория поля в лингвистике – Москва : «Наука», 1974.

Материал 14.11.14 баспаға түсті.

Б. К. Жумабекова, М. Р. Рахметова

Лексико-семантическое поле концепта «женщина» (в казахском и английском языках)

Павлодарский государственный университет
имени С. Торайгырова, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 14.11.14.

B. K. Zhumabekova, M. R. Rakhmetova

Lexical-semantic field of the concept «woman» (in Kazakh and English languages)

S. Toraihyrov Pavlodar State University; Pavlodar.
Material received on 14.11.14.

В данной статье рассматривается лексико-семантическое поле концепта «женщина» в казахском и английском языках, а также описаны особенности лингвокультурологического аспекта в данных языковых культурах.

The article deals with the lexical-semantic field of the concept «woman» in Kazakh and English languages. It also describes the specifics of linguoculturological aspects in the mentioned linguistic cultures.

ӘОЖ 8 82.151.212.2

А. Ф. Зейнулина

ф.ғ.к., профессор, ҚР ПҒА корреспондент – мүшесі, қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі, С. Торайгыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.

ИСА БАЙЗАҚОВ ПОЭМАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ӨРНЕГІ

Аталмыш мақалада Иса Байзақовтың ақындық әлемі мен оның поэмаларының көркемдік – бейнелілік жүйесіне талдау жасалынады.

Кілтті сөздер: дарынды, талант, шығармашылық өрнек, патриотизм, баяндау, суреттеу, бейнелеу, авторлық ұтқырлық, сиқырлы бояу, эпитет.

Қазақ әдебиетінде дүлдүл ақын деген құрметке ие болған екі ақын болса, оның біреуі – Иса Байзақов. Заңғар жазушы Мұхтар Әуезов Иса ақынның ақындығына мынадай баға береді: «Иса Байзақов ғасырда бір-ақ рет туатын, біздің ғасырымызда халқымызға сыйлаған тендесі жоқ дүлдүл азаматы», – деген екен.

Иса Байзақов дүлділ ақын, тасқын талант ғана емес, көңіл қойса, көркемдіктің классикалық биігіне ырғып шығатын аса дарынды шайыр. Шығармаларында ойын төгілтіп қана қоймай, саликалы сөзін үсті-үстіне төгіп, кестелі ойын өрнектеп беретін суырып салма ақын. Өз өлеңдерін жатқа айтумен қатар поэмаларын жатқа айтуының өзінде үлкен өнер мен талмас талант бар.

Иса Байзақов – ауыз әдебиетінде де, жазба әдебиетінде өзіндік орны бар қарымды қаламгер. Сондықтан да болар әдебиет зерттеушілері Иса ақынның әдебиеттегі күші таразының қай басында молырақ ауарын салмақтауға көп көңіл бөлді. Дегенмен ол – таразы басын тең ұстаған өнер адамы. Халқымыздың бай ауыз әдебиетінен түлеп ұшқан суретші, жеткен жетістіктерін авторлық қол жазбаларында жазба әдебиеттің көркемдік қуаты мен маңызын арттыруға шебер жұмсаған болатын.

Иса Байзақов шығармашылығында халықтың үні, мұны мен зары, қуанышы мен толғанысы бар. Шығармашылық өрнегінің бояуы қанық, суреттеу қарымы терең. Мәселен, «Құралай сұлу», «Алтай аясында» поэмаларында жоңғар шапқыншылығы, «Ақтабан шұбырынды» заманындағы қазақ тұрмысының шынайы көрінісі, ел бірлігі, патриотизм идеясы «Ақбөпе» паэмасында; Алатау, Алматы төңірегінің тамаша табиғаты, сол замандағы еңбек ерлігі мен жергілікті халық тірлігі «Алатау неге шаттанды» поэмасында; «Ұлы Октябрь», «Ұлы құрылыс» поэмасында алғашқы бесжылдық дәуірінің тарихи табыстары, еңбек ерлігі; «Кавказ» поэмасында Кавказ табиғаты мен ержүрек адамдардың махаббаты, кекті күрестер туралы жаңа идея; «Қырмызы-Жанай» поэмасында таптық күрес пен намысқой жастардың күресі; «Клеопатра» поэмасы әйел бейнесі мен тақырыбының мәңгілік екендігін жыр етеді. Сондықтан Иса Байзақов поэмалары белшілі бір оқиға мен телегей толқыны бар тарихтың ізімен жазылған шығармалар.

Оқиғаны баяндау, суреттеу, бейнелеу құралдарында халық поэзиясының биік үлгілеріне сүйенген Иса Байзақов поэмалары суреткерлік шеберлігі жағынан да жоғары тұрады. Олардағы тарих шындығын ел тұрмысын басты кейіпкерлердің әрекет тіршілігін бейнелеудің өзі сурет арқылы жасалып дамыды. Ақынның өлең жолдарынан бір жағынан шындықтың тұтасқан көріністерін көретін болсақ, екінші жағынан жеке мінездемелер, портрет жасаудың шебері адамның күйінішін, сүйінішін суреттеуді көреміз.

«Құралай сұлу» поэмасы – қазақ өмірінің тарихи шындығы – қалмақпен арадағы араздықтың айналасында болғанымен, арманына қол созған бойжеткеннің қапыда қаза болуы, ана тілегін орындаса да, өз бақытына жете алмаған байғұс жастың жан түршігерлік халі бейнеленеді. Қалмақтардың Тарбағатай, Тянь-Шань, Маңырақ тауларын мекендеген кезі Есім ханның ел билеген шағына тұспа-тұс келетіндігі тарихтан белгілі. Қалмақ шапқыншыларымен қанша жан айқастырып, қасық қаны қалғанша күрескен қазақ азаматтары мен қыздары арман жолында құл, күң атанып, өмірлерін сарп еткен. Осындай жан кешті жанның бірі – Құралайдың анасы. Жау қолында күң болса да, өз баласының бойына аналық қамқорлығының бәрін жасап, жау қолында қалмауын құлағына сіңдірген. Поэманың бірден-бір оқиға өзегі осы жағдай болғандықтан, эпикалық сарыны мен дамыту детальдары осы оқиғадан бастау алады.

Қазақ әдебиетінде өзіндік ізі бар поэма әрі жұмбақ, әрі ашық күйде басталады. Дегенмен, бұл жырда қандай да бір мұң бар екендігін айтуы оқырман қызығушылығын арттырып, сан сауалдың жауапсыз қалатындығы – авторлық ұтқырлық. Оқиға мен оған қатысты кейіпкер аясы шағын болса да, көтерген идеясы мен тақырыбы қомақты.

«Құралай сұлу» поэмасы – бір көргеннен лап етіп, үш күн ғұмыр кешкен тәтті махаббаттың өмір бойы өшпес сезімі қалатындығын көрсететін мазмұнды туынды.

Құралай – қалмақ халқын ерекше сыйлап сүйетін жан ретінде оқырмандарға таныстырылады. «Жаннан асқан, көкте күнмен нұрын қосқан» - деген күрделі эпитеттері арқылы бойдағы ерекшелігін аша келіп:

«Хан түгіл, халқы сүйіп Құралайды,

Әрдайым әйелсінбей ақылдасқан», – деп, ел алдындағы абыройын көрсетеді.

«Мөлдіреп екі көзі қарақаттай,

Нұрланған екі беті жарқ-жүрк етед,

Тұлпардың жалы су-су, тақым ду-ду,

Сүйріктей сұлу қолын ербендетед», – деп, сұлу бейнесінің сұлулығы қашып келе жатса да, ерекше «мөлдіреген қарақаттай көзі, жарқ-жүрк етіп нұрланған екі беті» деген эпитетпен көркемдеу арқылы оның қазақ еліне, жеріне деген ынтықтығын көрсеткісі келген сияқты.

Құралай – антқа берік арлы сұлу. Оны ақын: «Анамның аманатын іске асырмай, Арыма не демекпін әсіресе», – деп айта келіп: «Ханның қолы мені жеңіп алуына»; «Сүйгенім жалғыз арманда өліп», «Үмітім ақыл алып, сезім билеп», – деген жолдарда қайғыруға берілмей, әп-сәтте ақылға сала алатындығын дерексізді деректендіру арқылы қайта алдына үміт артады.

Құралай – жігерлі күші намысына сай қыз. Мұны ақын: «Соны ойлап шықты сұлу тасқа өрмелеп, ажалға ашық күші болды себеп», – деген екі жолмен, «тасқа өрлеп шығуы» мен «ашық күннің» арасындағы өлең жігерлі жан екенін айтады. «Ашық» эпитеті арқылы басқа ақындарда жоқ қолданыспен ере тән кеуделі күшті айтатындай. Және оның «баладай өңі кірген» теңеуі ақындық ажарландыру арқылы дастанға рух береді.

«Ақбөпе» дастаны – Иса ақынның күрделі шығармасы, өзіндік идеялық-көркемдік ерекшелігімен алтын қорға енген туынды. Мұнда қазақтың ішкі қоғамдық өмірі, өздерінің бас бостандығы үшін арпалысқан жастардың жан айғайы мен олардың махаббат жолындағы күресі. Осы жолда Иса ақынның кейіпкерлері жан-жақты көрініп, олардың бейнесін сомдауда әрі эпикалық, әрі лирикалық сарындар шебер қолданғанына көз жеткіздік. «Ақбөпе» поэмасының өзіндік сипаттары:

– Оның сюжеті күрделі, оқиғалары шым-шытырық;

– Тіл көркемдігі жоғары;

– Тақырыптас шығармалардан өзіндік ерекшелігімен дараланады;

– Кейіпкерлердің даралығы, олардың өзара қарым-қатынасы;

– Ақынның табиғат суреттеудегі шеберлігі.

Поэма сюжеті қазақ өмірінің тарихи шындығын, адамдар басынан кешкен сан түрлі шиеленіскен күрестер екі жастың арасындағы ынтызар

сүйіспеншілік сезіммен тығыз байланысты күресшіл оқиғаға құралған екендігін жоғарыда айтып өткенбіз. Сезім мен елдің әлеуметтік жағдайын, оның қоғамдық сырларын және адами құндылықтардың көрініс тапқан тұстарын мынадай түрде топшалауға болады:

1. Ақбөпедей қыршын жастың қанды азабы;
 2. Құға кеткен Ақтарлан ат, ел ішіндегі барымта;
 3. Тәукеннің жалғысы Әмірханның тұрмыс-тіршілігі;
 4. Нағашылар қамқорлығы, серігі Ақтарланды қайтарған ер;
 5. Жалынды аспанға алып ұшқан Әмірханның Ақбөпемен танысуы, үндеспей ұғысуы;
 6. Әмірхан мен Ақбөпе туралы ел сыбысының атастырылған күйеу еліне жетуі, ел дүрбілісі;
 7. Адам нұсқасы жоқ Құдиярдың Ақбөпе еліне келуі және «Жігітжанның» жоғалып кетуі;
 8. Текеліні мекен еткен қос мұңлық;
 9. Ақажанның ашуы, бітімге келмеуі;
 10. Әкені райынан қайтарған Қасым мен олардың шешімі;
 11. Құдиярдың қаһарына іліккен Ақбөпе, Диуананың амалы;
 12. Ақбөпені құтқарушы топтың амал-әрекеті, қуғыншы тобының аттануы, екі топтың текетіресі;
 13. Ажал оғының Әмірханға дәл келуі, Әмірхан аманаты;
 14. Зар жылаған Ақбөпенің Тайшықтан сүйіктісі үшін кек алуы.
- Бұл дастанның тақырыптас шығармалардан өзіндік ерекшелігі бар екендігін сюжеттік желісіне қарап отыруға анықтауға болады. Ол:
- Халықтың көңілінен шығатын Әмірханның басынан кара бұлттың кетпеуі;
 - Үміті үзілген жастардың өз заманын жеңуге істеген әрекеттері;
 - Ынжық деген Құдиярдың адам ойласа, ойы жетпейтін іс-әрекетке баруы;
 - Қыз ағасы Қасымның ақылы, әкесін көндіріп, екі жасты қолдауға жасаған іс-әрекеттері;
 - Ақбөпенің тірі қалып, сүйіктісінің аманатын орындауға бел бууы – ертеңгі күнге деген сенімі.

«Иса Байзақов поэмасында жырланатын сұлу әйелдер жауынан кегін ала білетін намысқор, өжет, тұлпар мініп, найза ұстаған, қанжар асынып, жүректерін кекке суарған ерекше ер мінезді әйелдер», – дейді Е. Ысмайылов. «Ақбөпе» дастандағы негізгі басты кейіпкер Ақбөпе де дәл осы бағаға лайық. Ақын Ақбөпені бастан-ақ асқан сұлу екендігін баяндайды, жаратылысында да, сұлулығында да мін жоқ Ақбөпені: «көзі жанған шамдай, нәркеспен кірпігі ойнап атылғандай, екі беттің қызылы ақ мамықтың үстіне қан тамғандай, тістері ақ мәрмардай» теңеулері арқылы сырт келбетін көрсетсе, «арудың

асқар белі, таң шолпаны» метафоралары арқылы бар жағынан арулардың аруы екенін айта келіп, «шаққанның ақ құсындай, маралдай кербез сұлу, бақ айнасы орнағандай» деген күрделі тіркесті теңеулері арқылы оның ер жігіттердің арманы екенін, қылықтылығы мен келісін сипаттайды.

Суырып салма ақын ретінде танылған Иса Байзақов ақынның тағы бір ерекшелігі поэмалардағы табиғатты суреттеуінде ерекше көрінеді. Осы бір ерекшелігіне қарап, Иса ақын табиғатты жырлаудың хас шебері деуге де болады. Себебі, ақын табиғатты жанды бейнеде жырлап, табиғатты кейіпкеріне сыңар етеді. Поэмада жазғы түнді:

**«Қалғуда қараңғылық жерге түсіп,
Балғындай маужыраған жарын құшып,
Бұлттардың селдірінен сығалайды,**

Түнге ымдап кейбір жұлдыз көзін қысып», – деп, жансызды жанжандыру арқылы тамаша пейзаж тәтті сезімге баулиды.

«Пердесі көтерілді таң сарғайып», – таңның атуын құдды таетрда үлкен тебіреніс күтетіндей шоқты елестетсе, «көсілген сар жазықта сағым самғап, жол берді Әмірханға қойнын ашып» деген қолданыс көзге елестеп, қолға ұстатпайтын күштің «қойнын ашуы» тіпті ғажап. Табиғат картинасының сиқырлы бояуын ақын эпитетпен өте әсерлі ауыстыру, алмастыруды танытатын жері:

«Кеші еді, жаздың сұлу нұр төгілген,
Жібектей жерге жасыл гүл себілген,
Көк шатыр, қызғылт теңбіл тақталанып,
Жерге кеп алыс аспан төңкерілген.
Шымқыған көкжиекте қызыл арай,
Көтерген күн шапағы қызыл тудай.
Тарауы сан жамырай көкке самғап,
Серпілген көк теңізі арман қарай...». Бұл ақынның сезім мен сұлулықтың

басын қосқан әдемі лирикасы. Оның табиғат лирикасының шынайылығынан эмоцияның әсер мен эстетикалық сезімін сезінеміз. Бұл – ақын шабытының қайталанбас шеберлігі, суреттеу шеберлігінің палитрасын танимыз.

Иса Байзақов көркем тілдің шебері, жай шебері емес, оны шеберліктің шыңына шығаратын классикалық ұстанымы бар ақын. Сондықтан да оның поэмаларының тіл табиғаты – ерекше көркем, бейнелілігі – шынай әсерлі, ойы – мағыналы да мазмұнды. Ақын жырлап отырып, оқырманын өзімен бірге, ала кетеді. Кейіпкердің жан-дүниесіне оқырманын елітумен бірге, ақындық толғанысы бірде шабыттанады, бірде табиғат әсерінен қанаттанады. Барлық поэмаларында табиғат көрінісін тамаша жырлаған ақын өзіндік стилі арқылы эстетикалық сезімін адамның көңіл-күйімен үйлестіре отырып, адам мен табиғат арасындағы гормонияны түзеді. Оқырман қиялына қиял қосып, романтикалық орта қалыптастырады. Міне, сондықтан Иса Байзақов

– лирикалы-романтикалық поэманың туып дамуына ең алғаш ат салысқан ақын деп айта аламыз.

Поэзия әлемінде отты жыр, екпінді шабыт, толағай тасқын жыр – қуатымен еніп, дүлділігімен адамзат жан дүниесін сұлу сезімге бөлеген Иса Байзақов жырлары – Қазақ Елінің болашағына аманатталған кәусар рухани қазынасы.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 **Қирабаев, С.** Көп томдық шығармалар жинағы. Алматы : «Қазығұрт» баспасы. 2007. 2 том – 416 б.

2 **Ысмаилов, Е.** Қазақ әдебиетінің тарихы, Алматы: «Жазушы», 2002. – 356 б.

3 «Толқыны бұл өмірдің талайды ұрған» /Бекен Ыбырайым. // Қазақ әдебиеті. – 22 қыркүйек 2000.

Материал 14.11.14 баспаға түсті.

A. Ф. Зейнулина

Художественное мастерство в поэмах Исы Байзакова

Павлодарский государственный университет
имени С. Торайгырова, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 14.11.14.

A. F. Zeinulina

Artistic skill in the poems of Isa Baizakov

S. Toraihyrov Pavlodar State University; Pavlodar.
Material received on 14.11.14.

В данной статье проводится анализ поэтической системы творчества Исы Байзакова.

In this article there has been analyzed the system of poetic creativity by Isa Baizakov.

ӘОЖ 8 82.151.212.2

А. Ф. Зейнулина

ф.ғ.к., профессор, ҚР ПФА корреспондент – мүшесі, қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.

ШӘКӘРІМ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ПӘЛСАПАЛЫҚ ҰСТАНЫМ

Мақалада Шәкәрім Құдайбердіұлының поэзиясындағы ұлттық танымының пәлсапалық тұжырымдамасы мен көркемдік бейнелілігі қарастырылады.

Кілтті сөздер: абыз, данышпан, философиялық түйін, шебер ақын, поэзия, имандылық, ұлттық таным, дүниетаным, пәлсапа.

Қазақ әдебиеті тарихында ұлы ойшыл – пәлсапашы, абыз ақын Шәкәрім Құдайбердіұлы өзіне Хакім Абайды өмір бойы ұстаз тұтып өткен. Шәкәрімнің лирикалық шығармаларын зерттеу барысында байқайтынымыз тақырыптың сан алуандылығы: заман көрінісі, жастардың болашағы, адам болмысы, адамзаттың келешегі туралы философиялық толғам, өнер тағдыры, халық қамы, ел күйзелісі т.б. бәрі-бәрі данышпан ақынды толғандырады. Адамның көңіл-күйі, ой мен сезімінің үндесуі лирикалық жанрлардың басты ерекшелігі болып табылады. Абай өлеңдеріне терең талдау жасай келіп, академик Ғарифолла Есім өзгеше бір ой ұсынады. Ғалымның пайымдауынша Шәкәрім бірінші абайтанушы және ондай қорытындыға оның өлеңдерін талдау барысында келеді: «Абай ақыл сатқан саудагер, бұл метафора астында шындық жатыр. Абай ақылды адам, бірақ оның ақылы жеке өз қазынасы емес, ол өзгелерге керекті ақыл. Шәкәрім: Абайды әлі білмей жүрміз, оны өтпей жатқан асылдары көп,- дейді. Абайдың өтпей жатқан асылдарын қабылдау ол заман түгіл бүгінгі күннің жеңіл шаруасы емес. Шәкәрім абайтануда сол кездің өзінде-ақ бір нәрсеге оқырман назарын нақты аударған, ол Абайға бастайтын жол туралы. Тегін білсең, Абай ақылын бос береді дейді, ол үшін, мәселе тегін білу, яғни Абайша ойлау дәстүріне түсу, даналыққа құштар болу, қысқаша айтқанда, Абайға жол табу. Шәкәрім осы өлеңін жазып отырған шағында Абайды тұтасымен ұққан ешкім жоқ дейді, демек, бұл істің басындағы ең алғашқы абайтанушы – Шәкәрімнің өзі. Ол Абайды тұтасымен ұққандықтан, арнайы өлең жазып отыр. Сондықтан абайтану саласындағы Шәкәрімнің бұл өлеңін тұңғыш еңбек деуге болады. Бұған дейін Абай туралы дәл Шәкәрім сияқты терең әрі ауқымды ойды ешкім айтпаған еді» [2, 61]. Шәкәрімнің Абай поэзиясын терең танығанын ғалым нақты ашып беріп

отыр. Шәкәрім өзін толғандырған қандай да бір тақырыпты алмасын, одан философиялық түйін жасауға өте шебер акын.

Шәкәрім Құдайбердіұлы өлеңдерінің тағы бір тақырыбы ойлылық, философиялық толғаныспен астасып жататынын шәкәрімтанушы ғалым Балтабай Әбдіғазизұлы да атап көрсеткен: «Шәкәрімнің реалистік лирикасына тән ендігі бір қасиет – терең ойлылық, философиялық астарлылық. Бұл тақырыпта жазылған «Тура жолда қайғы тұрмас», «Тау басындағы ой», «Күннен неге түсіп тұр мұнша жарық», «Кетті, келді», «Тіршілік, жан туралы», «Анық пен танық», «Махаббат пен құмарлық», «Пайғамбар Мұса жолықса», «Тәңірі мен жан», «Шыннан өзге құдай жоқ», «Шымды жерде көресіз қара топырақ», сияқты көптеген өлеңдері Шәкәрім философиясының кең қанаттылығын, зор тынысын танытады» [3, 59].

Мәселен, Шәкәрім «Ойлаңыз, ақыл, білім қайда болмақ...» деп басталатын он үш шумақты өлеңіне «Анық пен танық» деген тақырып қойған. Бұлай антонимдік мазмұнда тақырып қою Шәкәрім лирикасында жиі кездеседі. Ол өлеңнің жанрлық табиғатына да қатысты. Тек тақырыптық жағынан қарасақ, ақын біріне-бірі қарсы екі ұғымды тақырып қылып алған. Өлең мына жолдармен басталады:

Ойлаңыз, ақыл, білім қайда болмақ,
Денеде қандай орын, жайда болмақ?
Білу, нану, ұнату – ақыл ісі,
Қайтсе зиян, қайткенде пайда болмақ?
Тән – сезіп, құлақ – естіп, көзбен көрмек,
Мұрын – иіс, тіл – дәмнен хабар бермек.
Бесеуінен мидағы ой хабар алып,
Жақсы, жаман әр істі сол тексермек [1, 58].

Баршамыз Шәкәрімнің «Үш анық» деген философиялық трактатын білеміз. Яғни, анық деген сөз Шәкәрімнің қазақ поэзиясына енгізген жаңашыл тақырыбы. Ол кездейсоқ сөз емес, «анық» оның көркем шығармасында ғана емес, дүниетанымдық шығармасында да кездеседі. Оған қарама-қарсы ұғым «танық» болған. Осы арқылы Шәкәрім адам бойындағы жақсы мен жаманды айыратын ұғым ретінде қолданғанын байқаймыз. Академик Зәки Ахметов Шәкәрім лирикасындағы философиялық сарын туралы мынадай терең пікір айтқан: «Шәкәрімнің лирикалық шығармаларының басты бір ерекшелігі ойшыл, философ болуына байланысты. Оның лирикасында көңіл күй, ішкі сезім әсерлері, махаббат тақырыбы да елеулі орын алған. Алайда Шәкәрім лирикасында сыршылдықтан ойшылдық басым, философиялық сарын күшті. Шәкәрімнің ойшылдығының, ақындығына тән пәлсапашылдығының сыры тереңді жатыр, бұл алдымен, әрине оның ойының керемет логикалық қуаттылығынан туған. Сонымен қатар ол көп ізденіп, өте көп оқыған. Қазақтың белгілі акын, жыршы-жырауларымен қатар арғы-бергі түрік

ақындарының, шайырларының, араб, парсы, орыс және батыс ақындарының шығармаларын өте жақсы білген» [4,8].

Шәкәрім пәлсапасындағы басты концепция – адамтану мәселесі. Ол адамның бес сезім мүшесін, олардың қызметін атай келіп, соның бәрі мидағы ойға хабар береді дейді. Дегенмен, негізгі шешімді жүрек шығарады дейді акын:

Ой сонда неше толғау шимай салмақ,
Қайтсе жөні келер деп өлшеуге алмақ.
Дәл сондай қылайын деп ұнағанда,
Ғәділетті жүрегің бір қозғалмақ.
Бар билік сол жүректен шығарылмақ,
Денеге ол шымырлап әсер қылмақ.
Ойыңды дұрыс деме, теріс деме,
Сол арасын анықтап, қара бірақ [1, 58].

Яғни, жүрекке салып өлше деген терең идея жатыр. Ақыл-ой қатты кетуі мүмкін, жүрек қашанда кешірімді деген де идея жоқ емес. Көркем шығарманың идеясын тану қашанда қиынның қиыны. Бұл өлеңнің идеясы Абай дәстүріне жалғасып жатыр.

Шәкәрім поэзияда қандай да бір тақырыпты алмасын тереңдетіп алып кетеді. Ақынның қайсыбір өлеңі көп тақырыпты болып келеді. Бірнеше ұғым тақырыпқа бір өлеңде жауап беретіні де бар.

Шәкәрімнің айтар ойы қайғыны адам баласы өз басына көбіне өзі тілеп алады. Оны тағдырынан көру ағаттық дейді. Шындығында адам көбіне өзінің теріс қылығының жемісін көреді, сол үшін сазайын тартады. Шәкәрімнің осы өлеңінің терең танымында имандылыққа шақыру жатыр. Шәкәрім поэзиясындағы метатақырып ол – имандылық тақырыбы. Оған төменіректе кеңірек тоқталамыз. Шәкәрім жоғарыда аталған өлеңінде тағы басқа өлеңнің ішкі тақырыбында бірнеше ұғымдарға тоқталған. Соның бірі – өмір тақырыбы:

Кейбіреулер жазады: «Қу өмір», – деп,
«Тұрағы жоқ, алдамшы, су өмір», – деп.
«Көрген қызық, қылған іс – бәрі де ұмыт,
Иә, көлеңке, яки түс, у өмір» – деп.
Бұған да еріп көп жаздым түшіркеніп,
Білімділер сөзі деп ентеленіп.
Өмір емес, алдаған өзінді-өзің,
Пәленшекем айтты деп қалма сеніп [1, 63].

Шәкәрім өмірдің алдамшы, тұрақсыздығын, көрген түстей өтпелілігін сынға алуға қарсы шығады, өмірді кінәламауды, кемшілікті өзіңнен іздеу керек екенін насихаттайды. Оқығандардың өзін ой елегінен өткізу керек екенін ескертеді. «Қу өмір», «су өмір», «у өмір» тіркестерін үстемелеп жазу

арқылы адресаттың назарын аударуға ұмтылған. Ақын өмір туралы өзінің ойтолғамын былай береді:

Өмір деген жастықтан қартаймақ па,
Бейнет, рахат, байлық пен мал таймақ па?
Боларға ұмтыл, болмасқа қанағат қыл.
Жала жауып, салынба жантаймаққа.
Тумақ, өлмек, қартаймақ болмай қоймас,
Қанша қызық көрсе де пенде тоймас.
Сол тоймастық – дүниені жамандатқан,
Сен сөкті деп тағдырды қайта жоймас [1, 64].

Ақын өлеңіндегі үлкен философиялық ой Абайдың «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергерк» өлеңімен үндесіп, Хакімнің терең ойын әрі қарай жалғастыра түседі.

Жас қартаймақ, жоқ тумас, туған
өлмек,
Тағдыр жоқ, өткен өмір қайта келмек,
Басқан із,
көрген қызық артта қалмақ,
Бір құдайдан басқаның бәрі өзгермек.
Адамзат тірілікті дәулет білмек,
Ақыл таппақ, мал таппақ,
адал жүрмек.
Екеуінің бірі жоқ, ауыл кезіп,
Не қорлық құр қылжаңмен күн
өткізбек? [1, 15].

Шәкәрім өмірдің заңдылығына қарсы шығу күнә екенін ескертеді. Тумақ, өлмек, қартаймақ тағдыр ісі, оны өзгерте алмайсың. Абай да, Шәкәрім де адал жүруге, тіршілікті босқа өткізбеуге шақырады.

Шәкәрімнің қай шығармасында болмасын құрғақ үгіттің болмайтыны, онда терең насихаттың болатынын неше мәрте айттық. Тіпті Шәкәрім өзінің бір өлеңіне анық қылып «Насихат» деп тақырып қойған. Ол «Сен ғылымға болсаң ынтық, бұл сөзімді әбден ұқ...» деп басталатын өлеңі. Шәкәрімнің данышпан тұлға екенін көрсететін жолдар. Соншалықты кеңпейіл ниетпен айтылған ойлар. Ақын үйренуге ұялма дейді, білген сайын құштарлан дейді. Оны адамзат баласына үйретуің парыз дейді. Халыққа дән сепкендей тарату міндетің дейді. Бұл үлкен жүректі адамның ойы. Шәкәрімнің басқаша айтуы да мүмкін емес. Осы өлеңнің философиялық астары да күрделі. Шәкәрім кімге үйретуді білмейді. Бұл қиынның қиыны. Оны тануың керек. Адамдығы мол адамды шәкірт қылуға насихаттайды. Басқадай болғанда білімнің өзі қауіпті екенін ескерткен:

Шын наданға білгеніңді ұқтырам деп ойлама,
Қанша бидай шашсаң-дағы болмас егін тасты жер.
Тотыға тіл үйретілсе, сөзі – адам, өзі- құс,
Сол сықылды ол наданды ермек үшін сөйлетер.
Қара тасты қанға малсаң, о да маржан бола ма?
Тесік ыдыс су құйылса, өзі қалар, су кетер [1, 67].

Бұдан шығатын қорытынды, кімге неге үйретеріңді білмейсің. Дәлелдері терең және ғибратты. Абыз Шәкәрім есіл еңбек еш кетпесін дейді. Залымға ғылым үйрету тіптен қауіпті екенін айтқан: «Шын залымға берме ғылым, ол алар да оқ қылар, Қаруым деп, кісі атып жер, ол ғылымды хайла етер» дейді. Осы насихат өлеңінде ақын «дүниені түзетуші де, бұзушы да ғылым» дейді. Насихаттың қуатты жолдары мынадай «жер сықылды пайдалы бол», «жаңбыр болып көгерет», «сусағанына су бол» міне бұл жолдар ақынның адамдық кредосын байқатады. Шәкәрім ақын лирикалық шығармаларының өзінде адам болмысын қарастырғанда, әсіресе оның мәніне ден қоюды жөн көреді. Ол өзінің ар ілімінен бір ажыраған емес. Насихат жақсылық үшін болашақ үшін айтылады. Сондықтан да ақын: «Қара тасты қанға малсаң, о да маржан бола ма? Тесік ыдыс су құйылса, өзі қалар, су кетер» деп ауыр да болса шындықты айтады. Қазақ Елінде тектілік деген ұғым бар. Сондықтан тектілікке ақын назар аударады. Әрине, тектілікті қанмен келетін қасиет деп қана қабылдаудың өзі даулы, тектілікке әлеуметтік факторлардың елеулі ықпалы болатынын тарих талай дәлелдеген.

Шәкәрімнің тағы бір философиялық лирикасы «Ақыл құсы адаспай аспандаса...» деп басталатын өлеңі. Оған осы өлеңде алынған адам бойындағы қасиеттерді көрсететін түсінік ұғымдар дәлел бола алады. Мәселен, осы өлеңінде, басқа да көптеген философиялық лирикаларында ақын ой мен таным, өмір мен өлім, жүрек пен иман, ақыл мен айла тағы басқа ұғымдарды алып, сөйлетеді. Кейіптеу тәсілімен адамзат баласын толғандыратын көптеген сауалдарға жауап іздейді.

Адамзат баласының бір-біріне бауыр екенін ескертеді. Сырттан адамзат баласына келген жау жоқ, өздері түсіністікпен өмір сүрмегендіктен бір-біріне азап әкелетінін айқындап берген. Дүние жүзінде қаншама соғыс, оның қаншама зардабын адамзат баласы көріп жатыр. Ақын жеңіл тақырып алмаған. Қашанда адамзат баласының тағдырын ойлаған. Күрделі тығырықтардан шығарудың жолдарын іздеген. Өлеңнің идеясында адам баласы ақылға салып өмір сүрсе, көптеген азаптан құтылар еді деген тұжырым бар. Адамзат баласын көп азаптан оның ақылы құтқаратынына сенгені байқалады:

Ар түзейтін ғылым іздейді:
Адамның сыртқы дене жаралысы,
Нәпсісі айуанмен анық теңдес,

Бөлектігі – жалғыз-ақ таза ақылда,

Әлің келсе, жол тап та осыны емдес [1, 181].

Ақылмен тапқан жол қажет деген идея Шәкәрімнің лирикасында алтын желідей жалғасын үзбей тауып отырады. Ғылымның дамуы адамзат баласына неше түрлі бірін-бірі атып, қырып-жоятын қару жасатты. Сондықтан соларды нокталайтын ар білімі қажет екенін айтады. Шәкәрім шығармаларындағы негізгі тақырып адам қоғамын қалай да түзеу, дұрыс жолға салу.

Шәкәрім ақыл ұғымын ерекше құрметтеген адам. Шәкәрімнің «Пайғамбар қыл ақылды» деп оның орның ерекше биіктетететін сәттері бар. Сондықтан да, осы өлеңінде «Алмадым ақыл тыйғанын» дейді. Мұсылман әлемінде қасиетті Құран Кәрімнен кейін, шындық сөз хадистер екені белгілі. Бірақ соның өзін теріс бұрып, өзін әулиемін деп өзгертпекші болғандарды сынап отыр. Ол не нәрсені болсын ақылға өлшеп қарауға насихаттаған. Өлеңнің негізгі идеясы осы. Шәкәрім қандай да бір нәрсенің дәлелі болуын талап етеді. Ақиқат шындық жолында тіпті жанымды қиюға да дайынмын дейді. Бұл – данышпанның сөзі. Шындығында, Шәкәрім аласапыран заманда да шындықтан қайтпай, адамзат баласын адастырар жолға түспеген. Бірақ райынан қайпай, соның құрбаны болды. Сондықтан ақын «Даусыз таза хақиқат, Жолында жанды қиғаным», – дейді. Өмір бойы адамзатқа ар жолын сілтеумен өмір сүрді.

Шәкәрімнің ақындық диапазоны өте кең. Мәселен, адамның жас мөлшері де арнайы тақырып етіп алынып жазылған өлеңдері де бар. Мысалы, басқасын айпағанда «Жастық туралы», «Кәрілік туралы» деген өлеңдері осы айтылған ойға дәлел бола алады. Бұл қазақ поэзиясында дәстүрлі тақырып. Дегенмен Шәкәрім бұл тақырыпқа да даралығымен келген. Жастық туралы өлеңі өзінің ырғағымен елітіп әкетіп, жастықтың жалынын байқатады:

Боз үйге кіріп,

Буының құрып.

Жарыңның барсаң қасына.

Сипалап жүріп,

Төсегін біліп.

Тигенде қолың басына,

Ақылың кетіп жан қалар,

Ғашығың сонда аңғарар.

Қолыңнан тартып,

Білегін артып,

Ақ тамақтан шөп етіп,

Тал бойың еріп,

Тілінді беріп,

Сүлдерің қалар ес кетіп,

А, дүние, дүние,

Ақылға сонда кім ие?! [1, 28].

Жастықтың жалыны, ақылдың сезімге басшылық бергені шынайы суреттелген. Ақын «Ақылға сонда кім ие?», «Ақылың кетіп жан қалар» деу арқылы көп нәрсені аңғартқан. Ақыл кеткенмен жан қаларын ескерткен. Жан мәңгілік жалғасын таппақшы. Жастықтың жалынын, жастықтың қызығын, жастықтың қызуын бейнелеп берген қуатты өлең. Жастық шақ поэзиядағы ең мол көрініс тапқан тақырып. Дегенмен, біздің ойымызша жастықтың өзіне тән ерекшелігін жалынымен бейнелеуде Шәкәрім өзгеше дарынын байқатқан.

Өзінің адамдық позициясында осынша нақты тұрып сөйлеу ақынның көзқарас қуатын айқындайды. Бұл жерде Шәкәрім жаңалықтың жөні осы екен деп халық танымынан, өзінің өмірлік ұстанымдарынан алыстамайды, қайта оны түрлендіріп, әрлендіреді. Оған мысал «жаба тоқып жасырған» тіркесі. Ақын осы ұлттық танымда бар тіркесті өз қалауына қарай өзгертіп пайдаланған. Шәкәрімнің «Иманым» циклінде жазылған өлеңдері философиялық тереңдігімен, өрнекті айшығымен ерекшеленеді. Ақын өмірде өзіне тірек қылған ой-танымды ерекше жүйемен берген. Бұндай терең тақырыпқа осыншама мол өлең арнау қазақ поэзиясында Шәкәрімге дейін болмаған.

«Қазақтың самалға шығуы» – Шәкәрімнің арманы. Бүгінгі тәуелсіздік алған елін Шәкәрім Құдайбердіұлы көрмей кетті. Бірақ үмітін үзбепті. Оны осы өлең тақырыбы, ондағы қуатты идея айқын көрсетіп тұр. Елдің алдыңғы қатарға шығуының негізгі тірегі білім мен ғылым екенін Шәкәрім өз шығармаларында талмай насихаттаған. Сондықтан Шәкәрім өлеңдерінің тақырыбының күшті жағы осы деп айта аламыз. «Адамдық борышың, Халқыңа қызмет қылу» деген Шәкәрім өзі де осы жолдан соңғы демі қалғанша айнымай өткен. Өзінен болған бейнетті дүниеге жала қылып жаппа, «Дүниенің ол туралы жасасы жоқ. Біз сөкті деп тоқтай ма Алла атқан оқ» дейді. Өмірдің, мына дүниенің заңы өз дегенімен жүреді, сен де сонымен үндестікте өмір сүр деп насихаттайды. Демек, Шәкәрім поэзиясы – адамзат баласының дүниетанымдық пәлсапасын терең танып зерттеген, ұлттық пәлсапа тұжырымдамасының қалыптасуына негіз қалаған рухани әлем кеңістігі.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Шәкәрім. Шығармалары. – Алматы : Жазушы, 1988. – 560 б.
- 2 **Есім, Ғ.** Данышпан Шәкәрім. – Алматы : Атамұра, 2008. – 336 б.
- 3 **Әбдіғазиев, Б.** Шәкәрімнің лирикалық шығармалары. – Алматы : Республикалық баспа кабинеті, 1994. – 72 б.
- 4 **Ахметов, З.** Шәкәрім Құдайбердіұлының қазақ әдебиетінде алатын орны // Жинақта: «Шәкәрім – ұлы Абай дәстүрін жалғастырушы және дамытушы». Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Семей, 1998. – 158 б.

Материал 14.11.14 баспаға түсті.

А. Ф. Зейнулина

Философская концептуальность в поэзии Ш. Кудайбердиева

Павлодарский государственный университет
имени С. Торайгырова, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 14.11.14.

A. F. Zeinulina

Philosophical conceptual importance in the poetry of Sh. Kudaiberdiyev

S. Toraighyrov Pavlodar State University; Pavlodar.
Material received on 14.11.14.

В статье рассматриваются философско-поэтические концепции национального миропонимания и специфика художественных образов в поэзии Ш. Кудайбердиева.

In the article there is considered the philosophical-poetic concept of national world view and specific artistic images in the poetry of Sh. Kudaiberdiyev.

ӨОЖ 8 82.151.212.2

А. Ф. Зейнулина¹, Ә. Т. Ибраева²

¹ф.ғ.к., профессор, ҚР ПҒА корреспондент – мүшесі, қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі, С. Торайгыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ. ²филология факультетінің 3 курс студенті, Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, Павлодар қ.

ЖАЗУШЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МҰРАТ ПЕН ШЕБЕРЛІК

Мақалада қазақ қаламгерлерінің шығармаларындағы ұлттық ой мен сөздің, ұлттық болмыс пен ұлттық тарихтың көркемдікпен берілу мәселесі қарастырылады.

Кілтті сөздер: проза, повесть, ауыл, қала, тарих, шетел өмірі, психологиялық тартыс, сюжет, авторлық ұстаным, кейіпкер, ұлттық мінез.

Шығарманы жазудағы автордың ой-ниеті тұрғысынан алғанда тақырып -алдымен болашақ туындыға арқау болатын мәселелер, қамтитын жағдай, оқиғалардың суреттелетін өмір құбылыстарының кеңістігі. Ал, шығарманы

талдау тұрғысынан қарасақ, тақырып - ол шығарманың мазмұнының негізгі бір құрамды бөлшегі, айтылған, суреттелген жайлардың қоғамдық өмірдегі маңызды мәселелер дәрежесіне көтеріліп, көркемдік шындыққа айналған қалпы. Жазушыны не нәрсе қатты толғандырса, толқытса, сол түптің түбінде оның болашақ шығармаларының тақырыптарына айналады.

Заман, уақыт ырғағының өзгеруі жаңа мазмұн, тың пішіндерді туғызды. Уақыт пен заман ХХ ғасырдың ІІ жартысында, әсіресе оның соңғы ширегінде прозаның повесть жанрын алға шығарып, оған осы дәуірдің ең көкейкесті рухани, адамгершілік мәселелерін образдар тілімен қозғауды міндет етіп жүктеді.

ХХ ғасырдың ІІ жартысындағы қазақ повестерінің басты тақырыптарын шартты түрде беске бөліп жіктеуге болады. Олар: 1) ауыл 2) қала 3) тарих 4) шетел өмірі.

Осы кезеңдегі повестердің басты тақырыбы – қырда жатқан қазақ ауылдарының тыныс-тіршілігі болды. М. Мағауиннің «Тазының өлімі» мен «Қара қызы», Ә. Кекілбаевтың «Шыңырауы» мен «Автомобилі», С. Мұратбековтың «Жусан исі» мен «Үшқарасы», Т. Әбдіқовтың «Әкесі» мен «Оралуы», Б. Нұржекеевтің «Кінәлі махаббаты», Д. Исабековтың «Тіршілігі» мен «Дерменесі», О. Бөкеевтің «Қар қызы» мен «Қайдасың, қасқа құлынымы», Т. Нұрмағамбетовтың «Түпкірдегі ауылы» мен «Қош бол, атасы», Ж. Түменбаевтың «Ауыл шетіндегі үйі» секілді қазіргі кәсіби прозаның әлемдік талаптарына толығымен жауап бере алатын повестері нақ осы тақырыпқа — ауыл өміріне арналған болатын. Аталмыш авторлардың осы тақырыпқа деген ерекше сүйіспеншілігінің бірнеше себептері бар. Біріншіден, бұлардың барлығы дерлік қазақтың байтақ даласының түпкірлеріндегі ауылдардан шыққан кешегі қыр баласы еді. Сондықтан олар бұл өмірді, осы қоғамдық ортаның тіршілігін басқа тақырыптарға қарағанда әлдеқайда жетік білді. Екіншіден, ауыл – қазақ халқының әдет-ғұрпының, өмір сүру салты мен ұлттық психологиясының, ана тілі мен халықтық төл философиясының бастауы, алтын бесігі еді. Сондықтан да қазақ жазушыларының бұл толқыны ауыл өміріне тән ситуациялар мен әрбір детальды ерекше ыждағаттылықпен зерттеді.

Қазақ халқының басым көпшілігі ауылдар мен қам-қарекеті мен әлеуметтік жіктелуі сол ауылдарға ұқсас шағын қалаларда тұрып келгенімен, белгілі бір бөлігі осы жылдары республикадағы үлкен өркениет орталықтарына қоныс теуіп үлгерген болатын. Олар алыс ауылдар мен кенттерден оқу іздеп келген шәкірттер, ғылыми-техникалық революция дәуірінде жаңадан пайда болған мамандыққа бейімделіп кәсіп қуған жастар, сондай-ақ астанада, немесе облыс орталықтарында қызмет бабымен қалып қойған мемлекеттік, партиялық шенеуніктер, зиялы қауым өкілдері еді. Бұлар, негізінен, маргинал тұлғалар: олар, бір жағынан, әлі ауылдан біржола

қол үзіп кеткен нағыз қалалықтар да емес, екінші жағынан, істеп жүрген кәсіптері мен тұрып жатқан тұрақты саяси-әлеумет сол қала тіршілігіне дендей ене бастаған жандар болды.

Қала тақырыбына жазылған қазақ повестерінің негізгі кейіпкерлерін, негізінен, осындай типтер құрады. Қ. Мұханбетқалиевтың «Ескі достарындағы» Нұралхан, Д. Исабековтің «Қарғынындағы» Жасын мен Сәргел, М. Мағауиннің «Қара қызындағы» Бексейіт Атахановтарды кейіпкерлердің нақ осы тобына жатқызуға болады. Бұлардың бәрі - қазіргі қалалық зиялы қауым өкілдері, күні кешегі қыр балалары, бұлардың бәрі де қазір жайлы қалалық пәтерлерде тұрады, бұлардың бәрі де азды-көпті өмірлерінде махаббат, достық, қызғаныш, сатқындық секілді пенделік сезімдерді басынан өткерген жандар, бірақ соған қарамастан олар тұртүсі, адамдық мінезі, талғамы, қоғамдық, жеке көзқарастары жағынан бір-бірлеріне мүлде ұқсамайды: инженер Нұралхан жаны жайсаң, ақкөңіл жігіт, бірақ мансапқорлықтан да құралақан емес, тарихшы Бексейіт Атаханов – қабілетті, бірақ сатқын, ғалым Сәргел — мәймөңке, жылауық, ал Жасын – Жасын десе Жасын, барып тұрған турашыл, ақиқатшыл, бірбеткей.

Қазіргі қазақ жазушыларының қалалықтар өмірінен қалам тартқанда зиялы қауым өкілдеріне ерекше мән беруі тегін емес, өйткені суреткерлердің бұл толқыны қазақ қоғамының осы әлеуметтік тобымен қоян-қолтық аралас болғандықтан, басқа әлеуметтік топтарға қарағанда олардың өмірін жақсырақ, тереңірек білді.

Әдебиетке үлкен дайындықпен келген бұл жазушылар сол кездегі шығармалардың көпшілігінде орын алған өз кейіпкерлерін олардың мамандықтарына таңып тастап, кейіпкерлерді олар атқарып жүрген күнделікті қызмет, тікелей өндірістік жұмыс үстінде ғана көрсетуге күш салатын социалистік реализм әдістерінен бойын аулақ салды. Олар заманды адам арқылы, адамды мінезі арқылы, мінезді іс-әрекеті арқылы танытуды түпкі суреткерлік мақсатқа айналдырды.

Қазіргі қазақ повестерінің таңдаулы үлгілерінің осылайша саналы түрде «аяқталмай» қалуы осы жанрдың құрылымдық принциптеріне айналып үлгерді. Шешілмей қалған драмалық түйіндер қазақ повесінің пішінінің негізгі бір басты қасиеті болып табылатын болды. Басты кейіпкерлері соңында «бай болып, барша мұратына» жетіп тынатын соцреализм үлгісімен жазылған кейбір әсіреқызыл әдеби туындылардағы шешімге қарағанда мұндай шығармалар оқырмандарына үлкен сенім артады, оларды өздерімен бірге ойланып-толғануға, бір сөзбен айтқанда, белсенді шығармашылық өмір сүруге шақырады.

XX ғасырдың II жартысында қазақ повестерінде жан-жақты көтерілген тақырыптың бірі - тарихи тақырып болды. М. Әуезовтің әлемге әйгілі атақты «Абай жолы» эпопеясынан кейін бұл тақырыпқа арналған романдар мен

повестер, поэмалар мен әңгімелер, драмалық пьесалар кең құлаш жайған еді. Біз сөз етіп отырған повестердің ішінде Ә. Кекілбаевтың «Ханша дария хикаясы», «Күй», «Бәсеке», «Шыңырау», А. Сүлейменовтың «Бесатар», Қ.Мұханбетқалиевтың «Ежелгі дұшпан» секілді повестерін ерекше атауға болады.

Төл тарихынан көз жазып қала жаздаған қазақ оқырмандары бұл шығармаларды зор қызығушылықпен қабылдады.

Әбіш Кекілбаев пен Асқар Сүлейменовтің, Қажығали Мұханбетқалиевтің «Күй», «Ханша дария хикаясы», «Бәсеке», «Шыңырау», «Бесатар», «Ежелгі дұшпан» атты повестері тарихи тақырыпқа жазылған үздік әдеби туындылардың қатарынан берік орын алады. Әсіресе, тарихи тақырыпты игеруде Ә. Кекілбаев шығармашылығының орны ерекше болғанын айта кетуіміз керек. Көне аңыздар мен мифтер, маңызды, мәнді тарихи оқиғалар мен тұлғалар жазушы шығармаларына арқау болды. Ол тарихтың көне шежіресінен бүгінгі заманның рухани мүддесіне сай келетін мазмұн таба білді. Ол сонымен бірге сол ескі күндердің тұрмысын тар ұлттық шеңбермен тұйықтап тастаған жоқ, оны адамзатқа ортақ этикалық, эстетикалық, философиялық өрістерге шебер ұштастыра білді. Сондықтан да Ә. Кекілбаев суреттеген Шыңғыс пен Ақсақ Темір, Жөнейіт хандардан бастап қарапайым құдықшы Еңсепке дейінгі тарихи кейіпкерлер галереясы тек қазақтарға ғана емес, басқа да талай азиялық жұрттар мен мүлде өзге саяси-әлеуметтік менталитет иелері еуропалықтарға да түсінікті болды.

Әбіш Кекілбаев та өз халқының ежелгі әдет-ғұрып, дәстүр-тағылымдарын егжей-тегжейлі, кейде қызыға суреттеуге бейім қарымды жазушы. Ол көшпенділер өмірінің қазір ұмытыла бастаған этнографиялық детальдарына ерекше мән береді, бірақ арзанқол экзотика жетегінде кетпейді, сол детальдардың әлеуметтік, философиялық мән-мағынасына үңіліп, халық өмірін, адам жанының ішкі иірімдерін ашуға тырысады.

Ә. Кекілбаев, жалпы алғанда, өмір құбылыстарына байсалды ой парасат көзімен қарауға шақырып, өткен мен бүгіннің ажырамас диалектикалық бірлігін тереңірек түсінуге көмектеседі.

Ә. Кекілбаевтың повесть жанрындағы ізденістері жанр құрылымындағы ескі мен жаңаның бір-бірімен үздіксіз қарым-қатынаста болатындығын дәлелдейді.

Ә. Кекілбаевтың «Күй» повесі арқылы – халық прозасының аңыз жанрын қайта жаңғыртты. Бұл жерде бізді қызықтыратыны – Ә.Кекілбаевтың «Күй» повесіндегі халық аңыздарының идеялық-көркемдік қызметі, аңыз тәрізді канондық жанрдың өзгерген күйде жанр құрылымына еніп, оны тек мазмұндық қана емес, көркемдік тұрғыдан да байытуы, соның нәтижесінде повестің жанрлық мүмкіндігінің артуы.

Әбіш Кекілбаевтың тарихи тақырыпқа жазылған повестерінің ішіндегі ең бір ерекшесі – «Ханша дария хикаясы». Мұнда қым-қиғаш сюжет те, аса қызғылықты оқиғалар да жоқ. Повесть фабуласының ұзын-ырғасын бес-алты ауыз сөзбен тәмамдауға болады. Жарты әлемді аузына қаратқан ұлы әмірші Шыңғыс хан қартайған шағында таңғұттардың астанасының ойранын шығарып, бүткіл еркек кіндіктерінің бәрін қырып салады. Ең соңғы болып олардың ханы Шидүргінің басы алынады. Сөйтіп, таңғұттар Отаны қан сасып, қаңырап қалады. Енді бүкіл таңғұт қыз-келіншектері монғол әміршісінің қарауында: ашса – алақанында, жұмса жұдырығында болды. Оның ішінде ай десе – аузы, күн десе – көзі бар Шидүргінің әйелі Гүрбелжін ханша да бар. Кәрі Шыңғыстың есіл-дерті осы ханшаға ауады. Сұлуды қалай да өзіне қаратып, құмарынан шықпаққа бел байлайды. Алайда туған елі мен жарына адал сұлу ханшаны Шыңғыс қаһары бағындыра алмайды. Гүрбелжін әміршіні өлтіріп, сонан соң өзі де мерт болады. Сөйтіп қаһарымен дүниенің жарымын тітіренткен қатыгез қаған да, сұлулығымен жұртты аузына қаратқан ханша да дүниеден өтеді. Арттарында тек аңыз ғана және де жай ғана көп аңыздың бірі емес, тағлымы ғасырдан ғасырға ұласатын аңыз қалады.

Қазақ көркем сөзінде лингвистикалық прозаның негізін қалаған А. Сүлейменов кейіпкерлерін мінез жағынан даралауға ерекше мән береді, ол сондай-ақ сюжетті негізінен оқиғаға емес, адамдардың арасындағы психологиялық тартыстарға құруға көбірек бейім. Мысалы, оның әйгілі «Бесатар» повесінің оқиғалар желісін бес-алты-ақ сөйлеммен айтып беруге болады. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің Қазығұрт аймағындағы басшыларының бірі Төрехан мен оның Ташкентте оқып жүрген ұлы Сәуар ақ патшаның жазалаушы отрядының командирі Крейгельдің тұтқынына түседі. Ал, Төреханның бостандықтағы үзеңгілес серіктері Мұқағали мен Өтеп болса, керісінше, орыс офицері Иноземцевті кейіннен Төрехан мен Сәуарға айырбастау үшін қамауға алады. Бірақ олардың бұл ойлары жүзеге аспайды: Крейгель Қазығұрттың баурайында әкелі-балалы қос боздақты оққа жығады. Көлемді повестің сюжеттік желісінің негізгі ұзын-ырғасы – осы. Алайда бастан-аяқ Крейгель-Сәуар-Төрехан ұштағынының арасындағы психологиялық тартысқа құрылған бұл көркем туынды оқырманды ешбір жалықтырмайды: жазушы кейіпкерлерінің миы мен жүйкесінде жүріп жатқан арпалыстарды шебер, білгірлікпен суреттеу арқылы оқырманын да, әдеби кейіпкерлерін де үнемі ширықтырып, кейде тіпті ышқындырып отырып, уысынан бір босатпайды. Бодан елдің, намысты ұрпақтарының бостандыққа ұмтылған ұлы арманының ащы жеңілісін аяусыз шыншылдықпен бейнелеген бұл шығарманың басты жетістігі де, қазақ прозасы үшін тосындығы да осында.

А. Сүлейменов шығармалары оқырмандарын бірден баурап кете алмайды. Сөйлемдері қысқа болғанымен, оқуға ауыр, ой мен сезім қақтығысы

мол күрделі әлемге алып келеді. Оның кейіпкерлері оқырмандардан өз ойларына, қуанышы мен күйінішіне ортақтасуды талап етеді, осы мақсатта жазушы адам санасы мен жан дүниесіндегі әрбір қозғалысқа егжей-тегжейлі қарап, кейіпкерлерінің іс-әрекетін пластикалық көріністермен суреттеуге көп көңіл бөледі.

А. Сүлейменовтің көркемдік баяндау тәсілі – негізінен диалогке жақын. Ал, диалог кейіпкерді айтысқа тартып, сөз жарысуы, ой алмасуы олардың бет-жүзіндегі, денесіндегі, қимыл-қозғалысындағы кездейсоқ ишараларға, тосын іс-әрекеттерге себепкер болатыны белгілі.

Әрбір қимыл-қозғалыс арқылы үлкен бір астарлы ой айтуға машықтанған А. Сүлейменов диалог кезіндегі кейіпкердің мың құбылған сыртқы психологиялық құбылыстарын қадағалай отырып, оның ішкі жан жүйелеріне зерттеу жүргізеді. Сондай-ақ кейіпкерді өздеріне зерттеді. Жазушы, әсіресе, диалог үстіндегі адамдардың бет-жүзінде көрініс беретін оқыс ишара, емеурін, қимыл көріністерін көркемдік назардан тыс қалдырмай суреттейді.

А. Сүлейменов өз шығармаларында жанама мінездеу тәсілін тамаша қолданады. Жанама мінездеудің бірі – типтік, бүтіндей бір халыққа, ұлтқа тән мінез-болмысты, характерді сомдау әдісі. Көркем әдебиет – бір заманды екінші заманға, бір ұрпақты оның келесісіне жалғастырып, табыстырып отыратын рухани алтын көпір. Егер Б. Майлиннің таңдайынан бал тамған аса көркем әңгімелері мен повестері болмаса, 1920-1930 жылдардағы еліміздегі кеңестік ұжымдастыру дәуірінің, М. Әуезовтің шешен де шерлі «Абай жолы» эпопеясы болмаса, XIX ғасырдың екінші жартысындағы қырдағы қазақ өмірінің тұтас бір алып панорамасын бүгінгі ұрпақ көз алдына толық, жан-жақты елестете алмас еді. Сондықтан көркем әдебиетте сол әдебиеттің иесі, мұрагері болып табылатын ұлт өміріндегі мәнді кезеңдер мен тақырыптардың жан-жақты, толық қамтылуы тек көркем өнер үшін ғана емес, халықтың тарихи танымы мен санасы үшін де аса маңызды.

Д. Исабековтің «Сүйекші», «Тіршілік» повестерінде кейіпкерлердің өмірбаяны, қасіретке толы өмірі оқырманның көз алдында өтеді. Олардың бүгінгі күнгі сезім сергелдеңдерінің сыры артта қалған ғұмырында. Сондықтан да бас кейіпкерлерінің өткен өмірін баяндауда автор олардың реалистік психологиясын беру үшін тарихи-хронологиялық үлгіде суреттеуге ден қояды да, характерлердің қалыптасу тарихына назар аударады. Бұл тұрғыдан алғанда повестің бойынан роман жанрына тән белгілерді байқаймыз. Д. Исабеков повестері романға жүк болар өмірлік материалды повестің ауқымына сыйғызуға болатынын дәлелдейді. Бірақ жазушы романдағыдай шырғалаңы мол тарихи оқиғаны молынан қамтып, адам характерін сол материал негізінде ашуға ұмтылмайды, керісінше, белгілі бір характер арқылы қоғам шындығын көрсетеді.

Жазушы үшін тақырып табу - жалаң мақсат емес, тақырып оған өзінің оқырманға айтар ең көкейкесті сыры - идеяны ашу үшін қажет. Ал, идеяны жан-жақты ашу үшін сәтімен табылған бір тақырып аздық етеді. Көркем шығарманың тақырыбын да, айтар идеясын да заттандырып, тірілтетін, оның бойына қан мен жан беретін сол туындылардағы характерлер мен типтер, образдар жүйесі. Көркем бейнені сомдаудың әдіс-тәсілдері әр алуан. Олар: портрет, кейіпкердің сөйлеу тілі, тура және жанама мінездеу, ым-ишаралар, дене қимылдары, көркем уақыт пен кеңістік, психологиялық бейнелеу құралдары және т.б. Әсіресе кейіпкер характерін ашудағы көркем уақыт пен кеңістіктің атқаратын рөлі өте зор. Бұл ерекшелік әсіресе О. Бөкей мен Т.Әбдіков повестерінен айрықша байқалады.

Егер ауыл мен қала, тарихи тақырыптарға арналған шығармалар қазақ повестерінде молынан ұшырасатын болса, бұл жанрдың шетел өміріне арналған үлгілері тек Т. Әбдіковтің шығармашылық өмірбаянынан ғана табылады. Бұның басты себебі осы тақырыпқа қалам тартудың қиындығында жатты. Біріншіден, темір шымылдық саясаты. Екіншіден, әлемді кеңестік қоғам тек бір қырынан танып, таптық идеология тұрғысынан түсіндірілді. О. Бөкеев повестерінде кеңестіктің адамға әсері, адам характерінің сол кеңестікті түйсініп, сезінуіне байланысты өзгеруіне ерекше мән берілсе, Т. Әбдіков повестерінде уақыт пен кеңістік болмысы өзінше суреткерлік қалыпта көрініс табады.

Жазушының «Тозақ оттары жымыңдайды», «Ақиқат» повестерінде бейнеленген көркем кеңістік пен уақыт туындыда көтерілген маңызды мәселелердің мәнін ашуға, сондай-ақ жанрлық ерекшеліктерін саралауға көмектеседі.

Қаламгер «Ақиқат», «Тозақ оттары жымыңдайды» повестерінің сюжеттік желісін түрлі кеңістік аясында берсе де, адамзат баласының шыққан тегі – біреу, жер шарының бір нүктесіндегі келеңсіздік адамзаттың бәріне ортақ деген концепцияны ұсынады. Бұл концепция әсіресе «Тозақ оттары жымыңдайды» повесінде анық сезіледі.

Шығармада суреттелген оқиғалардың хронологиялық бірізділігінің сақталмауын жазушының ретроспекция тәсілін қолдануымен түсіндіруге болады. Повесте екі сюжеттік желі тартылған: біріншісінде бас кейіпкердің қазіргі хал жағдайы баяндалса, екіншісі оның өткен өмір елестерін қамтиды. Екі сюжеттік желі авторлық ұстаным арқылы біріктірілген. Әсіресе, атакты дәрігер, есімі айдайәлемге әйгілі доктор Бейкердің санасында біртіндеп өше бастаған сурет-елестердің жаңғыруы осы екінші сюжеттік желіге арқау болған.

Адам санасындағы өткен уақыт жаңғырығы, оның адам характерін өзгертумен бірге, тұйыққа тірейтінін бейнелеу Т. Әбдіковтің «Ақиқат» повесіне тән сипат. Повестің бас кейіпкері Роберттің көріпкелдік қасиеттері,

ақылдан азап шегуі, сау жүріп жындыханаға түсуі, асылып өлуі – шығармадағы негізгі оқиғаның бас-аяғы осы. Зерттеуші Қ. Хамзина аталмыш повесті жанрлық түрі жағынан фантастикалық деп атағанымен, шығармада бүгінгі күн шындығы бар екенін жоққа шығармайды. Шындығында да, повесті философиялық фантастика жанрында жазылған шығарма десек дұрыс болар. Себебі повестің негізгі арқауын Роберттің көңіл-күйіндегі өзгерістер, оның адамзат тарихы, сана, бақытсыздық, ғылым мен өркениет туралы философиялық ой-толғаныстары құрайды.

Кейіпкер уақыты повестің сюжеттік-композициялық құрылымында маңызды қызмет атқарады. Жалпы кейіпкер уақыты қаһарманның субъективтік уақытын ғана емес, оның өмірбаяндық уақытын да қамтиды. Кейіпкер уақыты оның характерінің қалыптасу ерекшеліктерін, қоршаған әлеммен қарым-қатынасын көрсетеді. Роберттің жеке уақыты жазушы тарапынан ерекше мән берілген «он жыл» мерзімді, лирикалық шегіністегі бал дәурен, жастық шағын және жындыханада өткізген күндерін суреттеу арқылы берілген. Бұл үш түрлі уақыттың кейіпкер санасында қалдырған өз таңбасы бар.

XX ғасырдың II жартысында проза жанрында жазылған туындылар қазақ көркем әдебиетіне тың көркемдік сапалар қалыптасып, өсу белгілері байқалғандығының айғағы болғаны бүгінде шындыққа айналған қағида. Осы уақытта әдебиет майданына араласа бастаған Ә. Кекілбаев, О. Бөкеев, Д. Исабеков, Т. Әбдіков, С. Мұратбеков, М. Мағауин, Ә. Тарази сынды қаламгерлер қазақ прозасының кәсіптік деңгейінің көтерілуіне үлкен ықпал жасады. Әсіресе әңгіме, повесть жанрларын дамытуға белсене ат салысты. «Осы кезеңде жаңа творчестволық табыстарымен көрінген жазушылар бұрынғыдан да өсе түскендерін көрсетті. Әр түрлі жазушылар типі қалыптасты. Олардың стилі де бөлек. Олар бұрынғыдан гөрі өз шеберліктерін арттырып, көркемдік-поэтикалық қуатын танытты. Мұның өзі ұлттық мәдениетіміз мен әдебиетіміздің бұрынғы жауһарларынан үлгі алған дәстүр жалғасы аясында өрістеді. Бұл бұрынғы классиктеріміздің жақсы дәстүрлерін уақыт өткен сайын жаңа қырынан дамытуға деген үлкен талпыныс еді» [1, 157], – деп Т. Бекниязов атап көрсеткендей, аталмыш жазушылар алыптар тобының ізденіс сипаттарын, көркемдік дәстүрін одан әрі дамыта отырып, әдебиетте өзіндік қолтаңбасын қалдырды. Олардың шығармашылығы жөнінде аз айтылып, аз жазылған жоқ. Мысалы, С. Қирабаев: «Олардың талантты өкілдері осы дәуір ішіндегі әдеби процеске белсене араласып, әдебиетіміздің жаңа ізденістерін, табыстарын байытуға үлестерін қосып жүр. Олар өз дәуірі шындығының жанды суретін ғана емес, замандастарының ішкі сезім күйлерін, оларды толғандырған ой-пікірлер байлығын ала келді. Жастардың жазу мәнерінде білімділік, мәдениеттілік сезіледі. Шындыққа әр көзбен қарап, әрқайсысы әр жағынан толықтыру арқылы олар әдебиет

дүниесін байытуға едәуір үлес қосуда» [2, 84], – десе, Р. Нұрғали: «Қаламнан өмірге келмеген, өмірден қаламға келген. Творчестволарындағы басты сипат, басты құнар – өмірдің лебі, тіршіліктің бояуы» [3, 219], – деп, қаламгерлер шығармашылығының ең басты ерекшелігі ретінде ондағы өмір шындығының бейнелену сипатын атайды. Расында да жазушылар «шындыққа әр көзбен қарап» [2, 84], оқырман күткен, көптің көкейінде жүрген өткір әлеуметтік-адамгершілік мәселелерді алға тартты. Аталмыш мәселелерді шешуде соны ізденістер көкжиегін кеңейтті. Сондай ізденістердің бір ұшығы шығарма сюжетінен байқалды.

Қазіргі қазақ прозасында қаламгерлердің адам мен қоғам, адам мен әлем арасындағы қарым-қатынасқа, адам болмысының мәнін, өмірдегі орнын бағамдауға байланысты тұжырымдары дүниетаным шеңбері кең, өмірдің мәнін философиялық тұрғыдан түсінетін кейіпкерлерді өмірге әкелді.

Әрине көркем шығарманың жанрлық белгілерін қатып қалған ережелермен анықтауға болмайды, себебі әдеби шығарманың өзіндік көркемдік әлемі бар. Сонымен қатар кез-келген жанр өмір шындығын игеру тәсілдері, сюжет құру, кейіпкерлер характерлерін ашу амалдарынан көрінетін өзіндік ерекшеліктерін сақтауға тырысады. Әсіресе шығарманың жанрлық белгі-қасиеттерін анықтауда ондағы сюжеттің және кейіпкердің сомдалу сипатының ролі өте маңызды.

Әрбір әдеби жанрдың өзіне тән сюжет ерекшеліктері болады десек, шығарманың жанрлық белгілерінің бірі автордың сюжет құру шеберлігімен тығыз байланысты. Көркем шығарманың сюжет өзгешеліктеріне тоқталатын болсақ, біріншіден, шығарманың сюжеті негізінен характердің ашылуына қызмет ететінін атар едік, туынды сюжеті қым-қиғаш оқиғалармен ғана ассоциацияланбайды, сонымен бірге кейіпкерлерді қоршаған ортаның психологиялық өрістеуіне де байланысты, сондықтан қазіргі шығармада сырт оқиғалар қақтығысының орнына психологиялық тартыс, сырттай баяндаудың орнына кейіпкерлердің ішкі жан дүниесіндегі қозғалысты суреттеуге баса назар аударылады.

Өзге жанрларға қарағанда прозадағы сюжет композициясының да өзіндік ерекшеліктері бар. Қазіргі қазақ прозасындағы сюжеттің құрамдас бөлшектерінің өзара байланысы белгілі бір заңдылыққа бағынбайды, сондықтан шығармадағы оқиғаның баяндалуында хронологиялық тәртіптің сақталмауы заңды құбылыс. Бұл ерекшелік авторлық ұстаным сипатына, уақыт-кеңістіктік фактор рөлімен түсіндіріледі. Демек, ХХ ғасырдың ІІ жартысындағы қазақ прозасы ұлттық таным мен ұлттық болмыс табиғатын көркемдікпен танытуда жаңа кәсіби, көркемдік деңгейге көтерілді.

Дәстүрлі жанрлық шектеулер ауқымынан, қалыптасқан жанрлық талаптар шеңберінен шыға отырып, еркін жазуға ұмтылған қаламгерлер сана ағыны, психологиялық талдау, миф пен ақиқат шындықты ұштастыру

тәрізді көркемдік әдіс-тәсілдерді игере отырып, соны жанрлық ізденістер көкжиегін кеңейтті.

Прозада бейнеленген өмір шындығы көп жағдайда кейіпкердің түйсік-түсінігі күйінде бейнеленіп, оның дүниені тануы түрінде көрініс берді.

Ұлттық мінез жасаудағы сюжеттің маңызы ерекше болды, сондықтан шығарма сюжеті характердің ашылуына қызмет етті. Осылайша көркем шығармада көрініс тапқан көркем уақыт пен кеңістік кейіпкер болмысын ашудағы ерекше көркемдік тәсіл тынысы кеңейіп, қазақ қаламгерлерінің ұлттық мұрат – мақсатты жүзеге асыруда мәртебесі жоғары болып отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Бекниязов, Т.** Кейіпкердің адамгершілік проблемасы. – Алматы : Қазақ университеті, 1997. – 164 б.
- 2 **Қирабаев, С.** 2 томдық шығармалар жинағы. Т. 2. – Алматы : Жазушы, 1992. – 544 б.
- 3 **Нұрғали, Р.** 2 томдық шығармалар жинағы. Т. 2. – Алматы : Жазушы, 1991. – 576 б.
- 4 **Бокеев, О.** Біздің жақта қыс ұзақ. Повестер. – Алматы : Жалын, 1984. – 432 б.
- 5 **Сүлейменов, А.** Бесатар. – Алматы, 1997. – 400 б.
- 6 **Әбдіков, Т.** Оң қол. Әңгімелер мен повестер. – Алматы : Атамұра, 2002. – 352 б.

Материал 14.11.14 баспаға түсті.

А. Ф. Зейнулина¹, А. Т. Ибраева²

Национальная картина мира и мастерство в творчестве писателя

¹Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар;
²Павлодарский государственный педагогический институт, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 14.11.14.

A. F. Zeinulina¹, A. T. Ibrayeva²

National worldview and skill in the writer's creativeness

¹S. Toraihyrov Pavlodar State University;
²Pavlodar State Pedagogical Institute, Pavlodar.

Material received on 14.11.14.

В статье рассматриваются проблемы художественного видения национального сознания и национальной истории в творчестве казахских писателей. Проводится анализ особенностей подбора актуальных тем и создания образов.

In the article there are considered the problems of artistic vision of national consciousness and national history in the works of Kazakh writers. There was given an analysis of the selection by the relevant topics and creating images.

ӘОЖ 82-3: (574)

Р. З. Зайкенова¹, Н. С. Балтабаева²

¹ф.ғ.д., Қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры, ²PhD докторант, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық Университеті, Алматы қ.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ РОМАН-ЭССЕ ЖАНРЫНЫҢ ДАМУЫ

Бұл мақалада ұлттық әдебиетіміз тұрғысынан алғанда эссе жанрының алғашқы негізін айқындау, қай кезеңнен бастау алатындығы қарастырылған.

Кілт сөздер: Эссе, жанр, мемуар, очерк, роман, проза, философия, драматизм.

Қазақстандағы қазіргі рухани-мәдени жағдай жеке тұлға мен қоғам дамуының ары қарай даму бағдарын айқындауды талап етеді. Бұл мәселенің табиғи шешім табуы көркем әдебиет пен фольклордың темірқазығы – адамның рухани дамуы, рухани кемелденуі мәселесімен тығыз байланысты.

Классикалық еуропалық әдебиеттің дәстүрлерінде көтерілетін эссеистика – әлемдік әдебиеттің, нақты айтқанда ХХ ғасырдың елеулі әрі принципиалды құбылысына айналды. Алмағайып уақытпен бірге туындап отыратын жаңа проза мен жаңа стиль әрқашан сұранысқа ие. Қазіргі уақытта эссе ұлттық әдебиетімізге жанр ретінде өзіндік қызметін очерк, әңгіме, повесть, роман түрінде көрсете бастады.

Эссе жанры кеңес әдебиетінің топырағына толық орнықпады, бірақ дәстүрлі түрде дамуы батыстан, яғни ең алдымен ағылшын-америкалық және латын-америкалық әдебиетте белгілі болды. Ағылшын-америкалық үшін бірінші кезекте, ал әдебиеттердің ішінде ең алдымен ағылшындық үшін ең танымал болды, мұнда эссеизм ағылшындық сипатымен терең

байланысты – «сүйікті істердің және қызығушылықтардың, ағылшын өмірінің өте жеке табиғатының жолын ұстаушылық» және дәстүрлі ағылшын демократиясының, яғни заңға парасатпен бағынатын азаматтың өз еркі деген сипатқа ие болды [1, 226]. Біздің эсседен байқайтынымыз: еркін форма, бұл қатаң жанрлық қағидалардың болмауын көрсеткенімен, жеңілдік пен көркемдік негізінде жанр аясына қатаң бағынышты.

«Қазақ әдебиеті» атты энциклопедиялық анықтамалықта: «Эссе – тұрақталған, қалыптасқан тұжырымдарға жаңа қырынан қарап, өзінше толғап, әрі дағдыдан, әдеттен, көне соқпақтардан бөлек, тың болжамдар мен түйіндеулерге құрылатын философияның, эстетиканың, әдеби сынның, публицистиканың, көркем әдебиеттің жанры. Әдебиеттегі эссе – соны пікірлерге көбірек мән беріліп, оқырманды ой теңізінде жүздіретін таңдай қақтыратын, өзінше ойлап-сезіну қажеттілігін туғызатын, қанынды қыздырып, рухани әлеміне азық сыйлайтын, дүние құбылыстарын өткір қабылдаумен ерекшеленетін көркем туынды. Эссе табиғаты сыршыл сезімге, тіл бояуларының әшекейлі сипатына, айрықша композицияға құрылады. Өзгеше бітімді бұл өнер туындысында эстетикалық, интеллектуалдық байлығын, аңғарымпаздығын, жарқын, тапқыр, ойлылығын, өмір саяхатындағы көрген-білгенін, сезген-түйгенін, тәжірибелерін жомарттықпен жайып салады. Эссе – сипатына туған туындыларға батыл болжамдар мен өткір ұсыныстар, пікір жарыстырулар мен талас тудыратын жорамалдар, ойлар, көкейге қонымды, таным көкжиегін кеңейтуге қозғау саларлық байламдар тән. Эссе жанрының негізін салушы – ХVІ ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген француз философы М. Монтень. Орыс әдебиетіндегі үлгісі – Федор Достоевскийдің «Жазушы күнделігі» шығармасы», – деген сипаттама беріліпті [2, 572]. Ал 1597 жылы ағылшын философы Фрэнсис Бэкон да осындай атпен кітап жазып шығарғандығы бұл энциклопедияда жазылмапты. Жалпы эссе жанрының бірнеше ғасырлық тарихы туралы айтылғанымен, бұл туралы елең еткізер еңбекті кездестіре алмадық.

Ұлттық әдебиетіміз тұрғысынан алғанда эссе жанрының алғашқы негізін айқындау, қай кезеңнен бастау алатындығын дәлелдеу үлкен ізденісті қажет етеді деп ойлаймыз. Қазіргі деректер бойынша эссе жанрының негізін салушы француз жазушысы Мишель Монтень деген пікір қалыптасқан. Себебі ол 1580 жылы «Эссе» деген атпен кітап жазып, онда қоғам мен адам туралы өзінің философиялық ой-толғаныстарын ұсынған. Бұл кітап кейіннен орыс тіліне «Опытъ» (Тәжірибелер) деген атпен аударылып басылған. Бұл жанрды Н. Л. Лейдерман, Л. В. Куприяновский, З. И. Кирнозе, Г. М. Цвайг сияқты зерттеушілер аквобиография, биография, күнделік, мемуар, очерк, эпистолярлық әдебиет, құжаттық драма т.б. қатарына жатқызады.

Жалпы эссе жанрының көркем-құжаттық тарихы ХV ғасырдан яғни Қайта өрлеу дәуірінен бастау алып, романмен бірге дамып отырған. Роман мен эссе бір-біріне өте ұқсас. Роман өз дәуірінің нақты тарихи

оқиғаларын қоғамдық-әлеуметтік өмірмен байланысты нақтылы кейіпкерлер айналасына топтастырса, эссе тарихи да, философиялық та, өмірбаяндық та, монографиялық та, полемикалық та сипаттарды бойына тоғыта береді. Эссе латынша (exogamy) – таразылау, ағылшынша (essay) – мақала, очерк, ал французша (essai) – тәжірибе, шығарма, мүмкіншілік деген бірнеше мағына береді екен. Бұл жанрдың түбі жоқ шексіздік сипатының өзі осында жатса керек. Эссенің дәл анықтамасын беру – әлі де қиындық туғызып келе жатқан мәселе. Себебі бұл жанр күннен-күнге әдебиетте ғана емес, тарих, философия, сын, биография, публицистика салаларында да белең алып келеді. Формалық сипаты да әр қилы. Ал қазіргі уақытта роман-эссенің көбеюі оның «Бұл – көлемі жағынан шағын, тақырыбы белгілі, құрылысы жағынан еркін жанр» деген анықтамасына дөп келмейді. Әсіресе «Көлемі жағынан шағын» деген сөз роман-эссенің табиғатын таныта алмайды.

Әлемдік контексте М. Монтень, Д. Дидро, Вольтер, Г. Гейне, Г. Э. Лессинг, Б. Шоу, Г. Манн және Т. Манн, А. Маруа, Ж. П. Сартр, И. Г. Эренбург, К. Г. Паустовский, В. Б. Шкловский т.б. эссеистиканың алыптары саналады. Эссеистика тарихында өзінің сыйлы орынын Англияның эссеистері иеленеді: Ф. Бэкон, А. Коули, Дж. Драйден, Дж. Аддисон, С. Джонсон, Т. Карлейль, Р. У. Эмерсон, М. Бирбом, Г. К. Честертон, М. Арнолд, Дж. Оруэлл, М. Оден және басқалары. Латын-америкалық испан тілді әдебиеттердің шарықтауы және оның XX жүзжылдықта болған өшпес сәттілігі романистикамен ғана емес, сонымен қатар эссеистикамен де байланысты. Осы жанрда жазған жазушылардың көлемді туындыларын нақты жете түсінуге кеңестік кезеңнен кейінгі уақытта қол жетті. (Х. Ортега-и-Гассетаның, Х. Л. Борхесаның, Ж. Амадудың т.б. тамаша философиялық эсселері).

Азиялық эссеистиканы әдебиетші ғалым Александр Генис «данышпандық эссенің әдебиеті» деп атаған екен. Ғалым ең алдымен көне қытай философиялық прозасына ерекше көңіл аударып, соның ішінен Лао-Цзы мен Конфуцийдің эссеистикалық прозасын ерекше атайды. Сондай-ақ А. Генис эссенің жапон әдебиетінде де өзінің терең де берік дәстүрлерін иеленгендігін атап көрсетеді.

Жапон эссеистикалық прозасының жарқын үлгілеріне жазушы-эссеист Сей Сенагонның «Записки у изголья» (лирикалық эссе-дзуйхицудың бірінші жанр туындысы), «Записки от скуки» және эссеист Мисиманың «Дневник летучей паутины», «Записки мотылька» жатады. Мұнда авторлардың қоғамға, адамға деген қасақана емес қатынасы оның барлық жоғарғы және төменгі, күлкілі және қайғылы көріністерінде ашылады. Қысқа моно тематикалық әңгіме-фрагмент баяндау кванты ретінде қызмет атқарады. Жапон прозасы кең формаларға жалпы әуестенеді. Өрнектілік, туындылардың композициясы әдеби шығарманың жанр алдындағы принцип ретінде ашылады [2, 254].

Тан империясының гуманистік өнері күнделікті-эссеистикалық лирикалық прозаның және «монологтардың» психологиялық повестерінің өркендеуін тудырды. Осы кезеңнің ең ірі эссеисті Хань Юй болып табылады. Ол – жаңа эссеистік прозаның қажеттілігі туралы жазған теоретик-реформатор. Оның «Шығармадағы рух – бұл өзен ағыны, ал тіл – онда ағатын барлық заттар. Ағын терең – барлық үлкен және кіші заттар онда аға алады. Рухтың тілмен осындай байланысы бар. Рух ұлы болса, онда жолдар ұзындығы бойынша, ал олардың дыбысталуы – биіктігі бойынша бір біріне сәйкес келеді. Осыған қол жеткізіп, кемелге жақын екендігім туралы айта аламын ба?», – деген пікірі көңіл аудартады [3, 295].

Жапон әдебиетінің біртума эссеистикалық жанры – «сисэцу», өзі туралы проза болып табылады. Бұл – өз өміріңді жалпылама сипаттау емес, дәл өзің туралы автобиография. Яғни, ой-пікір бүкіл контексте өзіңе емес, өте маңызды болып табылатыны – өзіңнің ішкі дүниеге бағытталған.

Эссе жанрының дәстүрлері шығыс әдебиетіне де тән. Бұл дәстүр қазақ әдебиетінде де терең әрі берік орналасқан. Классикалық қазақ әдебиетінде біз эссеге ең алдымен Абайдың бүкіл «Ғақлиясын» («Қара сөздер» немесе «Сөздер») жатқызамыз. Профессор А. Ж. Жақсылықов: «Абайдың «Сөздеріне» тән көзқарасты баяндауда мазмұнды рухты-философиялық толықтық, адал ниеттілік және адалдық, адамдарға адамгершілік әсер етуге бағытталу, сананың қауымдық принципін ескерту олардың батыс әдебиетінің эссеистикалық дидактикалық дәстүрлеріне қарағанда Мұхаммед Пайғамбардың Хадистеріне жанрлық жақындығы туралы айтуға мүмкіндік береді. «Сөздердің» көптеген фрагменттерінде Пайғамбардың Хадистері аталады, Құраннан нақыл сөздерден цитаталар келтірілетіндігі кездейсоқ жағдай емес», – дейді [4, 207].

Біздің ойымызша, Абайдың «Ғақлияларындағы» дидактикалық екіпіндер «адамдарға адамгершілік әсер етуі» әрекетінде көрсетіледі. Мұнда Құраннан сілтемелі сәттер бар бірақ Абай үнемі діни тақырыптарға, пікірталастарға түсіндірулер беріп отырады. Тіпті батыстағы эссенің негізін салушы – Монтеннің «Тәжірибелері» моральдық-философиялық пікірлесулерден, Библияның көптеген цитаталарынан тұрады, сондай-ақ ол діни (христиандық) ілімдер синтезі мен антикалық даналықтың синтезін жасады. Сонымен қатар христиандық қағидалардың шексіз рефлексиясына және жеке бастан өткізілгеннің, көргеннің және естігеннің негізінде түсініктемелер берді. Абай «Ғақлиясында» да қазақ ойшылы сілтеме ойды береді, сосын бұл ойды тікелей өмірмен байланыстыра отырып, оны мысалдарымен-мүкәмалдарымен қосып дәлелдеп шығады. Сонымен бірге өз тұсынан тікелей адамгершілікке үндейтін пікір таласулар ұсынады.

Абайдың «Қара сөздерінің» жанрлық табиғатына З. Қабдолов, З. Ахметов, Т. Кәкішев, М. Мырзахметов, Т. Нұрғазин, А. Марғұлан,

А. Нұрқатов, С. Әшімбаев, М. Мағауин, С. Қасқабасов, М. Әлімбаев, Б. Ғабдуллин, А. Исмакова, Р. Сыздықова, К. Өмірәлиева, Г. Есімов т.б. сияқты ғалымдар назар аударды. Ал аудармашы, жазушы, публицист, эссеист Герольд Бельгер тікелей мынаны көрсетеді: «Асылында, «Абайдың «Сөздері» - насихат емес, ол ой толғаныстары, байымдаулар, қазіргі уақытта оны жиі эссе сөзімен білдіреді – асыл ғибадат ойлардың, толғаныстардың өзіндік мазмұндауы. Жазудың осыған ұқсас мәнерін Монтень «қаламұшты далаға тастаумен» бейнелеп сипаттаған. Бұл еркін, көркем мәнерде баяндалған, ойдың шабытты қатарымен ерекшеленетін философиялық очерктер, максимдер және рефлексиялар» [5, 248].

«Ғаклия» (Абайдың «Сөздері») – бұл ойшылдың ой-толғаныстарының жинағы, бұл қазақтардың діл ерекшеліктерінен бастап еркін, кейде полимикалық мәнерде баяндалған кең жалпылаудың заң, діни сипатына дейінгі түрлі тақырыптарға философиялық-моралистикалық, дидактикалық эссе: «Менің Сөзімнің бірі біреудің көңілінен шығар және ол оны өзі үшін көшіріп алар немесе тек есіне сақтар; егер олай болмаса – менің сөздерім, ел айтқандай, өзімде қалады» [6, 160].

Егер «Қара сөздерден» әрбір «Сөзді» тақырыптық атауға бөліп қараса, онда нақты тақырыптардың және де Монтеньдегі дерексіз тақырыптардың да болу суреті көз алдыңызға келеді. «Бірінші сөзді» – «Мені жазуға итермелеген себептер туралы» деп атауға болады; «Екінші сөз» – қазақтардың көзімен ұлттардың кейбір ерекшеліктері туралы» және т.б. Мұнда «... туралы» – бұл жанрдың өзіндік формуласы болып табылады, яғни эссенің мәні атау септігінде емес, көмектес септікте беріледі, ғылыми шығармадағыдай дәл емес, бір бүйірден қарастырады, ойды өрістетудің себебі қызметін атқарады, ол толық шеңберді сипаттап, өзіне – яғни авторға кету және келу нүктесі ретінде қайтып келеді» [7, 195].

Монтень де, Абай да адамның әлемдегі артықшылықты жанның орталығы деген бекітуді қабылдамайды, яғни антропоцентризмнің тұғыры олардың әлемді сезінуі үшін сипатты емес. Екі ойшылда да астарлап айтудың тұмандылығымен эфемерлік пікірлері, ал бастан өткізілген тәжірибенің болуымен сентенциясы, адресаттың анықталуымен шындығы бар.

«Тәжірибелер» мен «Қара сөздерді» салыстыру Абай мен Монтеннің көзқарастарының фокусы тепе-теңдігі адамның діни сезімдерінің табиғатын, Құдайды біртұтас деп мойындауын, антропоцентризмді терістеу сипатты түрде көрсетеді, бұл Монтень мен Абайдың түрлі конфессионалдық тиістілігіне және діни рефлексияларына қарамастан (Монтенің Ескі және Жаңа өсиеттерін сыртқа тарату; Абайда – Құран) Абайдың «Ғаклиясының» эссеистикалық табиғатына көзқарасымызды растайды.

Эссе табиғатына тән формалардың біріне әдеби портрет пен зерттеушілік суреттемені де жатқызуға болады. Әдеби портрет кеңес

уақытында болымсыздыққа ұрынды. Еуропалық әдебиетте бұл жанр әдебиет зерттеушілік формасы бойынша көркем эссенің пайда болуына дем берді.

2003 жылы М. Сыздықназаров Мәскеу қаласында «Традиции жанра эссе в современной прозе Казахстана» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаған екен. Ал А. Нематованың «Эссе жанры туралы» туралы мақаласында эссе жанрының теориясы туралы біршама талдау жасалынған [8, 131].

Эссе жанры деректі әдебиет үлгісінің бір түрі ретінде осы сияқты бірен-саран еңбектерде сөз болғаны болмаса, роман-эссе туралы арнайы зерттеудің жазылмағанын байқадық. Осыған орай эссенің болмысындағы өзіне тән нақтылы белгілерін табу, поэтикасын жүйелеу, қарама-қайшылықтарын анықтау, типологиялық құрылымы мен басқа жанрлық формалармен қатынастылығын, классификациялауын жүйелеу қажеттігі туындайды. Қазіргі уақытта роман-эссе жазу белең алғанын байқадық. Мысалы, Қалихан Ысқақовтың «Ана тілі» баспасынан шыққан «Келмес күндер елесі» атты роман-эссесі – 2013 жылдың жемісі болса, ал Қабдеш Жұмаділовтің Қасым мен Мұқағали туралы «Шамырқанса, шарт сынатын тектілер» атты естелік-эссесі де сужана дүние.

Тіпті бір тәсілмен төрт кітап жазып тастаған Қойшықара Салғараның «Алтын тамыр», «Көмбе», «Қазақтың қилы тарихы», «Қазақтар» атты шығармаларындағы роман-эссеге тән сипатты, ондағы ортақ идея мен мазмұн сабақтастығын таба отырып, автордың айтпақ ойын, жетпек болған негізгі мақсатын айқындау қажет. Айталық, «Халықтық қасиетіңіздің қазығы – тарихи сананы қалыптастырыңыз, тарихи есіңізді жиыңыз! Міне исі қазақ алдында тұрған ең басты міндет осы» деген [9, 351] жазушы ойының тарихи шындықпен үндестігін, яғни тарихилық пен деректілік арқауы жанр табиғатына сай ашылды ма деген мәселені зерттеу парыз.

Ал Зейнолла Қабдоловтың «Менің Әуезовым», Медеу Сәрсекенің «Қазақтың Қанышы» атты шығармаларын да кейбір зерттеушілер роман-эссеге жатқызған.

Жоғарыда айтылған А.Исмақованың Абай қара сөздерінің жанрлық сипатына тереңдеп талдау қажеттігі және «Ғаклияны» оқып отырғанда, Монтень де, Паскаль да, Граснан да, Ларошфуко да, Ницше де, Шопенгауер де...еріксіз еске түсетіндігі, осы арқылы қазақ әдебиетінде Абай қалыптастырған прозалық жанрдың ерекше үлгісін көретіндігі туралы пікірі бекер емес. [10, 182].

Ал аудармашы-жазушы Герольд Белгер: «По сути дела, «Слова Абай» – не назидание, а размышления, суждения, то, что ныне нередко обозначают словом эссе – своеобразное изложение сокровенных исповедальных мыслей, дум. Подобную манеру письма Монтень образно охарактеризовал как «бросать перо на ветер». Это философские очерки максимы и рефлексии, изложенные в непринужденной, изящной манере, отличающейся

вдохновенным строем мысли» – деп жазады. [11, 248]. Осыған ұқсас пікірлер басқа да қаламгерлер еңбектерінен ұшырасады. Әсіресе белгілі әдебиеттанушы ғалым А. Жақсылықов Абай қара сөздеріндегі эссеизм Мұхаммед пайғамбардың хадистеріне жақындығын атап көрсетеді.

Бұдан шығатын қорытынды қазақ эссе жанрының қалыптасып, дамуында да Абай ғақлиясын тереңдеп зерттеудің қажеттігі туындайды. «Өсер ұрпақ, келер дәурен, туар тарих қауымында Абай арнап кеткен мұңды, сырлы бір сәлем осы еді» деп жазған Мұхтар Әуезов «Абай еңбектерінің биік нысанасы» деген еңбегінде ақын «жүрегінің түбіне терең бойлауды» табыстаған екен. «Абай және Сократ» (Б. Ғабдуллин), «Абай және Гете» (Г. Бельгер) деген мақалалар – Абайтану ғылымына сүбелі үлес болып қосылған дүниелер. Ал «Абай және Монтень» деген тақырып та арнайы зерттеуге сұранып тұр. Себебі Абай ғақлиясы өзіңді өзің тануға жетектейді. Яғни «мен» және «мен» деген формула анықталған жағдайда эссеистиканың биік деңгейі ашылмақ. Эссенің негізін салушы Монтень де өзі туралы былай деп жазыпты: «Менің кітабым өзім арқылы туылды, сол сияқты мен өзім кітабым арқылы туылдым. Бұл кітап өмірімнің бір бөлігі, менің негізгі жұмысым, автордан ажырамайтын кітап» (Тәжірибелер). Міне Монтень мен Абайды байланыстыратын да осы – «мен» және «мен» деген ұғымдар.

Көптеген сөздіктер мен энциклопедияларда эссе жанрының маңызды белгісі – оның тақырыбы бар, трактатқа қарағанда көлемі шағын жанр деген анықтама беріледі. Бұл жанр сұлулық, субстанция, өмір шындығын көркем суреттей келе, ой қорытындысын «Мен» деген аяқталмайтын ой елегімен тұжырымдайды. «Меннің» астарында бүкіл әлем, өмір тіршілігі суреттелінеді. «Мен» үш жанрдың тұтасқан бірлігінен тұрады: өмірбаян, күнделік, күнәдан тазару (исповедь). Өмірбаяндағы «мен» өткен өмір белесін суреттесе, күнделіктегі «мен» осы шақтағы өмірді суреттейді, М. Әуезов «Естелік – сөзден соғылған мүсін» деген екен, ал күнәдан тазару – болашақ адам өмірінің көрінісі. Осы үш жанрға тән белгілердің барлығы да эссенің бойынан табылады». Міне Монтентанушылардың қай-қайсысы да өз ойын осы пікір айналасында өрбітеді.

Эсеге әмбебаптық, яғни синтетикалық қасиет тән. Мұнда жазушының талаптарына жауап беретін көркемдік; публистикалық және философтарға қажетті жалпылықтың сипаты бар. Эссе – бұл сапа мен көркемдікті, публистикалықты және философиялық сыйымдылықты біріктіретін жанр. Сәйкесінше, жанрдың параметрлері ішінде жатады, олар ерікті және ағымды. Автордың міндеті эссенің формасын өзі анықтау немесе екі-үш сөйлемде пікір білдіру. Эссе – бұл дәуір шындығын тікелей көрсететін жанр. Осыған орай Ш. Айтматов пен М. Шахановтың кейінгі жылдардағы шығармаларының бірін атауға болады. (Плач охотника над пропастью (Исповед на исходе века) Авторлар шығарманың жанрын «диалог-кітап» ретінде анықтады.

Осы үш жанрға (өмірбаян, күнделік, күнәдан тазару) тән белгілердің барлығы да эссенің бойынан табылады. Міне Монтентанушылардың қай-қайсысы да өз ойын осы пікір айналасында өрбітеді.

Әдебиет тарихына көз жіберсек, қашанда жаңа дәуірдің өзіне сай тақырып ала келетіні белгілі. Тәуелсіздік жылдар прозасында халықтың өткен тарихын, рухани тәжірибесін жаңа таным тұрғысынан бағалау, құндылықтарды қайта қарау, ұлттың рухани жадына назар аудару орын алды. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдар әдебиетінде жаңа бетбұрыс байқалды. Жаңа заман лебі дүниеге жаңаша көзқарасты қалыптастырды. Әдебиетке жаңа қаһармандар келді, өмірді бейнелеу кеңістігі кеңейді, философиялық сарын, драматизм күшейді. Әдебиет өмірді бұрынғыдай таптық аяда бейнелемей, әлеуметтік-шаруашылық мүддені емес, ұлттық мүддемізді жоқтаған күрескер кейіпкерлерді алға тартты. Тәуелсіздік жылдарындағы проза кеңес дәуіріндегі қуғын-сүргіннің сырын тереңдете ашуға ден қойды. Руханият мәселелеріне терең бойлауға мүмкіндік туды. Уақыт талабына орай жаңа сапалық қасиеттермен толыса түскен әдебиетіміздің қуатты бір тармағы прозада өзгеше бояу, соны нақыштар, рухани ізденістер бой көрсетті.

Тәуелсіздік жылдар әдебиетінде романтикалық тенденциялар дәстүрлі реалистік әдіс және модернистік, постмодернистік ағымдармен жарыса көрінді. Адамзат дамуының өтпелі дәуірлерінде, қалыптасқан, орныққан өмір салты бұзыла бастағанда және қоғамда нобайы әлі белгісіз, қандай да бір жаңа, бірақ белгісіз дүниені күткенде – жаңашыл ізденістер, романтикалық тенденциялар бой көрсете бастайды.

Қорыта келгенде, эссе дегеніміз, жұртшылықты ойлануға үйрететін қарымды қаламгердің зерттеушілік еңбегі деп те айтуға болады, яғни көрнекті философтардың ойларын қалың көпшілікке жеткізу әдісі.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Джордж Оруэлл. Англия, ваша Англия. Эссе. Пер. с англ. // Иностранная литература, 1992. – №7. – 226 б.

2 Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы, 2005. –254, 572 б.

3 Генис, А. Мировая литература: Круг мнений. – М., 1998. – 295с.

4 Жақсылықов, А. Образы, мотивы и идеи с религиозной содержанием в произведениях казахской литературы. Типология, эстетика, генезис. А. : Казак университеті, 1999. – 207 с.

5 Бельгер, Г. К. «Книга слов» Абая и ее переводчики. – В книге: Земные избранники (Гете и Абай): Литературно-критические очерки-эссе. – Алматы : Жазушы, 1995. – 248 с.

- 6 Абай. Слово Назидания. Перевод С. Санбаева. А. : Жалын, 1983, 160 с.
 7 **Есимов, Г.** Хаким Абай. – Алматы : Білім, 1995. – 195 с.
 8 **Нематова, А.** Эссе жанры туралы. //Хабаршы. Филология сериясы. Өл-Фараби ат.ҚазҰУ. – Алматы, 2000. – 131 б., №7.
 9 **Салғара, Қ.** Қазақтар. Роман-эссе. – Алматы : Өнер, 1995. – 351 б.
 10 **Исмакова, А. С.** Поэтика казахской художественной прозы начала XX века (тематика, жанр, стиль): Автореф. дис...докт. фил. наук. – Алматы, 1998. – 182 с.
 11 **Бельгер, Г. К.** Гете и Абай. Эссе. – Алматы : Жалын, 1989. // «Книга слов» Абая и ее переводчики. В.кн.: Земные избранники (Гете и Абай). Литературно-критические очерки-эссе. – Алматы : Жазушы, 1995. – 248 с.

Материал 31.10.14 баспаға түсті.

R. Z. Zaykenova, N. S. Baltabaeva

Развитие жанра романа-эссе в казахской литературе

Казахский государственный женский педагогический университет, г. Алматы.
 Материал поступил в редакцию 31.10.14.

R. Z. Zaykenova, N. S. Baltabaeva

Development of genre of novel-essay in Kazakh literature

Kazakh state womens teacher training university, state Almaty.
 Material received on 14.11.14.

В статье рассматривается эссе как жанр употреблялся в национальной литературе, определить и доказать с какого периода.

The article deals with essay as a genre that was used in the national literature, to define and prove from what period.

UDC 81'373:811

A. B. Ibrayeva¹, F. R. Avazbakiyeva²

¹Candidate of philological sciences (PhD), docent, the Chair of English Department of Kazakh Humanities and Law University, Astana, ²Candidate of philological sciences, senior teacher at the English Department of Kazakh Humanities and Law University, Astana.

MORPHEMIC AND MORPHOLOGICAL PECULIARITIES OF TURKIC BORROWINGS IN POLISH LANGUAGE

The article discusses the morphemic and morphological peculiarities of Turkic loanwords in the Polish language. The authors speculate that the influence of the Kazakh language and Turkic vocabulary on the Polish language is amplified in regions, heavily populated by Kazakh and Polish peoples, and tribal classification of loanwords is based on semantic reinterpretation of borrowed lexical items.

Key words: Polish and Turkic languages, morphological adaptation, «Kyrgyz», O. Suleymenov, Gustav Zelinski, Adolf Yanushkevich, lexical microsystem.

The Polish and Turkic languages belong to typologically unrelated language groups. Nouns in the Turkic languages are deprived of category of gender. In the Polish language the category of gender is the most characteristic morphological feature. Every noun in the Slavic languages surely has to belong to one of three genders: masculine, feminine and neuter. This grammatical law also includes borrowings.

There are two opposite processes in the use of Turkisms in the works of the Polish authors. On the one hand, the Turkisms consolidating its positions join a word-formation model of Polish and develop a word-formation activity. On the other hand, the Turkisms are used only once in the analyzed texts owing to its weak positions.

The Turkisms in Polish mainly consist of nouns. Only small number of the words designating the colors of horses are referred to adjectives.

The following nouns are referred to a feminine gender, 1) the words that end in vowels **-а, -я**: *ex.*: *чомга, каравайка, казара, дрофайт*.д. 2) the words with a basis on a soft consonant: *лошадь* and others.

Let's give some illustrative examples – the indicators of morphological adaptation of words:

Gościnni jego mieszkańcy kazali nam zapomnieć o chłodzie i trudach doznanych w czasie podróży z Om-ska; lecz oto w tej chwili odbieramy wiadomość iż konie przypędzone z aulów kirgizskich , czekają na nas na drugiej stronie Irtysza; jutro więc czynimy rozbrat z cywilizowanym życiem, i puszczamy się na wszystkie niewy-gody, przygody i niebezpieczeństwa koczowniczej wędrowni, lecz fortes fortuna iuvat!	But here is a message that the horses from the nearest Kyrgyz auls are brought and are waiting for us on other bank of Irtysh. It means that tomorrow we give up on the civilization, we foredoom ourselves to inconveniences, adventures and dangers of nomadic life fortunaiuvat!
--	---

Owoz ta pół-poważna, pół-pocieszna znamienitość stepowa , z przywiązaną czerwoną chustką do kilkosażniowej włóczni...	And here this half-serious, semi-amusing steppe celebrity with a red scarf attached to a put off spear, having left on quick cream-colored in front of our vanguard during performance in a campaign, provided meteorology and astronomy to expedition services.
--	--

When analyzing these examples it is possible to make an assumption that a patrimonial classification of borrowings is based generally on semantic reconsideration of a borrowed lexeme. In our case it is difficult to claim about gender in Polish as in the Kazakh language there is no category of gender, and in Polish there are two categories – menskoosobovy and non-menskoosobovy. If to classify the data of group approximately to Russian, it is possible to assume that the masculine gender belongs to the menskoosobovy, and feminine and neuter gender to non-menskoosobovy. As well as in Russian it is possible to define category of gender on generic features. According to these examples, it is possible to assume that džut, kattur, tupalan, ajran, tursuk, auł, step, etc. belong to a masculine gender as they have a finished form, do not end in a vowel and have a zero inflexion, i.e. are referred to menskoosobovy category, and czygertke is probably referred to a neuter gender as the ending -e is peculiar for a neuter gender and is considered to be non-menskoosobovy.

The Polish authors in their works of art widely use the words and phrases with the Turkic ethno cultural components that testifies to an interaction of languages of these ethnos. For example, we will give some fragments from the poem «Kyrgyz»:

Gość!... gość przyjechał!... wieść ta jak goniec Z końca aulu na drugi koniec Leci - i wszystkich umysł zaprzęta. Gość!... gość!... to jedno tak rzadkie słowo Całą siedzibę wstrząsa koczową. Starzy i młodzi - każdy się krząta I zaraz baran najtłustszy z stada Na cześć przybysza pod nożem pada... W jurcie największej, wkoło ogniska Zebrana cała ludność kirgiska Tłumnie zajęła miejsce na ziemi. Bij , głowa rodu, siadł na wojułoku Szytym starownie wzory różnemi; Gościa przy swoim umieścił boku; A dalej kołem obsiedli drudzy, Rodzina Bija i jego słudzy.	Guest!... guest has come!... this news is like a staffette From one end of aul to another Flies – and absorbs the sense of everybody, Guest!... guest!... only this word Shudder the whole nomadic settlement. Old and young – everyone is fussing And at once the most fat ram from herd In honor of the arrived guest put under a knife ... In the biggest yurta , near the fire Gathered all Kyrgyz people. Crowd having taken all place Bii , the chief of family sat down on felt Embroidered with different patterns Seated the guest near himself; And further seated the friends, Relatives and his and his attendants
--	--

(Lineal translation by A. B. Ibraeva)

In this example the lexemes **aulu**, **baran**, **kirgiz**, **bij** submit not only to the phonetic features of Polish, but also to morphological, i.e. every noun in pix. in the Slavic languages surely has to belong to one of three genders: masculine, feminine and neuter. This grammatical law possibly extends on borrowings **aul**, **baran**, **Kirgiz**, **Bij** and finds the proof in the Big Polish-Russian dictionary, where these lexemes belong to a masculine gender (rodzajmęski). In this example the lexeme **Bij** is given with an explanation of głowarodu, i.e. **bii** – a chief of family.

These assumptions are conditional and do not apply for any statement. The same can be told about the processes of rapprochement of phonetic and morphological renewals of some Turkic names of animals. The Turkic word of buga – «bull» according to a formal sign (final vowel - a) in Russian had to become a noun of a feminine gender that would contradict to its meaning. Owing to it the

Turkic buga, buka penetrates into Russian in new phonetic registration, in one case, having rejected final vowel «а», and in other, according to some, having attached to the basis a sound «й» – «bull» and «bull hide». It allowed the word to enter the category of nouns of a masculine gender that corresponded also to the meaning of the word. For the same reason Old Turkic teka – «goat», Tatar тәкә – «the name of males of small cattle» in the Russian dialects lost a final vowel and stood in a row with the nouns of a masculine gender (V.Dal: tek – «goat»).

This problem is rather well studied by linguist D. Setarov. The similar process happened with the Turkic word saryk – «yarka», «sheep». Owing to a final firm consonant the word saryk is a noun of a masculine gender that conflicts to a female of a carrier of this lexeme. It led to a sound renewal on the Russian land: a vowel «а», an indicator of a feminine gender (saryk, saryka) was added to the word. Further a sound «ы», having appeared in a weak position, dropped out. A noise consonant «к», in situation between sonorant and consonant, was naturally vocalized. In Russian the word was fixed in the form «sarga».

The Turkizms, acquiring a grammatical gender, are brought under the types of inducement existing in Russian, get the Russian forms of word change. Having entered the system of word change, the words are also included in the category of number, i.e. get the Russian forms of plural form. Some words with an affix – **ы**, – also were apprehended in the Russian use as the names in plural form, while in the Turkic languages they have the meaning of singular form: argali, tazy.

The development of a final part of the word, where action of phonetic and morphological factors crosses, is the most difficult. New sounds can be added to the word – the suffixes or the endings, separate sounds that will casually coincide with the known endings.

As a result of submission of Turkic words to the grammatical system of Russian the part of a prototype basis can become an ending making out the name, for instance, final «а» in the Turkismskarga, kabarga, kapkara (the process of basis complication).

Coming back to the works under study it is possible to tell that Gustav Zelinski, Adolf Yanushkevich, Bronislav Zalesski got their literary glory not only thanks to the creations, which they wrote on the basis of memoirs and experiences of the period of deportation, but gave valuable material for linguistic research. Their works were translated into many languages of the world, in particular the poem «Kyrgyz» by G. Zelinski was translated into the German, Czech, Russian, French, Italian and English languages. When analyzing this work it is possible to allocate most often met foreign impregnations: Batyr — the batyr, bogatyr. In I. I. Ojegov's explanatory dictionary the following definitions are given: 1. sporty equestrian, brave man, athlete, hero; 2. historic epithet of national athletes. Dombra — dombra, a musical string instrument; Bitege — plant, porous feather grass; Burma — an illness; Kamcza — kamcha, whip; Kurgan — hill, in particular a

sepulchral hill at the ancient people. Ru – 1. The main public organization of a primitive-communal system united by consanguinity. 2. The lineage, occurring from one ancestor, and also in general generation; Tamyr – an acquaintance, friendship between Russians and Kazakhs, etc.

It is possible to tell that the value of the Kazakh impregnations consists not in its informativeness (it is just unimportant: they are the impregnations that it is possible to manage the means of the Polish language), and that they help to understand more deeply the sense of translated units, to inform a reader about figurativeness and national color of the original. The characteristic of characters, humour, speech manner of the people, a peculiar vision of the world – the impregnations and close to it formations play an invaluable role in the solution of these and other problems.

The writer can display extremely precisely all cases of an interference and intercalation: any character studies a foreign language and while knows it badly, uses the words and expressions of the native language when speaking in foreign language; other character has a low standard of speech, and his speech is laconic, though he speaks the native language: the third specially uses the foreign units with a special purpose in any conditions. Thus it is possible to allocate two functions of impregnations: 1) function, which we generally call coloristic meaning that the color created by impregnations is in full accordance with definition of this term; 2) the impregnations reflecting an expression of foreignness. The Turkic vocabulary in the Polish texts was often used in the author's speech and dialogues as the expressional means that brings revival and promoting drawing attention to the reporter. The exotic vocabulary and foreign impregnations, unlike borrowing words, do not lose anything or nearly anything from the lines inherent in them as language units, do not function in it as more or less strongly connected with a lexical and grammatical system of this language.

First of all, this border is historically changeable. For instance, the foreign impregnation in the course of its frequent use in speech can turn into the full and semantic independent loan issued on phonetic-morphological models accepted in the language.

We agree with the thought of O. O. Suleymenov, who writes in the work «Turkic Peoples in Prehistory» that it is quite frequent that at early stages of formation of language norms participating in cross-cultural communication, the grammatical norms were developed and there was an active interchange not only by lexical materials, but also by morphological schemes and means, and that there has to be a new discipline – Turko-Slavistic studies that will help to eliminate the contradictions of separate studying. Its main result can be the improvement of general linguistics, on which achievements as on the base, all social sciences rely [1, p. 249-547].

In the back issued book by O. Suleymenov «AZ-i-IA» it was said about the need of revision of fundamental constructions for linguistics, in particular – turcology. He writes that after the Indo-European linguistics turcology repeated the purposes, methods and mistakes, but Indo-Europeanist unlike turcologist refused the mistakes, whereas the second continued them to develop [2].

Russian linguist U. M. Bakhtikireev in the article «Origin and Interrelation of Languages: New Linguistic Hypotheses (on a material of books by O. O. Suleymenov)» writes: «O. Suleymenov's philological intuition, his word causing a constant linguistic interest of researchers speaks about special verbal and cogitative activity of the creative person, whose consciousness advancing the ordinary not always happens clear to the contemporary» [3, p. 61].

«O. O. Suleymenov's thought that «the XXI century will begin with a breakthrough, a gallop in the development of humanitarian knowledge» (that will be promoted, certainly, by its linguistic works) finds the analogy in conclusion of the known philosopher and thinker F. Nitsshe, which essence is reduced to the following: «a surprising family likeness of all Indian, Greek, German philosophizing can be explained quite simply. Namely there, where there is a relationship of languages, thanks to the general philosophy of grammar (i.e. thanks to the unconscious power and management of identical grammatical functions), everything inevitably and in advance is prepared for uniform development and sequence of philosophical systems; in the same way, as for some other explanations of the world the way is as though closed» [4, p. 66].

During many millennia every people has its vital way, language, spiritual and material culture. «Every people marry, give birth, get sick and die in their own way; treat, work, manage and have a rest in their own way; smile, joke and laugh in their own way; observe, behold and create painting in their own way; pray and act heroically in their own way ... Every people have a special sense of justice, other character, other discipline, other idea of moral way, other family way. In a word, every people have a special sincere way and the spiritual and creative act», – these words belong to the known Russian sociologist and jurist I. A. Ilyin [5, p. 280].

A language image of any culture is formed throughout long historical development. At the same time the formation process of an image of national culture is accompanied by the process of internationalization, interaction of different lingua cultures. Every language is reflection of the originality of culture of the concrete people, identity of national character of native speakers and the general universal component of universal culture. According to G. S. Akhmetzhanova and A. A. Kairbayeva «every person can be considered as a carrier of not only one, two and more languages, but also of several cultures: cultures of that social group, to which they belong, national culture with which they are connected by native language, way of life, world culture – through learning of foreign language, reading foreign literature, and also thanks to mass media» [6, p. 273-275].

It is known that the process of generalization underlies the language development, therefore any nomination is synthesis of experience of knowledge of the objective world. «However, – marks out N. A. Shestakov, – this expression of the general and private in one lexical unit is enough for the language. At a certain stage of development of human thinking there are generic relations of the concepts – they (as a higher step of communication) lead to emergence in the lexical system of the separate nominations of the general and private... Thus, the general and private can be expressed, on the one hand, in one lexical unit (the same form at distinction of the contents), on the other hand – the various nominations (distinction of a form at distinction of the contents)... The words of foreign origin included in the lexical system of adopting language do not make an exception in this regard» [7, p. 4]. As a result of such process of generalization the words designating the objects of nomination close to each other on these or those features, form the lexical microsystems based on their semantic similarity. Lack of accurate theoretical installations leads to that in linguistic practice these lexical microsystems are designated by various terms: «lexico-semantic group», «theme group», «leksiko-eidetic group», «semantic field».

LIST OF REFERENCES

- 1 Сулейменов, О. О. Тюрки в доистории // Ас Алан. – М. : Мир дому твоему, 2002. – №3(8). – С. 249-547.
- 2 Сулейменов, О. О. АЗИЯ. Книга благонамеренного читателя. – Алма-Ата: Жазушы, 1975. – С. 304.
- 3 Бахтикиреева, У. М. Происхождение и взаимосвязь языков: новые лингвистические гипотезы (на материале книг О. О. Сулейменова) // Сб. научных трудов «Славянские и тюркские языки: грани взаимодействия». – Астана, 2008. – С. 61.
- 4 Бахтикиреева, У. М. Происхождение и взаимосвязь языков: новые лингвистические гипотезы (на материале книг О. О. Сулейменова) // Сб. научных трудов «Славянские и тюркские языки: грани взаимодействия». – Астана, 2008. – С. 66
- 5 Ильин, И. А. Наши задачи. Историческая судьба и будущее России. Статьи 1948-1954 гг.: в 2-х т. – М., 1992. – Т1. – С. 280.
- 6 Ахметжанова, Г. С., Каирбаева, А. А. Русско-казахские цветовые параллели//Русистика в Казахстане: проблемы, традиции, перспективы: Доклады междунар. Научно-прак. конф. – Алматы, 1999. – С. 273-275.
- 7 Шестакова, Н. А. «К вопросу о семантической ассимиляции заимствованных слов в русском языке». В сб. Вопросы современного русского языка. Челябинск, 1974. – №8. – С. 85-95.

А. Б. Ибраева, Ф. Р. Авазбакиева

Түркі кірме сөздерінің морфемдік-морфологиялық ерекшеліктері

Қазақ гуманитарлық заң университеті, Астана қ.

Материал 19.10.14 баспаға түсті.

А. Б. Ибраева, Ф. Р. Авазбакиева

Морфемно-морфологические особенности тюркских заимствований

Казахский гуманитарно-юридический университет, г. Астана.

Материал поступил в редакцию 19.10.14.

Мақалада поляк тіліндегі түркі кірме сөздерінің морфемдік-морфологиялық ерекшеліктері қарастырылады. Авторлар қазақ тілі мен жалпы түркі лексикасының поляк тіліне әсері қазақ және поляк халықтары тығыз тұратын оңірлерде күшті байқалатындығы және кірме сөздердің тек жағынан жіктелісі осы кірме лексиканы жаңа мағыналық тұрғыдан түсіндіруге негізделетіндігі туралы болжам келтіреді.

В данной статье рассматриваются морфемно-морфологические особенности тюркских заимствований в польском языке. Авторы высказывают предположение о том, что влияние казахского языка и в целом тюркской лексики на польский язык усиливается в регионах компактного проживания казахского и польского народов и родовая классификация заимствованных слов основывается на смысловом переосмыслении заимствованной лексики.

Б. М. Қадырова¹, А. Ербол²

¹ф.ғ.к., доцент, ²магистрант, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ ТЕРМИНДЕРІНІҢ МӘСЕЛЕСІ

Берілген мақалада қазіргі қазақ терминология саласының өзекті мәселелері талқыланып, терминжасамдағы негізгі қағидаттары сараланады.

Кілтті сөздер: термин, дәлдік, қысқалық, жүйелілік, символ-сөз, сан, географиялық таңба, журнал, жалғау, буын, шумақ, тармақ, рай, мүше, әдіс.

«Терминология» терминінің қандай мағына білдіретінін білмей тұрып, ол туралы ғылымда жүйелі ой айту қиын. Сондықтан да мәселенің басын терминологиядан бастау керек.

А. В. Суперанскаяның айтуынша, терминология жеке ғылым ретінде ХІХ ғасырдың І жартысында қалыптасса, оның дамуы, жан-жақты зерттелуі Батыс Еуропа мемлекеттерінде қарастырылып, кейінірек отандық тіл білімінде жал- ғасын тапты деп айтуға болады. Профессор Ғ. Қалиев «Терминология (лат. terminus, грек. logos) - ғылым, техника, өндіріс, өнер, білім саласындағы терминдердің жиынтығы» [3,322] десе, академик Ө. Айтбайұлы: «Терминология — тілдің арнайы лексикасының даму заңдылықтарын тексеретін ғылым саласы, сонымен бірге ол ғылым мен техниканың жеке салалары терминдерінің жиынтығы» [1,27] дейді. Ш. Құрманбайұлы: «Терминология кең мағынасында «адамның кәсіптік қызмет саласындағы қолданылатын арнаулы лексиканы қамтитын, тілдің сөздік құрамының бөлігі». Терминология – арнаулы сала ұғымдарының жүйелік ерекшелігін көрсете отырып, оның коммуникативтік қажеттілігін өтеуге қызмет ететін атаулар жиынтығы» [5,13] деген анықтамалар айтқан. Осы терминологияға берілген анықтамалар әртүрлі болғанымен, негізгі берер ғылыми тұжырымдамасы бірдей екенін байқауға болады.

Академик Ө. Айтбайұлы терминдердің негізгі белгілері дәлдік, қысқалық, жүйелілік [1,26] дейді. Ал, профессор Ш. Құрманбайұлы төмендегіше саралайды:

1. терминдер негізінен сөз немесе сөз тіркестері болады (кейде сөйлем түрінде де кездеседі);

2. терминдер негізінен тілдік бірліктер (символ-сөз, сан, географиялық таңба түріндегі терминдер де бар. Бірақ терминологиядағы олардың үлес салмағы термин сөздерге қарағанда әлдеқайда төмен);

3. термин – белгілі бір терминологияның мүшесі (А. А. Реформатский);
 4. термин деген – ұғым аты;
 5. терминнің міндетті түрде дифинициясы болады;
 6. терминдердің негізгі басым бөлігі жалпы есімдер, сөз табына қатысы жағынан зат есімдер болады;
 7. терминдер атауыштық қызмет атқарып, негізінен ғылым тілінде, арнаулы сала шеңберінде қолданылады [5,7].

Терминологияны жетілдіруде термин жасау қағидаттарын саралап алу керек. А. Байтұрсынұлы қазақ терминологиясын қалыптастыру мен дамытуда үлес қосушы, терминологияның алғашқы ғылыми қағидаттарын жасаушы болды. Ғалымның ең басты ұстанған қағидаты – қазақ тілінің өз мүмкіндігін толық пайдалану. А. Байтұрсынұлы терминжасамда бірнеше принциптерді басшылыққа алғандығын байқау қиын емес:

1. терминдер ұлт тілінің негізінде жасалып, ұлттық танымдық құбылыстармен сәйкес келуі;
2. терминдер оқырманға түсінікті және пәннің ғылыми категориясы мүмкіндігін көтеруі;
3. шет тілдерінен енген терминдерді ұлт тіліндегі баламасы табылмаған жағдайда сол қалпында қолдану және шетел терминдерін қолдану үстінде барынша анықтамалар арқылы түсіндіру;
4. терминжасамдағы бірізділіктің сақталуы, т.б.

А. Қайдаров «Қазақ тілі терминологиясына жаңаша көзқарас» еңбегінде термин түзудің 11 қағидатын төмендегідей санамалап көрсетеді:

1 принцип: Егеменді ел, тәуелсіз мемлекеттің басты белгілерінің (атрибуттарының) бірі – мемлекеттік тіл десек, оның негізгі тіректерінің бірі – терминологияны жан-жақты дамытуға, реттеуге, қалыптастыруға, кеңінен қолдануға сол мемлекеттің өзі қамқорлық жасауы керек.

2 принцип: Қазақ тілі терминологиясының жақсы дәстүрлерін жалғастыра, өскелең өмірдің биік талап-талғамына сай жүз беріп отырған бұқаралық үрдістің тіл үшін тиімді де қажетті жақтарын саналы түрде пайдалану.

3 принцип: Салалық терминдер мен атауларды жаңадан жасауда, өзгертуде, ауыстыруда ең алдымен қазақ тілінің төл және бұрыннан қалыптасқан байырғы лексикалық байлығын сарқа пайдалану.

4 принцип (қазақ терминологиясы үшін жаңа бағыт): Термин шығармашылығында бұдан кейін туысқан түркі тілдерінің (әсіресе терминология дәстүріне бай жазба тілдердің) озық тәжірибиелерінен, терминдік өрнек-үлгілерінен, оңтайлы да үйлесімді сөз жасау модельдерінен мүмкіндігіне қарай пайдалану.

5 принцип (бұрынғы принциптің жаңаша баяндалуы): Тіліміз үшін қажет, бірақ дәл баламасы жоқ, аударуға келе бермейтін интернационалдық терминдер мен атауларды қазақ тілінің өз ерекшеліктеріне икемдеп қабылдау.

6 принцип: Орыс тілінен (жалпы славян тілдерінен) енген терминдік атауларды мүмкін болғанынша қазақшаға аударып қолдану; аударуға келмейтіндерін бұрынғыдай сол қалпында емес, қазақ тілінің фонеморфологиялық ерекшеліктеріне үйлестіре қабылдау.

7 принцип (қысқартылған терминдер мен атаулар жайында): Салалық күрделі терминдер мен атауларды қазақ тілінің өз негізінде алғашқы әріптері мен буындары бойынша (сөз араластырып та) кеңестік интернационалдық термин-атаулардың үлгісімен қысқартып қолдануды заңдастыру.

8 принцип: Күн санап толассыз туындап жатқан терминдік ұғымдарға тілімізден дәл балама іздеуде де, термин-атауларды жаңадан жасауда да жалпы терминдерге тән талаптарды сақтай отыра, дәстүр мен шарттылық заңдылығын мойындау.

9 принцип: Тілімізге қабылданатын терминдер мен атаулардың мағыналық, тұлғалық жағынан жақындарын өзара топтастырып, салыстыра отырып, лексикалық байлығымызды салалық жүйе бойынша жіктеп, саралап пайдалану.

10 принцип: Тіліміздегі ұлттық және интернационалдық термин-атаулардың сандық және сапалық ара салмағын табиғи қалыпта сақтаудың жолдарын іздестіру.

11 принцип: Терминдер мен атауларының емлесін тіл заңына, жазу дәстүріне сәйкес реттеу қажет деп санамалап көрсетіп береді [4].

Қазіргі қазақ тілі терминологиясы жылдан-жылға дамуының нәтижесінде күрделене түскен. Дегенмен, ғалымдар арасында екі түрлі пікір бар. Бірі – термин атаулының бәрін ұлт тіліне аудару қажет десе, екіншісі – халықаралық терминдерді аудармай, сол қалпында қабылдауды ұсынады.

Терминология саласында жоғарыда көрсетілген принциптерді басшылыққа алудың маңызы зор. Аталған принциптердің негізінде ғылым тілін ұлт тілінде жасауға болады. Терминдік жүйеде бұрыннан қалыптасып, тілде кең орын алған халықаралық терминдер саны лингвистикалық терминдер арасында да басым. Алайда олардың барлығын аударма тәсілі арқылы ұлт тіліне бейімдеудің өзінде шарттылықтың болғаны дұрыс. Халықаралық терминдік бірліктерді жаппай аудару керек емес. Өйткені әлемдік лингвистиканың деңгейіне қазақ тіл білімін көтеретін болсақ, халықаралық терминдердің де қолданыста жүруін заңды деп тану қажет.

Ө. Айтбаев қазақ тілінде терминдік қорды жетілдірудің негізгі 3 бағытын көрсетеді: 1) өз сөздік құрамымыздың ішкі мүмкіндігін сарқа пайдалана алатын ұлттық тіл жасау; 2) дайын терминдер беретін немесе калькалау тәсілін ұсынатын орыс тілін пайдалану; 3) дайын күйінде термин беретін немесе калькалау тәсіліне ерік беретін халықаралық терминдерді, орыс тілі немесе өзге тілдер арқылы енген кірме терминдерді пайдалану [1,153]. А. А. Реформатский терминдердің экспрессивті мағынасынан қашу

үшін терминге қойылатын талаптарды сақтай отырып, терминдерді дәл тұлғасымен беріп, нақтылай түсу үшін мүмкіндігінше интернационалдық терминдер болып саналатын грек, латын тілдерінің материалдарын көбірек пайдаланып, термин ретінде қалыптастыру қолайлы деген тұжырым айтады [7, 46].

Ғалым Н.Сауранбаев қазақ тілінің терминжасамының өнімді жолдары ретінде екі тәсілді көрсетеді: «біріншісі – сөзбе-сөз аудару, екіншісі – сөздің немесе сөз тіркесінің мазмұнын ғана қазақшалау» [6,66].

Лингвистикалық терминдердің жасалуына қатысты отандық және шетелдік ғалымдардың пікір-көзқарастарын қорытындылай келе, лингвистикалық терминдер табиғатына тән мынадай негізгі белгілерді атап, тұжырым жасауға болады. Сонымен лингвистикалық терминдер:

- тілдегі терминологиялық қордың бір бөлігі;
- лингвистика ғылымының әлеуетін көрсететін бірлік;
- құрамы түбір, туынды, күрделі (тіркесті) тұлғалар арқылы жасалады;
- тіл білімінің негізгі терминологиялық жүйесін құрайды;
- сан жағынан шектеулі;
- мағынасы сала мамандарымен қатар, көпшілікке түсінікті жалпыхалықтық сипатқа ие;
- қолданылу жиілігі жоғары [2].

Алаш зиялыларының да терминологияға қосқан үлесі зор. 1912-1925 жылдары, айналдырған 10-15 жылдың аралығында, қазақ зиялылары қазақ тілінің ұлттық терминологиясын қалыптастырды деуге болады. Бұған дәлел – барлық салалардағы сол зиялылар қалыптастырған терминологияның 95-98 пайызы ұлттық терминдер болды, қалған аз ғана бөлшегі – кірме сөздер. Ахмет Байтұрсынұлының 1912 жылы жарық көрген «Оқу құралындағы» терминдер үлгісімен Елдес Омаров – геометрия саласында, Халел Досмұхамедов – медицина мен биология саласында, Мағжан Жұмабаев – педагогика, Жүсіпбек Аймауытов – психология, Қаныш Сәтпаев алгебра саласында терминдер жасады. Мысалы, Ахмет Байтұрсынұлы қалыптастырған «одағай сөз» терминін Елдес Омаровтың геометриялық терминдері арасынан кездестіруге болады, онда «одағай сан» деген термин болған, алайда бұл қазір қолданылмайды.

А. Байтұрсынұлының 1912 жылы жарық көрген «Оқу құралының» өзінен буын, дыбыс, нүкте, дауысты дыбыстар, жарты дауысты дыбыс, дәйекші, жіңішкелік белгісі, хәріп (әріп) сияқты терминдерді кезіктіруге болады. Ал 1914-1915 жылдары және одан кейінгі жылдары 1928 жылға дейін бірнеше дүркін басылып тұрған «Тіл құрал» оқулығында бүгінгі күнге дейін қолданылып жүрген және қолданыла беруге тиіс зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, қосымша, жалғау, жұрнақ сияқты жүздеген терминдер кездеседі. Ғалым әдебиеттану терминдерін жасай

отырып, олардың ғылыми терминге тән анықтамасын беріп отырған. Мысалы, «Айшықтың әрбір тақтасы шумақ деп аталады. Жұрттың бір ауыз өлең дейтіні шумақ болады, әр шумақта бірнеше тармақ болады. Тармақ дегеніміз – өлеңнің әрбір жолы. Тармақ ішінде бірнеше бунақ болады. Бунақ дегеніміз өлеңді айтқанда сезілетін дауыс толқынының соқпа-соқпасының арасы. Бунақ ішінде буын болады» (Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш// А. Байтұрсынов шығармалары. – Алматы, 1989. – 192 б.) Бұл мысалда, ғалым біріншіден, өлеңнің құрылым-құрылысын (түр-түрпатын – А. Б.) анықтаған, екіншіден, әрбір ұғымның өзіндік ерекшелігін, басты белгісін, іргелес өзге ұғымдардан айырмасын көрсететін анықтама берген. Яғни әрбір ұғымның мазмұны мен көлемін анықтаған; үшіншіден, әр ұғымның ғылыми атауын (айшық, шумақ, тармақ, бунақ, буын) жасаған; төртіншіден, терминдердің жүйелілік ерекшелігін ескере отырып, жалпы қолданыстағы бір үлгімен жасалған (модель) сөздерді термин ретінде пайдаланған; бесіншіден, ғылыми ұғымдардың арасындағы жүйелілік құрылымдық байланысты көрсеткен. Дәлірек айтқанда, айшықтың – шумақтан, шумақтың – тармақтан, тармақтың – бунақтан, ал бунақтың – буыннан құралатындығын сатылай көрсету арқылы ұғымның микрожүйесінің өзіндік табиғатын танытқан. Бұдан ғалымның өзі зерттеп отырған ғылым саласындағы ұғымдар жүйесінің ішкі байланысы мен ерекшелігін терең білумен бірге, оларды таңбалауда тілді өте шебер пайдалана алғандығы анық көрініп тұр. «Әдебиет танытқыштан» мұндай мысалдарды әлі де көптеп келтіре беруге болады. Ғалым қазақ тілін оқыту әдістемесінің де негізін қалаушы ретінде бұл салаға қатысты көптеген терминдерді жасаған: әдіс, әдісқой, сауаттау әдісі, жалқылау әдісі, жалпылау әдіс, жалқылау-жалпылау әдіс. А. Байтұрсынұлының қазақ тілінің сөзжасам тәсілдерін анықтаумен қатар, ол тәсілдерді термин жасауда пайдаланудың жарқын үлгісін көрсеткендігін оның қаламынан туындаған жүздеген терминдері дәлелдейді. Мәселен, ғалымның жұрнақ, жалғау, буын, шумақ, тармақ, рай, мүше, әдіс, т.б. осылар сияқты терминдері семантикалық тәсілмен, жақша, сызықша, көсемше, есімше, дәйекші, буыншы, бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, пысықтауыш, толықтауыш, әуреленіс, күліс, әлектеніс, әліптеме, зауықтама, мазмұндама, ермектеме, қорытпа, ұсынба, сұқтаным, азаптаным, жалғаулық, есімдік тәрізді көптеген терминдері морфологиялық тәсілмен, ал дауыссыз дыбыс, дауысты дыбыс, қатаң дыбыс, ұяң дыбыс, түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, қаратпа сөз, қыстырма сөз, мезгіл пысықтауыш, мекен пысықтауыш, сын пысықтауыш, тұрлаулы мүше, тұрлаусыз мүше, салалас сөйлем, сабақтас сөйлем, жалаң сөйлем, жайылма сөйлем, болымды сөйлем, болымсыз сөйлем, толымды сөйлем сынды терминдер тобы синтаксистік тәсілмен жасалған. Бұл аталған терминдердің кейбіреулері орыс тіліндегі терминдердің негізінде калькалану арқылы (дауысты дыбыс, дауыссыз дыбыс, қос сөз, т.б.) жасалғандығы

аңғарылып тұр. Бұдан ғалымның калька тәсілін де ұтымды пайдаланғанын көруге болады. Г. Ц. Пюрбеев «Калькалау арқылы термин жасау өте күрделі мәселе. Аударманың сәтті шығуы үшін өзге тілдегі сөздің (сөз тіркесінің) семантикасын, морфологиялық құрылысы мен қолданылатын саласын жақсы білу керек» деген болатын. Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінен қимыл атау формасымен келетін аңдау, ауыстыру, әсірелеу, әсерлеу, байымдау, бейнелеу, бүкпелеу, дамыту, кейіптеу, көріктеу, меңзеу, теңеу, түйдектеу, үдету, шендестіру сияқты әдебиеттану терминдері мен демеу, жалғау, үстеу, шылау тәрізді тіл білімі терминдерін көптеп кездестіруге болады. Заттық ұғым мен процестік ұғымды ұштастырып тұратын мұндай терминдерді жасау осы ғалымнан бастау алып, бүгінгі қазақ терминологиясындағы термин жасаудың өнімді бір үлгісіне айналғанын аңғарамыз. Бұл терминдердің қайсыбірі (мысалы, ауыстыру, теңеу, т.б.) тілде бұрыннан бар сөздердің терминденуі арқылы жасалған болса, кейбіреулері (мысалы, лептеу, ойлаамалдау, т.б.) сол үлгімен, яғни етістік түбіріне – у жұрнағын жалғау жолымен жасалынған. А. Байтұрсынұлы жасаған терминдерді қазіргі қолданысқа толық қанды енгізер болсақ, талай терминдеріміз қазақы қалпына түскен болар еді. Алайда әлі де ауыстыруды қажет ететін терминдер баршылық. Мысалы: ғаныш – гипс, тәкапарлар бұлшық еті - мышца гордецов, кезеген жүйе – нерв блуждающий (медицина); піспек - поршень, ішпек – подшипник (техника) тағы басқалар. Медицина терминдері ішінде, айталық «клетка» термині 1992 жылы «жасуша» болып бекітілді. Ал 2000 жылы жарық көрген Қазақша-орысша, Орысша – қазақша терминологиялық сөздікте (медицина) ол – торша деп алынған. Тіптен көптеген оқулықтарда клетка сол клетка күйінде қалдырылған. Әрине, соңғы кездері бұл терминнің алғашқы нұсқасы қолданысқа батыл еніп келеді. Алайда, әртүрлі оқулықтардан білім алған, оқушылар мен студенттердің емтихан, сынақ тапсырған кездегі жағдайы қалай болатыны түсініксіз. Сондай-ақ кәдімгі мех сөзі бірде – тері деп, (мәселен – аң терісі), бірақ адамға қатысты – кожа), бірде үлбір деген атауға ие болып жүр. Бір қарағанда тері термині көңілге қонымды сияқты. Бірақ, айталық қоянның үлпілдеген жүні бар терісі мен қолтырауынның бұжыр-бұжыр терісін теңестіре алмайсыз. Сондықтан сірә, аң атаулының терісіне үлбір термині қолданылып жүр. («Үлбір» сірә, үлбіреп тұру, үлбіреу деген мағынадан туса керек.) Алайда, аюдың терісі үлбіремейді. Сәтті балама табылмай жүрген сөздердің бірі раздел – бөлім, отдел – бөлім – часть – бөлім; отделение – бөлімше, подразделение – бөлімше (подразделениенің – отделениеден анағұрлым үлкен екені белгілі). Аталған сөздер әсіресе қатарласа, қабаттаса келген кезде аудармашылақ қиналып қалып жатады. Договор – шарт, условия – шарт (Условия договора), утверждение – бекіту, закрепление – бекіту (утвердить закрепление), служба – деятельность, функцияның да жағдайы осындай. Оған қоса жекелеген аудармашылар, тілшілер тарапынан қолдану

қалпына еніп кеткен халықаралық терминдерді зорлап ұлттандыруы қарын ашырады. (Әрине, олар ұғымды дәл беріп, сіңісіп кетіп жатса қарсылық жоқ). Мәселен, шайтанарба-мотоцикл; телефон – сымтемір, шылдырлауық қорап; радио – үнжария; ауыз тартқы – маска; директор – мүдір; министр – уәзір; тираж – ұзынсан; техника – жасалым; рецепт – ішірткі; шаптырма – фонтан; қылтима – балкон; бағдаржол – алгоритм сөздерін осы аудармалы баламасымен бекіте салу асығыстық болар еді. Сондай-ақ өлшем бірлігі: граммды – мысқал деп алсақ – дейді аудармашылар. Бірақ халықаралық терминдерді осы күйінде қалдырған дұрыс болар.

Ойымызды қорыта айтқанда, терминделуші ұғым мен терминденуші сөзді сәйкестендіру үшін ұғымдар жүйесіне де, терминдер жүйесіне де бірдей мән беру термин жасаушыға аса қажет. Әрине, терминдерді жасауға барша халық қатыстырылуы керек. Бірақ, олар салалық мамандардың, тілшілердің сүзгісінен өтсе ғана қазіргідей олқылық тумас. Тіл де тірі организм секілді үнемі даму, өсу үстінде болады. Ал, қазақ тілінің жайына келетін болсақ, Қазақстан Республикасының Президентінің «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» деген ойын термин жасаушылар есінен шығармаса, осындай олқылықтар болмас та еді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Айтбайұлы, Ө. А.** Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. – Алматы, 1988. – 208 б.
- 2 **Жиренова, С. А.** Лингвистикалық терминдердің терминологиялық принциптерге қатысы. // М. Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік университетінің Хабаршысы – №3 желтоқсан.
- 3 **Қалиев, Ғ.** Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. Алматы : Сөздік-Словарь. 2005. – 440 б.
- 4 **Қайдаров, Ә.** Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы : Рауан, 1993. – 43 б.
- 5 **Құрманбайұлы, Ш.** Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері (Барлық сала мамандарына арналған әдістемелік құрал). Алматы : Сөздік-Словарь, 2005. – 240 б.
- 6 **Сауранбаев, Н. Т.** Қазақ тіл білімінің проблемалары. – Алматы : Ғылым. 1982. – 352 б.
- 7 **Реформатский, А. А.** Что такое термин и терминология? // Вопросы терминологии. – М. : Наука, 1961. – С. 46-54.

Материал 11.11.14 баспаға түсті.

Б. М. Кадырова, А. Ербол

Проблемы казахской терминологии

Павлодарский государственный университет
имени С. Торайгырова, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 11.11.14.

B. M. Kadyrova, A. Erbol

Problems of Kazakh terminology

S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar.
Material received on 11.11.14.

В данной статье, рассматривая основные проблемы казахской терминологии, анализируются основные принципы составления терминов.

In this article, the basic principles of terms-making are analyzed based on the consideration of the major problems of Kazakh terminology.

ӨОЖ 81'373

Д. Е. Капанова

к.ф.н., доцент, кафедра иностранная филология и переводческое дело,
Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова,
г. Павлодар

ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ-МӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Автор осы мақалада фразеологизмдердің ұлттық-мәдени ерекшеліктерін қарастырады.

Кілтті сөздер: фразеология, болмыс, танымдық, интеллект, рухани мәдениет, ұлттық ментальдық өріс, семантикалық, эмоционалдық-экспрессивті, номинация.

Қазақ фразеологиясын зерттеуге үлкен үлес қосқан қазақтың көрнекті ғалымы І. Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» атты көлемді еңбегі тек қазақ тіліне ғана емес, бүкіл түркологияға қосылған қомақты еңбек деп айта аламыз.

Ғ. Смағұлова өз еңбектерінде «Әр адам ұлт тілінің өкілі ретінде өз болмысы мен танымдық, интеллект қасиеттері арқылы дараланып көрінеді.

Әрі сол ұлт тілін дамытуға, сөздік құрамын байытуға үлес қосады. Яғни ұлттық рухани мәдениетін қалыптастыруда жеке тұлғаның ықпалы ерекше. Бұл әсіресе ұлт тіршілігінен және ұлттық ментальдық өрісінен хабар ететін фразеологизмдердің мағыналас түрлері мен қатарларын анық байқатады» деп атап көрсетеді.

Осы мақаламызда біз қазақ тіліндегі фразеологияның мағыналас қатарларының топтарын жіктеу және сол фразеологизмдердің ұлттық-мәдени ерекшеліктерінің мәнін ашып көрсету болып табылады.

Тіл-тілдің қай-қайсы болмасын өмірдің кез- келген саласын қамтып, ішкі мазмұны жағынан өте бай болып келетін, өзіндік құрылымы мен мағынасы тұрғысынан тілімізге мәнерлі рең беретін тұрақты сөз тіркестері көп кездеседі. Сөздердің өзара тіркесу қабілеті әр түрлі, кейбір сөз аз сөзбен, кейбір сөз көп сөзбен, кейбір сөз тек бір сөзбен тіркеседі. Бірқатар сөздер тек фразеологиялық тіркес құрамында қолданылады. Осы орайға байланысты сөздердің семантикалық шектеулі тіркестігі мәселесіне және фразеологиялық тіркестердің жасалу жолдарына, олардың кейбір ерекшеліктеріне тоқталуды жөн көрдік.

Фразеологизмдердің семантикалық тақырыптық топтарын сөздердің тақырыптық семантикалық топтарымен салыстырғанда фразеологиялық топтардың үлес салмағы сан жағынан шектеулі, аздық етеді. Фразеологизмдер сөздер сияқты тіршіліктің барлық саласын қамти алмайды, дүниенің кез-келген ұғымына атау номинатив бола алмайды, ол тек өрісінде, өз жағдайында құбылыстар мен заттар, адамның көңіл-күйін эмоционалдық-экспрессивті бағалауда образды елестетумен, туынды номинация жасаумен шектеледі. Ал сөз болса, оның жүрмейтін жері жоқ. Ойлау мен ұғымның шексіздігін жеке сөздер ғана қамти алады. Солар арқылы әлемнің тілдегі көрінісі нақтыланады.

Әуел баста мағыналас фразеологизмдерінің мысалдарын жинастырғанда синоним қатарлары мол екендігіне сенімді болдық. Бірақ, фразеологиялық фактілерді жинай келе байқағанымыз: барлық мағыналас қатарлардың семантикалық, мағыналық топтары түгелге жуық адам, оның іс-әрекеті, фразеологиялық қалпы мен жағдайы, түрлі сезімдерге қатысты психикалық процестер мен содан туатын ұнамды, ұнамсыз эмоция түрлеріне негізделген картина шықты. Бұдан тілдік құбылыстарда әсіресе фразеологизмдер жағдайында «адамды тіл ішінде зерттеу» – оның мағыналас фразеологизмдерінің қатарында ең жоғарғы сатыда жүзеге асырылатыны туралы қорытынды жасауға болады. Себебі мағыналас қатар ішіндегі әр фразеологизм – әр образ. Тіпті образдар жинағы деп атауға да болады. Ал әр образдылық – әр адамның дүниені қабылдаудағы өзіндік санасы мен болмысынан туатын ерекшелік. Тіпті бірдей образдылықты екі түрлі адам бір мезгілде жасай қоюы екіталай. Себебі адам бойындағы сезім саласындағы

айырмашылықтар түрліше. Тұрмыс жағдайы, білім деңгейі, жас мөлшері, қоршаған орта әсері де ықпалын тигізеді. Қалыпты, күнде көріп жүрген, болып жатқан дүние құбылысын әр адам әр түрлі қабылдап, баға береді. Мәселен: *бармақ басты, көз қысты, жең ұшынан жалғасты, көз жұмбайға салды, құлқына тықты, аузын алды, мұртын майлады, көмейін тығындады* сияқты мағыналас тіркестер сезім дүниесінің тіпті қоғамдық болмыс, сипатқа да қатысын білдіреді.

Жалпы фразеологиялық қорды зерттеуші ғалымдардың пікірі бойынша фразеологизмдердің идеографиялық бөлінісінде басқа бөліктерге карағанда «Адам оның әрекеті, сезімі» сияқты бөліктер үлгісі жоғарыда тұратындығын бір ауыздан мақұлдайды.

Қазақ тіліндегі мағыналас фразеологизмдер қатары бұл айтылған пікірлерді өзіндік ерекшеліктерімен толықтырып, қуаттайды.

Қазақ халқы өзіндік ұлттық ойлау ерекшелігі – дүние шындығын көркем образбен қабылдауы, шешендік сөз өнерін ұлт ментальдығы ретінде көрсетуде, қала берді табиғат аясындағы көшпелі өмір салты – бәрі «ішімдегінің бәрі – тілімде, тілімдегінің бәрі – түрімде» дегеніндей қазақ ұлттының психологиялық болмысын байқатады.

Сонымен қазақ фразеологиясындағы мағаналас қатарлардың топтарын тілдегі адамдық фактор тұрғысынан мынадай фразео-семантикалық өрістерге жіктеуге болады:

1) Адамның жағымды, жағымсыз қимыл әрекеттеріне негізделген фразеологизмдер қатары.

2) Сезім әрекеттеріне қатысты жасалған фразеологизмдердің тақырыптық мағыналас топтары.

3) Адамның физикалық қалпын бейнелейтін фразеологизмдер.

4) Адамның сөйлеу дағдысы түрлерін сипаттайтын фразеологизмдер.

5) Адамның жеке басына тән қасиеттері туралы жасалған фразеологизмдер.

6) Адамның қоғамдағы әлеуметтік жағдай, орны, тұрмысы туралы фразеологизмдер.

7) Адамның сыртқы түр-әлпеті, жас мөлшері жөнінде қалыптасқан фразеологизмдер.

8) Уақыт, кеңістік, өлшемге байланысты туған фразеологизмдер.

9) Киім, тамақ, денсаулыққа байланысты туған фразеологизмдер.

10) Табиғат құбылыстарының, ауа райына қатысты жасалған фразеологизмдер.

11) Тілек – бата, ырым-садақаға байланысты айтылатын фразеологизмдер.

12) Еңбек, өмір, тағдыр, дүние туралы айтылатын фразеологизмдер.

Ал тамаққа байланысты, оның ішінде «нан» атауына байланысты туған фразеологизмдер. *Нан және нан* тағамдары атауларының бір ерекшелігі,

олардың семантикалық аясы өте кең болып келеді, сондықтан болар бұл атаулар мақал-мәтел, фразеологизмдерде жиі қолданылады. Мысалы:

нан ұрсын/атсын – қарғыс. Өтірік айтсам нан атсын (Ауыз екі тіл). *көкірегіне/кеудесіне нан пісті*. Өр көкіректік істеді, асып-тасып ешкімді менсінбеді. Деміне нан піскендей кей мәнсіздің (Айтқыс).

нан соғар – арам тамақ адам жөнінде.

нан ұстап ант ішу – қолына нан ұстап ант беру. Көне дәстүр бойынша, түркі халықтарында мұндай ант беру түрі өте жауапты саналған. Өйткені нан құраннан да жоғары деп есептелген.

жеті нан құдайы беру – жеті шепек пісіріп, садақа беру. Діни наным-сенім бойынша, мұндай садақа түрлі апат, тіл-көзден, аурудан сақтаған.

нандай илеу – қалай болса солай қорлау, билеп-төстеу.

нанын тауып жеу – жанын бағу, күнін көру.

наны таусылу – өлім қаліне жету, тататын дәмі біту.

нан бар жерде – жан бар және тағы басқалар.

Түркі тілдерінде *нан* тағамдары дайындау технологиясымен ғана емес, сонымен қатар қолданылуымен де ерекшеленеді. Мысалы: *шелпек* – «майға пісірілген жұқа нан» қазақ, өзбек, тәжіктерде адам қайтыс болғанда, не жұма күндері дайындалса, түркімендерде үйлену тойына, бала дүниеге келгенде пісіріледі. Қазақтарда бала қырқынан шыққанда қырық шепек пісіріледі.

Қорыта келе, барлық халықтарда, оның ішінде, түркі халықтарында да, *нанның/нан* тағамдарының орны ерекше. Сондықтан болар белгілі ғалым И. П. Павлов өзіне Нобель сыйлығын тапсырған кезде: “недаром над всеми явлениями человеческой жизни господствует забота о хлебе насущном. Он представляет ту древнейшую связь, которая соединяет все живые существа в том числе и человека, со всей окружающей природой” деген.

Қорыта келе айтарымыз, фразеологизмдердің ұлттық-мәдени ерекшеліктері жайында мынаны айтуға болады. Фразеологизмдердің семантикалық топтары сөздердің тақырыптық семантикалық топтарымен салыстырғанда фразеологиялық топтардың үлес салмағы сан жағынан шектеулі болып келеді.

Жоғарыда айтып өткеніміздей фразеологизмдер сөздер сияқты тіршіліктің барлық саласын қамти алмайды, ол тек өз өрісінде өз жағдайында құбылыстар мен заттар, адамның көңіл-күйін эмоционалды – экспрессивті бағалауда образды елестетумен шектеледі. Ал сөз болса, оның қолданылмайтын жері жоқ, ойлау мен ұғымның шексіздігін тек жеке сөздер ғана қамтиды.

Фразеологизмдер әлі де болса, жан-жақты зерттеуді қажет ететін тіл білімінің күрделі саласы.

- 1 **Айдаров, Т.** Қазақ тілінің лексикалық ерекшеліктері. Алматы : Ғылым, 1975.
- 2 **Аргынбаев, Х. А.** Народные обычаи и поверья казахов, связанные со скотоводством //Хозяйственно-культурные традиции народов Средней Азии и Казахстана. – М., 1975.
- 3 **Болғанбаев, Ә., Қамышұлы, Ғ.** «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» А. : «Санат» 1997.
- 4 **Жилкубаева, А. Ш.** Термины питания в казахском языке: Дисс. ...канд. филол.наук. Алма-Ата, 1991. – 211 с.
- 5 **Ершов, Н.** Пища /Таджик Каратегина и Даваза. – Душанбе, 1976.
- 6 **Кеңесбаев, І.** «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі».
- 7 **Смағұлова, Г.** «Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері» А. : «Ғылым», 1998.
- 8 **Смағұлова, Г.** «Фразеологизмдердің варианттылығы» А. : «Санат» 1996.

Материал 21.11.14 баспаға түсті.

Д. Е. Капанова

Национально-культурные особенности фразеологизма

Павлодарский государственный университет
имени С. Торайгырова, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 21.11.14.

D. E. Kapanova

National-cultural peculiarities of phraseological units

S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar.
Material received on 21.11.14.

Автор данной статьи акцентирует внимание на национально-культурные особенности фразеологизмов.

The author of this article focuses on the national-cultural peculiarities of phraseological units.

Б. Қ. Қапасова¹, Р. М. Муталиева²

¹ф.ғ.к., профессор, журналистика кафедрасы, ²ф.ғ.к., профессор, қазақ филологиясы кафедрасы, С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ КӨРКЕМ БЕЙНЕ ФИЛОСОФИЯСЫ

Мақалада қазіргі қазақ прозасындағы кейіпкер философиясының белгілері, мінез сипаттары мен психологиялық ерекшеліктері талданады.

Кілтті сөздер: кейіпкер, көркем шығарма, көркемдік ой, қоғам, әлеуметтік, таным, белгілер

Көркем шығарманың негізгі өзегі – кейіпкер. Кейіпкер арқылы шығарманың тақырыптық-идеялық және көркемдік сипаттары ашылады. Кейіпкер – көркем әдебиетте шығармада бейнеленетін уақиғаға қатысушы.

Әдебиетте адамның көркем бейнесін суреттегенде, жазушы оның кескін-тұлғасын, іс-әрекетін, мінезін сол ортаның, дәуірдің өзгешеліктерін танытатын типтік сипаттармен қатар өзінің басына ғана тән ерекшеліктерді де (әсіресе, жүріс-тұрысындағы, сырт келбетіндегі, сөйлеу мәдениетіндегі) анық байқалатындай етіп көрсетеді. Көркем бейненің әдеби өзгешелігі қоғамдық өмірдің ішкі сырын, мәнін ашып беру үшін қандай қажет болса, оның даралық, жекелік сипат-белгілері адам тұлғасын, іс-әрекетін, мінез-құлқын көзге айқын елестету үшін, нақтылы қалпында көріп-білу үшін сондайлық қажет. Атап айтатын нәрсе – көркем бейнеге тән типтік және даралық сипат-ерекшеліктер нақтылық, даралық қалпын сақтай отырып, типтік мағынада алады. Қоғамдық ортадағы басқа адамдарға тән қасиетті танытады. Кейіпкердің типтік бейнесін суреттеу қоғамдық өмірді терең, жан-жақты зерттеп білгенде ғана ұтымды болады. Типтік бейненің сипаты неғұрлым арта түскен сайын, оның өмір танытарлық күші де солғұрлым арта түседі. Кейіпкердің ерекшелігі оның сөзінен, ісінен, қимыл-қозғалысынан байқалады. Көркем повестерде баяндалатын оқиғаға қоса, оқиғаның өрбуі де кейіпкер тұлғасын қалыптастыруда үлкен міндеттер атқарады. Повесте кейде өзгелерден көбірек, жан-жақты толық суреттелетін басты кейіпкерлер болатыны байқалады. Бірақ көлемді көркем шығармада, әдетте, бір емес, бірнеше, тіпті ондаған адамдардың бейнесі мүсінделеді.

Адам мінезін, тұлға, бейнесін өзгеріс, даму үстінде алып, өмірлік күрес-тарғыспен ұштастырып көрсету – бұл реализм әдісінің ең бір ұтымды

жағы. екі бөлек жатқан, екідай болып ажырап көрінетін ерекшеліктер емес. Кейіпкердің іс-әрекетіндегі, мінезіндегі көптеген жекелік-сипат белгілер өзінің Әдебиет – өнердің сөзді қолданатын түрі, адам жаны мен ішкі әлемі сезім арқылы беріледі. Философия – ойдың, тұжырымның нәтижесі. Әдеби характер немесе мінез (грек. Charakter – мінез, ерекшелік) – көркем шығармадағы кейіпкердің мінез бітімі, ой-сезім дүниесіне тән психологиялық, моральдық сипат-ерекшеліктері. Әдеби мінез адамның өмірдегі мінез, қимыл-әрекет өзгешеліктерін жинақтап, екшеп, типтік дәрежеге көтеріп, сомдап бейнелеу арқылы жасалады. Сондықтан оны жекелеген қасиет-сипаттардың қосындысы деп санамай, солардың бірлік-тұтастығы, синтез деп қараған жөн. Реалистік қаһарманға тән характерді алдымен қалыптасу, өзгеріп-өрістеуі тұрғысынан алып түсіну, бағалау орынды, және осыған қоса оның өз ішкі диалектикасы да болатыны ескерілуі қажет. Мінез белгілі қоғамдық жағдайда қалыптасады, сол ортаға, өз уақытына сәйкес болады. Адамның мінез-құлқы, оның әрқилы кезеңдегі сынға түсетін екіұдай жайда өзін қалай ұстап, қандай әрекет ететіні ой-өрісіне, сана-сезіміне байланысты. Осыған орай әдеби шығармада мінез күрес-тартыс үстінде, кейіпкердің іс-әрекеті, ой-ниеті, мақсат-тілегі арқылы көрініс тауып анықталады. Кейіпкердің бір- бірімен қарым-қатынасы олардың мінез ерекшеліктерін барынша толық аша түседі. Әдеби кейіпкердің мінезі шығармада оның іс-әрекеттерін реттеу арқылы, психологиясы, жан дүниесі тікелей бейнеленуі арқылы айқындалып, сондай-ақ сыр-сымбатын, бой-тұлғасын, бет-әлпетін, сөйлеу ерекшелігін көрсету, яғни жанама мінездеу арқылы жан- жақты ашыла түседі. Кейіпкердің тұлғалық қалпының ашылуы көркем шығарманың қоғамның қай кезеңін суреттеуіне де байланысты. Қоғам талаптары мен сұраныстары, қажеттіліктері мен қайшылықтары, қатынастары мен әлеуметтік орта сипаттары кейіпкердің қабылдауы мен түсінуі, тануы мен сезінуі, қарым-қатынасы мен көңіл иірімдері арқылы ашылады. Сондықтан да әдеби шығарма – қоғамның көркемдік көрінісі, әлемі болса, кейіпкер – сол көркемдік әлемнің бар суреті мен бояуын, ішкі сезімдерін танытушы. Әдебиеттің өнер түрі екені рас, дегенмен, әдебиет өнер үлгісі ретінде көркем сөзді құбылтудың сезім мен көңіл пернелерін сөз арқылы жеткізудің үлгісі болып табылады. Сөз – көркем үлгіде ғана сезім мен көңілдің айнасы. Көркем бояулар мен айшықты өрнектер адамға эстетикалық ләззат береді, рухани нәр болады, жан сезімінің қылын тербетеді. Қазақ әдебиеті көркем де бай, айшықты да, бояулы екені белгілі. Ендеше, әдебиеттің ертеден келе жатқан келесі бір белгісі – астарлы ой мен терең тұжырымның көзі. Қазақ әдебиетінің бай лексикалық қоры мен сөзді құбылту, айшықты қолдану, көркемдеу, әсірелеу – сөз өнерінің де ерекше қалыптасуына негіз болғаны белгілі. Осы тұста қазақ әдебиетінің көркем өнерінің кемел ой мен өмір, табиғат, жаратылыс, әлем жөніндегі мәселелерге қатысты терең талғамды

тұжырымдары әдебиеттің философиялық қызметін де танытады. Бар қазынасын сөз өнеріне жинаған қазақ халқында – философиялық ой мен түсінік, тұжырымдар әдебиетінде. Жер әлемдегі барша халықтың алғашқы философиялық, жаратылыстану, психологиялық, қоғамдық ғылымдарының бастауында сөз өнері тұрғаны белгілі. Батыс елдері ғылымдар интеграциясын ерте кезден бастады. Ежелгі грек философтары сөз өнерін «Риторика» деп ойлаумен, пікірді жеткізу құралдарымен, философиямен байланыстырды. Сөз өнері саясат пен таным, жаратылыс пен ғылым тілі ретінде батыста зерттеуін ерте бастады. Әдебиетті ғылымның барлық салаларымен байланыстыра қарау әдеттегі ғана іс емес, барша табыс кепілі ретінде саналатын елдер әдебиетте де жаңа әдіс-тәсілдер қолданады. Бұл жағынан қазақ әдебиетінде зерттеуге алар мәселелер жеткілікті болғанымен, сөздің ғылым салаларымен сабақтастығы әлі де қолға алынбаған сала. Солардың қатарына әдебиеттің қоғаммен, әлеуметтік талғамдармен байланысы назарға алынады.

Әлеуметтік күреске 20- ғасырдың басында қазақ топырағында орыс мектептерінен оқып шыққан бір үлкен буын қауырт араласты. Сол лектің өкілі – М. Әуезов 1918 жылы жазған «Ғылым тілі» мақаласында өзінің білім дәрежесіне, эрудициясына лайық шамада Руссоның «ғылымда мән жоқ, пайда жоқ» деген пікірінің солақайлығын дәлелдеуге тырысады. Немістің ұлы ақыны Шиллер халық пен өнерді табыстыру үшін қалың қауымды биік эстетикалық өреге көтеру шарт дейді. Бұл ретте ол Руссо тұжырымдарына қосылмайды. Ғылымда диалектиканы қолданғанымен, идеализм арнасында қалған Гегель көркем туындыны, шығармашылықты бағалауда басты критерий – халықтық сипат деп біледі.

Әдебиеттің халықтық сипатын анықтағанда, бөліп айтатын бір арна – елдің өз ішінен шыққан перзенттер қолынан туған, халықтық идеологияны күйтейтін ұжымдық өнер туындылары. Бұған фольклорлық шығармаларды жатқызуға болады. Ауыз әдебиеті сананың балаң кезінде жетекшілік қызмет атқарса да, кейін қоғам тілегінің күрделі талабына ілесе алмай қалады. Екінші арна – дара шығармашылық тұлғалардың шығуы. Әрқашан суреткер ана тілі арқылы өз халқының өмірін, тұрмысын, психологиясын, рухын бейнелемек. Әдебиеттің көркемдік табиғаты, дара сипаты тілмен кіндіктес, өйткені тіл халықтың қоршаған ортаға, болмысқа қарым-қатынасын білдіреді. Сондықтан халықтық сипат белгілі бір елдің әдеби тілі үшін күресінен басталатын кездері болатындығын да айту шарт.

Түркі тілдес әдебиеттердің араб, парсы кітаби тілінен, шағатай тілінен қашу себебі өнерді туған топыраққа жақындату, өмірді ана тілінде бейнелеу үшін күрестен шыққан еді. Бұған ұқсас құбылысты Германиядағы және Ресейдегі дворяндардың француз тілінің әсеріне түсіп кеткен шағынан көруге болады. Суреткердің қай ұлттың ошағында туғаны бірден-бір фактор емес.

Қазақ қоғамы көркем кейіпкер арқылы заман бет-алысын, тіршілік тынысын, таным көкжиегін танытады. Қазақ әдебиеті тарихының әр кезеңдеріне қарай көркем сөз өнеріндегі кейіпкердің қоғаммен қатынасы түрлі қалыпта ашылды. Ауыз әдебиеті шығармаларындағы дүние, тіршілік жайындағы түсініктерді адам баласының сәбилік шағындағы танымы деген баға беріліп келді. Бірақ бүгінгі зерттеулер бұл балалық болса сәби көңілдің таза сезімтал қалпын танытқан, болашақты дәл болжаған туындылар, қате түсінік болса, балалық емес даналықты көрсеткен шығармалар болуымен ерекше екендігін дәлелдеп отыр. Ауыз әдебиетіндегі персонаждар – бүгінгі күні де мәнді, қажетті әрі классикалық үлгі қатарында әр заманда қайта оралатын бейнелер. 15-18-ғасыр әдебиетіндегі батырлық пен ақындықты жоғары көтерген шығармалар – ауыз әдебиетінің заңды жалғасы. Көшпелі тұрмыстың ел мен жерге тәуелді танымынан туындаған жаугершілік, ел қорғау тақырыптары – сол кезеңнің алсапыраны мен найзаға байланған сөздерін жеткізіп қана қойған жоқ, қоғамның суретін, түсінік, ой-көзқарастарын жеткізді. Жыраулық кезең әдебиетінің кейіпкерлері батыр мен ақынның қоғамдық орнын көрсетуші ретінде де әдебиет жаңа ой өзгеше таным мен тағлым көзі болды. Орта ғасырлардағы ислам мәдениеті жасаған иман мен адалдық, жаратқанға сенімді жүректеріне берік ұялатқан кейіпкерлер де қазақ әдебиетіне жат емес. 19-ғасыр басындағы әдебиетті М. Әуезов зар заман әдебиеті деп атайды да, Абылайдан бастап Абай заманына дейінгі кезеңді қамтитынын айтады. Шортанбайдың осылай аталатын өлеңімен аталған қоғамның көптеген өзіндік ерекшеліктері бар. Қазақ қоғамы орыс патшасы отарына айналғаннан кейінгі кезеңде 1861 жылғы сұлтандықтарды жою жөніндегі жаңа заңмен бірге Ресейдегі крепостнойлықтан (басыбайлылықтан) азат болған шаруаларды қазақ жеріне қоныстандыру саясаты жүргізілді. Қоныстандыру қазақтың ырқымен, ниетімен болған әрекет емес, құнарлы жерлерін күшпен басып алд. Көшпелі тұрмысқа мал шаруашылығына негізделген қазақ үшін бұл заманның үлкен соққысы болды. Орыс саясаты қоғамдық қатынастарды ғана өзгертіп қоймады, қазақ танымына ад, рухани әлеміне де зор сілкініс әкелді. Әдебиеттегі 19-ғасырдағы , нақтырақ айтқанда Махамбет заманындағы қазақы кейіпкердің мінез-құлқының өзгергенін әдебиет арқылы М. Әуезов былай түсіндіреді: « Бұның заманы Абылай заманына да бұзылып кеткен. Бұл күнде бұрынғыша толғау айтып, алыстан қозғап, ой түсіремін деп отыруға болмайды, енді іс қана қалған. Жүрек оқтатып, бекініп, қолға найза алып аттану ғана қалды. Не өлу, не тірілу керек. Тыныс бігіп, тығырыққа қамалған жердегі жалғыз асу – осы. Сондықтан қызулы үгіт сөзбен қалың қазақтың қайраты бар ерлеріне ұран салды» [1,209]. 19-ғасыр әдебиетіндегі кейінгі кезең шығармаларына «Бұқар жырау заманынан келе жақан бұрынғы әлеуметшілдік, ойшылдық сарынына Махамбет заманында ішілдік қосылса, кейінгі ақындардың тұсында жаңа әскер сияқты болып дін мен мәдениет ісі кіре бастайды» [1, 212].

19-ғасыр жаңа Абай заманына сыншылдық, ұлт мінезін сыну мен дұрыс жолды көрсеткен тың үлгідегі әдебиетке жалғасты. Абай өлеңдерінің алдыңғы толқыннан ерекшелігі – жауабын таба алмаған сұрақтар мен уайым да, зар да, қайғы да жоқ. Сол замандағы қазаққа қажет мінез-құлық пен көркем бейне түрлерін ғана жасап кетпей Абай қазақтың қай қоғамына да керек болар көркем қалыптарының үлгілерін ұсынады. Абайдың ұлылық пен даналыққа, қасиет пен құдіретке толы дәстүрі 20-ғасырдың басында Алаш қайраткерлерін тудырды. Алаш қайраткерлерінің қоғамдық-саяси істері әдебиетпен тікелей байланысты болды. Қоғамдық қайшылықтарды саяси-философиялық тұрғыда түсіндірген А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, М. Дулатов шығармалары көркемдік әлемде жаңа бейнені жасады. Бұл ұлт үшін жан қиятын күрескерлер бейнесі болатын. Тарихи шығарманы, философиялық танымды көрсетсе де ұлтжанды, елін сүйер, жұрт ісі жолында қызмет етер бейнені орнықтырып кетті. Бұл топқа халық ісі жолындағы ісін оқу-біліммен, ел көзін ашып, «қараңғылықты Күн болып» ашуды мақсат еткен Сұлтанмахмұт шығармалары да қосылады. Аталған кезеңнің тағы бір ерекшелігі ұлт ісі жолындағы жарқын болашақ үшін майдан күресін қалаған кейіпкерлермен ғана емес, ағарту, оқыту ісін жолға қойған үлгі бейнелермен де артық.

Қазақ әдебиеттану ғылымының теориясы да алғаш рет ұлттық қалыпта осы кезеңде жасалды. А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» еңбегі жазылды. Шығарманың заманға, қоғамға қатыстылығы жөнінде ғалым: «жер жүзіндегі халықтардың тіліндегі шығармалар бір-біріне ұқсас келеді. Ондай ұқсас болатын себебі, олар шыққан заманда халықтың бәрінің, бір атаның қолында өскен балалар сияқты, көргені, өнегесі, үлгісі бір болған. Ол қай халықта болса, табиғат баурайында болып, табиғат тауқыметінде тұрып, табиғат қабағына қарап өмір шеккен. Ол заманда адам табиғат ісіне өзгеше қарап, табиғат күшін өзгеше ұғып, бәріне өзінше мағына берген; ол уақыттағы адамның санасын, саңылауын шамалап білгіміз келсе, бала күйге қайта түсуіміз керек» [2, 409].

20-ғасыр басындағы қазақ әдебиеті өкілдерінің алдыңғы қатары әдебиет пен қоғам, тарих пен философия білімдеріне жетік, жан-жақты оқыған адамдар болғандықтан да, әдебиетті мақсатты түрде қоғам ісімен, адам, кейіпкер философиясымен сабақтастырып алып отырған. Осы тұстағы қоғамдағы ақын міндеті, әдебиет мақсат-мұраты деген сұрақтарға Ж. Аймауытов «Мағжан ақындығы туралы» еңбегінде төмендегідей түсінік береді: «Өзгелерден гөрі әлеуметтің жоғын жоқтайтын ақын болу керек. Өйткені ақын қоғамның қарапайым тырна қатар топас мүшесі емес, өзгелерден гөрі сақ құлақты, сезгіш жүректі, сара ақылды, өткір қиялды мүше. Ақын өзгелердің сезбегенін сезеді, көрмегенін көреді, ойламағанын болжайды, тілі жетпегенін айтып береді. Әлеуметтің, өз табының қатарға кіріп ер жеткені кейін қалып, кер

кеткені өзгеден гөрі ақынға артығырақ батады, ақынның жүрегі өзгеден гөрі көбірек толқиды, көбірек толғанады» [3, 402].

20-ғасырдың бас кезіндегі әдебиеттегі кейіпкер қоғаммен тікелей араласа алған, саяси, қоғамдық істерге баға беретін, болашақты болжап, өз пікірін беретін кейіпкер болуымен өзгеше.

Қазақ әдебиетінің жаңа өзгеріске, тақырыптық-идеялық көкжиегі кеңіген шағы 20-ғасырдың 60-жылдары екені белгілі. Бұл кезеңдегі әдебиеттегі тақырыптың молдығы кейіпкерді де сан түрлі қалпында суреттеді. Көркем бейне түрлі қасиет белгілерімен, мінез-құлық сипаттарымен ерекшеленді. Әдеби шығарманың жанрлық ерекшеліктеріне қарай ауыз әдебиетіндегілердің өзін мифологиялық, ертегілік, әфсаналық, эпостық кейіпкер т.т. деп бөле беруге болады. Ал қоғамға қарай, оған қатысына қарай қазақ әдебиетіндегі тәуелсіздік кезеңі кейіпкерлерін қоғамға қатынасына қарай бес түрге бөлдік. Кейіпкердің қоғаммен қатынасы төмендегідей жіктеледі.

1. Қоғам ыңғайына бейімделген, заман қатынастарын қабылдаған кейіпкерлер.

2. Қоғам талаптары мен ыңғайына еріксіз көнген, қоғамдық қатынастарды борыш, міндет санаудан ғана орындауға мәжбүр кейіпкерлер.

3. Қоғам талаптарына көне алмайтын қарсылықты кейіпкерлер.

4. Қоғамдық қатынастар мен жеке мәселелерді шешуде дәрменсіз немесе түйіні күрмеулі істердің шешілетінінен күдерін үзген, жалғыздыққа бой ұрған кейіпкерлер.

5. Қоғамдық мәселелер шешілмейіне ғана сенген, тіршілікті басқа қалыпта қабылдайтын, өмірден күдер үзген кейіпкерлер.

Көркем кейіпкердің бойындағы мінез бен әрекет, қылық пен іс-қимыл барлығы да көлемді әдеби шығармада түгел жуық жеткілікті жан-жақты ашылады. Автор табиғаттан дап-дайын туа салған қалыпты көрсетуді емес, соған негіз еткен қоғамның заңдылығы табиғаттан кемел қадыр-қасиет арқалап туған адамды жаңа қалыпқа айналдыратынын көрсетуді мақсат етеді. Қоғам – философиялық категория ретінде үнемі даму үстінде болатын адамдар ортасы. Қоғамның дамуының негізгі күші өз заңдылықтары. Ол заңдылықтардың бірі қарама-қарсылықтардың күресі мен бірлігі заңы деп аталады. Қоғам ғана емес, жаратылыс та философияның осы заңына бағынады. Философия жаратылыс пен қоғам заңдарын жасаушы, әрі реттеуші ретінде адамдар арасындағы қатынастағы жоғарыда аталған үш топтың да біріккен, әрі қайшылықты тудыратын әрекеттерін түсіндірсе, әдебиет көркем кестемен суреттейді. Философия ғылым ретінде алғашқы. Оның ерекшелігі барлық ғылымдарға әдіснамалық негіз болуында. Сондықтан да адам өмірін ақылдың идеясы билейді. Қазақ әдебиетіндегі кейіпкер мен қоғам ара қатынасын айқындауда бірнеше қажетті шарттарды еске алу қажеттігі туындайды.

– Әдебиет пен қоғамдық ғылымдар ара жігінің әр қоғамдағы заңдылықтарын айқындау, оның көркем кейіпкерге әсер, ықпалын ашу;

– әлемдік әдебиет пен қазақ әдебиеті кезеңдерін салыстыру: ұлт қажеттілігіне қарай негізгісін сараптау;

– әр қоғам заңдылығы мен шаруашылық қатынастарын ескеру және оны ұлттың қабылдау сипатымен байланыстыру;

– кейіпкер жан-дүниесі үшін философиялық ақыл мен әдебиеттік сезімнің ұштасуы қажеттілігін де ескеру.

Философия қолға ұстап, көзге көрінерлік дәлелдер табылмайтын, таза ақыл шешетін мәселелермен айналысады. Адамның бүкіл өмірінде алған, таныған, сезінген, ұғынған, оқыған білімдері мен таным, сенімдерінің қорытындысын жинақтап береді.

Қай уақытта да адам ақылының аймағы шындықты тазалықты іздеумен кеңейген болса, адамның адамгершілік жүзі де жарқын болады. Осы тұрғыдан келгенде көркем әдебиеттегі кейіпкердің ішкі толқыныстарды шындықты, адалдықты іздеуімен, көңіл пернелерін сезім әсерлеріне жетелейді.

Кейіпкер мен қоғам арақатынастарын анықтауда қолданылатын, еске алар тұс – әдеби шығармалардың бастау көзін әлемдік әдебиетпен бірге алу, сол әлемдік әдебиеттегі қазақ дәстүрі өз таным қалпында сақталуын қадағалау. Әрбір әдеби һәм әлеуметтік құбылыс қайнар көзін ажыратып, даму жолын айқындағанда ғана толыққанды құбылыс атанбақ. Тек сонда ғана тарихи сабақтастық дәрежесіне жетіп, бүгінгі күннен жалғасын табады. Ал әдеби иірімдердің бастауын, даму жолын ажырату, сөйтіп оны бүгінгі өмірмен сабақтастыру алдыңғы қатарға шықты. Қазіргі қазақ прозасында әдебиет философия мен кейіпкер философиясы мәселесі М. Бахтин, С. Высоцкий, В. Пропп, В. Лотман, В. Иванов... сияқты ғалымдар зерттеулеріндегідей жан-жақты қарастырылған жоқ. Егер кейіпкер мен қаламгер қатынасына зер салсақ, қазақ әдебиеттану саласында да бұл қатардағы ғылыми еңбектердің баршылық екендігі ашылады. Тек қазақ әдебиетінде бұл кейіпкер философиясы, әдебиет философиясы деп аталмайды. Толыққанды, қайшылықты кейіпкер бойындағы түрлі мінез сипаттары оның қоғаммен ара қатынасын, сол қоғамға ыңғайлана қалыптасқан психологиялық, танымдық белгілерін береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 **Әуезов, М.** Қазақ әдебиеті [Мәтін] Алматы : Ана тілі, 1991. – 240 б. – ISBN 5- 630-00002-0

2 **Байтұрсынов, А.** Ақ жол Алматы : Жазушы, 1992. – 340 б. – ISBN-5-610-00700-3

- 3 Жұмабаев, М. Шығармалары Алматы : Жазушы, 1989. – 429 б. – ISBN-5-605-00814-5
- 4 Бахтин, М. М. Теория словесности Москва, 1994. – ISBN 978-5-9551-0500-0
- 5 Зарифьян, И. А. Теория словесности: 1790-1923 // Риторика. – 1995. – №1. – 1987 ISBN 5-07-001207- X

Материал 17.11.14 баспаға түсті.

Б. К. Капасова, Р. М. Муталиева

Философия художественного образа в современной казахской прозе

Павлодарский государственный университет
имени С. Торайгырова, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 17.11.14.

B. K. Kapasova, R. M. Mutalyeva

Philosophy of the artistic image of the modern Kazakh prose

S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar.
Material received on 17.11.14.

В статье исследуются философские аспекты, поведенческие и психологические мотивы героев современной казахской прозы.

This paper investigates the philosophical aspects, behavioral, and psychological motives of the modern Kazakh prose heroes.

УДК 02:659

Б. К. Капасова¹, А. К. Темиргалинова²

¹к.ф.н., доцент, ²магистрант, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар

**РЕКЛАМНО-ИНФОРМАЦИОННАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ
СОВРЕМЕННОЙ БИБЛИОТЕКИ**

В статье рассказывается о том, что реклама отражает возможности библиотеки, ее технологии, создает более привлекательный образ библиотечно-информационного учреждения и его сотрудников, продвигает к населению библиотечно-информационные ресурсы.

Ключевые слова: реклама, информация, библиотека, информационные ресурсы.

Реклама органично вошла в жизнь библиотеки и ее читателей. Сегодня она играет роль инструмента, с помощью которого читатель узнает все или почти все об этом учреждении. Реклама отражает возможности библиотеки, ее технологии, создает более привлекательный образ библиотечно-информационного учреждения и его сотрудников, продвигает к населению библиотечно-информационные ресурсы.

Рекламно-информационная деятельность библиотек – деятельность по продвижению к потребителям библиотечных ресурсов, продукции и услуг, по трансляции книжной культуры.

Основные задачи РИДБ:

- формирование заранее выбранного образа (имиджа, стиля) библиотеки, в том числе образа производителя и транслятора духовных ценностей, надежного партнера, достижение доброжелательного отношения к ней со стороны населения, общественности, органов социального управления;
- побуждение населения (пользователей) к сотрудничеству с библиотекой;
- побуждение к предпочтению перед другими услуг, ресурсов и продуктов именно рекламируемой библиотеки;
- стимулирование распространения библиотечной продукции и эксплуатации услуг;
- стремление сделать потенциального пользователя постоянным пользователем услуг, ресурсов, продукции библиотеки;
- привлечение к сотрудничеству квалифицированных специалистов;

– помощь в использовании ресурсов (документных фондов) библиотеки, выборе ее продуктов и услуг;

– убеждение пользователей библиотеки в правильности их выбора;

– укрепление корпоративного духа среди сотрудников библиотеки и членов библиотечных общественных объединений (корпораций).

Основными компонентами рекламно-информационной деятельности являются: объект, предметы, субъекты, средства, процессы, результаты (продукция). Рассмотрим подробнее основные компоненты рекламно-информационной деятельности библиотек (РИДБ).

Значительными коллективными субъектами информационно-рекламной деятельности являются крупнейшие библиотечно-информационные учреждения, такие, как Книжная палата, НАБ РК, НБ РК, республиканские, краевые, областные библиотеки. Все более активно занимаются РИДБ публичные, районные, городские, сельские библиотеки.

Однако необходимо учитывать, что рекламная деятельность становится все более профессиональной.

В этих условиях библиотеки в основном играют роль заказчиков, а не непосредственных исполнителей.

Сегодня, как уже было отмечено, информация является наиболее спрашиваемым и дорогим товаром. Однако потребность в информации не всегда четко осознается самими потребителями. Цель рекламы – помочь осознать потребность и показать оптимальные способы их удовлетворения.

Самая значительная группа объектов РИДБ – информационно-библиотечные ресурсы: документно-информационные (библиотечные фонды, коллекции), вторично-информационные (библиографические базы данных, информационно-справочные издания, базы данных и знаний, в том числе, доступные по электронным сетям), кадровые (персонал библиотечноинформационных центров), продукция библиотек – подготавливаемые и предоставляемые в пользование традиционные и электронные информационные продукты, научные, научно-методические, учебные, практические, библиографические, справочные, профессионально-производственные, популярно-просветительские издания.

Особую роль в структуре объектов РИДБ играют услуги библиотек. Услуга – нематериальный товар. Она неосвязаема. Ее невозможно увидеть, услышать, понюхать или попробовать на вкус до приобретения. Покупатель вынужден просто верить продавцу услуги на слово. Поэтому реклама должна пробудить доверие клиентов к поставщику услуг и создать эффект осязаемости будущего времени, когда потребитель эту услугу уже получит данную услугу. Рекламные специалисты разработали ряд приемов, повышающих осязаемость услуг и укрепляющих доверие клиентов. Один из таких приемов – построение рекламы по принципу «так было, а так стало».

Информационные центры, в том числе и библиотеки, выходят на рынок со своими товарами и услугами. Как правило, они предлагают именно услуги, используя для этого свои информационные, материально-технические, интеллектуальные ресурсы. Значительно реже библиотеки предлагают пользователю товар: собственные или переданные им с целью сбыта издания, картотеки, базы данных.

Потребители рекламной информации - юридические или физические лица, до сведения которых доводится или может быть доведена реклама, следствием чего является или может явиться соответствующее воздействие рекламы на них – также рассматриваются в качестве субъектов рекламы. В то же время многие специалисты полагают, что в связи с таким качеством рекламы, как однонаправленность, предусматривающим одностороннее воздействие на потребителя как на объект РИДБ, рассматривать последнего в качестве субъекта некорректно.

Информация о библиотеках, их ресурсах, продукции, услугах, физически предстает в тех же формах, которые мы назвали, характеризуя средство рекламы, ибо рекламные сообщения разных видов и жанров, передаваемые по различным каналам, сами по себе являются промежуточными результатами рекламы и используются в качестве ее средств.

Конечный результат рекламы - уровень обращения пользователя к рекламируемому товарам, то есть в случае библиотечно-библиографической рекламы – к ресурсам, продуктам и услугам библиотечно-информационных учреждений.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Гуманитарная наука как предмет философско-методологического анализа (материалы « круглого стола») // *Вопр. философии.* – 2007. – № 6. – С. 60.

2 **Розин, В. М.** Эволюция взглядов и особенности философии Г. П. Щедровицкого / В. М. Розин // *Вопр. философии.* – 2004. – № 3. – С. 155.

3 **Борисова, О. О.** Реклама в библиотеке: учебно-практическое пособие. – М.: Либерия – Бибинформ, 2005. – 216 с.

4 **Сарсембинова, А.** Связь с общественностью, или «паблик рилейшенз» / А. Сарсембинова, В. Степанов // *Библиотека.* – 1998. – №10. – С. 71-73.

Материал поступил в редакцию 14.11.14.

Б. К. Карасова, А. К. Темирғалинова

Қазіргі кітапханалардың жарнамалық-ақпараттық қызметі

С. Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.
Материал 14.11.14 баспаға түсті.

B. K. Karasova, A. K. Temirgalinova

Promotional and informational activities of a modern library

S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar.
Material received on 14.11.14.

Бұл мақалада жарнама кітапхананың жаңа мүмкіндіктерін, оның технологияларын ашуы, кітапханалық мағұлматтық мекеменің және оның қызметкерлерінің аса көрнекті бейнесін жасауы, кітапханалық мағұлматтық ресурстарын халыққа жақындатуы туралы баяндалады.

In this article it is written that the advertising shows the library possibilities, its technologies, creates more attractive form of library informational establishment and its staff, promotes to the people the library informational resources.

ӘОЖ 81:001.32 81:005.745

Қ. Б. Күдерінова

ф.ғ.д., доцент, Сулейман Демирель атындағы университеті, Алматы қ.

ҚАЗАҚ ЕМЛЕ ЕРЕЖЕЛЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ЖОЛДАРЫ

Мақала 1929 жылы 2-4 маусым аралығында Қызылордада өткен алғашқы ғылыми орфографиялық конференцияда көтерілген мәселелерге, қабылданған емле принциптеріне тезис ретінде шолу беруді мақсат етеді.

Кілтті сөздер: емле, ереже, тұрақты форма, қағидат, норма, фонетикалық принцип, диалект, жұлғақ, кірме сөздер, унификация.

Бүгінде қазақ тілі негізгі емле ережелері тұрақтанып, жазуда кейбір шешілуі қиын мәселелердің ойландыруы бір мезгіл емле тарихымызға, жазуымыздың алғаш тұрақтана бастаған кездеріне назар аударуды қажет ететін сияқты. Өйткені қазір жазылуы дау тудырмайтын сөздердің тұрақты форма алуының өзі кезінде – 20 ғасырдың басында әртүрлі орфограммада көрініп, даулы мәселелердің қатарын көбейткен. Ал бүгінде біздер сол тұстардың проблема болуының өзіне таң қала қараймыз. Оған бір ғана және шылауының өзі бірнеше формада жазылғанын айтсақ жеткілікті.

Қазақ тілінің негізгі емле ережесі 1940 жылы жобаланып, 17 жыл бойы талқылаудан өтіп барып, 1957 жылы бекітілді десек те, бұл ереженің негізі болған, емле қағидаттары мен негізгі нормалары қаланған кез 1929 жыл болды. Ол латын графикасына негізделген жаңа жазудың графикасы мен орфографиясы және емле принциптерін айқындау және қазақ тілі емле ережесін талқылау, қабылдау үшін 1929 жылы 2-4 маусым аралығында Қызылордада шақырылған ғылыми орфографиялық конференцияда еді. Сондықтан қазақ орфографиясына қатысты алғашқы ғылыми басқосу туралы әдебиеттерде, оқулықтар мен оқу құралдарында мәлімет көп беріле бермейтіндіктен, қазақтың ұлттық емлесі көтерілген осы ғылыми жиында қандай мәселелер сөз болып, қандай орфограммалардың тұрақтануы басталды, қандай тұстар қалыс қалып, мән берілмей кетті деген сұрақтарға жауап беру үшін конференция материалдарына тезис ретінде шолу беруді мақсат еттік.

Бұл бір жағынан объективті пікір қалыптастыруға және бүгінгі қазақ жазуының іргетасы қандай ұстанымдар негізінде қаланды деген сауалға жауап беру үшін керек.

Конференцияға Е. Омаров, К. Юдахин, Т. Шонанұлы, Вундцетель, Байділдин, Қ. Кеменгерұлы, Әлібаев, Байманов, Тоқтыбаев, Е. Д. Поливанов, Қ. Жұбанов қатынасқан.

Алдымен, **емле принципі** туралы конференцияда мынадай ұсыныстар болды.

– Емле фонетикалық принципке құрылады. «Наш фонетический принцип – не принцип фонетической академической транскрипции. Мы понимаем под словом фонетическим принципом передачу без искажения смысла слова, звуков нашей речи». «Но и там, где мы применяем морфологический принцип, под этот принцип подводим фонетическое объяснение, ибо по нашим наблюдениям нет такого пункта в нашем правописании и не должно быть такого места в нашем языке, которой возможно было бы объяснить фонетически» [1] (Т. Шонанұлы). Бұл Байтұрсынұлының анықтап берген фонетикалық принципіннің түсінігі болатын.

– қазақ тілінде диалект болмағандықтан морфологиялық принциптің қажеті жоқ (Т.Шонанұлы, Юдахин, Е. Омарұлы);

– түбірді фонетикалық, қосымшаны морфологиялық принциппен жазуды тіл табиғаты қалайды, бірақ морфологиялық жазуды 15-20 жылдан кейін енгізу (Е.Омаров) [1, 27 б.];

– шет сөзін түпнұсқа принципімен жазып, өз тіліміздің дыбыстық құндағында (Н.Уәлиұлының термині) оқу (Е. Омаров);

– *құрлы, қой, қана* сөздерін морфологиялық принциппен жазу (Е.Омаров) [1, 61б.], (К. Кеменгеров) [1, 72 б.];

– **шы** жұрнақтарын (*барсайшы*) түбірмен бірге жазу (К. Кеменгеров) [1, 72 б.];

– *ғана, зой, ма, көрі* шылауларын фонетикалық принциппен жазу (Е. Омаров) [1, 115 б.];

– барлық түркі тілдерінде палатал үндесім жетекші, сондықтан емлеге осы үндесімді негіз ету (Т. Шонанұлы).

Ерін үндестігі туралы:

– ерін үндесімі бұдан 50-60 жыл бұрын күшті болса (В. В. Радлов), бүгінде құрып барады (Т. Шонанұлы, Әлібаев) // ерін үндесімі мүлде құрығаны ғылыми түрде дәлелденген жоқ, сондықтан ойласу керек (Юдахин); // еріндіктерді бірінші буыннан артық жазбау // ерін үндесімінің күші қазақ тілінде II буынға дейін сақталуы тиіс және солай жазылуы қажет (К. Кеменгерұлы).

– ерін үндестігін сақтау тиімсіз, бірақ шет сөздерді игергенде екінші буынға да жазу (Е. Омаров) // кірме сөздердің соңғы буынындағы еріндікті алдыңғы буынға шығарып жазу (*висмут-вустит*) (Т. Шонанұлы).

Қысаң езуліктердің емлесі туралы:

– сөз аяғындағы **ы, і** езуліктері қосымша жалғағанда түсірілсе, түбірде де жазбау (Т. Шонанұлы);

– қысаң езуліктерді мүлде таңбаламау: млтқтң (Байділдин, Әлібаев) [1, 82 б.]; // қысаңдарды барлық позицияда таңбалап отыру (Поливанов) [1, 103 б.].

Позициялық алмасуды таңбалау туралы:

– емледе ілгерінді ықпалды ғана белгілеу (Т.Шонанұлы);

– түбір мен қосымша аралығында **п-б, қ-ғ, к-г, п-у** өзгерісін белгілеу [1, 14 б.] (Т. Шонанұлы);

– аталған позициядағы **н-м, н-ң** өзгерісін жазуда белгілемей (Т. Шонанұлы).

Бірге/бөлек таңбалауға байланысты:

– қосымшаларды бірге жазу, ал жартылай қосымшаларды бөлек жазу: «тілдің еркін дамуы үшін түбір мен жартылай қосымшаның бірге жазылмауын назарға алуымыз керек» [1, 18 б.];

– тілтұтынушы санасында бөлек сөз болып табылмайтын күрделі сөздерді бірге жазу [1, 20 б.] (Т. Шонанұлы);

– бейүндес біріккен сөздерді дефиспен жазу (Алибаев) [1, 80 б.];

Жеке әріптердің емлесіне қатысты:

– **ж, ш, й** дыбыстарының жіңішкеруі (шәй, жәй, тійін) тілде бар болса, оның емлесін айқындау [1, 18 б.] (Т. Шонанұлы);

– **ш, ж, й** дыбыстарының аралығындағы [а]-[ә] дүдәмалдығын қосымшаның жуан жалғанатынына қарап, а ретінде таңбалау [1, 21б.] (Т. Шонанұлы); өйткені <ж>, <ш>, <й>-лардың жіңішкеруі диалектке байланысты болуы мүмкін (Юдахин) [1, 37 б.];

– сөз аяғындағы <б> - ны таңбалау (*болыб, келіб, саб, қаб*).

– <к>-нің жіңішкеруі мен <қ>-ның жуандауын (*әкт, пыртақол*) жазуда белгілеу (Кеменгеров) [1, 72 б.];

– **һ** әрпін әліпбиге алмау: қаһарман сияқты сөздерді қаарман деп жазу (Қ. Кеменгеров, Тоқтыбаев).

Кірме сөздердің емлесі туралы:

– шет сөздерді қазақ тілінің дыбыстық заңдылығына икемдеп жазу, игеру тәсілдеріне қазан төңкерісіне дейінгі дыбыстық өзгерістерді алу (Т. Шонанұлы) [1, 74 б.];

– шет сөздерді морфологиялық принцип арқылы игеру; өйткені кірме сөздердің «тасқыны» оларды өте аз уақытта табиғи түрде игеруге мүмкіндік бермейді (Қ. Кеменгерұлы);

– шет сөздердегі <ц>-ны-[ш] етіп игеру, себебі *ширкеу-церковь* болып игерілген, <в>-ны дауысты аралығында [у], сөз басында [б], тұйық буында [п] етіп игеру, ер адам фамилиясының соңын [п], әйел адам фамилиясының соңын [уа] етіп жазу (Е. Омаров) [1, 125 б.]. «А это значит, что мы от иностранных слов берем основу, имеющую материальное значение, с подчинением всех морфологических и других наращений этой основы свойствам казъязыка» (Т. Шонанұлы) [1, с. 23];

- өзге тіл фамилиясын түпнұсқада жазу (Юдахин),
- өзге тіл фамилияларын икемдеп жазу (Е. Омаров) [1, 76б., 90 б.];
- орыс тіліндегі <г>-ны ж әрпімен беру дұрыс емес (Юдахин);
- орыс тілінің айтылуын шет тіл сөздерінде сақтау (Юдахин);
- кірме сөздерді өзгертпей жазу, бұрынғы игеріліп жазылған сөздерді түпнұсқа тұрпатымен жазу (Байділдин) [1, 69 б.].
- сөз басында **г, ғ, ч, у, й** әріптерін таңбаламау, кірме сөздерде не түсіріп жазу, не қатаңдатып беру (Е. Омаров) [1, 80 б.];
- шет сөздерді қазақ тілінің фонетикалық заңына сәйкес игеру, мысалы, *космос-коспыс, газ-газ, смола-стала* (Е. Омаров);
- жазуға дейінгі кірме сөздер мен жазу қалыптасқаннан кейінгі кірме сөздерді екі түрлі принциппен жазу, мысалы, *жағғырапия*, бірақ *география, геология* (Юдахин) [1, 121 б.];
- шет сөздерді орыс тілі арқылы алмау, *европа-европ* (еуропы) деп жазу (Е. Омаров);
- шет сөздері халық тілінде қалай игеріліп жатқанын зерттеу үшін материал жинау (Юдахин).

Сөйтіп, конференцияда көтерілген мәселелердің ішінде кірме сөздердің емлесі үлкен қиындық тудырды. Комиссия мүшелері ортақ пікірге келе алмай екіге бөлінді. Е. Омаров, Қ. Кемеңгеров, Т. Шонанов бастаған топ терминдерді игеріп жазуды ұсынды, екінші топ (Қ. Жұбанов, Байділдин, Әлібаев) терминдерді орыс тілі емлесіне жақындатып жазуды жақтады.

Қабылданған емле ережелерінің ескертуінде мынадай өзгеріс болды: «Применяя фонетический и морфологические принципы казахском языке в правописание иностранных слов, нужно избегать искажения основы иностранных слов, имеющее материальное значение без особой на то надобности» (Т.Шонанов) [1, с. 119]. Бірақ Е. Омаров ережеге мынадай пунктін енуін қалайды: «для выяснения характерного применения вышеизложенных принципов к орфографии иностранных слов ориентироваться на европейские слова, непосредственно воспринятые живым народным языком с русским, а потом на слова перешедшие с арабского и персидского» [1, с. 119]. Комиссия мүшелерінің көбі бұл пікірді құптамайды.

Міне, конференцияда сөз болған мәселелер мен ұсыныстардың ұзын-ырғасы осындай.

Бұл ұсыныс-пікірлерден қазақ графикасы мен орфографиясының негізгі ережелерінің алғашқы нұсқасы сөз болып отырған емле конференциясында (1929 ж.) жасалғанын көреміз. Мұнда мына мәселелер айқындалды: қазақ жазуының негізгі ұстанымы (фонематикалық); халықаралық сөздердің қазақ тілі дыбыстық заңдылығына сай игеріліп, әліпбидегі әріп шегінде таңбалануы: атап айтқанда, <ф> → [п] / *panar*, <г> → [г'], [ғ] *ğaz, ğybirne*, еуропа жазуларындағы **ch** тіркесін, орыс жазуындағы <х>, араб тіліндегі

<h> дыбысын **қ, к** әрпімен таңбалау: *muqtar, tekniĳ'ke, kəkinе*, <ц> → **с**, <ч> → [ш], <щ> → [ш] дыбысы етіп игеру және таңбалау: *əpeser, cek, birkencik*; <й> → [ж], ю → [жү], я → [жә], [же] етіп игеру және таңбалау: *ямбы – ĉatвь, яцик – ĉəйк, япония – ĉарон, еврей – ĉəbrej, юсуф – ĉysip*; <в> → [у] және [п] етіп игеру және таңбалау: *samavryn, məskev, barcav, serdeĳip*; 2-буында ерін дауыстылары бар шет сөздерін еріндікті 1-буынға шығарып заңдастыру: *труба-turba, доктор-doktър*; этимологиясы күңгірт түбір мен қосымшаны фонетикалық принциппен (айтылуынша) жазу (*кунĳej, ĉoĳqa*), шылау сөздерді қосымшалармен бірдей естілуінше таңбалау; түбір соңындағы қысаң езуліктерді қысаң буынды қосымша жалғанғанда түсіріп таңбалау (*turnь - turnь*); Дауысты дыбыстардың дүдәмалдығын қосымша жалғау арқылы анықтау (*kitар - kitарqa*).

Қазақстанда латын жазуына біржола өту, сауаттану басқа түркі халықтарына қарағанда бәсең жүрді. Сондықтан жаңа алфавиттің бүкілодақтық орталық комитетінің IV пленумы Алматыда өтті (1930 жылы 6 мамыр). Пленумға Асфендияров, Т. Шонанұлы, Қ. Жұбанов, Шәрібаев қатынасады. Пленум мүшелері Қазақстанның жаңа алфавитке салғырт көзқарасы азаймай отыр дейді (8-11 жасқа дейінгі балалардың 20% мектепке тартылған). Ресей білімпаздарынан қатынасқан Н. Ф. Яковлев терминдерді бағындырып жазуда сақтыққа, тіпті онымен күресуге шақырды [2, 78б.]. Пленумда бас әріп мәселесі (Асфендияров қазақ жазуы бас әріпті алмайды, алса қызметін азайтып алады, жалпы бас әріп ағылшын, француз емлесінде де бірыңғай принципке сүйенбейді деді [2, 180 б.]); графемалардың психотехникасы (Шор жазу психологиясы Германия, Америкада жақсы зерттелген, сонда қазіргі жазу жолынан шығып тұрған таңбалар бас әріп, нүкте, үтірлер көзге бірден анық көретіні анықталған дейді), фонетикалық унификация (Қ. Жұбанов пленумның мақсаты бір жазуды негіз етіп анықтау болмау керек, ешбір жазу басқа тілдің жазуымен ыңғайласа алмайды, әзірбайжандр **q, k** әріптерінің мағынасын өзгертіп жіберді десе, профессор Самойлович қазақ жазуы <**ш**>-ны **с**-мен берді, себебі, **с** – унификацияланған әліпбиде <**ч**>-ны береді деді; Қ. Жұбанов бір-біріне саяси, экономикалық, мәдени жақындығы бар тілдер бір унификация жасау керек, жаппай бірлестіру болмайтын іс деді) мәселесі сөз болды. Пленум қаулысы Қазақстандағы сауаттылықты тағы 15%-ға көбейту, 1930 жылдың қазанында жаңа әліпбиге көшуді түбегейлі аяқтау, Қырғызстан, Қазақстан, Дағыстан жазуы бас әріпті қабылдау керектігін бекітеді [2, 259 б.].

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Стенографический отчет научно-орфографической комиссии созданной 2-4.06. 1929 г. научно-методическим советом НКП и ЦКИКА. Кзылорда, 1930.– 482 с.

2 Стенографический отчет IV пленума ВЦКН алфавита пр. в Алматы, ВЦКНА, 1931. – 261 с.

Материал 10.11.14 баспаға түсті.

К. Б. Кудеринова

Пути формирования орфографических правил казахского языка
 Университет имени Сулеймана Демиреля, г. Алматы.
 Материал поступил в редакцию 10.11.14.

K. B. Kuderinova

The ways of establishing of Kazakh spelling rules
 Suleyman Demirel University, Almaty.
 Material received on 10.11.14.

Статья посвящена вопросам орфографии, рассмотренным в работе первой научной конференции, проведенной 2-4 июня 1929 года в Кызылорде.

В частности, автором (в виде тезиса) предложен обзор принципов правописания, принятых в итоге названной конференции.

This article aims to present the problems put forward and solutions made on the principles of spelling in the first scientific orthographical conference which took place in Kyzylorda, on 2-4 June in 1929.

In particular, the author provides an overview of the spelling principles, adopted at the mentioned conference.

ӘОЖ 854. 342

Ж.Т. Қадыров, Ж. С. Таласпаева, С. С. Агибаева

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Петропавл қ.

С. МҰҚАНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ

Мақалада С. Мұқановтың прозалық шығармаларында кездесетін мақал-мәтелдердің қолданылу ерекшеліктері қарастырылады. Жазушының мақал-мәтелдерді инверсия, плеоназм, эллипсис тәсілдері арқылы қолданғаны анықталып, сөйлем құрылысына қарай жай сөйлем, құрмалас сөйлем түрінде берілгені талданылады. Сондай-ақ, мақал-мәтелдер тақырыбы жағынан топтастырылып сипатталады.

Кілтті сөздер: ауыз әдебиеті, қоғамдық өмір, көзқарас, таптық күрес, арман-мүдде, мақал-мәтел

Қазақ халқы жазу-сызу өнері болмаған кездің өзінде-ақ ауыз әдебиетінің әр түрлі үлгілерін тудырып, солар арқылы тұрмыс тіршілігінің әр алуан жақтарын суреттеген; қоғамдық өмірін, дүниеге көзқарасын, таптық күресін, арман-мүддесін т.б. бейнелеп көрсеткен. Осы негізде туған және ауыз әдебиетінің күрделі бір түрі деп халықтың мақал-мәтелдерін айтамыз [1]. Мақал-мәтелдерді өз шығармаларында орынды да шебер пайдаланған қазақ жазушыларының бірі – Сәбит Мұқанов. Жазушы шығармаларынан мақал-мәтелдердің мол қорын байқай аламыз. Оның «Адасқандар», «Ботагөз», «Балуан Шолақ», «Аққан жұлдыз», т.б. еңбектерінде де халықтың тұрмыс тіршілігінің әр алуан жақтарын, қоғамдық өмірін, таптық күресін бейнелейтін мақал-мәтелдерді жиі кездестіруге болады. Айталық, «Он үште отау иесі», «Ер шекіспей, бекіспейді», «Ер жігіттің екі сөйлегені – өлгені, емен ағаштың иілгені – сынғаны», «Қазаншының еркі бар қайдан құлақ шығарса да», «Досың да, дұшпаның да ер болсын», «Ер мойнында қыл арқан шірімейді», «Адамның басы – Алланың добы» сияқты мақал-мәтелдер – ең жиі кездесетіндері.

Мақал-мәтел – аз сөзбен көп мағынаны, көп ұғымды, көп жайларды білдірудің ең жоғарғы шыңы. Мақал мен мәтелден орынсыз тұрған, басы артық бірде-бір сөзді я басқа бір қосымша дәнекерді табу мүмкін емес. Басы артық сөз түгіл, қайта көпшілік жағдайда, айтылуға тиісті болып тұрған сөздердің өздері егер оны айтпаудан ұғымға ауырлық келмейтіндей болса, оның мағынасы контекст арқылы байқаларлықтай болса, ондай сөздер әдейі

түсіріліп, сөйлем ықшамдалып айтылады. Мысалы: «Қой өрісі – қорадан», «Құс баласы қырымға, ит баласы жырымға», «Ит тойған жеріне, ер туған жеріне». Сөйтіп, алдыңғы мысалда басталады, қарайды, барады деген сөздер айтылмай, түсіріліп қалдырылған. Бірақ олардың мағыналары контекстен айқын байқалып тұрғандықтан, сөйлемнің ұғымына ешқандай нұқсан келіп тұрған жоқ. Ал Сәбит Мұқановтың жоғарыда келтірілген шығармаларындағы «Он үште отау иесі» [2], «Байсыз қатын – баусыз аймақ», «Бөрі азығы мен ер азығы жолда» [3] сияқты мақалдарды да бұл қатарға қосуға болады. Бұл мақалдарда адам, я болмаса, болады, сияқты деген сөздер түсіріліп қалдырылған.

Бұл айтылған жайлар мақал-мәтел синтаксисінің құрылысына елеулі әсерін тигізіп, оны әдеби шығармалардың басқа жанрларынан біраз ерекшелендіріп тұрады.

Мақал-мәтелдердің құрылымы мен өзара ерекшеліктерін мынадай белгілері арқылы ажыратуға болады:

1. Мақал мен мәтелдер өзара синтаксистік құрылысы жағынан да өзгеше болады. Мақал, мәтелге қарағанда, құрмалас сөйлем күйінде жиі ұшырайды. Өйткені мақал өмір тәжірибесінде кездесетін оқиға, жағдай іс-әрекеттерді бір-біріне қарама-қарсы қою арқылы баяндап отырады.

Мысалы, «Жақсы туса, ел ырысы, жаңбыр жауса, жер ырысы» деген мақал синтаксистік параллелизм жолымен жасала отырып, екі құбылысты бір-біріне салыстыра, ұқсастыра бейнелейді [4].

Бұл орайда жазушы шығармаларындағы «Ер жігіттің екі сөйлегені – өлгені, емен ағаштың иілгені – сынғаны» [5], «Темірді дәнекер қосады, өмірді бала қосады», «Өзен жағалағанның өзегі талмайды, теңізді төңіректенгеннің несібі егіз», «Қатты келген қыз жаман, қатты шапқан жау жаман» [3] деген мақалдарды мысал ретінде атауға болады.

2. Ал мәтел, көбінесе, жай сөйлем түрінде, онда да толымсыз жай сөйлем түрінде кездеседі. Мәтел қашан да оқиғаны, өмір құбылысын, толық сөйлем күйінде білдірмей, ойды аяқсыз қалдырып қойып отырады. Мысалы: Сәбит Мұқанов «Қорыққанға қос көрінеді» [2], «Қыз бала қылтиғанша», «Ел құлағы елу» [3] деген мәтелдерді өз шығармаларында тиімді қолданғанын байқаймыз.

3. Мақал мен мәтелдің синтаксистік құрылысындағы тағы бір ерекшелік – ол етістік баяндауыш сөздердің түсіп қалу заңдылығына байланысты жағдай. Мәтелдің құрамындағы етістіктен болған баяндауыш сөз көбіне айтылмай, түсіп қалады. Бұл жағдай – мәтелдің оқиғаны ишаратпен ғана жеткізуіне лайықты жасалған тәсіл. Өйткені, күрделі ойды толық білдіретін сөйлем баяндауышсыз болмайды. Мысалы: «Ер қанаты – ат» [5], «Қыз бала қылтиғанша», «Ел құлағы елу» [3] деген мақал-мәтелдер жазушы шығармаларынан өз орындарын таба білген.

Жазушы өз шығармаларында мақал-мәтелдерді әр түрлі тәсілдер арқылы қолданған. Оны мына кестеден көруге болады:

Мақал-мәтелдер	С. Мұқанов қолданысындағы мақал-мәтелдер	Қолданылған тәсіл түрі
Ер арыса – аруақ, ат арыса – тулақ [6, 22].	Ат арыса – тулақ, ер арыса – аруақ [7, 87].	Инверсия
Бөрі азығы мен ер азығы жолда [6, 17].	Ер азығы мен бөрі азығы жолда [3, 234].	Инверсия
Ер мойнында қыл арқан шірімес [6, 16].	Ер мойнында қыл арқан шірімейді [7, 83].	Плеоназм
Көпке көнбеген көмүсіз қалады [6, 17]. Көптен қашқан көмүсіз қалады [6, 250].	Көпті жамандаған көмүсіз қалады [5, 56].	Плеоназм
Халық қаласа – хан түйесін сояды [6, 25].	Халық ұнатса, хан түйесін сояды [3, 280].	Плеоназм
Қасқырды қанша асырасаң да, орманға қашады [6, 360].	Қасқырды қанша асырасаң да, орманға қарап ұлиды [7, 404].	Эллипсис

Байқағанымыздай, жазушы инверсия тәсілін көп қолданған.

Сол сияқты С. Мұқанов шығармаларындағы мақалдарды сөйлем құрылысына қарай екі топқа бөлуге болады:

1. Жай сөйлем түріндегі мақал-мәтелдер:

- Төре тастан қатты [7, 19].
- Ел іші – алтын бесік [7, 21].
- Бір мылтықтың аузына мың кісі сыяды [7, 87].
- Аюға намаз үйреткен таяқ [7, 33].
- Қатынның ашуы қазан кайнатуға ғана жетеді [7, 136].
- Тентектің ақылы түстен кейін кіреді [3, 129].
- Сыйынғаныңнан сүйенгенің күшті болсын [3, 84].

2. Құрмалас сөйлем түріндегі мақал-мәтелдер:

- Темірді дәнекер қосады, өмірді бала қосады [3, 207].
- Қатты келген қыз жаман, қатты шапқан жау жаман [3, 209].
- Еркек – бас, әйел – мойын [7, 137].
- Оқу – жарым естіні бүтін етеді, бүтін естіні данышпан етеді [7, 27].
- Таныған жерге бой сыйлы, танымаған жерге тон сыйлы [7, 121].
- Ұры байымайды, сұқ семірмейді, жұтқан жұтамайды [3, 252].
- Өзен жағалағанның өзегі талмайды, теңізді төңіректенгеннің несібі егіз [3, 247].

Мақал-мәтел синтаксисі жай сөйлем түрлеріне онша бай емес. Әдеби тілімізде кездесетін атаулы, жақсыз сөйлемдер мұнда кездеспейді. Мұндағы сөйлемдердің көпшілігі белгісіз жақты сөйлемдер болып келеді. Өйткені, мақал-мәтелдегі пікір нақтылы біреуге арналып айтылмайды, көпшілікке, жалпыға арналған. Осы сияқты, жай сөйлемнің мағыналық түрлері де мұнда онша көп емес, тек хабарлы, бұйрықты сөйлемдер ғана бар деуге болады. Қолда бар материалдарға қарағанда, жай сөйлемнің сұраулы, лепті түрлері бірлі-екілі ғана болмаса (Мысалы, «Таудай талап бергенше, бармақтай бақ берсеңші!», «Жас өспей ме, жарлы байымай ма?», «Көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе?», «Май сасыса, тұз себер, тұз сасыса, не себер?» т.б.), тіпті кездеспейді және оның кездеспеуі табиғи да нәрсе. Себебі, сұраулық, лептік мағыналар – мақал-мәтелдердің атқаратын рөліне, оның жаратылысына тән қасиеттер емес [9].

Әдеби тіліміздің қазіргі синтаксистік құрылысында баяндауыштық қызмет атқаратын негізгі сөз табы етістік екендігі және оның бұл функцияда қолданылғанда барлық шақта, барлық жақта, әр түрлі рай формасында кездесетіндігі белгілі. Ал мақал-мәтел синтаксисінде етістік екі-үш формалық құбылыстарда ғана қолданылады және екінші, үшінші жақта, келер шақта айтылады.

Баяндауыш қызметінде қолданылатын етістік түрлері мыналар:

1. Етістіктен болған баяндауыш бұйрық райдың екінші жақ анайы түрінде өте жиі кездеседі. Мұндай сөйлемдердің барлығында дерлік бастауыш айтылмай, жасырын тұрады да, сөйлем толымсыз сөйлем болып келеді. Ал баяндауыштық бұйрық райдың сыпайы я көпше түрінде айтылуы кездеспейді. Сол сияқты бұл райдағы баяндауыш онша жиі болмағанымен, үшінші жақта да айтылады, бірақ бірінші жақта мүлдем кездеспейді. Мысалы, «Туған жерге туың тік», «Шыдамды еңбек, алғыр ой – анық досың, біліп қой», «Сыртың сайлы болғанша, ішің майлы болсын». Сол сияқты жазушының қолданысындағы «Досың да, дұшпаның да ер болсын» [8], «Сыйынғаныңнан сүйенгенің күшті болсын» [3] деген мақалдарды да бұл қатарға жатқызуға болады.

2. Баяндауыш қызметінде етістік – ар, – ер, – р, – с жұрнақты есімше формасында да өте жиі кездеседі. Мұндай баяндауыш тек анада-санда ғана екінші жақтың сыпайы, көпше түрлері мен бірінші жақта тіпті кездеспейді деуге болады. Мысалы, «Еңбек мұратқа жеткізер, жалқаулық абыройды кеткізер», «Жақсылық суға батпас, бір шығар, тегін жатпас», «Сыпайы тоңбас, қалтырар». Ал Сәбит Мұқановтың «Ботагөз», «Балуан Шолақ» романдарында осыған байланысты мынандай мақал-мәтелдер кездеседі: «Құм жиналып, тас болмас», «Мал басқа тебер» [2].

Баяндауыш – а, – е, – й жұрнақты көсемшенің екінші, әсіресе, үшінші жақта айтылған түрінде өте жиі кездеседі. Баяндауыштың бұл түрі де

жіктеудің сыпайы немесе көпше түрлерінде, сол сияқты бірінші жақта кездеспейді. Мысалы, «Сағынған елін аңсайды, сары ала қаз көлін аңсайды», «Еңбексіз іс бітпейді, еріншектің қолы жетпейді». Сол сияқты жазушының шығармаларынан мысал келтіретін болсақ, олар: «Ер мойнында қыл арқан шірімейді», «Ер шекіспей, бекіспейді», «Өсек – өрт, қашқан құтылмайды, қарсы жүрген өрттенеді», «Қарға қарғаның көзін шоқымайды», «Дауыл болмай, жауын болмайды», «Өзен жағалағанның өзегі талмайды, теңізді төңіректененің несібі егіз», «Ұры байымайды, сұқ семірмейді, жұтқан жұтамайды».

3. Баяндауыш қызметінде жиі қолданылатын сөздердің тағы бір түрі – бар, жоқ деген сөздер. Бұл сөздер де, негізінде, ешбір жаққа жіктелмей, атау қалпында қолданылады. Мысалы, «Кісі болар баланың кісіменен ісі бар, кісі болмас баланың кісіменен несі бар», «Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ» дегендей жазушының «Ботагөз», «Балуан Шолақ» шығармаларында кездесетін «Қазаншының еркі бар қайдан құлақ шығарса да» [2] деген мақал осыған сәйкес.

4. Есімшенің тәуелді формада тұрып, сөйлемнің баяндауышы қызметін атқаруы – қазіргі әдеби тілімізге тән қасиет емес. Ал мақал-мәтел синтаксисінде ол да жиі кездеседі. Бірақ тәуелдіктің барлық түрінде емес, тек үшінші жақта ғана кездеседі. Мысалы, Сәбит Мұқанов «Ер жігіттің екі сөйлегені – өлгені, еменнің иілгені - сынғаны» [8,66] деген мақалды өз шығармаларында жиі қолданған.

Сол сияқты бастауыш функциясында қолдануға тиісті зат есім айтылмайды да, бастауыш қызметі түсіріліп қалдырылған зат есімнің анықтауышы болуға тиіс есімше немесе сын есім атқарады. Мысалы, «Ұқыпты етегін жабады, ұқыпсыз ұятын табады», «Көп істеген – құп істейді». Осы орайда Сәбит Мұқанов шығармаларында мынадай мақал-мәтелдер қолданылған: «Көпті жамандаған көмусіз қалады» [7], «Өсек – өрт, қашқан құтылады, қарсы жүрген өртеледі» [7].

Ендігі бір тоқталатын нәрсе – сөз болып отырған бастауыш пен баяндауыштың орын тәртібіне байланысты. Құрылысы, құрамына енген сөздердің орналасу тәртібі жағынан алғанда, мақал мен мәтелді поэзия мен проза аралығындағы аралық категория деуге болар еді. Өйткені, мақал-мәтелдердің құрылысында поэзияға тән кейбір қасиеттер де, прозаға ұқсас қасиеттер де бар. Бұлардың құрылысындағы поэзияға ұқсастық қасиеттер – екі я одан да артық жолдан құралатын түрлерінде әр жолдың буын саны, үйлесім, ырғағы бірыңғай, біртектес болып келетіндігін де ғана. Бұлардан басқа белгілердің барлығы да мақал мен мәтелді поэзиядан бөлетін, оны прозаға жақындастыратын белгілер. Осыларға лайықты мақал-мәтел сөйлемдердегі бастауыш пен баяндауыштың орын тәртібінде екі жақтылық бар: оның бірі – поэзиядағы сияқты өз бастауышын өзі меңгеріп тұрған

мүшелерден бұрын айтылуы болса, екіншісі – прозалық шығармалардағы сияқты баяндауыштың сөйлем соңында келуі. Бұл екеуінің алғашқысынан гөрі соңғы түрі әлдеқайда басым. Бастауыштың өз жетегіндегі сөзден немесе өз бастауышынан бұрын айтылуы үйлесім қушылықтан, я болмаса баяндауыш болып тұрған сөздің мағынасына ерекше мән беру мақсатымен инверсиялаудан туып отырады. Мысалы, «Көп сөйлейді залым би, аз сөйлейді әділ би», «Пышақ болмас жетесіз, өзі болған жігіттің, тегін сұрап не етесіз». Бұған қатысты С. Мұқанов шығармаларында мынадай мақалдар кездеседі: «Ұл кетеді жайына, қыз кетеді байына», «Қазаншының еркі бар қайдан құлақ шығарса да» [2].

Мақал-мәтел халықтың тұтас бітім-болмысын ұлттық психологиямызға етене жақын ұғымдармен, ұлттық нақыш-баяумен шебер көрсететін және әдеби тілді дамытудағы орны айрықша даналық иірімдерінің бірі. Осы даналық иірімдерді, халқымыздың асыл қазынасын ақын-жазушыларымыз, сонымен қатар ана тілінде сөйлеп жаза білетін әрбір адам керек жерде, тиісті жерде ұтымды, орынды қолдана білген, сонымен бірге оны өңдеп-жөндеген; өз жандарынан да жаңа мақал-мәтелдер қосқан. Осылайша халықтың даналық қоры іштей өсіп, ұдайы дамып отырады. Ауыз әдебиетінің басқа түрлеріне қарағанда, мақал-мәтелдердің бір даму ерекшелігі – осындай жалпыхалықтық қасиетінде. Сәбит Мұқанов «Ботагөз», «Адасқандар», «Балуан Шолақ», «Аққан жұлдыз» шығармаларында мақал-мәтелдерді орынды әрі шебер қолданғандығын жоғарыда талданған мысалдар арқылы байқаймыз. Жазушы шығармаларында мақал-мәтелдер:

– Инверсия тәсілі арқылы құрамындағы сөздердің орны ауыстырылып, ыңғайластандырылып қолданылған;

– Плеонастикалық тәсіл арқылы өз жанынан сөздер қосылып, жаймаланып қолданылған;

– Эллипсис тәсілінің бүтін сөздерді қалдырып кету түрін қолдану арқылы жұмсалғанын байқадық.

Яғни, көркем сөз зергері халқымыздың осынау асыл қазынасын әр түрлі тәсілмен қолданғанын байқаймыз. Сондай-ақ, шығармалардағы қолданылған мақал-мәтелдерді тақырыбы жағынан былай топтастыруға болады:

– Адамгершілікке байланысты мақал-мәтелдер: «Адам аласы ішінен, мал аласы сыртынан», «Атаңның баласы болма, адамның баласы бол».

– Салт-дәстүрге байланысты мақал-мәтелдер: «Ел жатпай – ит тынбас», «Ант бұзған оңбайды, салт бұзған сорлайды», «Он үште отау иесі».

– Сөз өнеріне қатысты мақал-мәтелдер: «Сөзде қаңқу жаман, ауруда шаншу жаман».

– Туыстық қатынасқа байланысты мақал-мәтелдер: «Мал қонысын іздейді, ер туысын іздейді», «Жауда бір үйің болсын».

– Байлық пен кедейлікке байланысты мақал-мәтелдер: «Арық атқа камшы жау, жыртқық үйге тамшы жау», «Ұры байымайды, сұқ семірмейді, жұтқан жұтамайды».

– Ерлі-зайыптыларға байланысты мақал-мәтелдер: «Жақсы әйел – ырыс, жаман әйел – ұрыс», «Үйді қырық әйел толтыра алмайды, бір әйел толтыра алады».

Қазақ әдебиетінің классигі М. Әуезов әріптесі С. Мұқанов туралы «Жолы кең жазушы», «әрі ақын, әрі драматург және әдебиет тарихының зерттеушісі Сәбиттің аты қазақ оқушысының мол қауымына өте даңқты, анық қымбат аттың бірі» – деп аса жоғары бағалаған. Қазіргі жаңа заманда да өткен тарихымыздан елес беретін және бай тіліміздің құндылығы сақталған С. Мұқанов туындылары әркез оқырмандар назарында болады деген ойдамыз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Аханов, К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы : 2002. – 664 б.
- 2 Мұқанов, С. Ботагөз. – Алматы : Жазушы, 1989. – 479 б.
- 3 Мұқанов, С. Аққан жұлдыз. – Алматы : Жазушы, 1875. – 485 б.
- 4 Жапбаров, А. Қазақ тілі стилистикасын оқыту, методикасының негіздері. – Алматы : Қазақ университеті, 1991. – 224 б.
- 5 Мұқанов. Балуан Шолақ. – Алматы : Өнер, 1980, – 174 б.
- 6 Қазақтың мақал-мәтелдері (Құрастырғандар Ө. Тұрманжанов, К.Ахметбекұлы). – Алматы: Раритет, 2004. – 440 б.
- 7 Мұқанов, С. Аққан жұлдыз. – Алматы : Жазушы, 1879. – 496 б.
- 8 Мұқанов, С. Адасқандар. – Астана: Елорда, 1999. – 307 б.
- 9 Садырбаев, С. Халық әдебиетінің тарихи негіздері. – Алматы : Қазақ университеті, 1992. – 216 б.
- 10 Қазақ мақал-мәтелдері (құрастырған Ж. Дәуренбеков). – Алматы : Ана тілі, ЖШС, 2001. – 192 б.

Материал 23.10.14 баспаға түсті.

Ж. Т. Кадыров, Ж. С. Таласпаева, С. С. Агибаева

Особенности использования пословиц и поговорок в прозе С. Муканова

Северо-Казахстанский государственный университет имени М. Козыбаева, г. Петропавловск.

Материал поступил в редакцию 23.10.14.

Zh. T. Kadyrov, Zh. S. Talaspayeva, S. S. Agibayeva

Peculiarities of using proverbs and sayings in Sabit Mukanov's prose

North Kazakhstan State University
named after Manash Kozybayev, Petropavlovsk.
Material received on 23.10.14.

В статье рассматриваются особенности применения пословиц и поговорок встречающиеся в прозе С. Муканова. Определено, что писатель использовал приемы инверсии, плеоназма, эллипсиса, а также традиционные способы цитирования пословиц и поговорок. Темы пословиц и поговорок классифицированы по тематическому принципу.

Peculiarities of using proverbs and sayings in Sabit Mukanov's prose have been considered in this article. It is defined that the writer used inversions, pleonasm, ellipsis methods and also traditional quotation of proverbs and sayings. The proverbs and sayings themes are classified according to their thematic principle.

ӘОЖ 811.512.122:81' 1

Ж. М. Қоңыратбаева

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДЕГІ СИНКРЕТИЗМ ҚҰБЫЛЫСЫ

Мақалада фразеология іліміндегі синкретизм құбылысының табиғаты көркем дискурс арқылы сипатталады. Көркем туындыда семантикалық жағынан ешқандай тіркес жасай алмайтын тілдік таңбалар өзара үйлесім тауып, тұрақты тың тіркестер жасайды. Яғни, фразеология іліміндегі синкретизм құбылысының мәні – мағыналары өзара үйлесе қоймайтын тіл бірліктерін жанастыра, жымдастыра, бір-бірімен үйлесімін тауып жұмсау.

Кілтті сөздер: көркем әдебиет, көркем сөз, синкретизм, көркем дискурс, трансформация, семантикалық, феномендік құбылыс, метафоралық фразеологизм.

Әлемнің тілдік бейнесін танып, танытуда көркем әдебиеттің қосар үлесі зор екені белгілі. Адамзат қоғамы көркем жазылған дүниенің құндылығын өз бойына сіңіру арқылы айнала қоршаған ақиқаттың қыры мен сырын меңгеріп, тани түседі. Көркем әдебиетті тілдік заңдылықтардың түрлі қырынан көрініс тауып, танылуын, қалыптасып жетіле түсуін шыңдайтын кен орны деуге болады. Көркем мәтін тілінде шыңдала түсетін сондай заңдылықтардың бірі – синкретизм құбылысы.

Жалпы, синкретизм құбылысы философия, өнер, әдебиет, тіл сынды бірнеше ғылым салаларында қолданыс табатындығы белгілі. Ашық уикипедиялық электронды ақпарат сөздікке жүгінсек, синкретизмге былай анықтама беріледі: «Синкретизм – «жігі ашылмаған», біте қайнасқан сөз тіркесінің синонимі болып табылатын бұл ұғым қандай да болсын құбылыстың жетілмеген дамымаған, өзара жіктеле қоймаған бастапқы күйін білдіреді. Бұл ұғым көбінде алғашқы қауымдық немесе архаикалық мәдени кезеңге байланысты көп қолданылады. Өйткені дәл сол мәдени кезеңде мәдениет салаларының жіктелмегендігін байқаймыз. Синкретизмнің мәнін миф, мифологиялық сана өте жақсы анықтайды. Мифтердегі субъект-объектілік қатынастардың жоқтығы, жеке тұлғалық бастаманың көрінбеуі, адамның өзін айналасын қоршаған әлемнен бөліп-жарып қарамауы, т.б. синкретизм көріністері болып табылады. Архаикалық мәдениеттегі ғылымдардың, өнер түрлері мен наным-сенімдердің жіктелінбеген бастапқы біртұтастық күйі архаикалық мәдениеттің синкреттік сипатын танытады. Сондықтан да мәдениет тарихында зерттеушілер алғашқы қоғамдық синкретизм

деген үлкен кезеңді айқындайды. Адамзат дамуының бұл сатысында өмір өзінің іріктелмегендігімен, біртұтастығымен, бір-бірімен етене тығыз байланыстылығымен сипатталады. Сол мәдени кезең адамдарының дүние танымындағы синкретизм көріністерін алғашқы наным-сенім түрлерінен: фетишизм, анимизм, тотемизм т.б. айқын көруге болады [1].

Синкретизм тәсілі – тілдегі үнемдеу заңының бір түрі. Терминнің жалпы беретін ұғым-түсінігін іздестірсек, түрлі сөздіктерде оның гректің *synkretismos* – қосылу, біріктіру, бірлестіру мағынасындағы сөзінен шыққандығын аңғарамыз. Мәселен, Тіл білімі сөздігінде: «синкретизм (*грекше synkretismos* – біріктіру) – әртүрлі айтылымдық тұлғалардың қызметтік бірлесуі, қарама-қарсылықтарды бейтараптандыру, бір формада бірнеше мағыналардың берілуі» [2, 331] – деп берілген. Ал ғалым Ғ. Қалиевтің «Тіл білімі терминдерінің сөздігінде» синкретизм терминінің екі түрлі мағыналық жіктелісі ашып көрсетіледі: «Синкретизм (грек *synkretismos* қосылу) – 1. Қызметі әртүрлі сөздер мен грамматикалық формалардың тілдің даму барысында тұлғалас келуі. Кейбір ғалымдар бұған грамматикалық омонимдерді (омоформаларды), енді біреулері көп мағыналы сөздерді жатқызады. Мысалы, *тоң* сөзі әрі зат есім, әрі етістік (бұйрық райдың II жағында), *көш* әрі зат есім, әрі етістік (бұйрық райдың II жағында), *кір* әрі зат есім, әрі сын есім, *тамақ* сөзінің екі мағынасы да зат есім мағынасында қолданылады. 2. Тіл жүйесіндегі ауыспалы (өтпелі) құбылыстармен байланысты туған тіл бірліктерінің бір-біріне қарама-қарсы дифференциалды құрылымы мен семантикалық белгілерінің қосарланып қатар қолданылуы. Бұған әртүрлі будандық (диффуздық, аралық) құрылымдар жатады» [3, 286]. Яғни, берілген анықтамалардың мазмұны бойынша, синкретизм құбылысы белгілі бір тілдік тұлғалардың бір-біріне ауысу үдерісі кезінде қалыптасады және ол тілдің барлық деңгейлерінде (лексикология, морфология, синтаксис) кездеседі. Синкретизмнің табиғатына түсінік берген бұл анықтама-сөздіктерге қосарымыз – бұл құбылыстың тілдің фразеологиялық қабатына да қатыстылығы.

Жалпы алғанда, тілдегі фразеологизмдер өзіндік ішкі қағидалары мен заңдылықтары берік ең эмоционалды-экспрессивті қабаты десек те, жеке автордың тіл шеберлігінің арқасында түрлі өзгерістерге түсіп отырады. Ол өзгерістердің түрлері де көп, қыры мен сырлары да мол, заңдылықтары да баршылық. Бұл өзгерістер фразеология ілімінің басты шартты белгілеріне қарама-қайшылық туғызғанымен де, олар жанды тілдің жалпы өмір сүру қағидастарына жат келмейді. Яғни, өмір сүруші тілге ықпал етуші ішкі және сыртқы жағдаяттардың рөлі үнемі көрініс тауып отырады. Себебі тіл және оның қоғамға қызмет етуші элементтері қатып қалған томаға-тұйық дүние емес. Оның да күнделікті коммуникацияға, сөйлеу үдерісінің негізгі мақсат-мүдделеріне қарай мың құбылып, түрленіп отыратын динамикалық құбылыс

екені айқын. Сондықтан тіліміздің ең бір көркем де әсерлі фразеологиялық қабатында уәжді орын алатын авторлық өзгерістерді тіл заңдылығы, шығармашылық жемісі деуге болады.

Көркем дискурста трансформацияға түсіп, түрлі бояу, өңдеулерге ие болатын авторлық фразеологизмдер кәнігі нормалы тұрақты сөз тіркестерінен қалыптасады. Бұл жөнінде ғалым Н. Уәлиұлы фразеологиялық тіркестердің нормадан мақсатты ауытқуының мынадай түрлерін көрсетеді: «ықшамдап қолдану (эллипсис, кейбір компоненттерді, я дыбыстарды түіріп қолдану т.б.), жаймалап қолдану (контаминация, сиыстыру, дистакт – сынамалап сөз ендіру) болымсыз мәндегі фразеологизмдерді болымды мәнде немесе кеірісінше қолдану, фразеологиялық орамдардың орнын ауыстырып қолдану, стильдік контраст (дағдылы стильдік ортадан бөтен жерге жерсіндіру), семантика-стилистикалық қайталау, эвфониялық үйлесім» [4, 51-65]. Яғни, үнемдеу (ықшамдау) тәсілінің ерекше бір түрі – синкретизм құбылысы фразеологизмдер табиғатына да жат емес.

Фразеология саласында синкреттік амал белгілі бір қаламгер тарапынан тың образдар жасауда ерекше құрал болып табылады. Көркем туынды авторы семантикалық жағынан ешқандай тіркес жасай алмайтын тілдік таңбаларды қиюын тауып, өзара тіркестіріп, тұрақты тың тіркес жасайды. Яғни, фразеология іліміндегі синкретизм құбылысының мәні – мағыналары өзара үйлесе қоймайтын тіл бірліктерін жанастыра, жымдастыра, бір-бірімен үйлесімін тауып жұмсау.

Фразеологизмдер бойындағы синкреттік тәсілдің белгілері энциклопедиялық сөздіктерде тіркелген анықтамалардың сипатына сәйкес келеді. Атап айтқанда,

- фразеологизмдер құрылымында екі не одан да көп семантикалық белгінің қатар келуі;
- қосылу, біріктіру, бірлестіру сипатының болуы;
- тілдің даму тарихында екі басқа тілдік таңбаның бір формада жұмсалуды, яғни бір мағынаға қызмет етуі.

Қазақ көркем сөз жүйесінде фразеологизмдердің «қасаң» құрылымын синкреттік амал арқылы жандандырып, оларға ерекше реңк беру ұлы Абай дискурсынан кең өріс алады. Ақынның фразеология саласында жасаған бұл «төңкерісінің» жан-жақты сипаты академик Р. Сыздықтың еңбектерінде зерттеліп зерделенеді [5].

Абай жандандыра жұмсаған синкретизмнің «феномендік құбылыс» түрінде ғана қалып қоймауына ақын дәстүрін жалғастырушылар нақты жауап бере алды деуге болады. Тілімізде Абай тілінен жүйелі бастауын алған синкреттік амалды алғашқы қазақ прозашыларының ерекше танығандықтарын біз өз зерттеуімізде қарастырған болатынбыз [6].

Абайдың көркем дискурсында «біреудің еңбегін пайдалану» деген ұғым «адам сауу», «адам аулау» тың тіркестерімен беріліп, дағдылы қалып өзгеше құрылатыны белгілі. Ақын тіліндегі осы синкретизм құбылысының ізі Сұлтанмахмұтта:

Үйінен көруші еді түзді қызық,

Қыз аулап, қымыз ішіп, жүрер қызып [7, 48] – деп келеді. Әдетте «аулау» етістігі «аң», «құс» бірліктерімен тіркесіп, саятшылық құру мағынасындағы еркін тіркес ретінде жұмсалатыны белгілі. Ал бұл арада сол кездегі қоғамның сиқын көрсету үшін «қыз» сөзімен тіркес жасалып, метафоралық фразеологизм түзілген. Синкреттік амалмен «қыз» бен «аулау» тілдік таңбаларының үйлесіп, метафоралануы арқылы шығарма тіліне ерекше өң жамалып, оның бейнелілігінің арта түскенінің куәсі боламыз. Бұл түзілістің тууы – Абай жасаған жазба әдеби тіл дәстүрінің жаңғыруы.

Абай дискурсынан бері қолданыс тапқан бұл тәсіл Ә. Тәжібаев тілінде «*ет аулау*» түрінде келеді. Мысалы,

Ауылнай аттанып жүр,

Жан күйттеп баптанып жүр.

Ет аулап, қымыз іздеп

Есіріп мақтанып жүр. [8, 39]. Егер Абай тілдегі «аулау» етістігін қатыстыра отырып, «адам құқығын, еңбегін пайдалану» деген ұғымды «адам аулау» тіркесімен берген болса, Сұлтанмахмұт Торайғыров өз заманының кейбір ұнамсыз сипатын, ащы шындығын «қыз аулау» тың тіркесімен білдіреді. Ал Әбділда Тәжібаевта «аулау» тірек сөзі фразеологизм жасауда шамалы басқаша өң алған: мұнда «*арамтамақтық, ел үстінен күн көрушілік*» деген ой басым.

Мағыналары өзара жуыспайтын сөздердің әдемі үйлесімін тауып, ыңғайластырып, көркем мәтін тілінде жымдастыра қолдану амалы - оқырманға ерекше әсер қалдыратын, көркем дүние кілтін танытатын тәсілдердің бірі.

Әнуар одан сайын қылды іждағат,

Үміттің көргеннен соң *жылы жүзін* [7, 62]. Сұлтанмахмұттың бұл «*үміттің жылы жүзі*» дегені де – синкреттік амалдың жемісі. Абайда: *үміттің аты*. «*Үміт*» дерексіз ұғымы мен «*жүз*» деген нақты соматикалық атаудың тіркесуі арқылы «жақсылық, пайда» түсінігі астарлы образбен (метафорамен) беріліп, роман тілінің экспрессиясын еселендіре түскен. Әбділда Тәжібаевта:

Үміттің оты тұр жанып,

Үмітке тірі жүгірер. [8, 509].

Ақын дискурсындағы «*үміттің оты*» да синкреттік тәсілге құрылған: «*үміт*» пен «*от*» тілдік таңбалары қатар алынып, «үміттену, дәмелену» мәнін жеткізіп тұр.

Синкреттік тәсілді қазақ әдебиетінде Дулат бастап, мол қорын ары қарай Абайдың дамыта жетілдіргені белгілі. Ұлылар салған бұл көркем із қазақ қаламгерлері тілінде өзінің кестелі өрнегін салғаны анық. Абайдың тың образ құрудағы ерекше үлгілері оның шәкірттерінен, Шәкәрімнің тілдік тұлғасынан молынан көрініс табады:

Ақылдың көзін байлама,

Білгіш деп басшы сайлама [11, 231] – дейді Шәкәрім. Өлеңдері философиялық толғамға құрылған ойшыл ақын мұнда «*ақыл*» абстрактылы ұғымын «*көзін байлау*» процессуалдықты білдіретін етістікпен тіркестіріп, көзге көрінбейтін дерексіз заттарға жан бітіреді. Яғни ақынның кейіптеуге баруы байқалады. Шәкәрім поэтикасын зерттеушілер ақынның дерексіз заттарға жан бітіре кейіптеуін – оның негізгі көркемдік жетістіктерінің бірі екендігін атап өтеді.

Шәкәрім өлең сөздің құдіреттілігіне айрықша мән бере келе:

Үйіріліп көкейіне ұйып жатсын,

Тазартып *жүрек кірін жуып* жатсын.

Қаңсыған шөл даланы қанықтырып,

Жыр тасып, дариядай құйып жатсын, – деп түйіндейді [11, 140]. Өлең шумағынан ақынның өлеңге, сөз иесіне артар жүгінің салмақтылығы көрінеді. Шәкәрім мұнда ақындық дүниенің қыр-сырына терең бойлауды міндеттейді. Сөз жұмсау шеберлігінің арқасында өзінің өмірлік ұстанымын бір ауыз өлең шумағына сыйғыза танытады. Жүректің сөзіне ерекше мән берген ойшыл ақын «*жүрек*» абстрактысын «*кір жуу*» қалыпты, деректі іс-қимылмен жымдастырып, жансызға жан бітіре суреттейді. Жалпы, Шәкәрімде «жүрек» концептісі - айрықша танылған құрылымның бірі. Философ ақын концептуалдық мағынаға ие «*жүрек*» тілдік бірлігінің жұмсалысына жиі барады. «Шәкәрім өлеңдеріндегі жүрек сөзінің қолданыс жиілігі Абайдан да жоғары. Жүрек сөзінің жеке-дара қолданылуы және *жүрек* сөзінің өзге сөздермен тіркесуі Шәкәрім ақын өлеңдерінде 70-тен астам жерде ұшырасады» [12, 151]. Ақын дискурсындағы *жүрек* сөзімен келетін көркем құрылымдардың біразы синкреттік амалдың жемісі деуге болады. Оған ақынның тілдік тұлғасын тану барысында нақты көз жеткіземіз.

«Айқап» прозасындағы «Бір қазақ қызы» атты әңгіме тілінде (1911, № 7):

Сынады күн-күн сайын *кіл ажарым*,

Жаманға ғазиз басы қосақталып,

Өтті гой *жастық* деген бір *базарым* [9] – көркем жолдары Абайдың Көңілге жұбаныш, *Сен едің базарым*.

Сенсіз жоқ қуаныш, *Тозды енді ажарым* [10, 33] сынды сөз кестесімен өзара астасып жатыр. Мәтмәтіндегі алшақ мағыналы «*кіл ажар*» мен «*сыну*» лексемаларының тіркес жасауы – «қайғырумен қартайды» ұғымының қаламгер тілінде синкретті жұмсалыуы.

Абай – өз заманының негізгі тақырыптық ауанына қарай кең құлашты қалам тербеген ақын. Қоғамдағы адам орны, оның білім-ғылымға, оқып-білмекке деген ыждаһаты туралы бір ғана «ғылым» сөзінің қатысуымен ақынның «*ғылым табу*», «*ғылым бағу*», «*ғылым оқу*» деген метафоралық түзіліс түзгені белгілі. Абайдың бұл тіркестердегі «*ғылым*» сөзін жалпы «оқу, білім» деген абстракты кең мағынада қолданғаны және белгілі. XX ғасыр басындағы қазақ жазушыларының тілінен ақын тілінің осы көркемдік желісінің тамаша үлгісін танимыз:

Сәлем айт маңыңыздағы жігіттерге,

Ғылымға болмас па екен о да жерік. [7, 101].

Сатылып қара құлға ғазиз ұждан,

Ғылым теңізіне қарық боп қаламын ба? [9]. Мұндағы «ғылым» сөзінің де Абай қолданысындағыдай «оқу, білім, сауат ашу» жалпылама ұғымдарда жұмсалғаны анық. Бірінші жолдардағы «*ғылымға жерік болу*» метафоралық тіркесі «оқуға, білмекке ынтасы ауу» деген мағынаны синкреттік амал арқылы беріп тұрса, соңғы үзіндідегі «*ғылым теңізіне қарық болу*» деген тың образ жас қазақ қызының оқуға деген ұмтылысын, сол ұмтылысқа кедергі болған кертартпалықты сынауын аңғартады.

Мағынасы бір-бірімен жуыспайтын тіл бірліктерін тіркестіру тәсілімен жасалған бейнелі фразеологизмдердің Абай тілінен басталатын жүйелі көрінісі ақын дәуірінен кейінгі кезеңде ерекше жалғасын тапқан дей аламыз.

Алмаған басында да Әжібай сүйіп,

Қосылған тек қазақтың *ғұртын киіп* [7, 22].

Мұны да қазақ *ғұрпы шатастырған*,

Жасында бір қазақпен атастырған [7, 26]. Үзіндідегі тіркестер – жеке алып қарағанда бір-бірімен ешбір семантикалық байланысы жоқ сөздер болса, Сұлтанмахмұт қаламында жаңа мағыналық топқа үйіріліп, жансызға жандының ісін істетіп кейіптеп тұр. *Ғұрып* – абстракт ұғым да, *шатастыру* – нақтылы іс-қимылдың атауы. Автор синкреттік тәсіл арқылы осы ұғым атауларын қабыстырып, соны тіркес түзген. Міржақыптың «Қазақ» газетіндегі (1915, № 134) шағын әңгімесіндегі «*санасыздыққа сүйену*» жұмсалымы да мағынасы жуыспайтын сөздердің тіркесінен әдемі киюласқан: *...санасыздыққа сүйеніп, дұрыс сөзді шанишу көріп, бой бермеймін десе, алдарынан жарылқасын*» [13]. Метафораға тартылған бұл фразеологизмнің эмоционалдық бояуы қалың, шығармадағы кейіпкер тілінің өткір де өтімді, бейнелі де әсерлі шығуында стильдік жүгі ерекше.

Құзынан астым қыранның,

Ұясын таптым қиялдың [14, 252].

Оянып орман ұйқыдан

Тіл қатады жапырақтары.

«Шолпан, біздің Шолпан!» деп.

Киініп сауыт көк мұздан,

Жамылған қардан желеңін [8, 211].

Үзінділердің барлығы да синкреттік тәсілге құрылған, бірінші мысалда «*қиял*» дерексіз зат есімі мен «*ұя*» деректі есімі өзара мағыналық үйлесім тауып, «арманына жету» деген мағынаны бейнелі жеткізген. Соңғы өлең үзінділерінде синкреттік амалды Ә. Тәжібаев табиғат суретін өрнектеуде таптырмас құралға айналдырған. Мұнда «*орман*» мен «*ұйқы*», «*жапырақтың тіл қатуы*», «*көк мұздан сауыт киіну*», «*қардан желең жамылу*» секілді мағыналары өзара үйлесе қоймайтын сөздер тіркесі жымдасып, белгілі бір образды ойды жеткізген. Орман тыныштығын ақын *мүлгіген ұйқыға* теңестіріп алса, ал *жапырақтың сыбдырын тіл қатумен, сөйлеумен* байланыстыра жырайды. Соңғы жолдарда да табиғаттың сұлу кескіні шебер суреттеледі: *Алатау тауының басындағы мәңгілік көк мұзы мен қарын* адам кейпіне салып, жан бітіреді.

Синкретизм құбылысының тіліміздегі фразеологизмдердің бояуын қалыңдатудағы стильдік мүмкіндігі зор. Фразеологизмдердің «қатаң қатып қалған» құрылымын түрлендіре, көріктендіре түсуде бұл амалдың атқарар жүгі ерекше. Тек қаламгер тілінде қиюы табылса болғаны. Әлемнің тілдік бейнесін танытуда көркем сөзшілер синкреттік амал арқылы фразеологизмнің құрылымын кеңейте жұмсау амалдарын да жасаған. Мәселен, семантикасы алшақ жатқан сөздерді тіркестіру арқылы жасалған тың образдарды одан сайын күшейте беру әрекеттері де жоқ емес. *Себеңсіз жалқаулықтың жайлы жастығына сүйеніп* ұйықтаушылар сансыз көп еді («Айқап», 1913, № 21) [9]. Көріп отырғанымыздай, мұндағы *жалқаулықтың жастығына сүйену* – синкреттік амалдың нәтижесінде қиюы табылған құрылым. Бейімбет осы құрылымның шебін қосымша реңкті сөздермен кеңейтіп, берер ұғымның образын одан сайын еселеп арттырған.

Сонымен, тілдің фразеологиялық қабатындағы синкретизм құбылысы – семантикалық жағынан бір-бірімен шендесе, үйлесе қоймайтын тіл элементтерін өзара жымдастыра, киюластыра отырып, көркем сөз жүйесін жаңа мағынамен байыту жолы.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 <http://kk.wikipedia.org/>

2 Тіл білімі сөздігі. – Алматы : «Ғылым», 1998. – 544 б.

3 **Қалиев, Ф.** Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы : «Сөздік-Словарь», 2005. – 440 б.

4 **Уәлиұлы, Н.** Фразеология және тілдік норма. – Алматы : «Республикалық баспа кабинеті», 1998. – 128 б.

- 5 Сыздықова, Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы : «Санат», 1995. – 207 б.
- 6 Қоңыратбаева, Ж. XX ғасыр басындағы қазақ прозасы тіліндегі фразеологизмдер. – Алматы : «Арыс», 2005. – 166 б.
- 7 Торайғыров, С. Шығармалары. 2 томдық. II томы. – Алматы : «Жазушы», 1967.
- 8 Тәжібаев, Ә. Шығармалар жинағы. 5 томдық. I т. – Алматы, 1967.
- 9 «Айқап» энциклопедиясы. – Алматы : «Қазақ энциклопедиясы». 1995.
- 10 Құнанбаев, А. Шығармалары. – Алматы, 1995. – II томы.
- 11 Құдайбердиев, Ш. Шығармалары: Өлеңдер, дастандар, қара сөздер. – Алматы : «Жазушы», 1988. – 559 б.
- 12 Момынова, Б. Шәкәрім поэзиясының тілі. – Алматы : «Арыс», 2008. – 256 б.
- 13 «Қазақ» энциклопедиясы. – Алматы : «Қазақ энциклопедиясы». 1998.
- 14 Тәжібаев, Ә. Шығармалар жинағы. 5 томдық. I т. – Алматы, 1967.

Материал 15.10.14 баспаға түсті.

Ж. М. Қоңыратбаева

Явление синкретизма во фразеологизмах

Евразийский национальный университет
имени Л. Н. Гумилева, г. Астана.

Материал поступил в редакцию 15.10.14.

Z. Konyratbaeva

The phenomenon of syncretism in the idioms

L. N. Gumilev Eurasian National University, Astana.

Material received on 15.10.14.

В статье рассматриваются проблемы синкретизма в области фразеологии через художественный дискурс. В художественном произведении те языковые фигуры, которые не имеют друг с другом никакой связи с семантической точки зрения, обретают между собой смысловую связку. Другими словами, самой главной значимостью синкретического явления – является постоянное сочетание, связывание и использование языковых фигур которые не имеют между собой смысловой связи.

Problems discussed in the article are related to syncretism in the area of phraseology through the literal discourse. Some language signs, which in any ways cannot relate to each other, in literal compositions find stable connections and make phraseology. Therefore, the main purpose

of the syncretism – is to connect, relate, use and make phraseological constructions with those language signs that do not make appropriate meaning with each other.

УДК 81'37:81'25

3. Мажит

к.ф.н., доцент кафедры государственного и иностранных языков, Институт дипломатии Академии государственного управления при Президенте Республики Казахстан, г. Астана

СОПОСТАВИТЕЛЬНО-ТИПОЛОГИЧЕСКИЙ АСПЕКТ ИЗУЧЕНИЯ ЛЕКСИЧЕСКОЙ СЕМАНТИКИ В ПЕРЕВОДЧЕСКИХ ЦЕЛЯХ

В настоящей статье рассматриваются проблемы сопоставления языков в переводческих целях на уровне лексики, важнейшими параметрами которого являются ее структура и семантика.

Ключевые слова: язык, слово, структура лексики, семантика лексики, топология.

На необходимость сопоставительного изучения языков обращали внимание известные языковеды. Так, И. А. Бодуэн де Куртенэ писал: «Мы можем сравнивать языки совершенно независимо от их родства, от всяких исторических связей между ними. Мы постоянно находим одинаковые свойства, одинаковые изменения, одинаковые исторические процессы и перерождения в языках, чуждых друг другу исторически и географически... Подобного рода сравнение языков служит основанием для самых обширных лингвистических обобщений, как в области фонетики, так и в области морфологии языка, так и, наконец, в области семасиологии, или науки о значении слов и выражений...» [1, 371]. К перечисленным областям можно, несомненно, добавить и переводоведение.

Известно, что сопоставление фактов генетически и типологически разнородных языков позволяет глубже проникнуть в структуру языка, лучше понять закономерности и специфику изучаемых языковых явлений, полнее изучить и осмыслить его своеобразие, выявить такие факты, которые остаются скрытыми при изучении отдельно взятого языка.

Проблемы семантики языка, анализа лексического значения слова, семантического описания, направленного на выявление компонентов

значения, релевантных в конкретном коммуникативном акте, с переходом на семный уровень семасиологии, занимают едва ли не самое важное место в работах последних лет. По мнению Э. Д. Сулейменовой, такого рода исследования способствуют углублению и расширению комплексного сопоставительного описания языковых картин мира [2, 20].

В работах отечественных и зарубежных лингвистов разработаны основные принципы сопоставительной лингвистики и типологии для изучения языков в теоретических, лингводидактических и переводческих целях, а также методика сравнения языков в сопоставительной лингвистике (В. Н. Ярцева, В. Г. Гак, Д. О. Добровольский, Д. Буранов, А. Л. Зеленецкий, В. Д. Аракин, М. М. Копыленко, З. К. Ахметжанова, Э. Д. Сулейменова). Предлагаются параметры, по которым следует сравнивать языки в ходе сопоставительно-типологического исследования и основные принципы сопоставительной лингвистики, к которым можно отнести следующие:

– принцип сравнимости предполагает сбалансированность степеней изученности сопоставляемых языков, применения одних и тех же методов при исследовании языковых явлений в отдельности. При сравнении языков может оказаться, что в одном из сопоставляемых языков не существует аналогичного элемента. В таких случаях сравниваются разноуровневые эквивалентные единицы, определяемые с помощью перевода.

– принцип системности, при котором сравниваются не отдельные изолированные элементы языков, а парадигматические группировки (системы, подсистемы, поля, ЛСГ и т.д.)

– принцип терминологической адекватности. Прежде чем приступить к сравнению языков, необходимо определить термины таким образом, чтобы они адекватно обозначали сравниваемые явления в обоих языках, т.е. следует создать общие для сравниваемых языков дефиниции.

– принцип достаточной глубины сравнения предполагает выявление всех существенных сходств и различий сравниваемых языковых явлений.

– принцип учета степени родства и типологической близости сопоставляемых языков, который налагает ограничение на выбор методов и приемов сравнения. Так при сравнении близкородственных, а также типологически сходных неродственных языков возможность применения малосистемного подхода расширяется, а при несходных – сужается.

– принцип учета положительного и отрицательного переноса лингвистических знаний предполагает умелое пользование лингвистическими знаниями о структуре одного языка при исследовании структуры другого.

– принцип двусторонности сравнения предполагает исследование параллельных форм выражения единого значения в сопоставляемых языках.

– принцип территориальной неограниченности означает, что соседство и отдаленность территорий не имеют значения [3, 16-18].

Необходимо отметить, что функционирование общих семасиологических категорий в языках обнаруживается при сравнении способов наименования одного и того же понятия. Понятие, обозначенное в одном языке простым словом, в другом может быть названо сложным словом или словосочетанием, прямому обозначению в одном языке может соответствовать образное в другом и т.п. [4, 8].

Сопоставление языков в теоретических и переводческих целях на уровне лексики в идеале предполагает сравнение инвентарей и структур всех соотносительных лексических парадигматических группировок – семантических полей, лексико-семантических полей, синонимических рядов и т.д. Сопоставление для определения сходства и различия между соотносительными словами, входящими в сопоставляемые поля проводится обычно по следующим параметрам: а) семному составу; б) валентности; в) узусу; г) стилистической характеристике; д) частности; е) синонимическим, антонимическим и гиперонимогипонимическим отношениям; ж) лексико-грамматической характеристике; и) первичности / вторичности значения [5]. Количество слов, входящих в сравниваемые семантические поля, часто не совпадает. Это свидетельствует о различии в плане семантики, о различии в сегментации внелингвистической реальности, о различии в группировке семантических признаков, а, следовательно, и о различии в семантической структуре сопоставляемых слов.

Для сравнения словообразовательных систем неродственных и дальнеродственных языков наиболее продуктивным является понятие «словообразовательное поле» – совокупность производных слов, образованных любым способом, но характеризующихся наличием общего словообразовательного значения.

Удобство сравнения словообразовательных полей в указанных случаях объясняется тем, что словообразовательная категория объединяет на основе общего словообразовательного значения только те производные слова, которые образованы с помощью аффиксации и конверсии. Для словообразовательного же поля способ образования производных слов безразличен для него достаточно наличия общего словообразовательного значения. Сравним перевод лексических единиц *молочные продукты* и *рыбные продукты* с русского языка на следующие языки:

<i>французский</i>	<i>немецкий</i>	<i>казахский</i>
laitage (аффиксация)	Milchprodukte (словосложение)	сүт өнімдері (словосочетание)

poissonnerie
(аффиксация)

Fischgeschaeft
(словосложение)

балық дүкені
(словосочетание)

Что касается современных исследований по конфронтативной фразеологии, то для них наиболее характерно сопоставление на уровнях конкретных фразеологических единиц (установление межязыковых фразеологических эквивалентов, синонимов, вариантов и т.д.), разрядов и групп фразеологических единиц (структурно-семантических, лексико-грамматических, семантических и т.д.) и фразеологических явлений и категорий (формальные, формально-смысловые и семантические характеристики фразеологических единиц), а также сопоставления для выявления национально-культурной специфики ФЕ [6,12].

Изучение языковых фактов между родственными и неродственными языками, применение сопоставительно-типологического анализа к исследованию разных систем и ареалов позволяет выявить наиболее существенные и глубинные сходства и различия между ними, лучше понять закономерности и особенности изучаемых языковых явлений, глубже проникнуть в структуру языка, полнее изучить и осмыслить своеобразие каждого из сопоставляемых языков, т.е. обнаружить такие факты, которые остаются скрытыми при изучении одного языка.

Сопоставительное изучение казахского языка с другими языками, такими как русский, английский, немецкий представлено в трудах З. К. Ахметжановой, М. М. Копыленко, Э. Д. Сулейменовой, Л. Жаналиной, М. Т. Сабитовой, С. Исаева и др. Необходимость сопоставительного изучения казахского языка с другими языками диктуется самой жизнью. Подобные исследования имеют, бесспорно, как теоретическую, так и практическую ценность, в частности, в подготовке специалистов-переводчиков с иностранного на казахский и наоборот и в преподавании иностранных языков в казахской аудитории.

В исследуемом контексте представляется целесообразным привести пример книги канадских лингвистов Жана-Поля Вине и Жана Дарбельне «Сопоставительная стилистика французского и английского языков. Метод перевода», которая оказала большое влияние на развитие теории перевода не только во франкоговорящих странах, но и во всем мире и дала толчок к появлению целого ряда работ, использовавших предложенную методику анализа переводов на материале других пар языков. В работе изложены основные принципы построения теории перевода, именуемой «сопоставительной стилистикой», а также лингвистические положения, из которых исходят авторы при последующем анализе перевода. Кроме того в ней представлена сосюрровская концепция двусторонности языкового

знака, значения и значимости знака, соотношения языка и речи. Вслед за Ш. Балли предлагается различать внутреннюю стилистику, изучающую взаимодействие когнитивных (интеллектуальных) и аффективных (эмотивных) элементов языка, и внешнюю (сопоставительную) стилистику, которая занимается сопоставительным изучением выразительных средств двух и более языков. В качестве единиц перевода Ж.-П. Вине и Ж. Дарбельне предлагают рассматривать языковые единицы, соответствующие единицам мысли. Среди таких единиц выделяются: а) функциональные (выражающие одну грамматическую функцию); б) семантические (выражающие одно лексическое значение: to happen – to take place); в) диалектические (выражающие ход мысли: this, or); г) просодические (выражающие одну интонацию: You don't say). В структурном отношении единица перевода может быть равна слову, словосочетанию, части слова (морфеме), фразеологической единице как идиоматической, так и неидиоматической (severe winter, flat denial, to know for a fact и т.д.). В качестве ЕП выделяются единицы текста оригинала разного уровня, которым можно указать отдельные соответствия в переводе, и которые переводятся как одно целое [7].

Вышеизложенное позволяет заключить, что сопоставительно-типологический анализ в области лексики может касаться общих лексикологических категорий как в аспекте структуры, т.е. в соотношении различных способов словообразования, типов словосочетаний и т.п., так и в семантическом аспекте, т.е. в соотношении логического и экспрессивного в слове, объеме значения слова, проявлении асимметрии в лексике, полисемии, синонимии, десемантизации слов в обоих языках. Важнейшей теоретической и практической проблемой для переводчика является вопрос о том, в чем переводная лексическая единица должна совпадать с исходной лексической единицей и в чем может не совпадать. Важнейшими же параметрами для сопоставления лексики вообще и лексических единиц оригиналов и переводов в особенности являются их структура и семантика.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Бодуэн де Куртенэ. О смешанном характере всех языков // Избранные труды по языкознанию. – М., АН СССР, 1963. – т.1. – С. 362 – 372
- 2 Сулейменова, Э. Д. О казахстанской лингвистике: к десятилетию независимости Казахстана // Вестник КазМУ им. Аль-Фараби, серия 16, – Алматы, 2001. – С. 19– 29.
- 3 Юсупов, У. К. Проблемы сопоставительной лингвистики. Автореф. дис. докт. – М., 1983. – 37 с.
- 4 Кубрякова, Е. С. Семантика производного слова. – В кн.: Аспекты семантических исследований. – М. : Наука, 1980. – С. 81 – 156.

5 Гак, В. Г. Сопоставительная лексикология. – М. : Просвещение, 1977. – 259 с.

6 Сабитова, М. Р. Основы немецкой и казахской сопоставительной фразеологии. – Алматы : изд. КазГУМОиМЯ, 1999. – 184 с.

7 Вине, Ж.-П., Дарбельне, Ж. Технические способы перевода // Вопросы теории перевода в зарубежной лингвистике. – М., 1978. – С. 157 – 167.

Материал поступил в редакцию 08.10.14.

3. *Мажит*

Аударма жасау мақсатында лексикалық семантиканы зерделеудің салыстыру-типологиялық аспектісі

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, Астана қ.
Материал 08.10.14 баспаға түсті.

Z. *Mazhit*

The comparative-typological aspect of the lexical semantics study in translation

Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan, Astana.
Material received on 08.10.14.

Бұл мақалада лексика деңгейінде құрылымы мен семантикасы маңызды болып табылатын, аударма жасау мақсатында тілдерді салыстыру мәселелері қарастырылады.

This article points out the problems of the languages matching in translation at a level of vocabulary, the most important parameters of which are its structure and semantics.

ӘОЖ 81-119

А. Қ. Мейірбеков¹, Б. К. Елікбаев², А. Қ. Меурбеков³

¹PhD докторант, ²ф.ғ.д., доцент, ³филология магистр, Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ.

ҒАЛАМТОРДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҚҰТТЫҚТАУ ЖӘНЕ ТІЛЕК МӘНДІ СӨЙЛЕУ АКТІЛЕРІНІҢ ЛИНГВОПРАГМАТИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Аңдатпа Мақалада ғаламтор беттерінде кездесетін қазақ тіліндегі тілек мәнді сөйлеу актілері лингвопрагматикалық тұрғыдан қарастырылған. Интернеттегі тұлғааралық қарым-қатынастың ерекшеліктері келтірілген. Тұлғааралық бетпе-бет сөйлесім жағдайы мен ғаламтордағы сөйлесім жағдайындағы сөйлеу актілерінің ерекшеліктері көрсетілген.

Кілтті сөздер: жаһандық, коммуникация, портал, чат, форум, ғаламтор, қарым-қатынас, пікір алмасу, компьютер, интернет.

XXI ғасыр жаһандық ғаламтордағы коммуникация ғасыры десек жаңылмаспыз тегі. Өйткені, адамдар XXI ғасырда ғаламтордың торында қалғаны соншалық сайт, портал, әр түрлі чат, форумдарда өздеріне лақап ат қойып, ғаламторды тұлғааралық жеңіл әрі оңай қарым-қатынас ошағына айналдырып алған. Бұл ғаламтордың өзіндік оң да, бұрыста жақтары баршылық. Үлкен буын ағаларымыз оның кемшіліктерін тізбектесе, кейінгі толқын жастар оның артықшылықтарын ұрандатып та жатады. Біздің бұл мақаладағы мақсатымыз сол шетсіз, шексіз ақпараттар мен қарым-қатынас ошағындағы тілек мәнді сөйлеу актісін лингвистикалық аспектіде қарастыру. Демек, біздің зерттеу материялымыз қазақ тіліндегі әр түрлі сайттардың кез-келген онды, қуанышты оқиғаларға байланысты «пікір алмасу» бөліміндегі сайт қонақтарының құттықтаулары мен тілектері, жеке тұлғалардың чат бетеріндегі әңгімелері.

Жаһандық желі мен адамдардың дербес компьютерді қолдану сауаттылықтарының артуына байланысты тіл білімі, әлеуметтану, саясаттану, психология сияқты ғылым салаларының өкілдерінің қызығушылығы интернет коммуникациясына ауып отыр.

Зерттеуші О. В. Балясникованың пікірінше, ашық әрі қол жетімді ақпарат көзі ретінде интернет оқырманға шынайы өмірде орын алып жатқан оқиға хақында өз ойын білдіріп, сол оқиғаға байланысты өзге оқырмандармен диалог құруға мүмкіншілік туғызады. Осы орайда кейбір интернет сайттары

оқырмандарға өз ойларын бөлістіру үшін «пікір алмасу» бөлімін құрған [1, с. 169].

Интернеттегі қарым-қатынас үрдісі басқа тұлғааралық қарым-қатынас үрдістері секілді тұлғааралық қарым-қатынас әдептерін сақтауды талап етеді.

Т. В. Матвеева интернет коммуниканттары қарым-қатынас кезінде ойға тұту керек қағидаларының өз нұсқасын ұсынды. Олар төмендегідей болып табылады:

1. Коммуникант әдепті түрде сөздік қатынас жасаудың талаптарымен таныс болып, өз ойын сол талаптардың шеңберінде білдіруі қажет.
2. Мәдениетті түрде қатынас жасау шекарасынан шығып кетпеуі тиіс.
3. Өзге коммуниканттардың ойымен санасуы керек.

Бұл ережелер ақпарат авторларына ғана емес сол ақпарат жайында өз пікірлерін білдіруші оқырмандарға да қатысты [2, с. 51]. Тіптен кейбір сайттар пікір қалдырушыларға бұл мәселе жайында ескереді. Мәселен «baq.kz» сайты пікір қалдырушыларға «Құрметті оқырмандар! Пікір жазғанда жеке адамның ар-намысын қорлайтын, кемсітетін, ұлт араздығын тудыратын сөздерді қолданбауыңызды сұраймыз» деп ескерткен.

Демек, ғаламтордағы қарым-қатынас та өзге тұлғааралық қарым-қатынас түрлері сияқты толыққанды сөйлесім жағдайының бір үлгісі. Әрі қарқынды дамып келе жатқан заманауи коммуникация үлгісі. Тіптен бүгінгі таңда тұлғааралық қарым-қатынас кезіндегі сөйлесім жағдайларының тең жартысы дерлік ғаламторда орын алып жатыр. Онда жеке тұлғалардың өзара танысуы, құрбы құрдастар арасындағы күнделікті сөйлесуі, жұмыс бабындағы әңгімелер тіптен дәрігермен сұхбат та осында болуда. Олай болу себебі ақпараттық технологиялардың заманауи жетістіктерінің арқасында деп танимыз. Кейде үйіңіздің ішінде, дербес компьютердің алдында отырып-ақ әлемнің төрт бұрышымен хабарласа бересіз. Интернет сөйлесім жағдайында уақытты үнемді пайдалануға өз септігін тигізеді.

Оның үстіне интернеттегі сөйлесім жағдайларын тілдік материал етіп алу тенденциясы отандық тіл білімінде енді белең алып келе жатыр.

Зерттеу нысанымыз тілек мәнді сөйлеу актісіне келер болсақ, бұл жағынан біз Е. В. Вдовинаның «тілек мәнді сөйлеу актісі, ол - айтушының адресатқа қатысты өзінің ілтипаты мен ақ жарқын көңілін білдіру үшін және адресаттың болашақ өмірінде оған тек жақсылық қалайтынын жеткізу үшін жұмсалатын, қоғамдағы қарым-қатынас әдебіне сәйкес келетін сөйлеу іс-әрекеті» деген пайымдауын басшылыққа аламыз [3, с. 15].

Тіліміздегі тілек мәнді сөйлеу актісінің орын алғанын бірден бір анықтайтын фактор сөйлеу актісі, яғни белгілі бір қоғамда қалыптасқан сөйлеу әрекеттерінің негізгі қағидаттары мен ережелеріне сәйкес пайда болатын мақсатты сөйлеу [4, 19 б.], кезінде тілек мәнін түсіндіретін иллокутивті «тілемек» етістігінің нақ осы шақта, қолайлы жіктеу жалғаулары жалғанған формада кездесуі.

«Мен саған ... тілеймін» деу арқылы біз тілек мәнді сөйлеу актісін жүзеге асырамыз. Алайда бұл тілек мәнді сөйлеу актісінің иллокутивтік функциясын білдіретін астарлы құрылым. Одан да өзге тілек мәнді сөйлеу актісінің жасалуының грамматикалық формалар бар. Мәселен «Денің сау болсын!» (жиі айтылатын жақсы тілек), «Қолдарыңа дерт бермесін!» (ас ішіп болған соң рахмет айту әрі тілек білдіру қызметінде аспазшыға айтылады), «Сау бол!» (бір кісі түшкіргенде оған денсаулық тілейтініңді білдіру үшін айтылады), «Шипасын берсін!» (науқасты көруге барған жақындары сауығып кетуіне тілектестігін білдіреді). Байқап отырғанымыздай «болмақ», «бермек» етістіктері тілек мәнді сөйлеу актісінің құрамында аталмыш сөйлеу актісінің иллокутивті қызметін білдіретін етістік бола алады. Сонымен қатар тілек мәнді сөйлеу актісінде сөйлеушінің тілеп отқан нәрсесін білдіретін пропозиционалдық құрылым да болуы шартты. Мысалы: *Қымбатты Елена Сізді бүгінгі үлкен жеңісіңізбен құттықтаймын! Сізге зор денсаулық, спортта үлкен табыс тілеймін! Келесі масс старт кезінде алтын белгі алып, Қазақстан туын желбіреті беріңіз* [5]! Бұл жерде құттықтау мәнді сөйлеу актісі мен тілек мәнді сөйлеу актісі кезектесіп келіп тұр. Бұл тіліміздің сөйлеу әдебіне сай құбылыс. Ал мысалға тілек мәнді сөйлеу актісі ретіндегі құрылымдық талдауды төмендегі кестедегідей етіп жасауымызға болады. Әрі бұл мысал жеделхаттан алынып отырғандықтан, тілек мәнді сөйлеу актісі жазбаша формада жүзеген асып отыр.

Тағы бір мысал тілек мәнді сөйлеу актісінің сәлемдесуден кейін келуі: *Сәлеметсіздерме! Интернет банкинг өте керемет! Қызметтеріңізге табыс тілеймін! Жаңа мүмкіндіктерге қол жеткізе беріңіздер* [6]! Экспрессивті сөйлеу актілерінің осындай орын тәртіп үлгісі біздің пайымдауымызша тек интернеттегі контекстілерге тән. Себебі тұлғааралық бетпе-бет қарым-қатынас кезінде айтылатын сөйлеу актілері арасында хал жағдай сұрасу және басқада қосымша ақпарат алмасу үрдістері орын алады. Ал интернет коммуникациясында адресант сөйлеу актісін жазбаша білдіргенімен дәл сол тұста адресат желіде болмағандықтан, оған мерзімінде жауап бере алмай осындай контекст туындайды. Мысалда тілек мәнді сөйлеу актісін әсерілеу үшін марапаттау мадақтау қолданылған. Бұл арада мадақтау жанама түрде құттықтау мәнді сөйлеу актісінің қызметін атқарып отыр. Lewandowska-Tomaszczудің қошемет айту кей контекстілерде құттықтау айтумен бірдей қызмет атқарады деген пайымдауы [7] мен кей Норrickтің кейде айтылған ойдың құттықтау не қошемет екенін ажырату қиынға түсетінін айтқаны сөзімізге дәлел [8].

Ғаламтордағы сөйлесім жағдайында күнделікті бетпе-бет тұлғааралық қарым-қатынас кезіндегі сөйлесім жағдайындағыдай әлеуметтік-мәдени факторлар мен контекстіні ескерген абзал. Демек, сұхбаттасушылар ішкі интенциясына иллокутивті әсер беріп, тіліміздегі құттықтау және тілек мәнді

сөйлеу актілерінің қызметін ғаламтордағы тиісілі сөйлесім жағдайында білдіргенде өзара жас ерекшеліктері, әлеуметтік статустары мен контекстіні ойда тұтуы қажет. Олай етпеген жағдайда сөйлесім жағдайы этикеті сақталмай әңгімелесушілер арасында прагматикалық түсініспеушіліктер туындауы мүмкін. Тұлғааралық бетпе-бет сөйлесім жағдайының ғаламтордағы түрі болғандықтан бұл кезде де сыпайылық әдебін сақтаған дұрыс.

Келесі бір мысал сахна жұлдызының жеке интернет сайтының бетіндегі өзінің жанкүйерлерімен құрған диалогынан алынған: *Асаламуағалейкум, Заттыбек аға! Өткен жаңа жыл құтты болсын! Өмір жасыңыз ұзақ болсын! Денсаулығыңыз мықты болсын! Шығармашылығыңызға табыс тілеймін* [9]! Диалог жаһандық желіден алынып отырғандықтан бұл жерде адресанттың сәлемдесу, құттықтау, тілек мәнді сөйлеу актілері бірінен соң бірі қолдануы заңды. Өйткені интернеттегі тұлғааралық қарым-қатынасты біз жасанды дискурс ретінде қабылдаймыз. Онда табиғи дискурстағыдай емес адресант пен адресат бірдей мерзімде әңгімеге қатыспауы мүмкін. Демек, адресант өз ойын білдірген заматта жоғарыда айтып өткеніміздей адресат желіде болмай қалып, кейін онлайн желіде болғанда жауап береді. Ғаламтордағы тілек мәнді сөйлеу актілерінің басым бөлігі адресатпен байланысу қиын болғандықтан (мәселен ол теле жұлдыз, әйгілі спортсмен, саясаткер болса) адресант тарапынан, айтылған ілтипатым адресатқа деген сенімде орын алады. Бұл тұжырымдамамыз мақаладағы басым мысалдарға қатысты.

Өрі жоғарыда аталғандай бұл мысалда тілек білдіруші мен қуаныш иесінің арасындағы жас ерекшелік, әлеуметтік статустарындағы айырмашылықтар айқын көрсетілген. Оны біз тілек нысаны болып отырған зат есімдерге жалғанған үшінші жақ, сыпайы түрдегі тәуелдік жалғауларынан аңғарамыз.

Қазақша блогтар жасай берсін! Бірақ сан жағынан емес сапасы жағынан әлемді таң қалдырсын деп тілеймін! Саған да Жасқазақ тек сәттілік тілеймін [10]! Мысалда сөйлеуші тұлға да адресат ұйым болып отыр. Яғни Жасқазақ блогының авторларына айтылған тілек.

Жаһандық желідегі қарым-қатынас жасанды дискурс екенінің тағы бір дәлелелі сөйлеуші мен адресат оқиғаға байланысты экстралингвистикалық деректермен таныс болып, тілек мәнді сөйлеу актісін қолдануы. Мәселен күнделікті тұлғааралық қатынаста адамдар ұйқыға жатар алдын бір-біріне «Қайырлы түн тілеймін!» деп айтса, ғаламторда да адамдар сайт беттерінде бір-біріне қайырлы түн тілей алады. Мысалы: *Қайырлы түн достар! Түн тыныштығын тілеймін! Ертеңгі күн сәтті болғай* [11]! Жекелеген чаттарда бұндай тілек мәнді сөйлеу актілерін көптеп кездестіруге болады. Солардың тағы бір түрі туған күн иесіне, тұлғааралық қатынас кезінде, дастархан басында немесе бетпе-бет кездескенде құттықтап, оған ізгі ілтипатын

білдіріп, жақсы тілектерін тілеу үлгілерін сондай сайттардан келтіреміз. Мысалы: *Туған күніңмен! Саған өмірдегі бар жақсылықты тілеймін* [12]! Бұл бір кісінің интернеттегі өзінің жеке парақшасына, яғни онымен пікір алмасуға болатын сайт бетіне сөйлеушінің білдірген құттықтау, тілек мәнді сөйлеу актісі. Демек бұл арада адресант адресатқа өз құттықтау, тілектерін онымен бетпе-бет кездесіп отырған тұлғааралық қарым-қатынас кезіндегідей қысқа әрі нұсқа жеткізіп отыр. Оған дәлел құттықтау мәнді сөйлеу актісінде «Мен сені туған күніңмен құттықтаймын» деп шұбыртудың орнына қысқа ғана «Туған күніңмен!» десе, тілек мәнді сөйлеу актісін де «Денаулық, бақыт, дәулет, шаттық тілеймін» демей-ақ соның бәрін бір ғана сөз «бар жақсылықтың» астарына келтірі отыр. Сөйлеудегі құттықтаудан кейін тілектің келуі қазақ тілінде қалыптасқан сөйлеудің орын тәртібі. Ғаламтор беттерінде кездесетін басқа да осы типтегі құттықтау тілектерден мысал келтірелік. Мысалы: *1. Туылған күніңізбен! Алла әрқашан жар болсын! Отбасылық бақыт тілеймін! 2. Туған күніңізбен! Өмір жасыңыз ұзақ болсын! 3. Шын жүректен құттықтаймын! Ұзақ ғұмыр, мықты денсаулық тілеймін! 4. Туған күніңізбен! Сізге өмірдегі барлық жақсылықты тілеймін! 5. Туған күніңізбен құттықтаймын! Деніңіз сау, өмір жасыңыз ұзақ болсын, аға! 6. Туған күніңізбен! Кішкентай Кәусарыңыздың қызығын көріңіз* [13]!

Ғаламтор беттерінде М. Гусаренконың орыс тіліндегі тілек мәнді сөйлеу актілеріне қатысты классификациялаған, тілек мәнді сөйлеу актілерінің дискурсивті-прагматикалық типтерінен мерекелік отырыс және мереке күндері дискурсінде айтылатын құттықтау және тілек мәнді сөйлеу актілері тілдік емес жағдайларға қатысты айтылатын тілек мәнді сөйлеу актілерімен салыстырғанда жиірек айтылатынын байқаймыз. Өйткені тілек мәнді сөйлеу актісінің айтылатын тілдік емес жағдайларына: жолға шығарып салу кезінде ақ жол тілеу, түшкіргеннен кейін саулық тілеу, ұйқыға жатар алдында түн тыныштығын тілеу, ас ішіп болған соң астың берекесін тілеу үрдістері жатады. Ал ол жағдайлар ғаламтордағы жасанды дискурс барысында орын алуы мүмкін емес. Тек ұйқыға жатар алдын жазбаша үлгіде қайырлы түн тілеу мен сапарда жүргендерге ақ жол тілеу болмаса. Оның үстіне ғаламтордағы сөйлесім жағдайларында білдірілген құттықтау және тілек мәнді сөйлеу актілерімен бірге *Oscchioni* байқаған мимикалық немесе жестикуляциялық бейвербалды іс-әрекеттер ілеспейді [14]. Бұл жазбаша білдірілген барлық дерлік сөйлеу актілеріне тән.

Көп құрамды тілек мәнді сөйлеу актісі ретінде қарастыруға болатын бата беру үрдісі де ғаламторда орын алмайды. Өйтсе де, бата тілектерге мысалдар интернет көптеп табуға болады. Бірақ олар тек дана дайын жаттау және кейін қайталап айту үшін арналған баталар.

Қорыта айта келгенде интернеттегі сөйлесім жағдайларын зерттеу тіліміздің бүгінгі таңдағы қатынас кезіндегі қолданысын зерттеумен тең болып отыр. Осы себептенде біз зерттеу пәніміз ретінде ғаламтордағы қазақ тіліндегі тілек мәнді сөйлеу актісін алып, оған мысалдар келтіріп, мысалдарға тілдік тұрғыдан талдаулар жүргіздік. Интернеттегі қарым-қатынас ерекшеліктерін тілге тиек еттік.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 **Балясникова, О. В.** Психосемантика конфликта в интернет-текстах // Материалы X Междунар. конф. междунар. о-ва по прикладной психолингвистике. – М., 2013.

2 **Матвеева, Т. В.** Нормы речевого общения как личностные права и обязанности, формируемые в сфере естественной коммуникации // Юрислингвистика-2: русский язык в его естественном и юридическом бытии : межвуз. сб. науч. тр. – Барнаул, 2000. – С. 46–55.

3 **Вдовина, Е.В.** Поздравление и пожелание в речевом этикете: концептуальный и коммуникативный анализ. Автореф.дисс...к.филол.н. – М., 2007. – 24 с.

4 **Рапишева, Ж.Д., Тұрлыбекова, Ж.А.** Сөйлемнің коммуникативтік типтері жөнінде // Қарағанды университетінің Хабаршысы. Филология сериясы №1(69) – 2013. – 18-23 б.

5 <http://feedback.homebank.kz/topic/119897>

6 Lewandowska-Tomaszczyk, B. Praising and complimenting. In W. Oleksy, (Ed.) // Contrastive Pragmatics – Amsterdam 1989. – p. 73-100

7 **Norricks, N. R.** The speech act of complimenting. In. E. Hovdhaugen (Ed.) // The Nordic Language and Modern Linguistics. – Oslo 1980. – p. 296-304

8 <http://zattybek.kz/lebiz/>

9 <http://zhasqazaq.wordpress.com/%D0%B1%D0%BB%D0%BE%D0%B3-%D0%B6%D0%B0%D0%B9%D1%8B%D0%BD%D0%B4%D0%B0/>

10 <http://toptwit.ru/tweets/399954844301393920>

11 <http://ask.fm/dauletyarovna/answer/109995296158>

12 https://vk.com/wall-55973195_3713

13 **Allami, H.** Congratulation and Positive Politeness Strategies in Iranian Context // Theory and Practice in Language Studies. 11(1) – 2011 – p.1607-1613

Материал 16.10.14 баспаға түсті.

А. К. Мейірбеков, Б. К. Еликбаев, А. К. Меірбеков

Лингвопрагматические аспекты речевых актов поздравления и пожелания казахского языка на материале интернет ресурсов

Международный казахско-турецкий университет имени Х. А. Ясави, г. Туркестан.

Материал поступил в редакцию 16.10.14.

А. К. Meirbekov, B. K. Elikbaev, A. K. Meirbekov

The linguopragmatic aspects of speech acts of congratulation and wishes in Kazakh language on the online resource materials

H. A. Yasawi International
Kazakh-Turkish University, Turkestan.

Material received on 16.10.14.

В статье рассматриваются лингвопрагматические аспекты речевых актов поздравления и пожелания казахском языке на материале интернет ресурсов. Приводятся особенности межличностных отношения в интернете.

The article describes the linguopragmatical aspects of speech acts of congratulation and wishes in Kazakh language on the online resource materials. Also were shown peculiarities of interpersonal relationships on the Internet.

Д. М. Мерғалиев¹, Г. Т. Акпарова²

¹Өнертану кандидаты, қобыз және орыс халық аспаптар кафедрасының меңгерушісі, АХА (Ақпараттандыру халықаралық академиясы) мүше-корреспонденті, ²ЖАҚ доценті, Өнертану кандидаты, оқу-әдістемелік және ғылыми жұмыс жөніндегі проректор, Қазақ ұлттық өнер университеті, Астана қ.

ҚАЗАҚТЫҢ ФОЛЬКЛОРЛЫ-МИФОЛОГИЯЛЫҚ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ МУЗЫКАЛЫҚ АСПАПТАРЫ

Аталмыш мақалада музыкалық халық аспаптардың сипат-бейнесін қалыптастыруда қазақ халқының фольклорлық-мифологиялық мұрасының мәні мен мазмұны қарастырылады.

Кілтті сөздер: сакральді-ғұрыптық, музыкалық аспап, архетип, ментальді, дәстүр, шығармашылық, өнертану, дүниетаным, ұлттық феномен, миф, гармониялық тұтастық.

Музыкалық өнердің діни-мифтік бастауы мен аспаптардың сакральді-ғұрыптық декоративті безендіруін синкретті түрде қамтыған қазақтың дәстүрлі музыкалық аспаптары ұлттың этникалық жадының терең қабаты, халықтың әлем туралы түсінігінің архетипі, ментальді ерекшеліктерін сіңірген мәдениеттің әмбебап тілдерінің бірі болып табылады. Халықтық музыкалық аспаптар ұлттың рухын танытады. Олар адамның рухани тірегіне қызмет етіп, әлемдік жаһандану жағдайында оның ұлттық даралығын бекітеді.

Оқырмандарға ұсынылып отырған бұл мақалада халықтық музыкалық аспаптарды дайындау барысында орын алатын дәстүрлердің маңызы мен оның дамуы жолын айқындайтын проблемалар зерттеледі.

Адамның тұлғалық шығармашылық потенциалының таусылмас қайнаркөзі оның белгілі бір этникалық қауымдастыққа қатыстылығына байланыстылығы дәлелденеді. Этникалық қатыстылық шығармашылық даралықтың көрінісі – өзекті көркем тенденция. Өнертану саласында этникалық тақырып әлі күнге дейін даулы әрі күрделі жағдайда қалып отыр.

Қазіргі өнертанушы ғалымдар арасында «дәстүр» атауының қалыптасқан, тұрақталған анықтамасы жоқ.

Қазақстандық зерттеушілер: өнертанушылар, археологтар, этнографтар, фольклортанушылар, дінтанушылардың шығармашылық еңбегінің арқасында жаңғырған музыкалық аспаптар көшпенділердің мәдени қазынасының «кілтін» (коды) ашады.

Қазақтың халық өнерінде музыкалық аспаптар көшпенділердің дүниетанымын, байырғы түсініктердің мән-мағынасынан хабар жеткізуші.

Көптеген жүзжылдықтар бойы бұл дүниетанушылық негіздер аспаптарды жасаудың алдында және оны дайындаудың барысында басшылыққа алынады. Қазақтың музыкалық аспаптары жан-жақты және көпқырлы, көпсалалы ұлттық феномен. Қазақтың музыкалық аспаптары сакральді білімді «жеткізуші» болғандықтан, аспаптардың безендірілуі көркем мәтіннің ақпараттық маңызды ядросының қызметін атқарады.

Музыкалық аспаптар мен аспаптық музыканың халық өміріндегі аса маңызды рөлі көптеген ежелгі мифтер мен әпсаналарда таңбаланған. «Дәстүрлі дін жүйесінің ажырамас бөлігі болып есептелетін музыкалық мифтер мен әпсаналар музыкалық аспапты Космос, Табиғат және Адамды гармониялық тұтастықта біріктіруші ғаламдық тәртіпті ұйымдастырушы және оны реттеуші, таза энергияны «жеткізуші» дүние жаратылысындағы жоғары деңгейге көтерген [1, 106 б.].

Жетіген аспабының пайда болуын баяндайтын әпсана сақталған. «Бағзы заманда бір Қарттың жеті ұлы болған. Бірде, жұт болғанда, жеті ұлдың бәрін де ажал жұтқан. Тұңғыш ұлы қайтыс болғанда қарт ағашты кесіп, оған бір шек тартып, «ҚАРАҒЫМ» деген күй тартады. Екінші ұлы өлгенде қарт аспапқа екінші шек қосып, «Қанат сынды» күйін, одан кейінгілер қайтыс болғанда, «От сөнер», «Бақыт көшті», «Күн тұтылды», «Ай құрыды», ал кенже ұлы өлгенде, жетінші шекті қосып; барлық балаларына арнап, «Жеті баламнан айрылып, құса болдым» деп жоқтау айтып; күй тартқан. Ежелгі жетіген аспабы туралы әпсана туыс адамдардан айрылып, әлемнің дуальді сипаты өшіп; өмір оты сөніп; жердегі бақыт ұшқанда, Күн мен Ай жоқ болып, Космос тіршіліксіз қалған глобальды апаттан хабар береді. Мұндай қаралы жағдайда көз жасына ерік беріп, қайғы мен қамығуды жеңіп, тазару, вибрациялары Өмірге жаңа серпіліс тудыратын жеті шекті (жеті саны – өмір рәмізі) аспап жасау – қарсылық таныту, яғни осылайша тірлікке оралудағы жалғыз жол.

Жер бетіндегі Өмір мен Өлім арасындағы теңдікті қобыздың реттеушілік қызметі туралы әпсана тұңғыш бақсы Қорқыт есіміне қатысты сақталған. «Қорқыт жиырма жаста болғанда, түсіне ақ киімді қарт кіріп, Қорқыт ендігі өмірі аз, бар-жоғы – қырық жылы қалғанын айтады. Осыдан кейін Қорқыт мәңгілік іздейді. Желмен жарыса алатын түйе Желмаяға отырып, алыс сапарға шығады. Сол жолда оған бір нәрсе қазып жатқан адамдар кездеседі. Қорқыт олардың не істеп жатқандарын сұрағанында: «Қорқытқа арнап көр қазудамыз», – деп жауап береді. Бұл жердің өзіне қауіпті екенін ойлап, Қорқыт алға қарай жүре береді. Осылайша ол дүниенің төрт бұрышын шарлап шығады, алайда; ол қайда барса да; алдынан қазулы көр шыға береді. Енді Қорқыт жер ортасы – өзінің туған жері Сырдарияның жағасына келеді де, алғашқы қобыз жасап; оны құрбандыққа шалған Желмаяның

терісімен қаптайды: сырдария өзенінің үстіне кілем төсеп, сонда отырған күйі күндіз-түні қобызында ойнап отыратын болады. Қорқыттың қобыздағы ойынына айналадағы бүкіл тіршілік иелері – ұшқан құс пен жүгірген аң, құм арасынан келген адамдардың бәрі қызығып, оған жақындағысы келеді. Тірі жан атаулының бәрі су жағасына жиналып, қобыз күйін тыңдайды. Бір кезде Ажал Қорқыттың жанын алуға келеді, бірақ ол қобызын тарта береді. Қорқыт қобызда күй тартып отырғанда, Ажалдың адам жанын алатын шамасы болмаған жоқ. Бірақ Қорқыт бір күні шаршап, көзі ілініп кеткен, міне, тура сол кезде ажал жылан бейнесінде келіп, оны шағып алды. Дегенмен ол түпкілікті өлген жоқ, ол өлі деп өлі емес, тірі деп тірі емес күйде Су әлемінің иесіне айналды. Және адамдарға ізгі ниетпен көмектескісі келетін бақсылардың бәріне пірге айналды». Қобыз адамдар мен табиғатты, жан-жануарды қамқорлайды. Ол мәңгілікті, мәңгі өмірді «жеткізуші».

Музыкалық аспап өмір сыйлаушы желі ретінде адам мен жан-жануарлардың денесіндегі алпыс екі тамырды иеді. Қазақ халық медицинасында адам мен жан-жануарда қан тамырлары мен энергетикалық арналардың алпыс екі тамыры бар деп айтылады. «Ертеде Жайықтың жағасында Ақжелең есімді керемет қыз өмір сүрген. Іңір түсе бастағанда ол ақ киімдерін киіп, аппақ сұлу жүзіне көз қаратпас әдемілігін асырып, күміс толы әшекейлерін тағып, ақбоз атпен ауылды аралауға шығатын. Ол ауылда киіз үйдің ішінде түні бойы күй үзілмей, ойнап тұратын, бұл ақжелең күйлер еді. Олар алпыс екі еді, әрбәр ақжелең күй ойнаған сайын адамның әр тамыры иитін. Адамның денесіндегі бүкіл алпыс екі тамыр осылайша иігенде адам ағзасына күш құйылғанын сезінеді, бақытқа кенелгендей мамыражай күй кешетін». Бұл эпсанада музыканың көмегімен адамның тамырларына әсер ету арқылы өмір сыйлаушы космостық энергияның көзін ашатын әйелдің жарық сыйлаушы құдайы туралы түсініктің жаңғырығы орын алған.

«Қазақтың халықтық музыкасы уақыт өте келе, кәсіби үлкен өнер жолына түседі. Ол бүкіл жанрда өзінің жаңғыруы мен дамуы сәтін күткен бай негіз бар» [1]. «Мәдени мұра» ұғымы бүгінде өзінің танымдық мағыналық аумағын бүкіл рухани құндылықтарды қамти отырып, кеңейткен.

Материалдық емес, яғни дәстүр, салт, ауызша жеткен өнер түрлері, орындаушылық өнер, дәстүрлі колөнердегі қалыптасқан әдеттер, аспаптар және т.б. рухани мұра болып есептеледі.

Осылайша мәдени көпқабаттылық халықтық дәстүрлердің тамаша үндестігі адамзаттың өркениетті тұрақты дамуының және оның мәдениетінің потенциалын айғақтайды. Атап айтқанда, музыкалық аспаптар халықтың материалды және рухани мәдениетінің айғағы болып табылады. Олар рәміздік мағынаны бойына сіңіре отырып, осы аспаптарды жаратушы халықтың космологиялық түсініктері, діни сенімдері, этикалық және эстетикалық талғамы туралы бүкіл ақпаратты шоғырландырған.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 **Аманов, Б., Мухамбетова, А.** Казахская традиционная музыка и XX век. – Алматы : Дайк-Пресс, 2002. – 544 с.

2 **Ахметова, Г. Г.** Этическое и эстетическое в творчестве М. Ж. Копеева, С. Торайгырова и Ж. Аймауытова. – Павлодар : Кереку, 2010. – 101 с.

3 **Балабеков, Е. О.** Казахский музыкальный фольклор: особенности, основные функции, воспитательные возможности и проблемы совершенствования. – Шымкент : ТОО «МиК», 2000. – 178 с.

4 **Кушкумбаев, А.** Военное дело казахов в XVII–XVIII веках. – Алматы, 2001. – 172 с.

Материал 21.10.14 баспаға түсті.

Д. М. Мерғалиев, Г. Т. Ақпарова

Фольклорно – мифологическое наследие и народные музыкальные инструменты казахов

Казахский национальный университет искусства, г. Астана.

Материал поступил в редакцию 21.10.14.

D. M. Mergaliev, G. T. Akparova

Folklore and mythological heritage and national musical instruments of the Kazakhs

Kazakh National University of Arts, Astana.

Material received on 21.10.14.

В данной статье рассматривается значение и место фольклорно-мифологического наследия казахского народа в формировании образа музыкальных народных инструментов.

The article considers the value and place of folklore and mythological heritage of the Kazakh people in the formation of national musical instruments image.

Р. М. Муталиева¹, Б. Қ. Қапасова², Г. А. Жұмабекова³

¹ф.ғ.к., профессор, қазақ филологиясы кафедрасы, ²ф.ғ.к., профессор, журналистика кафедрасы, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ. ³докторант, журналистика факультеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.

М. ӘУЕЗОВТІҢ «АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАНЫНДАҒЫ ҚҰНАНБАЙ БЕЙНЕСІНЕ БҮГІНГІ КӨЗҚАРАС

Мақалада М. Әуезовтің «Абай жолы» романындағы Құнанбай бейнесі бүгінгі көзқараспен қарастырылған.

Кілтті сөздер: роман-эпопея, тарихи тұлға, ұлттық таным, идеология, кейіпкер, бейне, образды мінездеу, композициялық тұтастық.

М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Құнанбай бейнесі туралы кезінде Т. Жұртбай «М. Әуезовті Құнанбайдың алдында ақтаудың қажеттігі неде» деген мақаласында былай деп жазған екен: «М. Әуезовтің Құнанбайды саналы түрде жауыз, қатыгез, паракор, шынжыр балақ, шұбар төс етіп көрсетіп, кесіп-пішіп үкім айтуға хақысы жоқ. Өйткені, Құнанбай – ұлттық руханияттан орын алған тарихи тұлға. Яғни, Құнанбайдың өмір жолы бұрмаланса, қазақ тарихы, ұлттық таным да бұрмаланады» [1, 432]. Т. Жұртбай өзінің «Құнанбай» атты кітабында тарихтағы Құнанбай туралы көптеген мәліметтер келтіріп, Құнанбайдың жақсы қасиеттерін көрсеткен болатын. Ал Б. Майтанов Т. Жұртбай пікірімен келіспейтіндігін айтып, қарсы мақала жазады [1, 432]. Б. Майтанов бұл мақаласында Құнанбайдың өз дәрежесінде сомдалғанын, Әуезов пен Құнанбайға ара ағайынның қажет еместігін, ол үшін «Абай жолы» романын асықпай оқу керектігін айтады.

«Дәл қазір Құнанбайды «жағымсыз» кейіпкер қатарына қосу – ескі терминологияның салқыны. Осы атауды алып тастау жөнінде таластар жүрді. Ал қалдырған күннің өзінде шығармадағы жағымсыз сипат алатын Әзімбай, Оразбай, Тәкежан, белгілі бір сәттерде Айғыз, мәніке тәрзіділер болмаса, Майбасардың да, Ділданың да, Құнанбайдың да көңілге сыйымды мінез, қылықтары романда молынан табылады» [2,4].

«Абай жолы» романын мән беріп оқысаңыз, Б. Майтановтың пікіріне көз жеткізесіз. Ол үшін «Абай жолының» кейінгі түпнұсқа бойынша түзетіліп, қалпына келтірілген басылымын қайта оқу керек. Мысалы, бұрынғы басылымында Құнанбайдың сараң еместігі туралы, Меккеге барардағы жоспарлаған ісі туралы айтылғандар қысқартылып қалған. Кейінгі 2004

жылы шыққан екінші кітаптың «Тайғақта» тарауы былай толықтырылған: «Құнанбай өмір бойында сарандықтың құлы болған кісі емес. Бірақ ашылып-пашылғыш та емес. Парықсыз болмайын дейтін. Қарқаралыда қазақ салмаған мешіт салғызу сияқты іс болса оған ақтарылып түсетін. Мына сапарда да сондай бір нәрсеге бекінген сияқты. Бірақ не істемегін, тіпті, қатын-балаға да айтқан жоқ. Барып орындап қайтса, сонда білдіреді» [3, 11]. Осы үзіндіден Құнанбайдың сараң емес, мырза болғанын білсек, оның Меккеге барып, қонақ үй – Тәкие салғызуға ниет қылғанын жазушы ашық айтпай, астарлап қана жеткізген. Жоғарыдағы үзіндідегі «мына сапарда да сондай бір нәрсеге бекінген сияқты» дегені соны білдіреді. Бұл туралы «Абай» энциклопедиясында да айтылған: «Құнанбай 1874-75 жылдары қажылық жолмен Меккеге барып, онда мұсылман елінен барған адамдар түсетін үй – Тәкие салғызған» [4, 371].

«Абай жолындағы» Құнанбайға қатысты мінездеме-лерге тоқталсақ:

«Құнанбай өз басы – бір шешеден жалғыз, бәйбішенің жалғызы. Қара шаңырақ иесі. Қалың дәулет пен әмір, билік иесі. Жасқа да көп туысынан өзі үлкен. Сол себепті, үлкен әкесі Ырғызбайдан тараған осы мына жиырма ауылдың мынандай топтарының ішінен бірде-бір жан әлі күнге Құнанбайдың алдынан көлденең шығып көрген емес. Неше қабат бәйбіше - тоқал боп жатқанмен, Құнанбай бұлардың араларындағы араздық болса, лезде жойып отырады. Араздық ұстағанын әлденеше рет пайдадан, олжадан қалдырып, жазалап отырып, өз ыркына көндіреді.

Өзара бірлігі – табыс екенін жете танытқан. Соны ұққалы осы Ырғызбай шетінен бай боп алды» [5, 62]. Осы үзіндіде «бірлік» деген сөз айрықша көзге түседі. Құнанбай елді қалай бірлікте ұстаудың жолын біледі. Бұл – романдағы Құнанбайдың жақсы қасиетінің бірі. Әуезов Құнанбайдың ел билеудегі осы тәсілі арқылы нені меңзеді? Қазақты кім билесе де, ең әуелі алауыздыққа, араздыққа жол бермей, бірлікті көздесе екен деген ойы жатқан секілді. Абайдың «Бірінді, қазақ, бірін дос көрмесен, істің бәрі бос» деп айтқанын қайталап тұрғандай. Ә. Кекілбаев «Үркер» романында осы ойды былай өрбітеді: «Дүние жаратылып, су аққалы жер бетінде ел бірлігін, ағайын татулығын қазақтан көп айтқан халық бар ма екен. «Тату болайық» айтылмаған сөз қазақтың құлағына тұзы татымай тұрған бәдік әңгімедей естіледі. Бірақ олар дүниедегі ең бір пәтуалы сөзді орынды-орынсыз көп айтып, бәдік әңгімеге айналдырып алғандарын өздері сезбейді. «Алауыздықты құртайық», «біздің осы алакөздігіміз жаман» деп қақсап айта берсек, қақырап тұрған халық бірлігі өзінен-өзі қалпына түсе қалатындай көреді» [6, 79]. Ә. Кекілбаев ел билеушілердің қолынан елдің басын біріктіру келе бермейтін іс десе, Құнанбай жиырма ауылды тырп еткізбей ұстады. Жиырма ауыл тұрмақ, жиырма адамның басын біріктіре алмайтындар бар. Демек, Әуезовтің Құнанбай бейнесін сомдауда қазақ ұлтының мүддесіне қатысты мақсаты болды.

Тағы бір мысалға назар аударсақ: «Жүріп келе жатқан топ намаздағы имамдай қып, аяңшыл торыны, зор денелі Құнанбайды алға салып келеді. Бірен-саран жастардың аттарының басы оқыс ілгерілеп кетсе, қасындағы үлкендері зекіп, күбір етіп: «Тарт! Шегін!» деп тойтарып тастайды» [5, 63]. Ырғызбайдың Құнанбайды қаншалықты сыйлап, алдынан кесе-көлденең өтпегендерін осы мысат дәлелдейді. Жазушының «намаздағы имамдай» деген теңеуі де көп нәрсені айтқызбай-ақ түсіндіреді. Имамның намазға тұрған адамдардан білімі жоғары болатын болса, Құнанбайдың да қол астындағыларынан көп артықшылықтары болғаны күдіксіз.

«Құнанбай кеп түскенше жапырлап сөйлеп, күлісіп, әзілдесіп жатқан әйелдер Құнанбайға Майбасар кеп есік ашқанда жым-жырт бола қалды» [5, 63]. Құнанбайдың тағы бір қырын көреміз: Құнанбайдың қасында кім көрінген еркінсі алмайды. Ол кез келген топтың сөзіне қосылып сөйлеп кетіп, ыржалақтай салатын жеңілтек адам емес. Құнанбай бейнесінен композициялық тұтастық байқаймыз.

Құнанбай бейнесінің әрі ұнамды, әрі ұнамсыз болып сомдалуынан жазушының «өгіз де өлмесін, арба да сынбасын» мақалының керін келтіргенін байқауға болады. Кеңестік идеология талабына да жарады, бүгінгі заманның көзқарасына да сай келетін жақтары бар. Бұдан жазушының көрегендігін, алыстан болжайтындығын аңғарамыз.

3. Қабдоловтың мына пікірі бүгінгі Құнанбай туралы пікірталас, дау-дамайдың бәріне жауап деуге болады: «Мейлінше шыншыл суреткер бұл образды мінездеу мен мүсіндеуге, жинақтау мен даралауға өзінің бай палитрасындағы бір (қара) емес, бірнеше (ақ, көк, сары) бояуды қоса, қатар жұмсап, түрлі-түсті табиғи кескінде, алдымен адам ретінде, барлық күнгей-көлеңкесімен жан-жақты, толық, тұтас тұлғаландырған. Автор ұнамсыз кейіпкер бойындағы ұнамды қасиеттерді күзеп не тонап әкетпейді, өзіне береді, өзінде қалдырады» [7, 57]. Сондықтан да Құнанбайды оңай ғана жағымсыз немесе жағымды деп кесіп айта алмайсың.

Эпопеядағы Құнанбай сөздері, іс-әрекеттері Қабдолов айтқан «бірнеше бояу» қосындысы екенін дәлелдейді. Романның екінші кітабында Құнанбай қажылықтан оралған соң Қаратайға сол сапары туралы әңгімелеп отырады. «Құнанбай қолына тәсбиһын алып, соны тарта отырып, «Мәдинеде кімдер қабыры бар?» дегенге жауап айтты.

– Мәдинеде Рәсулалланың, хәзрәті Әбубәкір, Ғұмардың және хәзрәті Фатиманың жатқан жайларын зиярат қылдым! – деді» [3, 130]. Бұл есімдер – қазіргі кезде ислам дінінен хабары бар адамдар үшін аса қадірлі есімдер. Әбубәкір, Ғұмар дегендердің көздері тірісінде жұмақпен сүйіншіленген сахабалар екені барша мұсылман қауымына мәлім. Олардың пайғамбарымызбен (ғ.с.) өткізген өмірлері өнеге боп есептеледі. Әуезов осы мәліметті жайдан-жай келтіріп отырған жоқ. Осы романдағы дінге

қатысты атаулар, әңгімелерге қарағанда жазушының ислам дінін жетік білетінін аңғарамыз. Өйткені ХХ ғасырдың басында ақын-жазушылардың басым көпшілігі медреселерде білім алды. Әуезов бұл шығарманы жазған кезде атеистік тәрбие әбден қалыптасып болған еді. Қажылыққа бару деген көзден бұл-бұл ұшқан заман болатын. Мүмкін, «тағы да қажылыққа баратын күн туар ма екен» деген арман жазушыда болды ма екен. Жазушы Құнанбайдың қажылық сапары арқылы сол дәуірдегі қазақ ұлтының ислам дінін ұстануындағы бет-бейнесін танытқан.

Тәкежанның ұлы Мақұлбай қайтыс болғандағы мына бір көрініске назар аударсақ: «Жыласу арты Кішкене молданың зор, сұңғақ үнмен, бұхар мақамымен бастап кеткен Құранына сайды. Құран оқу басталысымен, Құнанбай басын төмен салып, мүлгіп, жалғыз көзін жұма түсті. Әлі жылауын тоқтатып болмаған келіні жаққа сол қолымен ишарат жасап, «тоқтат» дегендей етті. Қаражаннан жоғары отырған Айғыз, Қалиқалар Құнанбайдың қимылын көре сала, келінге:

–Тоқта, Құранмен таласпа!» – десті [3, 128]. Осында қазақтардың Құран оқылып жатқанда жағаласуға болмайтынын білгендіктерін, Құранды қадір тұтқандықтарын аңғарсақ, Құран оқудың бірнеше мақамы барын жазушының «бұхар мақамы» дегенінен білеміз.

3. Қабдоловтың «Менің Әуезовім» романында орыс жазушысы Леоновтың Құнанбай туралы пікірі берілген: «Тірі пендеге бас имейтін тәкаппар Леонов өмір мен өнер туралы түгесілмес философиясын тек Әуезовпен ғана бөліспекке келеді.

Мұхтар Омарханович, Сіздің ақыл-ойыңызға, сыр-сезіміңізге суарылған Құнанбай бейнесіндей ғажайып бейне сізге дейін бүкіл әлем әдебиетінде жасалған жоқ, соны білесіз бе? Біз стандартқа айналдырған ұнамды кейіпкер, ұнамсыз кейіпкер дегендер бар, қалай ойлайсыз: Құнанбай ұнамды ма, ұнамсыз ба? Екеуінің шекарасын сіз қалай жойып жібердіңіз? Әлгі ұғымның адамдарында спектрдың екі-ақ түрі – ақ бояу, қара бояу ғана бар. Ал сіз басқа бояуларды қайдан тауып, қалай қосып жүрсіз? Құнанбайдың «адамның құны не болса, міні де – сол!» дегені қандай терең философия!» [8, 48]. Қабдолов келтірген Леоновтың бұл сөздері де бүгінгі Құнанбай бейнесі туралы әр түрлі пікірдің шешімі секілді. Қабдоловтың аяқталмай қалған осы романында Әуезовтің «әдебиет ұлттың ұлылығын танытуы тиіс» деген қағидасы келтірілген. Демек, Әуезов «Абай жолында» қазақ ұлтының жай халық еместігін танытуды мұрат тұтқан. Сөз соңын Б.Майтанов пікірімен аяқтағанды жөн көрдік: «Жазушы өмірдегі Құнанбайды зор етіп сомдамаса, қор етіп пайымдаған жоқ» [2, 4].

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Ысқақұлы, Д.** Әдеби сын тарихы / Д.Ысқақұлы. – Алматы : Таңбалы, 2012. – 580 б. – ISBN 978-601-06-1891-6
- 2 **Майтанов, Б.** Әуезов пен Құнанбайға ара ағайын қажет пе? // Қазақ әдебиеті, 2000. – 21.04.
- 3 **Әуезов, М.** Абай жолы. Екінші кітап / М.Әуезов. – Алматы : Жазушы, 2004. – 432 б. – ISBN 9965-666-78-4
- 4 Абай. Энциклопедия / бас ред. Нұрғалиев, Р. Н. – Алматы : Атамұра, 1995. – 719 б. – ISBN 5-7667-2949-9
- 5 **Әуезов, М.** Абай жолы. Бірінші кітап / М.Әуезов. – Алматы : Жазушы, 2004. – 368 б. – ISBN 9965-666-59-8
- 6 **Кекілбаев, Ә.** Шығармалары. Бірінші том. Үркер/ Ә.Кекілбаев. – Алматы : Жазушы, 2010. – 352 б. – ISBN 978-601-200-263-8
- 7 **Қабдолов, З.** Көзқарас / З.Қабдолов. – Алматы : Рауан, 1996. – 253 б.
- 8 **Қабдолов, З.** Дана дидар / З.Қабдолов. – Астана : Астана полиграфия, 2009. – 384 б. – ISBN 978-601-254-071-0

Материал 28.11.14 баспаға түсті.

R. M. Mutalyeva¹, B. K. Kapasova¹, G. A. Zhumabekova²

Образ Кунанбая из романа «Путь Абая» М. Ауэзова в современном восприятии

¹Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар;

²Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 28.11.14.

R. M. Mutalyeva¹, B. K. Kapasova¹, G. A. Zhumabekova²

The character of Kunanbay in the novel of M. Auesov «Aby's Way» in modern perception

¹S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar;

²al-Farabi kazakh National University, Almaty.

Material received on 28.11.14.

В данной статье рассматривается образ Кунанбая из романа «Путь Абая» в современном восприятии.

The modern vision of Kunanbay image in «Aby's Way» novel is studied in this article.

ӨОЖ 398.2/574/

Б. С. Рахымов

ф.ғ.д., профессор, Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ.

КЕҢІСТІКТІҢ ТАРИХИ ЖЫРЛАРДАҒЫ КӨРКЕМ БЕРІЛІСІ

Мақалада тарихи поэмалардағы кеңістіктің көркем бейнесі қарастырылады.

Кілтті сөздер: жер атаулары, эпос, жыраулар, поэзия, көркемдік жиынтық, көркемдік талғам, сюжет, эпикалық дәстүр, батырлық жыр, динамикалық қозғалыс, кеңістік.

Тарихи жырлар турасында пікір айтып, арнайы зерттеулер жасаған ғалымдардың назарынан жырдағы кісі есімдері, жер атаулары қалыс қалмаған. Кісі есімдері мен жер атаулары бойынша қуалай пікір білдіріліп, кейде оның қисынсыз дәлелдеме болып шыққандығын білеміз. Егер бір ғана батырлық эпостың бүкіл нұсқасын алдыңызға алып жайып тастап, жағрафиялық картаға ондағы жер-су аттарын түсіріп көрсек, алғашқысындағы мен кейінгілері сәйкес келіп жата ма екен. Бұлайша қарау – эпосты таза айна-қатесіз тарих деп түсінушілік. Керек десеңіз жырау-жыршы дегенге күмән туғызып, оның шығармашылығын жоққа шығару. Бұл мақсатта ең алдымен эпосты жасаушылар кімдер, олардың шығармаларында жер-су атаулары қалай көрініс тапқан, неліктен нақтылықтан гөрі шарттылыққа басым тұрады деген сауалдарға жауап іздесек, іс оңға басуы мүмкін. Алсықа бармай-ақ, XVIII ғасырдағы елім-жерім дегенді асқақ үніне қосқан, қазақ еліне есімдері мәшһүр жыраулар поэзиясына үңіліп көрейік:

Кеше тоқыраулы судың бойынан,
Тоқал терек түбінен,
Ніл дарияның басынан,
Құмкент шәрінің қасынан,
Перінің қызы Перизаттан туған,
Қара Мерген атасы,
Сөзімнің жоқ қатасы
Кеше бұл тұрымтайдай ұл еді-ау,
Түркістанда тұр еді-ау,
Әбілмәмбет ағаңа
Қызметші жүрген ұл еді-ау [1].

(Абылайға арнаған Тәтіқара ақын арнауы).

Баян Аула, Қызыл тау,
Абыралы, Шыңғыстау,
Қозы Маңырақ, қой Маңырақ
Арасы толған көп қалмақ,
Қалмақты қуып қашырдың,
Қара Ертістен өткізіп,
Алтай тауға асырды!
Ақ шәуліге қос тігіп
Ауыр қол жиып алдырдың [2].

(Үмбетей жыраудың Бөгенбай өліміне арнаған толғауы).

Асу салған, тас бұзып
Тарбағатай белінен,
Қол қондырған қос тігіп.
Борлы деген көлінен
Қалмақты шашқан шулатып
Ақшәулінің өрінен [3].

(Бұқар жыраудың Бөгенбай өлімін естіртуі).

Арту-арту бел келсе,
Атан тартар бүгіліп.
Алыстан қара көрінсе,
Арғымақ шабар тігіліп [4].

Ақын-жыраулар мұрасынан бұндай сандаған шумақтарды тауып, тізбектей беруге әбден болатыны түсінікті. Жырдағы шумақтар жыраулар поэзиясындағы болмысты эстетикалық тұрғыдан қабылдаудың бір көрінісі. Осы көрініс эпос табиғатына жат па, әлде ақиқат заңдылық па оған да жүгініп көрейік:

Ніл дарияның басында,
Құмкент шәрі қолында.
Баба түкті Шашты Әзиз
Мені сонда тауып ап,
Едіге деп ат қойған да... [5]

(«Ер Едіге» - Ш. Уәлиханов жазып алған нұсқасы).

Асқар-асқар белдерден
Айдын шалқар көлдерден,
Қан сасыған жерлерден
Үмітін үзіп жол шекті [6].

(Қобыланды батыр. Марабай-Мергенбай нұсқасы).

Осындай салыстырулардың өзінен-ақ, жер-су жайындағы ұғым-түсініктердің көркемдік жиынтығы эпос тіліне қалай түскені, оның себеп-салдары жөнінде белгілі бір мәмілеге келуге болатын сияқты. Мәселе жырды айтушы жырау-жыршылардың эпостағы қаһарманның мекенін,

жүріп өткен жолдарын білмегендіктен емес, көркемдік талғам тұрғысында мейлінше кең ауқымды шығарманы шындыққа негіздеудегі көркемдік жолды таңдауында жатыр. Егер жырау-жыршыда таңдау болмаса, батырлық эпостағы қаһармандарымыз Алпамыс, Қобыланды т.б. жауға аттанған, одан қайтқан жолдарындағы жер-су атаулары бірді-екіліден аспай, уақыт пен кеңістік жағынан шектеліп қалар еді. Онда көлемді шығарма да тумайды. Жырау мен жыршының құдіреті сонда, батырды елі мен жерін қорғаушы ретінде тым ұзақ та, қауіп-қатерлі алыс сапарға аттандырады. Сондықтан оның мекені жүріп өткен жолы, қайту сапары халық ұғымына сай жер атауларымен берілуі тиіс. Батырлық іс ауыл арасындағы дау-жанжал емес, жалпы халықтың мүддесінен туындайтын «ел шетіне жау келсе» аттаныспен өлшенеді. Ендеше сол аттаныс сапары тым ұзақ жол. Ол жолдың өзен-көл, тау-тас, шөлді-шөлейтсіз болмауы мүмкін бе?! Эпостағы жер атаулары мен кісі есімдері көрсеткішімен кейіпкер әрекетінен бұрын немесе кейін болған оқиғаларға тели салуда күмән туғызатыны бар. Эпостағы мұндай олқылықтардың орнын толтыруға арналған еңбек ретінде, эпостанушы Ш. Ыбыраевтың «Эпостың кеңістік концепциясы», «Кеңістіктің көркемдік сипаты» турасындағы зерттеулерін орынды атау керек. Ғалым эпикалық кеңістік турасында ізденістердің негізін екі түрлі мақсатқа бағындыруды тұжырымдайды:

1. Жер-су, өзен-көл, тау-тас, елді-елсіз жер атауларының эпостағы жиынтығы және олардың тарихи негіздері, нақтылы жағрафиялық және эпикалық атаулардың бір-біріне сәйкестігі, осы арқылы тарихтың эпостағы көрінісін анықтау мәселелері.

2. Кеңістік ұғымдарының эпос поэтикасының дәстүріне бағындырылған сыр-сипаты, уақытпен өрелесуі, кейіпкерлер іс-әрекетімен және сюжеттік ситуациямен байланысы, мерзімі жағынан түрлі оқиғалардың дәстүрлі эпикалық кеңістікке телінуі [7]. Осы екі мақсатқа байланысты мұнда батырлық жырлардағы кездесетін жер-су атаулары, оның тарихқа қарым-қатынасы, шындықты игерудегі эпикалық дәстүрдің ықпалына байланысты назар аударатын құнды пікірлер бар екені даусыз. Осы мақсатта өзіміз сөз етіп отырған – тарихи эпостағы эпикалық кеңістік жайында қарастырып, одан бұрынғы қаһармандық эпостан ерекшелігі бар ма, бар болса, оның себебін анықтау да елеусіз іс емес. Бұл бағытта дәуір және дәстүр мәселелері назардан тыс қалмайды.

Эпикалық шығарманы жырлаушы көлемді дүние жасауда қаһарманның өмірбаянын реалды өмірге жақындатуы керек. Сондықтан шығармада уақыт пен кеңістік ұғымдары дәуірге тән өлшемдермен сараланып, эпикалық дәстүр арқылы бір-бірімен өрелесуі тиіс. Өйткені эпикалық дәстүр ақын-жыраулардың шығармашылығындағы асқан шеберлік көрсеткішінің тұрақталған жүйесі. Кеңістік жайындағы ізденістерімізді тек қана жырдағы

жер-су, өзен-көл, тау-тас, елді-елсіз жер атауларының жиынтығымен ғана қарау бір жақты. Кеңістіктің өзі тігінен және көлденеңінен түсінікті қажет етеді. Бұл турасында адамзат түйсігінде белгілі болған объективтік шындық бар. Эпикалық кеңістік сол шындықты көркемдік дәстүрге сай қажетіне қарай алады, сондықтан онда психологиялық тұрғыда объективтік және субъективті пайымдаулар өткенді шындық ретінде қабылдаса да, көбіне өз тұрғысынан да бағалау орын алады. Осының бәрі жырдың жеткізушісіне байланысты айтылып жатқан мәселелер. Жырды айтушы жаратылыстан аян кеңістіктің қозғалысқа түсіреді. Қозғалыс жоқ жерде – уақыт өлшемі жүрмейді. Жырдағы уақыт пен кеңістіктің байланысын іс-әрекетсіз ешқандай зерттеуші түсіндіре алмайды. Осы заңдылықтың нақты ұғымы бүкіл түркі әлеміне ортақ, көне ескерткіште тұр.

Биікте көк тәңірі,

Төменде қара жер жаралғанда

Екеуінің арасында адам баласы

Адам баласын басқаруға ата-бабам жаралды [8].

Алайда осы ескерткіштердің деректерін тарих ретінде сүзу мен тілдік жағынан түсіндіру бар. Көркемдік тұрғыдан ескерткіштегі сипаттау, сөйлету, даралаудағы жинақтаулар кең көлемде енді ғана сөз бола бастады. Қалай десек те көне ескерткішті оқудың құпиясы ашылғанымен, көркемдік әлемнің сыры айқындалды деуге ертерек. Сонымен, эпостағы уақыт пен кеңістіктен белгілі бір дәуірдің тарихын табуымыз керек. Ең алдымен сол дәуірді бейнелейтін эпикалық кеңістіктің өзі ұшы-қиыры белгісіз, шалқып жатқан әлем емес. Эпоста батырдың мекенінен кейін кетіп бара жатқан жолының бәрі жаудікі деу қате ұғым. Эпикалық кеңістікті дәуірге қатысты жыршы тарапынан аймақ дегенді кең көлемде алады, батырдың мекені сол аймақтың бір ғана бөлшегі. Қазақ эпосында батырдың шығу тегімен қатар, оның мекенін анықтамаған бірде-бір эпос жоқ. Бұл тарихи тұрғыдан шындықтан алыстамаған. Батырлық жырлардағы «Қобыланды», «Алпамыс», «Қамбар», «Қырымның қырық батыр жырлары» т.б. қаһарманның жаз жайлауы, қыс қыстауы нақты айтылғаны күмән туғызбайды. Мұнда мезгіл мен кеңістіктің үндестігі бір қалыпта тұрса, батырдың елінен аттану себебі бүкіл аймаққа, анықтай түссек біртұтас елге қауіп төнгендік болатын. Жыршы сондықтан қаһарманның сапарындағы жолды көрсетуде, өзіне таныс кеңістіктің көлін, тау-тасын, шөлі мен шөлейтін жырға бөлек-бөлек жинақтап, ел шетіне келген немесе қаһарманның іздеп келген жауына кездестіреді. Оның қашықтығы, батырдың қанша уақытта жеткендігі жөніндегі баяндауда кеңістік динамикалық қозғалысқа түседі. «Күнді бұлт құрсайды», «Қар жауарға ұқсайды», «Айды бұлт құрсайды», «Айды байқамай қарасам, түн жауарға ұқсайды», «Таң сарғайып атқанда, Шолпан жұлдыз батқанда» т.б. кеңістікті тігінен қарағандағы көрінісі болса, көлденеңінен жерде бұрқыраған шаңы,

ағып жатқан көлі, бұрқыраған буы, шуылдаған шуы назардан тыс қалмайды. Жырлаушы сол шындықты жеріне жеткізу үшін әмседен аян жер-су, тас-тау, мекен-тұрақ атауларын жырға қосқанда ғана, тыңдаушының шындық демеске шарасы қалмайды. Өтірік жағы А. Байтұрсынов айтқандай мінген аты, жауға жалғыз аттануы, қарсыласқан жауды мың-мыңдап жапыруы ғана [9]. Ежелгі эпостағы осы бір дәстүр, қаһармандық эпоста жалғасын тапқан. Жыршы батырдың іс-әрекетін даралаудың жолында, қиялға ерік беріп, халықтың арман-тілегіне орайластыруға мықтап бекінген. Жырдың шындығы дәуір шеңберінен аспай, уақыт пен кеңістікті өрелестіре алуында екендігі даусыз. Қорыта келгенде, эпикалық кеңістік – көркемдік жүйеге келтірілген екінші шындық. Өткендегі де, бізге жеткені де сол шындықты іс-әрекетпен көрсетуші эпикалық шығарманың бас қаһарманы. Сонымен қаһармандық эпос жөніндегі эпикалық кеңістікке қатысты тұжырымды былайша түйіндер едік:

Біріншіден, бұл кеңістік көлденеңінен де, тігінен де жұптасқан.

Екіншіден, қозғалыстағы кеңістік.

Үшіншіден, оның негізін әрекет жасаушы басты қаһарманның субъективтік-объективтік жырдағы қарым-қатынасы білдіреді.

Қысқаша шолып өткен қаһармандық эпостағы кеңістік жөніндегі ой-пікірдің одан әрі дамуы, біздің негізгі мақсаттағы тарихи жырлардағы кеңістікке қатысты болмақ. Тарихи жырлар мен реалды-тарихи эпоста кеңістік турасындағы ізденіс тарихи (диахронды) және құрылымдық (синхронды) тұрғыдан қарауға әбден реті келеді. Өйткені, дәуір кезеңдерінің бейнесін жан-жақты ашып, халықтың қамын арман-тілектері жөніндегі сұраныстарға жауап беретін тарихи жырлар мен реалды-тарихи эпоста дәуір жөніндегі деректер болған іс-әрекеттің шындығынан шалғай кетпесе, екінші жағынан уақыт пен кеңістікті сәйкестендірудің жинақталған көркемдік үлгілері бар. Кеңістіктің бұндағы көркемдік заңдылықтарға бағындырылуының өзі өзгеше формада, жаңа бір қырынан көрінеді. Эпостағы дәйекті дәстүрлердің өзі кеңістік турасындағы ізденістерге келгенде, қалыпты сақталмайтындығын дәлелдеген тарихи жырлар мен реалды-тарихи эпостар екендігі анық. Қаһармандық эпостағыдай тарихи жырлар мен реалды-тарихи эпоста батырлардың қоныстанған мекені дәстүрге сай, жырдың басында да, сюжеттік байланыстарда да көрініп отырады:

Өтіпті Қанжығалы қарт Бөгенбай

Мекені көшіп қонған Шет қорайдай [10].

Олжекем Орта жүзге ұран болған,

Сарысу, Арқа есігі – Арқанатта,

Айдабол Төртуылды қоныс қылған.

Жайлауы Нұра суы еді мұның,

Сала мен Домбыралы бетегелім,

Моншақты, Құлан өтпес, Шідерті өзен,
Сілеті, Қара-Сенгір, Шалқар белім [11].

Туған жерін сұрасаң,
Жайықтың шығыс күн-жағы.
Жаз жайлауын сұрасаң,
Үш аңқаты, Барбастау,
Бұлардың қатаң шымдағы,
Күз күзеуін сұрасаң,
Бұлдырты мен Жымпиты,
Қалдығайты, Жақан бай,
Балқашты сала мұндағы,
Қыс қыстауын сұрасаң;
Ойылда Қиыл, Жем, Сағыз,
Үйшіктен бергі қалың сор,
Қаракөл менен Қаратау,
Тайсойған, Бүйрек құмдағы.
Есі бір нағыз өнген де,
Жасы он беске келгенде,
Қоныс етіп Нарынды.
Қалың елмен бірге өткен [12].

Тарихи жырлар мен реалды-тарихи эпостардан эпикалық шығармада қаһарманның қоныстанған жерлерін бұлайша беру қаһармандық эпос дәстүріне қатысты. Бұл орайда тарихи жырларда да, кейінгі реалды эпоста да деректік мәлімет мол. Қаһарманның мекенін таныстырудан кейінгі тарихи жырлар мен реалды-тарихи эпоста эпикалық кеңістікті беру мәселесі, қаһармандық эпостағы эпикалық кеңістіктен мүлде бөлек. Мұнда бір сызықтың бойына орналастырып қоятын, реалдық өмірге қайшы келетін, тізбектеле айтылатын кеңістік атаулары мүлде кездеспейді. Мәселен, XVIII ғасырдағы тарихи жырларда эпикалық кеңістік тігінен де, көлденеңінен де мүлде басқаша көрінеді. Батырлық жырлардағы мәңгілік жаз, кеңістіктің жалпы сипатының соған сай көрінуі тарихи жырларда мүлде өзгере бастаған. Тарихи жырлардағы кеңістіктің атаулары және оның уақытпен сәйкес келуі, тарихи тұрғыдан дұрыс көрсетілуі, бірін-бірі толықтыра түсіп, тұтастанған көркемдік жүйенің белгілі эпикалық уақытқа телінуі жағынан, қаһармандық эпостан бөлек жанр екендігін дәлелдейді. Тарихқа жүгінсек, жоңғарлардың қазақ жеріне жасаған шабуылдары XVII ғасырдың 1607 жылдарынан бастап, сол ғасырдың әр кезеңінде қазақ қолынан Есім хан, Жәңгір хан, Жалаңтөс баһадүр, Өз Тәуке хандардан бірнеше жеңіліс табады. Бұдан кейінгі Өз Тәукенің қайтыс болуы, қазақ хандығының іштей ыдырап, «Жеті жарғы» бойынша тәртіпке түскен заң жүйесі бұзылуы, оған қоса 1723 жылы қазақ сахарасында «қайың сауған ақ тышқан» жылы зұлматы мен нәубетін қоса

әкелді. Осы жұтты мықты пайдаланған, жоңғарлар қазақ жеріне еңдей кіріп, елді «Ақтабан шұбырындыға...» ұшыратты. Бұл оқиғаны Ш.Уәлиханов: «XVIII ғасырдың алғашқы он жылы қазақ халқының өміріндегі ең бір жан шыршырлық кезең болды, әсіресе, 1723 жылғы халық трагедиясы әрбір қазақтың жадында қалды. Бұл жылы қар қалың жауып, мал ашығып, онсыз да қыстан жұтап шыққан елге қырғын салып, Жоңғар хонтайшысы Голдан-Церен басқарған қалың жау қазақ жеріне басып кірді. Шошынған ел сайғақтың үйіріндей дүние-мүлкі мен мал жанын тастап түстікке қашты. Орта жүз Самарқанд маңына, кіші жүз Хиуа мен Бұқар барып тоқтады» [13], – деп көрсетеді. Жойқын жау жоңғарға қарсы тұру 1724 жылғы Түркістан қаласын қорғау шайқасы, 1725 жылғы «Әйгілі Алакөл қақпасы», 1728 жылғы Шұбар теңіз жағасындағы шайқас, 1729 жылғы Бұланты өзенінің бойындағы шайқас және Балқаш көлінің Оңтүстік өңіріндегі ірі жеңістер («Қалмақ қырылған – Аңырақай») ұзаққа созылған Шаған шайқасы, 1730 жылдары жоңғарларды Ілеге дейін қуып келу, одан кейінгі 1741-1743 жылғы қызыл қырғын соғыстардың тынышталатын тұсы 1750 жылы жоңғар қақпасындағы шешуші жеңіс еді. Міне, осы аласапыран уақыттағы шын мәніндегі Отан соғысының болып өткен жерлерін, босқан ел мен жаудан азат етілген жеріне көшкен елдің деректері ретінде қазақ даласында 15-тен астам «Қалмақ қырылған» дейтін және сандаған өзен-су, тау-тасы аталады. Бір ғана «Ақтабан шұбырынды» оқиғасынан бастап, 300-ге жуық топонимикалық аңыздар мен тарихи өлеңдер, барлық нұсқаларымен есептегенде 100-ден астам тарихи жырлар бар екен. Бұлардың көпшілігі қолжазба қорындағы дүниелер ғана, ал қаншама рухани дүниелер хатқа түспей кетті десеңші. XVIII ғасырдағы азаттық жолындағы соғыстың эпикалық шығармаға айналғаны, зиялы қауымның тәптіштеп айтып келе жатқаны – «Ақтабан шұбырынды» кезеңінен бергі – Абылай дәуірі. Шын мәнісінде, ерлік пен елдікті ту етіп ұстаған Абылайдың өз басына қатысты қаншама аңыз, өлең-жырлар қалған. Өзінің дәуіріне шоғырланған баһадүр батырларды дәріптейтін тарихи жырлардың сюжеті Абылайды қалыс қалдырмаған. Эпикалық шығармаға айналған тарихи жырлардың бастамасы қай мезгілден екендігіне жоғарыда тоқталдық, ендеше эпикалық заңдылыққа бағынған кеңістіктің көркем бейнесін сол кезеңмен қарап көрейік. XVIII ғасырдағы тарихи жырларды жырлаушылар ең алдымен, эпикалық шығармада кеңістікті көлденеңінен және тігінен қозғалысқа түсіреді. Көктен тоқтаусыз жауған қар, ақ түтек боран, жердің үсті мұзға айналған. Босыған халық бір жерден, екінші жерге шұбырып барады. Өкшелей қуған жау болса, тігерге тұяқ қалдырмай жалмап, кеңістікті қызыл түске бояған. Тарихи жырларда бұл бұлайша өрнектеледі:

Айнадай жарқырайды дүние жүзі,
Мұзбенен шағылысып күннің көзі,
Тас, топырақ, қопсан, жазық бірдей болды.

Сырғанап батпай кетті мықтың ізі
 Тау тас, құзда ағаш, жерде бұта,
 Мұз басып барлығы да қалды жата [14].
 Барасың Қожахмет кімге қалып,
 Қайран тау, қайран Сырым, қайран дала,
 Күн көрген өсіп, өніп қатын бала.
 Жөнелді у-шу болып қазақ тозып,
 Көлік жоқ ең болмаса екеу ара.
 Қазақтан тартып алды Түркістанды
 Хиуамен билеп Ташкен, Самарқанды [15].

Әйгілі тарихи өлеңнің желісімен келген мұндай жолдарды, тарихи жырлардың көпшілігінен кездестірдік. Кейде сол өлеңнің өзі жырдың ішінде жүруі бұған айғақ. Сайын дала, көсілген кеңістіктің мезгілмен өрлесіп, эпикалық шығармаға енуі түптеп келгенде заман психологиясын жеткізуден туған.

Тарихи жырда ұлы жүз, орта жүз, кіші жүздің белгілі бір аймақтарының қай жерлерде орналасқанын шежірелеп баяндау бар. Жыршы мұны айтуда кеңістік атауларын тізбелеп шындықты дәлелді жеткізеді. Батырлық эпоста негізгі қаһарман ел шетіне жау келгенде мекенімен сол жауға қарсы аттанса, тарихи жырларда қаһарманның елін жау шауып, тұтас аймақты тарылып келеді. Қаһарманның аттаныс іс-әрекетін жыршы бірден жауға қарсы бағыттамай, бірнеше қолмен Ұлытауға қарай жүргізеді. Өйткені онда үш жүздің басы қосылып, жауға қарсы шықпақ. «Абылай хан, Сабалақ» жырында Бөгенбай мен Қабанбай атынан жазғытұры Ұлытауда жиналатыны айтылып, оған Сабалақтың баруы, үш жүздің тәмәм батырлары жиналып, Шақшақ Жәнібектен бата алып, жоңғармен соғысқа шыққаны баяндалады. «Шақшақ Жәнібек батыр» жырында еліне аттанып шыққан Жәнібек батыр келе жатып Қабанбай мен Бөгенбайға кездеседі. Жауға аттануға Ұлытауға бара жатқаны айтылып, Жәнібек оларға қуана қосылады. «Олжабай батыр» жырында Ұлытау қалыс қалмаған. Қысқасы тарихи жырда жыршы тыңдаушысына бүкіл батырлар Ұлытауға жинақталып, содан бастап қаһарманның жекпе-жектерде үлкен жеңіске жеткенін даралап көрсетуді мұрат еткенін аңғару қиын емес. Бұл жырдағы шалғай кеткен тұс екені рас. Біріншіден, 1926 жылы Ордабасындағы жиында жауға қарсы аттаныс жөнінде, Әбілмәмбет, Төле би бастатқан қазақтың біртуар ақылды алыптарының бір мәмілеге келіп, аттанысты Ұлытаудан бастауға ұйғарғаны, Әбілхайырдың сол бас қосуда бас қолбасшы болып жауға аттанғандығын аңыз да, тарихи деректер де теріске шығармайды. Екіншіден, жырды айтушылар осыдан кейінгі 1728, 1729 және 1730 жылдары жоңғарларға қазақ қолының қатты соққы бергенін білуі мүмкін. Сондықтан бүкіл соғыстардың оқиғасын осыған жинақтап, таратуды көздеген. Үшіншіден, жырлаушы аймақтағы кеңістіктің орталық

нүктесін дәл тауып, бүкіл жорықтарды содан шығаруға ниеттенген. Ертегі-аңыздағы жер ортасы Көктөбе, «Манастың Бозтөбесі – жер кіндігі» т.б. кеңістіктің орталық нүктесіне қатысты пікірлер бар екені белгілі. Тарихи жырларда Ұлытаудың қайта-қайта айтылуы, Абылайдың сол тауда анда жоңғарға ұсталуы соны еске түсіреді.

Тарихи жырларда кеңістік үнемі қозғалыста дегенді айттық. Соның бір көрінісі, жердегі шұбырған жұт жылғы жұртты айтсақ, екінші үнемі жырдағы кездесетін көшпелілер өміріндегі көш суреттері. Қаратаудан Сырға ойысып әрі қарай Мұғаджар тауларынан пана іздеген, бірақ пайдалы қоныс таппаған, жөңкілген елдің бір парасы Құм, Жем, Сағыз, Жайыққа барып тоқтаса, келесі көш Арқа жаққа ауа көшіп Көкше, Ереймен, Шыңғыс, Тарбағатай сілемдерінен орын тепкен. Орта жүз аталатын рулар мен тектер кіші жүз мекен қылған, Ырғыз, Шалқар бойларын басып өтеді. Қараөткел, Ереймен, Баян ауыл, Қызылтау, Сілеті, Сарысу, Арғанаты, Нұра, Домбыралы, Моншақты, Шідерті, Қара Сеңгір, Шалқар, Көкшетау, Шыңғыстау, Қызылжар, Алакөл, Сарыбел т.б. сандаған жерлерге шежірелей таратып, қоныстандыратынын көруге болады. Жырды айтушылар осы өлкенің бәріне, жұрт жоңғардан азат етілгеннен кейін қоныстана бастады дегенді көлденең тартады. Біз жоғарыда «Ақтабан шұбырынды» оқиғасында елдің қай бағытқа қарай шұбырғаны жөнінде Шоқан Уәлихановтың пікірін келтірдік. Әйгілі ғалымның кезеңінде бастан өткен зұлматты да, нәубетті де халық санасынан шығара алмаған тұс, сонымен қатар, бұл пікірді тарихи деректер мен еңбектерде жоққа шығармайды. Тарихи жырлардағы жайбарақат тыныштықтағы қазақтың үш жүзінің Қаратау мен Сыр бойында жатқаны, бейқам жатқан елге тұтқиылдан жау шапқаны, Қаратау, Сыр бойы, Түркістан мен Ақмешіт қалаларын жау басып алған екен, соған қарсы қазақтың небір батырлары аттанғаны айтылып, жеңіске жеткендерін мақтан ететін мотивтер де бар. Бұл, шындыққа жүгінсек, XVIII ғасырда болған іс емес, керісінше Өз Тәукенің заманындағы үлкен жеңістер екендігін анықтаған жөн. Кеңістік атаулармен оқиғаға нақты көшіруде, уақытпен өрелестіруде жырау мұнда аса үлкен жаңсақтыққа бармай, белгілі тарихи батырларды айтады да, дереу бұдан кейінгі кеңістік әлеміндегі шұбырынды заманына оралады. Жоғарыдағы жыршылардың ата қонысқа жеткен еді деуінің шындықтан шалғай тұсы, «ақтабан шұбырынды» кезінен бұрын да аталған жүздер мен рулар бұл жерлерге ұшқан құспен бірге қайтып отырғаны көпке мәлім. Ендеше, бұл жерде жыршы жоңғардың жойқын шабуылын, оны аймақтан қуып шығарудағы қаһармандар ерлігін ерекшелік мақсатында көрсеткен деудің орны бар. Соның өзінде де, шындықтан шалғай кетпеген. Себебі, жаудан босаған жерлерге халық қайтадан оралып, ата қоныстарына орналаса бастағаны рас. Көреген Абылай да ендігі уақытта кеңістікті бос тастамай, жұртты тығыз орналастыру ісін қолға алғаны да – осы шақ, сол бір сұрапыл

соғыстар кезі болатын. Қаһармандық эпостағыдай батырдың жүріп өткен жолындағы тау-тасын бір бөлек, өзен-суын, көл-дариясын бөлектеп жинақтау тарихи жырлардың табиғатына жат. Мұнда қаһармандардың өз мекенінде, бүкіл аймағында болып өткен басқыншылардан азат етудегі жорық жолдарының алғашқысы «ақтабан шұбырындыға» дейінгі, келесісі – одан кейінгі кезеңдерді қамтып, Абылай дәуіріне жинақтаған. Сол жинақтауда кеңістік атаулары жүріп өткен уақыттан алшақтамай, эпикалық шығармада бірін-бірі толықтырып жатады.

Тарихи жырлардағы ендігі бір ерекшелік, қаһармандардың жайлы қоныс, жаңа мекен іздеу мәселесі. Бұны ерекшелейтін «Өтеген батыр» мен «Олжабай батыр» жырының сюжеттері екені белгілі. Асылында бұл сюжет желісі қазақ фольклорында Асан қайғы туралы аңыздардан басталатыны, қазақ фольклоршылары назарына ерте іліккен еді. «Қазақ халық прозасы» атты еңбегінде С. Қасқабасов: «Құтты мекен жайындағы қазақтардың эпсана хикаяттары варианттары бойынша қарастырсақ, біріншіден, мұндай сюжеттің қарақалпақ, қырғыз, құмық, ноғай елдерінде де бар екенін көреміз, ал екіншіден, бұл сюжетке құрылған шығармалар Асаннан да бұрын болғанын, тіпті Асаннан кейінгі заманда басқа адамға байланысты айтылғанын байқаймыз», – дей келе, «XV ғасырда Сәбиттің орнын Асан басқан, ал ақтабан шұбырынды дәуірінде оның орнына Абат батыр мен Өтеген батыр қойылған. Міне, бұл сюжет осындай тарихи циклизацияға түскен. Мұнда тіпті батырлық эпосқа тән генеалогиялық та циклизация бар: Жерұйықты іздеуші алдымен Сәбит, одан кейін оның баласы Асан, ең соңында ұлы Абат болып көрінеді. Бұл да – фольклорлық дәстүрдің заңдылығы» [16], – дей отырып, утопиялық эпсана-хикаяттар қатарына қосады. Дәлелді пікір екендігі даусыз. Жалпы ел басына қатер төніп, қиыншылық заман келгенде, Жерұйықты іздеу мәселесі күн тәртібіне шығатынын қазақ халық прозасы мейлінше ерекшелеген. Асан қайғының Жерұйықты іздегені ерте кезеңде хатқа түскен. Басқа да халықтар фольклорында кездесетіні, кей халықтарда әр түрлі шығармаға айналғандығы турасында зерттеу еңбектер бар. Қазақ тарихи жырларында қоныс іздеу, жер шолу Асан қайғы әрекетімен үндес. Ең басты Жерұйық деген – кеңістік, тек қана эпикалық шығармада ғана болатын жер атауы екендігін ұмытпайық. Ешқандай карталардың бұған жауап бермейтіні біз айтпасақ та түсінікті. Бұл орайда С. Қасқабасовтың «Жерұйық – халықтың жарқын қиялынан пайда болған еркін, азат, жанға жайлы жердің образы, «Жерұйық» деген сөздің өзі де, біздіңше, «ел ұйып, тату-тәтті өмір сүретін жер» деген ұғым береді» [17], – деп тұжырымдаған пікіріне біз де қосыламыз. Тарихи жырдағы қаһармандардың жер шолу, құтты мекен іздеуінің өзі аңыз желісі арқылы эпикалық шығарма сюжетіне енген. Мысалы:

Даярланып сапарға
Іздеуге қоныс беттеді,
Қара қазан, сары бала
Қамын ойлап батырдың,
Ешбір тыным көрмеді.
Күн шығысқа барыпты
Қалың елдің қамы үшін [18].

«Өтеген батыр» жырының алғашқы нұсқасында, ел басына қиыншылық туғанда Өтеген жайлы қоныс, жауға алдырмас жер іздесе, Жамбыл нұсқасында әлеуметтік сарынға үстемелей таптық мәселе қосылады:

Жұрттан бұрын ол сезді
Қайғыға халық түсерін,
Патша алдында бас иіп,
Хандардың ант ішерін.
Өтеген сезді хандардың
Арам, пасық ниеттерін,
Халықтың сатып, патшаның
Киерін шенін, шекпенін...
...Қара қазан, сар бала
Қамы үшін қамдана
Қонысқа жер іздейді, – [19]

деп жырлаған. Мұның өзі жырдың қаншалықты өзгерістерге түсіп, кейінгі кеңестік идеология мақсат-мұраттарына қарай бұрмаланғандығын дәлелдейді. Ақиқатына жүгінсек, Өтегеннің қоныс іздегені турасында аңыздар жеке жазып алынғаны туралы деректер, эпикалық ауқымды дүниеге фольклорлық басқа да жанрлардың әсері бар екенін көрсетеді. «Олжабай батыр» жырында жайлы қоныс іздеп, жер шолу Сарыарқа өңірінде екені баяндалады.

Арқаның барлық жонын аралады,
Еділ мен Жайық, Ертіс аралары.
Есіл мен Алтай тауы, Арғанаты,
Ұлытау, Сарысуды шамалады.
Бұл жердің қыры – киік, ойы – балық,
Көргеннің сүйсінеді шыбын жаны.
Мың жылқы жатсадағы көрінбейді,
Жаз жайлау, қыс-қыстауы жалғыз сайы [20].

Жырды айтушы қаһарманға жер шолғызып алып, одан кейін Көкшетау, Қарқаралы, Өлеңті, Шідерті бойын Айдаболдың бес баласына қалдырып, өзі Жанқозы, Малғозы балалары Қоңырбелді мекендейді. Баянауылды қыстатып, Ерейменді жайлаған халықта бейбітшілік орнаған. Жыршының бұл жердегі ерекше тоқталып отырғанын түсіну қиын да емес. Бұл бір

кездегі құспен бірге келетін елдің енді арқа өңіріне біржола қоныстана бастаған шағы болатын. Тарихи жырдағы бұндай ерекшеліктер, жыршының тұспалдау, жорамалдау арқылы көрсетіп кеңістік турасындағы көзқарастары сайып келгенде, шындықтан алыстамай белгілі бір уақыттың дерегін беретіндігін байқаймыз. Тарихи жырда бүкіл қазақ елінің аймағы үш жүздің орналасуымен ажыратылып, кеңістік атаулары сол тұрғыдан жіктеледі. Жауға қарсы ұрыстар кеңістіктің оңтүстік, шығыс, орталық өңірлеріндегі белгілі жерлерде өтіп жатса да, жыршы қаһармандардың жеңісінен кейін қалмақты қайтарған, жоңғарды солай жосытты, қырылған қалмақ есепсіз дей келе, «Қалмақ қырылған» жер атауы содан қапты деп сюжетті шарықтау шегіне жеткізеді. Осыған қарағанда, жырда ұсақ қақтығыстардан гөрі, ірі соғыстар өткен кеңістіктерді жинақтау бар. Себебі, Қазақстан даласында «Қалмақ қырылған» деген жер атаулары молынан ұшырасатынын жоғарыда атадық. Қазіргі уақытта «Ақтабан шұбырынды» оқиғасына арналған, Отан соғысының жүріп өткен жерлерін тиянақтаған карталар да шыға бастады. Бұндағы көрсетілген кеңістік атаулары да біздің пікірімізді нақтылай түсетінін пайымдадық.

Тарихи жырларға қарағанда реалды тарихи эпостағы кеңістік атаулары жалпы аймақты қамтымайды, оны жырдағы қаһармандардың іс-әрекеттері де дәлелдейді. Кеңістіктің бұлайша көрінуінің өзі, жырдағы нақтылы болып өткен оқиғаларға байланысты болса керек. Реалды-тарихи эпостарда да қаһармандардың мекені айтылатыны, оның ерекшелену себебі қаһармандық эпос дәстүрінен туындағанын жоғарыда ескерттік. Жырдағы эпикалық кеңістіктің көрінуінің басты себебі – сол мекеннің тарылуына байланысты. Мұнда бір жақтан қарулы күшпен келіп, мекенді тартып алып жатқан жау жоқ. Негізгі жау алыстағы өз аймағында отырып, айлалы саясатымен айтқанына жүргізіп, сатқындарға кеңістікті көлденеңінен бөлшектегіп жатыр. Осыған жұрт наразылығы күшейген, ақырында эпикалық шығармада қаһармандар мекені үшін атқа мініп, жалпы аймақты қорғау ісіне айналдырады. Қаһармандық эпостағы «өзімдікі мен өзгенікі» реалды эпоста өзімдікі де, өзгенікі де емес, біздікі дейтін бір-ақ түсінікпен беріледі.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Бес ғасыр жырлайды: 2 томдық. Құрастырған М. Мағауин, М. Байділдаев. – Алматы : Ж., 1989. – Т.1. – 70 б.
- 2 Сонда. 76 б.
- 3 Сонда. 99-100 б.
- 4 Сонда. 101 б.
- 5 **Сәтбаев, Қ. И.** Ғылым және мәдениет туралы таңдамалы мақалалары. – Алматы, 1989. – 374 б.

- 6 Батырлар жыры. – Алматы, 1986. – Т.1. – 59 б.
- 7 **Ыбыраев, Ш.** Эпос әлемі. Қазақтың батырлық жырларының поэтикасы. – Алматы : Ғылым, 1993. – 10-30 б.
- 8 **Айдаров, Ф.** Орхон ескерткіштерінің тексі. Алматы : Ғылым, 1990. – 56 б.
- 9 **Байтұрсынов, А.** Ақ жол. Алматы : Жалын, 1991. – 415 б.
- 10 «Бөгенбай батыр» жыры. – Алматы, 1935. – 2 б.
- 11 «Олжабай батыр» жыры. – Сақау ақын нұсқасы. – 18 б.
- 12 «Исатай-Махамбет» жыры. – Шәренов Ығылман нұсқасы. – 2-3 б.
- 13 **Валиханов, Ч. Ч.** Собрание сочинений. – Т.1. – Алма-Ата, 1961. – с. 426-427
- 14 «Шақшақ Жәнібек батыр» жыры. Айтушысы Иманжан Жылқыайдаров. – 19 б.
- 15 Сонда 23 б.
- 16 **Қасқабасов, С.** Қазақтың халық прозасы. Алматы : Ғылым, 1984. – 175-176 б.
- 17 Сонда. 177 б.
- 18 «Өтеген батыр» жыры. Қасымхан Тілемісов нұсқасы. – 13 б.
- 19 **Жабаев, Ж.** Екі томдық шығармалар жинағы. Т.1. Алматы : Жазушы, 1982. – 164 б.
- 20 «Олжабай батыр» жыры. – Сақау ақын нұсқасы. – 27 б.

Материал 13.11.14 баспаға түсті.

Б. С. Рахимов

Художественное отражение пространственности в исторических поэмах

Карагандинский государственный университет
имени академика Е. А. Букетова, г. Караганда.
Материал поступил в редакцию 13.11.14.

B. S. Rakhimov

Artistic reflection of spaciousness in the historical poems

Academician E. A. Buketov
Karaganda State University, Karaganda.
Material received on 13.11.14.

В статье рассматривается художественное отражение пространственности в исторических поэмах.

The article considers the artistic reflection of spaciousness in the historical poems.

Ж. Т. Сарбалаев¹, Б. Х. Әбдіжүсіпова²¹С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.²Павлодар қаласының «Жас дарын» мамандандырылған мектебі**МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫНЫҢ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ АДАМГЕРШІЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Мақалада Мәшһүр Жүсіп Көпеев өлеңдеріндегі адамгершілік мәселелері қарастырылады.

Кілтті сөздер: адамгершілік, дәстүр, надандық, дұрыс жолдан таю, халықты алдап-арбау, адамның алғыс-ризалығы, қайтарар игілігі, қоршаған орта амандығы, сақталып көбеюі, жаңарып-жайнауына жауапкершілік.

Мұхтар Әуезов: «Әдебиет тарихының арғы-бергі жолының толық қамтыла қарастырылуындағы ескерілуі тиіс ең басты мәселе ақынның өмірбаянын тексеру, сол арқылы жазған шығармаларымен байланысын айыру, ақынды елінің өмірімен қоса қарастыру, ақынды және оның айналасын ұлттық болмыспен қарастыру, ұлттың қоршаған табиғатпен байланысын, көрші халықтардың берген үлесін, өзара өнераралық ықпалдастықты біріктіре қарастыру» [1, 16-17 б], – дейді. Шын мәнінде ақынның 1870-80 жылдары жазылған басқа да өлең-жырлары, өмір өрнектері, жоқтаулары, табиғат кестелері, көрнекті кісілерге арналған толғаулары да көбіне-көп осындай сипаттарға ие деуге болады. Айталық, «Аңқау адам туралы», «Мұса Шорманұлының асы», «Жарты нан», «Кедейліктің арқаны», «Жаздың сөзі», тікелей діни тақырыпты қаузаған көлемді көптеген туындылары – осы сөзімізге дәлел. Мәселен, «Аңқау адам туралы» өлең:

Иесі сырын білер мінген аттың,

Көз жетпес қулығына адамзаттың.

Іш пысып еріккенде күлмек үшін

Айтайын әңгімесін аңқау сарттың [2, 85-б], –

деп басталады. Әдетте сарт қазақтан аңғал болмайтын еді, Мәшһүр Жүсіп сол көп халықтың ішінен момын біреуін тауып алса керек. Шартты мысал болғандықтан мұнысына сенеміз де.

Ертемен бір сарт үйінен есегін жетелеп, «Өзімнен кетіп дәрмен қалғанынша, Есегім, мінбен саған» деп серт беріп шыққан көрінеді. Тау мен тастың арасында жалғыз келе жатқанда қуларға жолығады. Не керек, әлгі қулар ақылдасып, бірі есегін ұрлап алады, ұрлағанда да сартты қатты ақымақ қылады.

Ұрының сонда жетіп бірі барды,

Есектің басындағы ноктаны алды.

Киді де өз басына кете барды,

Сол жерде есекті алып бірі қалды [2, 86 б].

Содан әлгі сарт есек-ұрысын жетелеп жүре береді. Бір кезде есегі тартынбай ма? Сонда сарт артына жалт қараса:

Қараса сарт артына – есегі жоқ,

Есегін мінбесе де көңілі тоқ:

Қолында ноқталаулы бір адам тұр,

Орнында есегінің есектей боп [2, 86-87 б].

Қатты қорқып, сасып қалған сарт амалсыз жөн сұрайды. Сонда әлгі ұры: «Мен шешем қарғап, есекке айналып кеткен адам едім. Енді шешем жаны ашып, қарғысын қайтарып алған соң, қайтадан адам қалпына келдім», – дейді. Есегі адамға айналған сарт, әрине, «есек-адамы» түгіл жанынан безер. Ұры осылай құтылып кетеді.

Енді үйіндегі екінші есегіне мініп, базарға ешкісін сатуға шыққан байғұс сартқа жолда және жолыққан үш қу бұл жолы уағдаласып, алдап-арбап, оның ешкісін де, есегін де ұрлап, ақыр соңында алдап суға түсіріп, киімін де сыпырып, айдалада жалаңаш қалдырады.

Салбырап бір мезгілде судан шықты,

Киім мен кісі түгіл шайтан жоқ-ты.

Ақымаққа адам, сірә, күлер емес,

Өмірінде қарға жемес мұндай бокты [2, 93].

Жалпы, жыр тұтас алғанда тәуір. Оқиғалы, ой салатын жыр. Шамамен 1878-1880 жылдары жазған көлемді жырын осылай аяқтаған автордың айтары не? Ғибрат. Өмірге бейімдел, алданып, ақымақ болма деу. Ақыл айту елдің асқақ тұлғаларына жарасатын парасатты қасиет. Ақын бұл жерде жағымсыз мінез қасиеттен аулақ болып, өзінің адамдық болмысынды сақтап қалуды насихат етеді.

Ақынның тақырып өрісі кеңейіп, шеберлігі артып келе жатқанын аңғартатын туындыларының бірі – 1855 жылы жазылған «Жаздың сөзі» өлеңі.

Сәуірде көтерілер рахмет туы,

Көрінер көк жүзінде қаз бен қуы.

Көктен жаңбыр, жыралардан сулар ағып,

Жайылар жер жүзіне қардың суы.

Жұмақтың бір сәулесі жерге түсіп,

Өсірер жерден шөпті нұрдың буы.

Жақындар құдайымның көктен күні,

Тенелер жарлығымен күн мен түні...

Аспаннан Рахматымен жібергенде

Қуанып қыбырлайды еніс-жіні,
 Ұйқыдан көзін ашқан жас балаша
 Жайқалып шыға келер жердің гүлі.
 ...Сәуірде алуан-алуан жауар нөсер,
 Нөсердің қуатымен жер шөбі өсер.
 Көкорай дүние жүзі шалғын болып,
 Адамзат, жын, хайуан баурын төсер... [2, 99-100 б].

Біз аса көлемді болмаса да, өленді толық келтірмей, үзінділерін ұсындық. Ал, келтірілген жолдардың көркемдігі келісті екені күмәнсіз. Бұлар да табиғат сұлулығы, Алланың рахматы, адам жанының жадырауы бар. Көкте ұшқан қаз бен қу. Жүгірген құлан мен киік. Аспаннан жауған нұрлы жаңбыр, жерге сіңген қар суы, дүркірей өскен шалғын шөп. Құдайға шүкірлік еткен шал мен кемпір, кешкі уақытта құшақтасып, рахаттанған ғашық жастар. Қам-қарекетті адамзат. Қыбыр-жыбыр жын-хайуан, құрт-құмырсқа. Ақынның айтары – өмір қызық, туған жер табиғаты кеніш екендігі. Ең бастысы – мынадай азаматтық түйін: Алланың рақымына, бергеніне шүкіршілік ету. Өрбір елін, жерін сүйген азамат оның тау-тасын, табиғат көркін ардақтай білуі тиіс. Өйткені сол туған жердің аясында халқы, жұрты тіршілік кешуде.

Енді бұл өленді оқи отырып, ұлы Абайдың атақты өлеңі «Жазғытұры» ойға оралатыны анық. Мәшһүр Жүсіпке Абайдың қоршаған ортаны сүйіп, табиғатты танып, тамылжытып суреттеуі оң әсер еткен болуы керек. Бәрібір Мәшһүр Жүсіп жаратылысты өзінше кескіндеген. Ақында діншілдігінің ықпал-табы және бар десек жаңылыспаймыз. Ал, Абай әсері, Абай бағдары, оның адамгершілікті асқақтатуы, азаматтық байламы жас Жүсіпке жаңа өріс көрсетіп, өнер биігіне бастаса несі бар?! Профессор Е.Ысмайылов «... ақындардың өмір шындығын жырлаған өмір толғаулары, ақындардың айтыстағы өнерлері ақын, жыршылар негізгі халықтың прогрессивтік творчестволық дәстүрін жасағандығы белгілі. ... Ақындық дәстүр өнер үлгісі заманына, дәуіріне қарай өзгеріп, жаңа идеялық көркемдік сапаға ауысып отырады» [3, 88-89 б], – деп шығармашылық дәстүр жалғастығын дөп айтады.

Міне, осының айғағындай ақын Мәшһүр Жүсіп тікелей дінге арналған, Алла күдіреті мен Мұхаммед пайғамбар ғұмырын тілге тиек еткен туындыларында да имандылықты басты ғибрат етіп, адамгершілікті асқақтата түседі. Тіпті діни азаматтықты тұтынып, шынайы хақ жолы да ақ жол, алаштың көсегесін көтерер азаматтық бағыт екенін аңғартары бар.

Нақ осы тұрғыдан келгенде ақынның «Құдайым жексенбі күн жер жаратты» атты өлеңі тақырыбымыздан алыс емес, ғибратына қоса ғанибеті мол, танытарына қоса тағылымы кемел айрықша туынды десек асыра айтпаспыз.

Құдайым жексенбі күн жер жаратты,
 Жер- суды әуел бастап бір жаратты.

Тау мен тас, ағаш пен шөп, көл мен өзен,
 Түріндей текеметтің түр жаратты.
 Жерлерден аға берді бұлақ қайнап,
 Гүлденіп бәйшешектер, бұлбұл сайрап.
 Жексенбі, дүйсенбі мен бұл екі күн
 Жер жүзін тегіс қылды түгел сайлап [4, 2 б].

* * *

Аспан – биік, жер – төмен, тау-тас қатты,
 Ат аяқты болғанда, құс қанатты.
 Заһардан – бал, тікеннен – гүл шығарып,
 Жұма күні жаратты адамзатты [4, 24 б].

Сәрсенбі күні көкті, бейсенбі күні «ризык, ішіп-жейтін несіп-қоректі жаратқан». Құдай содан алты күнде он сегіз мың ғаламды жаратып бітіреді. Және бәрін тең, өз орны бар, кемел етіп жаратады. Ең соңында барлық өлі-тірі дүние өкілдеріне мынадай тілек-өтініш білдіреді:

– Қысылып, жарлық сөз деп қалма! – дейді.
 – Ерік өзінде, жақпаса, алма! – дейді.
 – Сақтауға бір аманат ие болып,
 Ішінде бір талапкер бар ма? – дейді.

Из работ конца двадцатого века наиболее замечательной является статья Э. Клюса «Образ Христа у Достоевского и Ницше», созданная на материале «Легенды о Великом инквизиторе» Достоевского и философско – художественных произведений Ницше «Антихристианин» и «Генеалогия морали», в которой автор находит не только различие, но и принципиальное сходство в образах Иисуса Христа у Достоевского и Ницше, а самих писателей рассматривает как моралистов нового типа, как религиозные натуры, неудовлетворенные современной моралью как условной и догматической [24, с. 471-500].

А. Фришман в своей статье «Достоевский и Киркегор: диалог и молчание» рассматривает Достоевского и Киркегора как философов, которые заново освещают трагическое и парадоксальное христианство, в котором видят преодоление кризиса европейского сознания, как инициаторов не только нового видения христианства, но и поисков новых начал европейской культуры [25, с. 575-591].

Таким образом, общей чертой всех перечисленных работ по теме «Достоевский и зарубежная литература XIX-го – XX-го веков» можно назвать описательность в сопоставлении образов, мотивов, элементов фабул в творчестве зарубежных писателей и Ф. М. Достоевского.

В современную эпоху интерес к теме «Достоевский и западная литература» необычайно усилился, стал более масштабным, расширился список имен писателей, с которыми исследователи устанавливают типологическую близость. В течение последнего десятилетия появились работы Ерофеева В. В. «Найти в человеке человека. Достоевский и экзистенциализм.» [26, с. 287], Окишевой К.А. «Ф. М. Достоевский и О. Ф. Миллер : История взаимоотношений» [27, с. 1-21], Сеитовой М. Н. «Предъевразийство» Ф. М. Достоевского : Истоки и художественное воплощение» [28, с. 1-25], Педько Н. В. «Наследие Гете в творчестве Ф. М. Достоевского : структура и динамика персонажа» [29, с.1-20], Назирова Р. Г. «Достоевский и роман У. Годвина» [30, с. 94-102], Михновца Н. Г. «Прецедентные произведения и прецедентные темы, их место и роль в творчестве Ф. М. Достоевского» [31, с. 1-45], Васильевой Т. В. Роман Ф. М. Достоевского «Преступление и наказание» в интерпретации немецких переводчиков [32, с. 1021], Михалевой А. А. «Герой-двойник и структура произведения : Э. Т. Гофман и Ф. М. Достоевский» [33, с. 1-31], Угрехелидзе В. Г. «Поэтика социально-криминального романа : западноевропейский канон и его трансформация в русской литературе XIX века : «Большие надежды» Ч. Диккенса и «Подросток» Ф. М. Достоевского» [34, с. 1-30], Банах-Маникиной А. В. «Тема «случайного семейства» в творчестве Ф. М. Достоевского и ее рецепция в США» [35, С. 1-24], Хуснулиной Р. Р. «Английский роман XX века : Диалог с Ф. М. Достоевским» [36, с. 1-300].

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 **Зайдман, М. М.** Ф. Достоевский в западной литературе: Характеристика творчества и личности писателя в западной критике и научной литературе. 2 – е изд. – Одесса : Книга, 1915. – 350 с.
- 2 **Zabel, E.** Literarische Streifzuege durch Russland. – Berlin : ZID, 1885. – 335 p.
- 3 **Waliszewski, K.** Litterature russe. – Paris : Lig, 1900. – 535 p.
- 4 Le roman russe par v – te E.M. de Vogue. – Paris : Liza, 1886. – 375 p.
- 5 **Головин, К. Ф.** Русский роман и русское общество. – Спб. : Русское книжное издательство, 1897. – 455 с.
- 6 **Бороздин, А. К.** Литературные характеристики. – Спб. : Литературное книжное издательство, 1907. – Т.2. – Вып.2. – С. 323 – 324.
- 7 **Poritsky, A.** Heine, Dostoevski, Gorkiy. – Leipzig : Vlado, 1902. – 344 s.
- 8 **Реизов, Б. Г.** Сравнительное изучение литературы. \ \ Вопросы методологии литературоведения. М. – Л, 1966. – 350 с.
- 9 **Гроссман, Л. П.** Библиотека Достоевского. – Одесса : Книга, 1919. – 259 с.
- 10 **Гроссман, Л. П.** Поэтика Достоевского. – М. : Гос. Акад. худ. наук., 1925. – 250 с.
- 11 **Фридендер, Г.** Достоевский и В. Гюго. \ \ Фридендер Г. Достоевский и мировая литература. – М. : Сов. писатель, 1985. – 535 с.
- 12 **Фридендер, Г.** Достоевский и Ф. Ницше. \ \ Фридендер Г. Достоевский и мировая литература. – М. : Сов. писатель, 1985. – 535 с.
- 13 **Давыдов, Ю.** Два понимания нигилизма (Достоевский и Ницше). \ \ Вопросы литературы. – 1981. – № 9, – с.115 – 160.
- 14 Jackson Robert Louis. Nietzsche and Dostoevsky: Counterpoint: the Comparatist. May, 1982. – P. 24 – 34.
- 15 **Clowes, W.** Edith. The Revolution of Moral Consciousness: Nietzsche in Russian Literature. 1890 – 1914. – DeKalb Illinois: Northern Illinois University Press, 1988. – 312 p.
- 16 **Miller, C. A.** Nietzsche's Discovery of Dostoevsky. \ \ Nietzsche – Studien. 1973. – vol. 2. – S. 203 – 257.
- 17 Loewen Harry. Freedom and Rebellion in Dostoevsky's The Grand inquisitor and Nietzsche's «The Antichrist». Crisis and Commitment. \ \ Studies in German and Russian Literature in Honour of J. W. Dyck. Waterloo: Ontario, University of Waterloo Press, 1983. – P. 156 – 167.
- 18 **Цейтлин, А. С.** «Преступление и наказание» и «Les Miserables» \ \ Литература и марксизм. – 1928. – №5. – С. 20 – 58.

- 19 **Мишин, И.** Достоевский и зарубежные писатели: Основные проблемы творчества, традиции и новаторство. Учебное пособие. – Ростов н\Д : Издательство РГГУ, 1974. – 267 с.
- 20 **Храпченко, М. Б.** Художественное творчество, действительность, человек. // Храпченко М.Б. Собр. соч. в 4-х т.т. – М. : Художественная литература, 1980-1982. – Т.4. – 479 с.
- 21 **Берковский, Н. Я.** Проблемы сравнительного литературоведения. \ \ Вопросы литературы. – 1986. – № 5. – С. 160 – 166.
- 22 **Эсенбаева, Р. М.** Стендаль и Достоевский: типология романов «Красное и черное» и «Преступление и наказание». – Тверь : ТГУ, 1991. – 199 с.
- 23 **Braun, N. V.** Hugo et Dostoevsky. – Ann Arbor : Zeich, 1978. – 260 p.
- 24 **Клюс, Э.** Образ Христа у Достоевского и Ницше. \ \ Достоевский в конце 20 века. – М. : Классика плюс, 1996. – С. 471 – 500.
- 25 **Фришман, А.** Достоевский и Киркегор: диалог и молчание. \ \ Достоевский в конце 20 века. – М. : Классика плюс, 1996. – С. 575 – 591.
- 26 **Ерофеев, В. В.** Найти в человеке человека. Достоевский и экзистенциализм. – М. : ЗебраЕ. : Эксмо, 2003. – 287 с.
- 27 **Окишева, К. А.** Ф.М. Достоевский и О.Ф.Миллер : История взаимоотношений. Автороф. дис. на соиск. уч. степени канд. филол. наук. 10.01.01. – Магнитогорск, 2010. – 21 с.
- 28 **Сейтов, М. Н.** «Предъевразийство» Ф.М. Достоевского : Истоки и художественное воплощение» взаимоотношений. Автороф. дис. на соиск. уч. степени канд. филол. наук. 10.01.01. – Магнитогорск, 2010. – 25 с.
- 29 **Педько, Н. В.** Наследие Гете в творчестве Ф.М. Достоевского : структура и динамика персонажа. Автороф. дис. на соиск. уч. степени канд. филол. наук. 10.01.01. – СПб, 2006. – 20 с.
- 30 **Назирова, Р. Г.** Достоевский и роман У. Годвина. // Назирова Р.Г. Русская классическая литература : сравнительно-исторический подход. Исследования разных лет. Сб. ст. – Уфа : РИО БашГУ, 2005. – С. 94-102.
- 31 **Михновец, Н. Г.** Прецедентные произведения и прецедентные темы, их место и роль в творчестве Ф.М. Достоевского. Автороф. дис. на соиск. уч. степени доктора филол. наук. 10.01.01. – Санкт-Петербург, 2007. – 45 с.
- 32 **Васильева, Т. В. Роман, Ф. М.** Достоевского «Преступление и наказание» в интерпретации немецких переводчиков. Автороф. дис. на соиск. уч. степени канд. филол. наук. 10.01.01. – Вологда, 2008. – 21 с.
- 33 **Михалева, А. А.** Герой-двойник и структура произведения : Э.Т.Гофман и Ф.М.Достоевский». Автороф. дис. на соиск. уч. степени канд. филол. наук. 10.01.01. – М., 2006. – 31 с.
- 34 **Угрехелидзе, В. Г.** Поэтика социально-криминального романа : западноевропейский канон и его трансформация в русской литературе XIX-го

века : «Большие надежды» Ч. Диккенса и «Подросток» Ф. М. Достоевского. Автороф. дис. на соиск. уч. степени канд. филол. наук. 10.01.08. – М., 2010. – 30 с.

35 **Банах-Маникина, А. В.** Тема «случайного семейства» в творчестве Ф. М. Достоевского и ее рецепция в США. 10.01.01. – Томск, 2006. – 24 с.

36 **Хуснулина, Р. Р.** Английский роман XX-го века : Диалог с Ф.М.Достоевским. Дис. на соиск. уч. степени доктора филол. наук. 10.01.03. – М., 2005. – 300 с.

Материал поступил в редакцию 03.11.14.

Е. И. Смольникова

Ф. М. Достоевскийдің шығармашылығының шетелдік деректері

С. Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.
Материал 03.11.14 баспаға түсті.

Y. Smolnikova

Foreign sources of creative work of F. M. Dostoevsky

S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar.
Material received on 03.11.14.

Бұл мақалада Ф. М. Достоевскийдің шығармашылығы мен XIX ғ. батыс еуропалық жазушылардың әдеби байланысы және өзара әсерінің мәселелері қарастырылады.

In this article the problems of literary connections and mutual influences of western European writers of the XIXth century and F. M. Dostoevsky are examined.

ӨОЖ 811.512.122

Ж. С. Таласпаева, Ж. Т. Қадыров

к.ф.н., доценттер, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Петропавл қ.

МАҒЖАН ПОЭЗИЯСЫНДА ҚОЛДАНЫЛҒАН СӨЗ-СИМВОЛДАР

Берілген мақалада автор Мағжан Жұмабаев поэзиясында кездесетін сөз-символдардың қолданылу ерекшеліктерін қарастырады, негізгі кілт сөздердің мәнін лингвомәдениеттанымдық және патриоттық тұрғыда талдайды.

Кілтті сөздер: эмоционалды-экспрессивтік әсерлілік, сипаттау, көріктеу, айшықтау, түйдектеу, Алаш, күн, от, ой, у, дерт, жел, өмір, өлім, жан.

Дарын табиғатының көрінісі бұлақтай мөлдір поэзиясынан көрінеді. Мағжан ақын қазақ поэзиясында кездесе бермейтін өрнек тауып, рухы мықты жалынды жырлар мен үлбіреген нәзік әуез әкелді. Ақынның өнер табиғатын зерделей білген жазушы Жүсіпбек Аймауытов: «Мағжан сыршылдығымен, суретшілігімен, сөзге еркіндігімен, тапқырлығымен күшті, маржандай тізілген, торғындай үлбіреген нәзік үнді күйімен, шерлі, мұңлы зарымен күшті... нәзік сезімнің ақыны» деп терең де байыпты саралайды [1, 94 б.].

Мағжан нені айтса да, бейнелеп айтады. Ол үшін даланың тауы да, суы да, желі де ғажайып. Ақын өлеңдерінде адам мен табиғат астасып жатады. Қай шығармасында да Мағжан осы екі ұғымды бірлікте алып жырлайды. Бір өлеңінде анасына, жарына, жалпы адамға деген махаббатын туған жерге катысты сезімімен ұштастырып жатса, енді бір жырларында сол табиғаттың асыл жемісі – адамды бәрінен жоғары қояды. Бұған дәлел – «Сен сұлу» өлеңі. Өлеңде сұлулықтың көркіне көз тоймай, айналасына таңырқай көз салған ақынның бейнесі бар. Ол айрықша тебіреніс үстінде. Оның көңіліне қуаныш, мақтанш сезімін ұялататын кең даланы гүлге ораған көктемнің арайлы күні, күміс табақтай көкте жүзген сұлу Ай, жібектей есіп, жанды жадыратар Жел, асқар тау, көлде жүзген аққулар, көк аспанда нұрын шашып тұрған Күн. Ақын осы көріністің тамаша картинасын жасайды. Табиғаттың әр құбылысынан, туған жердің әр тынысынан сұлулықтың тамаша белгілерін көреді.

Жыр дүлдүлі Мағжан Жұмабаев поэзиясының эмоционалды-экспрессивтік әсерлілігін одан әрі еселендіре түсу үшін сипаттау, көріктеу, айшықтау, түйдектеу тәрізді әдіс-тәсілдерді шебер қолданады. Әсіресе, өлеңдерінде *Алаш, күн, от, ой, у, дерт, жел, өмір, өлім, жан* т.б. сөз-символдар жиі кездеседі.

«Алаш» сөзі ақын өлеңдерінде мейлінше жиі жұмсалады. Елін жан-тәнімен сүйіп, өз ұлтының мүддесін қарақан басының қамынан биік қоюдан жаңылған жоқ. Әйтпесе, тар қапаста жатып:

*... Не көрсем де алаш үшін көргенім,
Маған артық ұлтым үшін өлгенім.
Мен өлсем де алаш өлмес, көркейер
Істей берсін қолдарынан келгенін...*

– деп жазар ма еді?! Бұл нағыз патриотизмнің шынайы үлгісі.

Мағжан Алашына адал, азаттықты аңсап, отаршылдыққа қарсы қайсар поэзия тудырған өр ақын ретінде тарихта аты мәңгі қалады. Ол табиғатты тірі жан иесі ретінде алады. Табиғат пен адамның жан дүниесі, бітім болмысының бірге жырлануы, мінездеудің басымдығы, абстракциялық ой-толғамдардың мықтылығы, лирикалық субъектінің табиғатпен астасып бірігіп кетуі, табиғаттың адамсыз, адамның табиғатсыз күн кеше алмауы – ақын шығармаларының басты белгісі. Нені жырласа да ақын бірінші кезекте өзінің сезімін, ішкі жан дүниесін білдіреді, сонысымен айнала әлемді бірге толғандырып, бірге тебіренеді. Ақын романтикалық күш-қуатқа, фантазияға, қиялға, қанатты ойға ерік береді. Сондықтан оның поэзиясы тылсым сырларға, сұлу жырларға толы. Терең эстетикалық ләззатқа құрылған лирикасы қазақтың сөз өнері үшін жаңа, соны дүние.

«Пайғамбар», «Түркістан», «Күншығыс», «От» өлеңдерінде ақын жалпытүрілік идея көтереді. Түркі тектес халықтардың бәрінен үміт күтеді. Бұл өлеңінде ақынның туған жерге, өз тегіне, Шығысына деген сүйіспеншілігі, перзенттік патриотизмі айқын көрінеді. «Күншығыс» өлеңінде:

*Қисық көзді Күншығыс,
Бұл тұруың қай тұрыс?
Серпіл енді, алыбым!*

– деп, Шығыс елдеріне ұран тастай отырып, осы ойын әйгілі «Пайғамбар» өлеңінде жалғастыра түседі.

*Күншығыстан таң келеді, мен келем,
Көк күңіренеді: мен де көктей күңіренем.
Жердің жүзін қараңғылық қаптаған,
Жер жүзіне нұр беремін, Күн берем!*

*Қап-қара түн. Қайғылы ауыр жер жыры!
Қап-қара түн. Күңіренеді түн ұлы.
Күншығыста ақ алтын бір сызық бар:
Мен келемін, мен-пайғамбар, Күн ұлы.*

Өлеңде ақын шабытының ғаламат күші қаншалықты сезіліп тұрса, ақынның Шығысқа, оның ұлдарына деген махаббаты мен мақтанышы соншалықты жарқырай түскен. Ол Шығыстың, оның ішінде түркі елдерінің кешегі тарихына үңіледі. Бір кезде жайлаған мекенін еске алады. «Түркістан» өлеңі сонын айғағы.

Түркістан – екі дүние есігі ғой.

Түркістан – ер түріктің бесігі ғой.

Тамаша – Түркістандай жерде туған.

Түріктің тәңірі берген несібі ғой –

деп басталатын өлеңі ертедегі Түркістан жерін мекендеген ата-бабаларымыздың өмірінен елес береді. Ақын Тұранның басын ақ шаштар басқан, аспанға асқан тауларын, бауырында ойнақ салған ерке бұлағын, теңіздей кемері жоқ көлдерін, Сейхун мен Жейхун дарияларын ғажайып көркем тілмен суреттейді. Тұранда хандық құрып, ел билеген асқақ хандарымыз бен дана билерімізді, ғұлама ғалымдарымыз бен ер жүрек батырларымызды дәріптейді. Алты алаштың шері мен жері болған Тұранға ие болуды аманат етеді. Осы өлеңінің өзінде-ақ небір ажарлы эпитеттер, балама бейнелер мен дыбыс үйлесімділіктері шебер өрнектелген.

Жалынды ақынның поэзиясында «От» сөзінің де символикалық мәнге ие болғаны анық. Ежелгі түркі жұртының киелі тотемі саналатын «от» ұғымы Мағжанның «От» деп аталатын өлеңінде негізгі ойды білдіріп, өзінің ішкі болмысын, рухын танытқандай. Мысалы:

*Күннен туған баламын,
Жарқыраймын жанамын,
Күнге ғана бағынам.
Өзім – күнмін, өзім – от,
Сөзім, қисық көзім де – от,
Оттан басқа Тәңірі жоқ.*

– деп жалындаған. Сөзден сурет салып, жан бітірген Мағжанның кез келген өлеңін алсақ та, әсем әрленген, шебер кестеленген бейнелі сөздерді кездестіреміз. Ең бастысы, ақын ұлтжандылықты дәріптеген, оның айтқан әрбір сөзінен, әрбір дыбысынан ұлттық намысыңды оятатын, жаныңды жігерлендіретін рухты сезінеміз. Ақын поэзиясының негізгі идеялық нысаны – азаматтық сенім. Ол қазақтың көне тарихын жырлағанда оның артта қалушылығын емес, елдің тәуелсіздігі мен бостандығын қорғау жолындағы өшпес ерліктерін, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарған кездегі береке-бірлігін жырлады. Оның көптеген өлеңдерінің басты ойы елінің болашағына алаңдау, оны небір зұлматтардан сақтап қалсам деген жан айқайы болып табылады.

Мағжан Абайдан кейінгі қазақ әдеби тілін дамытушы, көріктендіруші суреткер. Сәбит Мұқанов: «Мағжан, әрине, қазақтың күшті ақындарынан саналады. Қазақтың тілін байыту ретінде, әдебиетіне жаңа түрлер енгізу ретінде Мағжанның еңбегі көп. Абайдан кейінгі тіл өнегесінде Мағжаннан асқан ақын қазақта жоқ», – деп, ұлы ақынның даралығын ерекше атап кеткен болатын. Шынында да, ақынның шығармаларынан ағартушы реализм, романтизм, символизмнен басқа, сентиментализм, реалистік әдістердің іздері әр түрлі дәрежеде бой көрсетеді. Ол бірде нәзік әуезге, сыршыл ойларға

берілсе, бірде әр қазақтың жүрегіне намыс отын жағып, батыл әрекетке жігерлендіреді, арманына канат бітіреді. Сондықтан да ақынның айбынды, айбарлы поэзиясы бүгінде жүректерге жол тауып, жалындай түсуде.

Ақын шығармасында кездесетін «Жел» бейнесі, бірде рахат тыныштықтың, бірде тағдырдың символы, енді бірде *желсөз, өсек-аяң, сыбыс, хабаршы* мағынасында да жұмсалады. Енді бірде «жел» образы елде болып жатқан жамандықты жеткізуші хабаршының баламасы ретінде де алынады. Мағжан Жұмабаевтың фольклордағы қара күш иелерін өлеңдерінде символ ретінде пайдалануында өзіндік әдісі бар. Мағжан шығармаларындағы қара күш иелері қазақ ұғымына жақын, қазақ топырағына лайық пері, сайтан образында алынады. Бұлардың қай-қайсысы болмасын халық сенімінде, санасында иен далада, елсіз мекендерде жүреді. Қасына жақын барған адамдарға қастандық жасайды. Сондықтан ұлттық ұғым бойынша олардың қасына ешкім жақындамайды. Мағжан Жұмабаев өзінің өлеңдерінде ұлттық санада қалыптасқан бұл түсініктердің қаймағын бұзбайды.

Қараңғылық қаптады,
Қайғы ма басқан, түн бе екен?
Сыбдыр-сыбдыр әлде не, –
Жел ме?
Жүрген жын ба екен ? –

деп жындардың түнде жүретінін білдіретін ұлттық санадағы ұғымды көреміз. Бірақ оны ақын халық басына төніп келе жатқан қатердің хабаршысындай етіп, соған балап суреттейді. Елге бір қара түнектің төніп келе жатқанын айтуда халықтың өз ұғымына сай, өз түсінігіне ыңғайлы сөздерді қолданады:

Қарашы кейін бұрылып,
Таудай болып созылып
Қала – бір жатқан дәу пері.
Айналасы – тұман, түн,
Дем алысы – от, түтін.
Жарқ-жүрк етер көздері –

дей келе, Мағжан қолқаны атқан көк түтінге оранған қала тірлігінің, ауылдың жұпарлы ауасымен салыстырғанда жан төзгісіз екендігін ауыл халқына түсіндіру үшін «*қала – бір жатқан дәу пері*» деп оны ұлттық санаға жақындатады. Ұлттық ұғымда дәу, перілер адамдарға тек жамандық жасаушы, қара күш иелері. Ендеше қала адамдарының қолқасына еніп алған көк түтіннің адамдарға ауру әкелуден басқа жақсылығы жоқ. Міне, осылайша ауыл адамдарының санасына қала тіршілігін жеткізеді. Ұлы суреткердің шығармашылығында тарих тұңғығын терең түсіну, болашақты болжай білу, бүгінгі өмірдің ақиқатына көз жетізу сияқты терең толғаныстар заманның астан – кестен аласапыран жайымен астасып жатады.

Ақынның әр өлеңі интонация заңдылығына бағынады. Әр сөз адамның көңіл-күйімен тығыз байланысты, сондықтан «әр сөздің айтылуына қарай мың мағынасы бар». Бұл арада әр сөзге ажар беріп, оның мағынасын толықтыратын ең қарапайым тәсіл – интонация (латынша *intonate* – дауыс ырғағы), яки әр сөздің айтылу мәнері [2, 2176.]. Интонация – дауыс толқыны, сөйлегенде сөз мағынасын әсерлі жеткізу үшін дауыстың құбылып, жоғарылап, төмендеп өзгеріп отыруы, сөздің мәнерімен, әр түрлі сезіммен айтылуы. Сөздің көтеріңкі леппен, салтанатты түрде, не терең ойға шомып, сабырмен, байсалды қалыпта немесе нәзік сыршыл сезіммен айтылуға орай дауыс толқыны да бірде биіктеп, өршеленіп, бірде төмендеп, бәсеңдеп, сөздердің үнділігін, саздылығын ұдайы өзгертіп отырады [3, 79 б.]. Мағжанның «Жай әншейін ойын ғой» деген өлеңінде дауыс толқынының неғұрлым құбылмалы келіп, түрленіп отырғанын көреміз. Мысалы:

Айт! Құйт! Ха-ха, ха-ау!
Бітір бер Мәскеу...
Иванов қалқам,
Мә, саған арқам!...
Әй, керек-ау, әй, керек.
Арақ ішсең, асыңа
Май керек!
Төрелерге жем керек.
Оқығанға мен керек!

Бұл өлеңді өзгеше интонациямен нақышына келтіре оқысақ, біздің ойымызға ұғым, көңілімізге сыр, көкірегімізге сезім ғана емес, көз алдымызға ойлы сурет пайда болады. Сөздер дауыс ырғағы арқылы, міне осылай ажарланады. Ақын өзі өмір сүріп отырған қоғамдық ортадағы саяси-әлеуметтік келеңсіздіктерді ашып айтуға болмайтын кездерде, жылы юмормен немесе астарлы мысқылмен жеткізуге шебер. Тағы да мына өлеңге назар аударайық:

Орман
Тынған.
Белдер –
Гүлдер.
Күлбір,
Сыбыр.
Тұман –
Таң, таң!...

Бұл өлеңді әншейін желдіртіп оқып шығуға болмайды. Айтар ойын жұмбақтап, ыммен, ишарамен жеткізген. Әр сөздің өзінде ерекше интонациялық мән бар. Әр жолға Мағжан арнаулы ырғақ, леп, тыныс беріп, әр сөзге жан бітіріп тұр. Ол дауыстап айтуға болмайтын, қарыштап

жазуға келмейтін тұстарда емеурінді керемет бір шеберлікпен үйлестіреді. Сондықтан Мағжанның поэзиясын тек сезімнің жетегінде ғана оқуға болмайды, астарлы мағынасына, терең идеясына үңіле отырып зерделеген дұрыс. Бұл жерде ақынды, оның айтайын деген ойын өмір сүрген ортасынан, тарихи кезеңінен тысқары қарастыра алмайтындығымыз белгілі.

Мағжанның жыр маржандарын тебіренбей оқу мүмкін емес. Жырларының тамырына қан жүгіртіп, жан бітіретін мазмұнынан басқа, айшықты тілі мен сазды ырғағы.

Әлемдік поэзияның сырлы бояуын барынша қабылдап, оны дамыта түскен ірі дарын иесі Мағжан Жұмабаев өзіндік қолтаңбасымен қазақ поэзиясының алтын қорынан өз орнын алды. Рухани асыл қазынаға өлшеусіз мол поэзиялық өрнек әкелген ақын қазақ әдебиетін жаңа сапаға көтеріп, қазақ әдеби тілін жұмсақ та, нәзік, көркем етіп қалыптастыруға мол үлес қосты. Уақыт өткен сайын ақын шығармаларының өміршеңдігі жойылмайды, тұлғасы жарқырай түседі. Ойымызды «Мағжан поэзиясы мәңгі өлмес, ұрпақтан ұрпаққа жалғасар алтын көпір, асыл қазына, інжу-маржаны махаббат, сүйіспеншілік, ғашықтық стихиясының сан алуан тылсым, жұмбақ күйлерін шерткен, терең ақындық шабыттан толқып туған, адам жүрегінің мың сан дірілін шеберлікпен бейнелеген, ішкі мазмұны мен түр кестесі жымдаса ұласқан, ықшам, жинақы, жұп-жұмыр жауһар дүние»[1, 95б.], –деген академик Рымғали Нұрғалидың сөзімен түйіндейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Нұрғали, Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Астана : Күлтегін, 2002. – 528 б.
- 2 Қабдолов, З. Сөз өнері. Алматы : Санат, 2003. – 528 б.
- 3 Әдебиеттану терминдер сөздігі. Алматы : Ана тілі, 1998. – 378 б.
- 4 Мағжан Жұмабаев. Өлеңдері, прозасы және әдеби зерттеулер. Құрастырған Ж. Сүлейменов. – Петропавл : Полиграфия, 2006. – 428 б.
- 5 Қанарбаева, Б. Мағжан символист. Алматы : Экономика, 2007. – 288 б.

Материал 07.11.14 баспаға түсті.

Ж. С. Таласпаева, Ж. Т. Кадыров

Слова-символы использованные в поэзии Магжана

Северо-Казахстанский государственный университет имени М. Козыбаева, г. Петропавловск.
Материал поступил в редакцию 07.11.14.

Zh. S. Talaspaeva, Zh. T. Kadyrov

Symbol words used in the poetry by Magzhan

North Kazakhstan State University
named after M. Kozybayev, Petropavlovsk.
Material received on 07.11.14.

Автор рассматривает специфику использования слов-символов, анализирует ключевые слова лингвокультурологической и патриотической интерпретации, выделенные в поэзии Магжана Жумабаева.

The author examines the specifics of gъumn symbol words, analyzes the keywords of linguistic and cultural, patriotic interpretation distinguished in the poetry by Magzhan Zhumabayev.

ӘОЖ 81'221

Е. Е. Түйме

ф.ғ.к., филология факультеті қазақ тіл білімі кафедрасының доценті, академик
Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ.

ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ҮДЕРІСІНДЕГІ ПАРАТІЛДІК АМАЛДАР

Мақалада қарым-қатынас үдерісіндегі паратілдік амалдардың көріністері, паралингвистиканың зерттеу мәселелері қарастырылады. Паратіл, кинесика, фейсбилдинг, фонация сынды ұғымдарға түсініктемелер беріледі. Паралингвистикалық тәсілдердің түрлері мен қызметі сөз болады.

Кілтті сөздер: паралингвистика, паратіл, кинесика, фейсбилдинг, фонация, мимика, пантомимика, вербалды, бейвербалды, дауыс модуляциясы, пауза, тональділік, дауыс қарқындылығы, сөйлеу ырғағы.

Адамдар күнделікті өмірде тек тіл арқылы, яғни сөздермен ғана қарым-қатынас жасамайды, «сезім тілімен» де – тілдік емес амал-тәсілдерді де жиі қолданады. Қарым-қатынас үдерісінде сөйлеу ғана басты орынға ие болады, ал ым-ишара, қимыл, қозғалыс басқа, яғни коммуникативтік қызметі жоқ деп ойлау қате болар еді. Бұл екеуі де – адамның ішкі дүниесін, ойлауды

жарыққа шығарып, түсінікті етіп жеткізудің басты құралы. Адам баласы кез келген хабарды көру және есту мүшелері арқылы қабылдайды. Егер көру жағдайы есту жағдайынан күштірек болса, онда осы жерден адамның сөйлеу әрекетімен қоса, ым-ишараның да ақпаратты жеткізудегі басты құрал екеніне көз жеткізе аламыз.

Әңгімелесушінің қимылына, қозғалысына, ым-ишарасына қарап отырып, оның не жайында айтқысы келгендігін және не ойлағандығын оңай түсіне аламыз.

Осындай тілдік емес амал-тәсілдерді қарастыратын ілімді паралингвистика деп атаймыз. Паралингвистика дегеніміз: 1) хабарланатын ойдың, пікірдің вербалды (сөзбен берілу) тәсілдерімен қоса сөйлеу үстінде қолданылатын вербалды емес (тілден тысқары) амалдармен берілуін зерттейтін тіл білімінің саласы; 2) сөйлеу кезінде қолданылатын вербалды емес тәсілдердің жиынтығы [1, 213]. Паралингвистикалық амалдар – тіл жүйесіне жатпайды және тіл бірліктері де болып табылмайды, олар тек сөйлеу әрекетімен қоса жүріп отыратын, ақпаратты толық жеткізудің басты құралы.

Паралингвистикаға қатысты паратіл, кинесика, фейсбилдинг, фонация сынды терминдерді білген дұрыс.

Паратіл (грек. *para* – жанында, сыртында) – сөйлеумен қоса жүретін, бірақ вербалдық емес, дауыс қаттылығы, кідіріс (пауза), дауыс модуляциясы, ым-ишара, қимыл, сөйлесушілер арасындағы көру қатынасы және т.с.с. паралингвистика қарастыратын ұғым [2].

Паратіл – «вербалдық емес дауыс белгісі, сөйлеуді әрлейтін – тональділік, дауыс қарқындылығы, сөйлеу ырғағы, кідіріс (пауза) және дем алу (шығару) сияқты мәліметті, ақпаратты толықтырып тұратын ұғым болып саналады. Паратіл не айтылғанға емес, қалай айтылғанға байланысты болады.

Паратілдің аз қолданылатын түрі үнсіздік немесе үнсіз қалу болып табылады. Үнсіздік арқылы адамдар бір-біріне деген сенімсіздікті, жауласуды, қаталдықты, сонымен қатар құрмет пен жақсылық, ұялу сияқты қатысымық әрекетті де біледі. Мысалы:

«– Ұрқияш, бері келші, – деп, ... Не көрсек те енді жазу біреу, көрдік, көндік. Солай емес пе қалқам! Басымды ажалға тіктім! Қолымнан беріп, қоншымнан басып тіршілік етер енді менде хал жоқ... Қалған өмірім сенімен гана өтпек.

Ұрқия да көзі мөлдіреп, Ақанға қарап оның сөзін құптағандай жымиып күлді» (С. Жүнісов, «Ақан сері»). Бұл жерде Ұрқияның үнсіз жымып күлу әрекетінен «иә» деген келісімді аңғаруға болады.

Кинесика (грек. *kinesis* – қозғалыс) – дененің қозғалысы, адамдар арасында сөйлесу кезінде қолданылатын (сөйлеу аппаратының қозғалысынан бөлек) амал-тәсіл. Мысалы:

«Ал намаз уақыты болып қалыпты. Ендігі әділ билік Сүрекеңде, – деп орнынан тұра берген Нұртаза інілеріне «бері жүріңдер» деген белгі беріп, үшеуі жұрттан бұрын тысқа шығып кетті» (С. Жүнісов, «Ақан сері»). Бұл жерде «бері жүріңдер» деген белгі – «қол бұлғау, бас изеу» қимылы арқылы беріліп тұр.

Фейсбилдинг (ағылш. *face* – түр, бет-әлпет, *building* – құру, жасау) – екі адам арасындағы сөйлесуде қолданылатын бет-әлпет қимылының техникасы мен әдісістемесін меңгертеді. Мұны қуаныш, ашу, таңқалу, қорқыншы, жеккөру және т.б. психикалық жай-күйлерден көруге болады. Мұнда басты назар адамдар көздеріне, бет-қимылына аударылады. Көздеріне, бет-қимылына қарап отырып, қарым-қатынасты әрі қарай өрбітуге болатыны, болмайтыны белгілі болады. Фейсбилдингпен әртістер, педагогтар, әкімдер, тележүргізушілер және т.б. айналысады. Бұл арнайы паралингвистикада зерттелінеді.

Фонация (грек. *phone* – дауыс, дыбыс) – сөйлеу дыбысының құрылуының физикалық үдерісі, естумен түсінілетін, дыбыс мүшелерінің белсенді үндестігі, дауыс құрылымын жабдықтаушы (артикуляциялық аспект) және дыбыстың акустикалық үндестігі. Дыбыстың жасалуы және қабылдануы кері байланыс әсерімен ерекшеленіледі: белгілі бір қарым-қатынас жағдайында дыбыс жасалуы кезінде баяншының белсенділігі үлкен рөл атқарады, ал дыбысты қабылдау кезінде ақпарат тыңдаушының есту (көру) мүмкіндіктері арқылы өздігімен толықтырылады (саралау, сараптау арқылы).

Паралингвистика ғылыми тұрғыдан ХХ ғасырдың 60 жылдарында дами бастады. Бұл тіл білімінің тілді тек құрылымдық-жүйелік жақтан қарап қоймай, басқа да қырларын зерттеу қажеттігінен туындады. Паралингвистика ұғымын американдық лингвист А. Хилл 1940 жылдардың аяғында енгізді, алайда Н. В. Юшманова 1930 жылдардың өзінде-ақ бұл ұғым жайында айтып өткен болатын. Бұған ғалымның «Экстронормальная фонетика» еңбегі дәлел бола алады.

Экстронормальдық фонетика (лат. *extra* – жоғары, сырттай) – фонетиканың бөлімі, қарым-қатынасты жүзеге асыратын қалыпты емес сөйлеу жағдайындағы дыбыстың ерекше жасалуын зерттейді. Бұған одағайларда кездесетін ерекше дыбыс үндестігі (ahh), жануарларға бұйрық беру (кіш, шу), жануарларды шақыратын дыбыстар (кә-кә, әукім-әукім) немесе балалардың жүйесіз сөйлеуі, былдыры, сонымен қатар, жылдам әрі мағынасыз сөйлеу де жатады.

Экстронормальдық фонетиканың элементтері көркем шығарма тілінде де экспрессивтік-көркемдеуіш құрал ретінде қолданылуы мүмкін, мысалы, құстардың ән айтуын сипаттау кезінде т.с.с.

Қазіргі кезде паралингвистика – қолданбалы ғылым. Оны Оксфорд қаласында шешендік шеберлік курсы үшін оқытады, сонымен қатар, әртүрлі психологиялық тренингтер кезінде де қолданады.

Паралингвистикалық тәсілдердің 3 түрі бар:

– Фонациялық – ырғақ, тембр, дауыс қаттылығы, кідіріс орнына жұмсалатын дыбыстар (мысалы, е-е, м-м), сөйлеу мәнері, жергілікті, әлеуметтік немесе идиолектілі дыбыстардың жасалуының ерекшеліктері;

– Кинетикалық – дене қимылы, сөйлеушінің бет-әлпетінің қозғалысы;

– Графикалық – жазу (почерк) ерекшелігі, әріптер мен тыныс белгілері қолтаңбасының түрлері, әріп таңбасын айырбастайтын қосымша символдық белгілер (&, § және т.б.) [1].

Тілдік амалдарға қарағанда, тілдік емес амалдар күтпеген жағдайлардан орын алуы мүмкін және қарым-қатынас үдерісінде нақты қандай түрде қатынасатындығын алдын ала білу қиын. Алайда, екеуі де ақпаратты жеткізудің (хабарды білдірудің) басты құралы болып табылады. Паралингвистикалық амалдарды біз қолданғанда алдын ала жоспарламаймыз, олар күтпеген жағдайлардан орын алуы мүмкін. Мәселен, сіз кездесуді жоспарлап, оның ойдағыдай өтетініне сенімділік танытып қойсаңыз, шындығында, бұл сіз ойлағандай болмауы мүмкін. Осы жағдайдан түрлі паралингвистикалық амалдарды көруге болады.

Біз дауысымызды қарым-қатынас жағдайында өзгерткен жағдайда хабарламамызды толықтырып, сөйлеу мәнерімізге әсер береміз, сөздердің екімағыналылығын (екіүшты) ерекшелейміз.

Осыған қатысты дауыс сипаттамасының мынандай түрлері болады.

1. Дауыс жоғарлығы (высота голоса) – бұл оның үні. Дауыс жоғарлығы оның қаттылығымен бірге өзгереді. Адамдар ашу үстінде дауыстарын көтереді, ал сабырлы тұрған кезінде, керісінше, ақырын сөйлейді.

2. Дауыс қаттылығы (громкость голоса). Адамдардың сөздерді қатты немесе жай айтуына байланысты болады. Кей адамдар қатты сөйлейді, ал екінші біреулері керісінше жай сөйлейді. Сонымен қатар, дауыс қаттылығы жағдаятқа және әңгімелесу баянына қарай өзгереді.

3. Ырғақ (темп) – бұл адамның сөйлеуінің жылдамдығы. Адамдар көп жағдайда, әсіресе олар бақытты болғанда, шошынғанда, қобалжығанда, толқығанда жиі жылдам сөйлейді, керісінше белгілі бір мәселенің шешімін баяндағанда немесе басқа бір тақырыпқа ауытқығанда жайырақ сөйлейді.

4. Дауыс тембрі (тембр голоса) – ол оның айтылуы. Әр адам дауысы өзіндік тембрге ие. Осылай, дауыстар салдырлаған, сыңғырлаған және қарлыққан болуы мүмкін. Бұдан бөлек, дауыс тембрі көңіл-күйге байланысты да өзгереді. Кейде біздің вокалдық мәнеріміз (вокальные привычки), адамдардың бізді дұрыс түсінбеуіне әкеліп соқтырады. Мысалы, адам ашу үстіндегі тембрге ие болып, басқаларын жалған нәрселермен сендіруі мүмкін, алайда шындығында олай емес. Бұл жағдай тек жекелеген адамдардың өз мүддесі үшін жасалған әрекеті болып саналады.

Қарым-қатынас жағдайында вокалдық кедергілерге ерекше көңіл бөлген жөн (вокализаторлар, кідірісті толықтырғыштар). Көп жағдайда адамдар вокалдық кедергілерді жиі қолданады. Вокалдық кедергілер – сөйлеу мәнерін бұзатын артық дыбыстар немесе сөздер. Бұл кедергілер артық саналып, өзіне назар аудартып, тыңдаушыларға айтылған хабарламаның мәнін түсінуге кедергі жасайды. Күнделікті өмірде біздің сөйлеу мәнерімізде көптеп кездесетін мынадай кедергілер бар: «е-е-е», «м-м-м», «жаңағы» және «түсінесіз бе?», «деген секілді» т.б. Бұл кедергілер айтушының (баяншының) сөз болып отырған мәселесін толыққанды түсінбегендігінен, білмегендігінен т.с.с. жағдайларынан туындайды. Вокалдық кедергілер осындай жағдайлардың «орнын басатын сөйлем» ретінде, сөйлем арасында паузаны толықтыру негізінде, үнсіздікті жою үшін қолданылады, яғни өзімізге қажетті деген «сөзімізді» іздеу үшін немесе ойымызды аяқтамаған жағдайда, әрі қарай толықтыру мақсатында қолданамыз. Алайда бұл жағдайлардан кейін тыңдаушы тарап біздің сөзімізді бөлуі мүмкін (кей адамдар басқалардың сөздерін бөлуі мүмкін, кідіріс көп болса). Дегенмен біз бұндай дыбыстарды, яки сөздерді жиі қолдана берсек, не айтқымыз келгенді білмей немесе өзімізге деген тыңдаушы тараптан сенімсіздікті тудырып аламыз. Бұл әдет кейіннен қолданушыға кері әсерін тигізуі әбден мүмкін.

Паралингвистикалық амалдар мынадай қызмет атқарады:

– қосымша ақпарат беру (жағдайға байланысты бас изеп қолдау\қолдамау, фонационалық сипаттамалар арқылы баға беру т.б.).

– вербалды элементтің орнына қолданылады (мысалы, басын шайқау немесе таңдайын қағу арқылы жағымсыз ым-ишараны білдіру);

– ортақ мағынаны білдіру мақсатында вербалды әдістермен қатар қолданылады (мысалы, «Маған анау кітапты әперіп жіберіңізші» деген сөйлемді сілтеу ишарасы арқылы қол сілтеп көрсетуге болады. Көзге көрініп тұрған болса, бұл жерде кітаптың авторын немесе атауын айтып жатудың қажеті жоқ [3, 367].

Паралингвистикалық амалдар хабарлаушы (немесе жазушы) жайында ақпарат беруі мүмкін, яғни оның әлеуметтік, жыныстық, жастық белгілерін, мінез ерекшеліктерін, сонымен қатар этнолингвистикалық құрамын анықтайды.

Паратілдік көріністер біздің қоғамымызда түрлі жағдайлардан көрінеді. Мәселен, адамдардың сәлемдесуінің өзінен бірнеше ерекшеліктерді де байқауға болады. Бүгінде ер адамдармен қатар әйел адамдардың да қол беріп сәлемдесуі дағдыға айналған. Әйел адамдардың ер адамдармен қатар деңгейде қол беріп амандасуы олардың қоғамдағы лауазымды дәрежесіне байланысты екендігін білдіреді. Ал Оңтүстік Қазақстан өңірлерінде (Шымкенттен жиі байқадым) бұлай амандасу көрші елдердің (?) әсерінен де болуы мүмкін.

Басқа ұлттарда, мысалы шешендер, тәжіктерде қазіргі таңға дейін қарама-қарсы жыныс өкілдерінің қол беріп амандасуына тиым салынған. Еуропалық біраз мемлекеттерде қол беріп сәлемдесу қолданылмайды, олар вербальдық компоненттегі сәлемдесуді қолданғанды жөн санайды. Қол берусіз амандасу түрі бізде жақын таныс емес адамдар немесе мүлдем таныс емес ер адамдарға амандасқан кезде, сонымен қатар, еңбек ұжымына қолайлы кезде, отбасында және т.б. жағдайларда орын алады. Бұл дегеніміз барлық келтірілген жағдайларда сөйлеусіз амандасу болмайды деген емес. Алыстағы адамдар басын изеп амандасады, салт аттыларда да сәлемдесу ерекшеленеді, олар ат ер-тұрманынан сәл көтерілу арқылы, бір-біріне қарап, оң жұдырығын кеуде тұсына қойып амандасады.

Паралингвистикалық амалдар арқылы көптеген көңіл-күйді білдіруге болады. Мысалы, сағыныштан көптен күткен адамды құшақтауға оқталсаңыз, дене артқа жылжып, қолдар жан-жаққа ашылады, көздеріңіз жайнайды, езуіңізге күлкі үйріліп, көзіңізге жас та келуі мүмкін; асықпай, жылы тембрмен «Қымбаттым!» немесе «Жаным!» т.с.с. жылы сөздерді айтасыз. Ал, керісінше болған жағдайда қолдар жылдам, тез жиналып, дауысыңыз қатқыл шығады, сөйлем жағымсыздықпен айтылады: «Қымбаттым!». Жағымсыз көңіл-күйді дауыссыз дыбыстар екі еселеңді. Мағынасын ұғып көріңіз: «Мен сені дәл осылай істейді деп ойламап едім!».

Қарым-қатынас үдерісінде паратілдік амалдар біздің айтайын деген ойымызды алдын ала білдіріп, сөйлеу әрекетіне дайындайды. Мысалы, ең алдымен көз, қолдар, дене қимылдайды, содан кейін барып, сөйлем пайда болады. Өмірдің қозғалыс заңына сәйкес, қимылымыз бізді сөйлеуге алдын ала дайындайды. Алдымен сұхбаттасушыға қарай басымыз бұрылады, содан кейін ғана сіз оған сұрақ немесе өтінішіңізді білдіре аласыз.

Алайда мимика, пантомимикасыз айтатын сөйлемдік жағдаяттар бар (мысалы, белгілі бір қажетті жұмыстан бас алмай диалог құруымызға болады). Бұл кезде де іске паратіл – интонация қосылады. Себебі паратіл екі түрге бөлінеді: кинесика және фонация.

Ым-ишара, іс-қимыл, дауыс арқылы адамның сезімдік дүниесіне тереңнен үңіліп, білуімізге болады.

Кез келген қимылдың ажырамас екі түрлі жағы болады – психикалық және физикалық. Бұл екі түрлілік іс-қимыл құрылымы, бір жағынан, қимыл «заттай-техникалық» шешімге бағытталса (мысалы, үстел үстінен кітапты алу), ал екінші жағынан, қимыл осы іске, затқа, қоршаған ортаға екінші бір адамның қатысын білдіреді (жолдасыңды оятып алмай үстел үстінен кітапты алу), демек тұрмыстағы қолданыста кітапты алу еркіндікті білдірсе, ал байқап алу сезімді білдіреді. Міне, осы қимылдың мағыналық құрылымы, позициондық тон, қарым-қатынасты білдіреді [4].

Қорыта келгенде, қарым-қатынас үдерісіндегі паралингвистикалық амалдардың екі түрлі ерекшелігі бар. Бір жағынан, олар сөйлемдерді үнемдеуге көмектеседі. Біз, мысалы, сатушыға қарап «анау кітапты (кез келген затты) көрсетіп жіберіңізші» – дей саламыз. Бұл жерде оны толық сипаттаудың қажеті жоқ және артық сөз қолданбаймыз. Екінші жағынан, олар сөзбен айтылмағанды, мәтінастын жасырып, сөйлем көпмағыналылығын, оның стилистикалық бейнеленуін, сезім, қатынас және т.б. толықтырады. Мәселен, «Білесіз бе?!» деген сөйлем мағынасын интонация, ым-ишара, қозғалыссыз түсіну қиынға соғады.

Паратілдік амалдар арқылы адамдардың қарым-қатынасын, бір нәрсені ұнату-ұнатпауын, жақсы көру, жеккөру т.б. сынды қасиеттерін білуге болады. Мәселен, дәрісханада студенттерге оқытушы дәріс оқыған жағдайда оқытушы үнемі студенттердің тақырыпты қалай тындап отырғандығына назар аударып отыруы тиіс. Мұндай жағдайлар көбіне тақырып қызықтырмаған жағдайдан туындауы мүмкін. Соған сай ол аудиторияны көз қиығымен, бар жан-тәнімен ұға бақылап отырғаны дұрыс. Мұндай әрекет оқытушының педагогикалық шеберлігін аңғартады. Бұл оқытушының дикциясын өзгерту арқылы (дауыс көтеру немесе созу), көзін алайту немесе партаны тықылдату т.б. әрекеттерінен көрінеді. Қорыта айтқанда, тілдік емес амалдар коммуникацияның көмекші құралдары болып табылады. Олар қарым-қатынас үдерісінде сөйлемді түсіндіріп, толықтырып, оның терең мағынасын ашып отырады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 **Қалиев, Ф.** Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2012. – 388 б.

2 **Ахманова, О. С.** Параязык // Словарь лингвистических терминов. – Изд. 4-е, стереотипное. – М. : КомКнига, 2007. – 576 с.

3 **Николаева, Т. М.** Паралингвистика // Лингвистический энциклопедический словарь / Под ред. В. Н. Ярцевой. – М. : Советская энциклопедия, 1990. – 686 с.

4 Wikipedia

Материал 10.11.14 баспаға түсті.

Е. Е. Туїте

Параязыковые средства в процессе коммуникации

Карагандинский государственный университет
имени академика Е. А. Букетова, г. Караганда.

Материал поступил в редакцию 10.11.14.

Y. Y. Tuyte

Paralanguage means in the course of communication

Academician E. A. Buketov Karaganda state university, Karaganda.

Material received on 10.11.14.

В статье рассматриваются вопросы паралингвистики и паралингвистические средства в процессе коммуникации. Определяются такие понятия, как параязык, кинесика, фейсбилдинг, фонация. Также характеризуются виды паралингвистических способов и их функции.

In the article the questions of paralinguistics and paralinguistic means in the course of communication are considered. Such concepts as paralanguage, a kinesika, a feysbilding, a fonation are defined. Also the types of paralinguistic ways and their function are characterized.

УДК 821. 512. 122. +821. 512. 161

Х. Тюфекчиоглу¹, Н. К. Жусупов², М. Н. Баратова²

¹Стамбульский университет, Турция, ²Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар

МАШХУР ЖУСИП КОПЕЕВ – МАСТЕР СЛОВА

В статье всесторонне анализируется мастерство Машхур Жусип Копеева.

Ключевые слова: эпитет, наука, смысл, душа

В русской литературоведческой науке исследователь Корней Чуковский указывает, что русский поэт Некрасов часто использовал эпитет «угрюмый» («түнеріңкі»), чтобы показать тяжелую долю народа [1]. В этом отношении мы хотим обратить внимание на особенности употребления Машхур Жусипом и другими восточными акынами эпитетов «черный» («қара»), «камень» («тас»), чтобы показать разбитое состояние народа из-за тяжести жизни:

1. Қара жерге кірсем жалғыз мен егер,
Қайырым ет, рақымынды бере гөр.
Юсуф Баласағуни – XI в.
2. Бозбала едім, сақал бітті, қайралдым,
Қара күзғын ем, ақ құсқа айналдым.
Там же [2, с. 83, 144].

3. Қара нөсер қарғыс оғы келіп тиді,
Найза алып, жүрек бауырым сұқтым, міне.
Кожә Ахмет Яссауи.

4. Шаш пен сақал ағарды, көңілім қара,
Махшар күні рахым еткін, халім нашар.
Там же.

5. Қара жүзім құдіретіне бұрмадым мен,
Иә, Раббым, не қылсаң да, келдім міне.
Там же [с. 60, 18, 29, 46].

6. Не тронет ледяным коварством
Сердец, обиженных судьбой.
Абай Кунанбаев – XIX в. [3, с. 137].

7. Жан-жақтағы мұсылмандар бәрі бірдей қайғылы,
Мұндай қара бақытқа біз душар болдық қай күні.
Габдолла Токай.

8. Қабақ шытпай қарсы аламын тағдыр басқа салғанын,
Елемеймін жүрегімді қара қанға малғанын!
Там же [4, с. 35, 57].

9. Жек көрсен, ол біреуді суық тартып,
Болғаны онда көңілің қара сия.
Машхур Жусип.

10. Жалғанда ұқпай, білмей қапы қалған
Тәңірі алдында болады қара жүзлі!
Там же [5, с. 17, 187].

Как мы видим, в первых примерах, приведенных из творчества Юсуфа Баласағуни (XI в.), эпитет «черный» («қара») не ограничивается только указанием на признак земли обетованной, значение слова расширяется смысловой нагрузкой простить лирического героя за проступки, помнить о том, что человека всегда ждет смерть в ином мире. Во втором примере не трудно заметить наличие «ворона» («күзғын») для отрицательной характеристики. Однако неприятное быстро сменяется радостным ощущением. В третьем отрывке эпитет «черный» («қара») употребляется не только для описания сильного ливня, но и для выражения внутреннего состояния героя, словно его настигла «стрела проклятия» («қарғыс оғы»). В четвертом-пятом примерах слово «черный» используется не только для выражения цветовой окраски, но и хмурого состояния души. Доказательством того, что анализируемое слово применяется в качестве «зеркала души», служат и последующие примеры. К примеру, у Абая эпитет «черный» («қара») направлен на выражение упавшего настроения. А в творчестве татарского акына Габдоллы Токая, внесшего большой вклад в развитие казахской литературы, эпитет «черный» («қара»), сочетаясь со словами «на

счастье» («бақытқа») и «на кровь» («қанға»), ярко выражает настроение народа, находящегося под давлением колониальной системы. Машхур Жусип не ограничивается только передачей угрюмого настроения человечества, но и призывает человека обратиться ко Всевышнему, исповедаться ему. Акын считает, что признание перед Всевышним велико. В этом контексте признание выступает не просто эквивалентом данному эпитету, но оно своего рода есть размышления акына о двух мирах. Теперь обратимся к описанию эпитета «камень» («тас»), использованный поэтами XIX века:

Знакомо всем понятие – смерть,

Но неизвестно, что за ним.

Абай [3, с. 247].

Тас жүректер жараласа жаныңды, төз, шығарма үн,

Кәсібі ғой – былғасын бір, мейлі, зэмзэм бұлағын.

Ғабдолла Тоқай [4, с. 82].

Көрдiң бе көзімізде жас болғанын,

Ерімес жұрттың көңілі тас болғанын?!

Көріп тұр көзі жіті қырағылар

Бас-аяк, аяқ барып бас болғанын!

Машхур Жусип.

В творчестве Абая вышеназванный эпитет употребляется для конкретизации беспощадности смерти, а в произведениях Ғабдоллы Тоқая – для описания безжалостных, беспощадных людей. А в творчестве Машхур Жусипа данный эпитет применяется для выражения господствующей тогда бессердечности, жестокости. Доказательством того, что слово «камень» («тас») употребляется в переносных значениях, в метафорическом понимании, служат приведенные ниже образцы:

Көз саламын қанша ақша тастасыңа,

Бермегенің ұшырайсың өз тасыңа!

Машхур Жусип.

Жауса да рахмат жаңбыр, көңіліміз – тас,

Айтқанға: «Әмір Мағрұб» болдык қой қас.

Там же [6].

Когда речь идет о выразительных средствах в художественной литературе, следует отметить особенности употребления Машхур Жусипом не только эпитета, но и сравнения. Анализ научных изысканий мировой литературы, посвященных изучению сравнения, не входит в задачи настоящего труда. Тем не менее хотим обратить внимание на две точки зрения по поводу сравнения. З. Кабдолов, автор учебника «Теория литературы» отмечает: «Одно из выразительных средств, придающее литературному языку особую значимость, особую выразительность, вместе с тем, обогащающее содержание литературного произведения, – это сравнение (тенеу). Здесь художник

